

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

“Сырдария” университеті



“Филология және психология” факультеті

“Педагогика және психология” кафедрасы

**Оқу-әдістемелік кешен**  
(СИЛЛАБУС)

“Жалпы психология” пәні бойынша  
050103 “Педагогика және психология» мамандықтарының студенттері үшін

Оқу түрі: сыртқы

Курс: 1

Кредит саны: 5

Лекция: 45 сағат

Практикалық (семинарлық) сабақтар: 27 сағат

ОБСӘЖ:

СӨЖ: 153

Барлық сағат: 225

Аралық бақылау : (АБ) – 60 б

Қорытынды бақылау: емтихан - 40 б

Жетісай, 2010



## МАЗМҰНЫ

1. Алғы сөз .....
2. Жалпы мәліметтер.....
3. Курстың мақсаты мен міндеті .....
4. Курстың пререквизиттері, постреквизиттері.....
5. Жұмыс оқу жоспарынан көшірме.....
6. Оқу сабақтарының құрылымы.....
7. Студентке арналған ережелер.....
8. Оқу сағаттарының кредитке сәйкес тақырып бойынша бөліну кестесі .....
9. Лекция сабақтары.....
- 10.Семинар сабақтарының жоспары.....
- 11.СӨЖ жоспары және орындау кестесі.....
- 12.Пайдаланатын әдебиеттер мен web сайттар тізімі.....
- 13.Студенттердің білімін бақылау түрлері (тест, бақылау сұрақтары т.б)
- 14.Студенттердің академиялық білімін рейтингтік бақылау жүйесі.....

## 1. Алғы сөз

Оқу- әдістемелік кешені - психология дисциплинасы бойынша - 050103 «Педагогика және психология» мамандарын дайындауға арналып, барлық қажетті оқу-әдістемелік материалдардан құралып, осы курс бойынша дәріс беруші мұғалімнің жұмысын тиімді ұйымдастыруға арналған. Білім беруде кредиттік технологияны пайдалана отырып, барлық құжаттарды бір жүйеге (комплексе) біріктіру, пәнді меңгеру процесінде студенттің білімін, машықтануын және біліктілігін жоғарғы деңгейге көтеру көзделініп отыр.

Жұмыстық бағдарламада оқу жұмысының түрлері бойынша сағаттар көрсетілген: ПС – практикалық сабақтар, ОБСӨЖ – оқытушының бақылауындағы студенттердің өзіндік жұмысы, СӨЖ – студенттердің өзіндік жұмысы.

Оқытудың мұндай бағдарламасы (SYLLABUS), семестрдің басында әрбір студентке беріліп, студенттің білімін тереңдетуге, пәнге деген ықыласының артуына, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттері ашылып, одан әрі дамуына себін тигізеді деп күтілуде.

СӨЖ-де зерттеліп отырған материалды студент өз бетімен меңгеруі мен үйге берілген тапсырманы орындау көзделеді: ОБСӨЖ - материалды сабақ үстінде мұғалімнің көмегімен оқып меңгеру (office hours). Оқу материалы барлық оқыту формаларының өрімделуі мен ерекшеленеді.

Дәрістің қысқаша жазбасы студентке қайсы бір тақырыптан қарастырылуда неге назар аудару керектігіне бағыт береді, санасына негізгі ұғымдармен терминдерді енгізеді.

Пәнді толықтай меңгеру үшін студент ұсынылған әдебиеттің барлығымен дерлік жұмыс өткізіп және өзіндік жұмысының барлық көлемін орындауы қажет.

Тапсырмалар мен жағдайлардың жиынтығы студенттерге аудиториялардан тыс өзіндік жұмысты, үй тапсырмасын орындауға арналған.

Тесттік тапсырмалар студентке кредиттерді тапсыруда пән бойынша өз білімдерін тексеруге және рейтингтік бақылауды тапсыруға, сынақ/емтиханды алуға арналған.

## 2. Жалпы мәліметтер.

Лектор : доцент Ташкенбаева С. М.

«Педагогика және психология кафедрасы», № 1 оқу корпусы Лек зал.

Телефон : 252

Кафедрадағы бос уақыты : Дүйсенбі 9-13.

№	Оқытушының аты-жөні	Курсты өткізу уақыты	Байланыстырушы мәлімет	
<b>1</b>	Педагогика және психология кафедрасының доценті: Ташкенбаева С. М.	Аудиториялық сабақтар	СӨЖ	Консультация уақыты.
		Лекция : лек зал Уақыты : Ауд :	Уақыты : Ауд :	Тел : Каб : Корпус :
		ОБСӨЖ: Уақыты : Ауд :	Уақыты : Ауд :	Тел : Каб : Корпус :
		Практикалық(семинар): Уақыты: Ауд:	Уақыты: Ауд:	Тел: Каб: Корпус:

### 3. ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ, ОНЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ РОЛІ

**Психология курсының мақсаты-** психологияның адам туралы кешенді ғылым екендігі жөнінде студенттердің жалпы түсінігін қалыптастыру. Оқу процесінің барысында студенттер – болашақ мұғалімдер жаңадан өсіп келе жатқан адамның психикалық дамуының жалпы заңдылықтарын қалыптастырудың жолдарын меңгеру керек.

#### **3. Міндеттері:**

- Тұлға дамуы мен қалыптасуының психологиялық негіздерін студенттер біліп меңгеруінің алғышарттарын қамтамасыз ету;
- Студенттердің адам өмірінің әр түрлі салаларындағы психологиялық құбылыстарды талдау біліктіліктерін қалыптастыру;
- Психологиялық өзін-өзі талдау, өзін - өзі тану, тиімді ортақтасу дағдыларын нығайту;
- Оқушының ішкі жан дүниесін түсіне білу;
- Оқушының мүмкіншіліктерін өзбеттерінше зерттей білу;
- Оқушылардың қызығушылығын, мүмкіншіліктерін анықтай білу;
- Әр оқушының сабақ үлгерімі мен нашар тәртібінің себептерін, оларды түзетудің тиімді жолдарын таба білу;
- Теориялық білімдерді сапалы түрде түсінуге және студенттердің бойында психологиялық білімдер мен дағдыларға деген тұрақты қызығушылық сезімдерін туғызу;
- Алған білімдері мен дағдыларын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде қолдана білу;
- Психология пәнін басқа пәндермен және оларды оқу барысында студенттердің байланыстыра білуі;

#### 4. КУРСТЫҢ ПОСТРЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ПРЕРЕКВИЗИТТЕРІ

№	Пререквизиттер (пәннің алдында міндетті түрде игерілуге қажетті пәндер)	Постреквизиттер (пәннен кейін өтілетін, осы пәнге сүйенетін пәндер)	Кафедра	Кафедра қабылдаған шешім, хаттамасы №___ күні
	Философия Әлеуметтану Мәдениеттану Саясаттану	Педагогика Валеология		

#### 5. ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫНАН КӨШІРМЕ

№	Кредит саны	Курс	Жалпы сағат саны	Аудиториялық сабақтар				Аудиториядан тыс сабақтар		Қорытынды бақылау
				лекция	Прак/сем	сем	лабор	ОБСӨЖ	СӨЖ	
		1	225	45	-	27	-	-	153	
	5	Барлығы:	225	45	-	27	-	-	153	

## 6. ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

Жұмыс бағдарламасында (силлабус) сағаттар оқу жұмыстары түрлеріне қарай бөлінген: лекция, семинар, ОБСӨЖ (оқытушының бақылауындағы студенттің өзіндік жұмысы), СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы), ЛБС-лабораториялық сабақтар.

**Лекция** – студентке тақырыпты игеруде неге назар аударуына бағыт береді.

Пәнді толық меңгеру үшін студент ұсынылған әдебиеттердің барлығымен жұмыс істеуі қажет.

**Семинар сабақтарында** – студент талдау, салыстыру, тұжырымдау, проблемеларды анықтай білу және шешу жолдарын белсенді ой әрекет талап ететін әдіс – тәсілдерді меңгеру керек.

**СӨЖ** – студенттің өзіндік жұмысы. Студент үйге берілген тапсырмаларды орындайды, өз бетімен меңгереді.

**ОБСӨЖ-** оқытушының бақылауындағы студенттің өзіндік жұмысы. Материалды сабақ үстінде оқытушының көмегімен оқып меңгеру. Оқытушы тақырыпқа сәйкес студенттің білім деңгейін тексереді, бақылайды.

## 7. СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР :

1. Сабаққа кешікпеу керек. Сабаққа қатысу, лекция жазу, сабақта белсенді жұмыс жасау, оқу тапсырмаларын орындау студенттің міндеті болып табылады. Егер студент қандайда бір себептермен сабаққа қатыса алмаса, онда ол лекция материалдарын топтағы басқа студенттен алу керек немесе мұзбетінше өтеу қажет. Аудиториядан тыс уақытта оқытушы лекциялық материалдармен сабақтан қалған студенттерді тек қана белгіленген уақытта қамтамасыз етеді.
2. Студент университеттегі оқу ережесіне бағыну керек: сабақты себепсіз жібермеу, сабаққа кешікпеу, оқу материалдарын тәртіпсіздікпен кезінде әңгімелеспеу, газет оқымау, сағыз шайнамау, ұялы телефонды өшіріп қою керек.
3. Сабаққа іскер киіммен келу керек.
4. Сабақтан қалмау, науқастыққа байланысты сабақтан қалған жағдайда деканатқа анықтама әкелу керек.
5. Егер студентте курс бойынша сұрақтар туатын болса, онда ол оқытушыдан белгіленген уақытта кеңес алуына болады.
6. Жіберілген сабақтар күнделікті оқытушының кестесіне сәйкес өтелінеді.
7. Егер бір оқуға берілген тапсырма уақтылы орындалып, сабақта талқылануы қажет. Тапсырмаларды орындамаған жағдайда қорытынды баға төмендетіледі.
8. Бақылау жұмысына қатыспаған немесе кешіккен студенттер автоматты түрде бақылау жұмысы үшін 0 балл алады. Бақылау жұмысын қайта тапсыру рұқсат етілмейді.

## 8. ОҚУ САҒАТТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫП БОЙЫНША БӨЛІНУ КЕСТЕСІ

№	Тараулар атауы, реті	Аудиториялық сабақтар				Аудиториядан тыс сабақтар	
		лекция	прак	сем	лабор	ОБСӨЖ	СӨЖ
1.	Кіріспе. Жантану ғылымының оқыту пені және негізгі даму кезеңдері.	1		1			4
2.	Жантану ғылымының салалары мен тармақтары.	1		1			4
3.	Қазіргі заман психологиясының мақсат-міндеттері мен ғылымдар жүйесінде алатын орны.	1		1			4
4.	Зерттеу едістерінің т%орлерін сипаттау.	1		1			4
5.	Ми және психика	1					4
6.	Психиканың дамуы және бейнелеу теориясы тұрғысынан түсіндіру.	1		1			4
7.	Психика және сана.	1					4
8.	Іс-әрекет. Адам іс-әрекетінің түрлері.	1		1			4
9.	Дағды, икем, әдет туралы.	1					4
10	Қарым-қатынас. Адами ортақтасудың жалпы сипаттамасы.	1		1			4
11	Ортақтасудың коммуникациялық жағының сипаттамасы.	1		1			4
12	Ортақтасудың перцепциялық жағының сипаттамасы..	1					4
13	Ортақтасудың интеракциялық жағының сипаттамасы..	1					4
14	Топтар және оның түрлері..	1		1			4
15	Ұжым туралы..	1					4
16	Психиканың құрылымы.	1					4
17	Жеке тұлға және оның психологиялық табиғаты.	1		1			4
18	Жеке тұлғаны зерттеудің мақсат-міндеттері және оның қоғамдық мәні.	1		1			4
19	Темперамент. Темперамент туралы теориялар.	1		1			4
20	Темперамент типтерінің психологиялық сипаттамасы.	1		1			4
21	Мінез жөнінде түсінік. Мінез туралы теориялар.	1		1			4
22	Типтік мінез бітістері. Ұлттық мінез.	1					4
23	Қабілет жөнінде түсінік. Қабілет туралы теориялар.	1		1			3
24	Қабілет және нышан. Бейімділік, талант, дарындылық туралы.	1		1			4
25	Зейін жөнінде түсінік. Зейіннің түрлері.	1		1			4
26	Зейіннің негізгі қасиеттері.	1					3
27	Түйсіктер. Түйсіктердің негізгі ерекшеліктері.	1		1			4
28	Түйсіктердің түрлері.	1					3

29	Қабылдау. Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері.	1				4
30	Байқау және байқағыштық.	1				2
31	Уақытты және кеңістікті қабылдау.	1		1		3
32	Ес. Ес туралы теориялар.	1				2
33	Естің түрлері.	1		1		3
34	Ес процестері. Естің маңызы.	1		1		2
35	Ойлау-таным процестерінің жоғарғы сатысы.	1				3
36	Ой тәсілдері	1		1		2
37	Ойлаудың түрлері мен формалары.	1		1		3
38	Сөйлеу туралы жалпы түсінік.	1				2
39	Сөйлеудің түрлері. Сөйлеу мәдениеті.	1		1		3
40	Қиялдың тарихи даму жолдары.	1				2
41	Қиялдың түрлері. Қиял және ғылыми техникалық прогрес.	1		1		3
42	Сезім мен эмоция жөнінде түсінік.	1				2
43	Сезімнің түрлері. Күрделі эмоциялар.	1		1		3
44	Ерік жөнінде түсінік.Ерік туралы теориялар.	1				2
45	Ерік сапалары.Ерікті тәрбиелеу жолдары.	1		1		3
	<b>Барлығы:</b>	<b>45</b>		<b>27</b>		<b>153</b>



## 9. ЛЕКЦИЯ САБАҚТАРЫ

### 1- лекция.

**Тақырыбы:** Жантану ғылымының оқыту пені, міндеттері мен маңызы.

- Жоспары:**
1. Жантанудың ғылым ретіндегі анықтамасы.
  2. Жан құбылыстарын ғылыми тұрғыдан таныту.
  3. Қазіргі заман психологиясының міндеттері.
  4. Психологияның ғылымдар жүйесіндегі орны.
  5. Психологияны оқыту маңызы.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қазіргі заман психологиясының міндеттері мен ғылымдар жүйесіндегі алатын орны және маңызымен таныстыру.

#### Лекция мәтіні:

1. Психология - психикалық құбылыстардың (жан қуаттарының) пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттар мен құбылыстарының мидағы әр түрлі бейнелері болып табылады. Олар (түйсік, елес, ой, сезім, тілек қабілет, қызығу, мінез, әдет т.б) көпшілігімізге өз тәжірибиемізден жақсы мәлім, тілімізде жиі кездесетін ұғымдар. Бір қарағанда бұлардың мәнін әрқайсымыз тез ажырататын да, білетін сияқтымыз. Бірақ психикалық құбылыстардың мәнін ғылыми тұрғыдан түсіну арқылы ғана жан-жақты ажыратуға болады. Гректің екі сөзінен тұрады: оның біріншісі – “псюхе” (жан), екінші – “логос” (сөз, ілім). Сөйтіп, бұл сөз “жан туралы ілім” деген ұғымды білдіреді.

Ерте замандарда пайда болып, ғасырлар бойы соқыр сенім нанымдар мен кейбір зиялылардың көз қарастарында насихатталып келген түсініктер бойынша адамзат тәннен тәуелсіз “жан” болады, мәңгі бақи жасайтын жан адамның барлық психикалық тіршілігінің (ойының, сезімінің, еркінің) иесі де себепшісі де. Жан туралы осындай жалған түсініктің пайда болуына алғашқы адамдардың табиғат сырларын дұрыс түсіне алмауы себеп болды.

Олар дүниеде табиғатқа бағынбайтын одан оқшау тұратын ерекше бір сиқырлы күш бар, ал жан болатын болса соның бір көрінісі, ұйқы кезінде ол денеден уақытша шығып кетеді де адам оянған кезде қайтып келеді, егер келмей қалса, адам өледі деп тұжырымдады. Жан туралы осы тектес қарапайым түсініктердің пайда болуы адамдардың өздерінің дене құрылысы жайында ғылыми түсінігі жоқ кездерде яғни жан мен тәннің толысуы бір-бірімен байланысын дұрыс ажырата-алмай жан өлгеннен кейін денеден шығып кететіні, мәңгі бақи өмір сүретін нәрсе деп ұғынудың нәтижесі еді.

2. Жан туралы ғылыми түсінік ежелгі гректердің әмбебап ғалымы Аристотель есімімен байланысты. Екі жарым мың жылға созылған осынау кезеңде психология басқа ғылымдармен (философия, медицина, әдебиет, жаратылыстану, т.б) аралас дамып келді. XIX-ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ғалымдар жан құбылыстарын (түйсік, ес, ойлау, қиял, т.б) тәжірибие жүзінде әртүрлі құрал-жабдық аспаптардың көмегімен зерттей бастады. Осы кезден бастап психология өз алдына дербес отау тігіп, тәжірибиелік ғылым ретінде дамыды. Ғылымның осы саласына экспериментті тұңғыш енгізген неміс ғұламасы В. Вундт болды.

Психикалық әрекетті ғалымдар бейнелеу теориясы негізінде түсіндіреді.

Осы қисынның іргетасы Әл-Фараби еңбектерінде алғаш сөз болған. Әл-Фараби “Философиялық трактаттар”. Алматы ғылым 1973, 301-бет. Бұл теория бойынша сыртқы дүние біздің сезімде, мида, түйсік, қабылдау, елестеу, ой-сезім түрінде бейнеленеді. Бұлардың бәрін бір сөзбен адамның санасы немесе психикасы деп атайды.

Неорганикалық материяның (өлі табиғат) өзінде де түрлі нәрселер сәулеленеді. Мәселен, заттың айнадағы сәулесінен біз оның суретін көреміз, ал егер затты алып кетсек оның суретінің де айна бетінен жоғалып кететіні мәлім. Психикалық бейне де осы іспеттес яғни

сыртқы орта әсер етпейінше мида еш қандай психикалық құбылыс пайда болмайды. Айна бетіндегі бейнеде адам миындағы бейнеде “бейнелену” деген бір сөзбен аталғанымен бұл екеуінің арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Айна бетіндегі сәуле “жансыз” сәуле болып табылады. Ал адам миындағы пайда болатын бейнелеу процесінің айна бетіндегі сәуледен бір ерекшелігі соңғы бейне өте күрделі, ол жүйке процестерінің жұмысынан туады. Мидағы бейненің екінші бір ерекшелігі – сөздің жәрдемімен бейнеленуі. Бейнеленудің осы бір түрі ұзақ уақыттық тарихи дамудың нәтижесінде адамдардың еңбек ету қызметінің негізінде пайда болған.

Айналадағы заттар мен құбылыстардың адам миында бейнеленуі жануарлардан бөлек, өзгеше жолмен, белсенді түрде сөздің көмегімен жүзеге асады. Адам қоғамдық-әлеуметтік өмірдің жемісі болғандықтан, оның бейнеленуі ұғым, пікір, ой қорытындысы түрінде көрінеді. Ол белсенді әрекеттену негізінде, әртүрлі объектілермен қатынас жасап, өзі солардың бейнеленуіне мүмкіндік туғызады. Бейнелену – заттың миға әсер етуінен ғана болатын бір жақты процесс емес, субъект (адам) пен объектінің (сыртқы орта) өзара байланысының нәтижесі. Адам сыртқы ортаның тигізген әсерін, шама-шарқынша өндеп, саналы түрде бейнелейді. Бейнелену ми қабаты жықпылдарында адамның жас мөлшері, білім, дағды, икемі, тәжірибесіне орай түрлі деңгейде көрініп отырады. Ғылыми түсінік бойынша, психика, сана зат емес, оны көруге де, суретін түсіріп алуға да болмайды. Сана - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы бейнесі. Ол материалдық бейне емес, идеалдық бейне. Сана шындықтың жай суреті, оның жансыз көшірмесі емес, адамның басында, жүйке жүйесінде жасалып жататын шындықтың күрделі бейнесі.

3. Қазіргі кезеңде психология ғылымы алдында тұрған теориялық және практикалық міндеттердің сан қилылығына орай үлкен қарқынмен дамуда. Психологияның негізгі міндеті психикалық іс-әрекетті оның даму барысымен байланыстыра зерттеу. Соңғы он жылдықтарда психологиялық зерттеулер аймағы біршама кеңейіп, жаңа ғылыми бағыттар мен салалар дүниеге келді. Психология ғылымының түсініктер қоры өзгерді, жаңа болжамдар мен тұжырымдар үздіксіз өрістеуде, психология бұрын кезікпеген эмпирикалық деректермен толығуда. Б.Ф. Ломов «психологияның методологиялық және теориялық проблемалары» атты еңбегінде қазіргі заман ғылымының жағдайын сипаттай келе, «бүгінгі күнде психологияның әдіснамалық проблемалары мен оның жалпы теориясын бұдан да бұлай тереңдетіп зерттеудің қажеттігі күрт жоғарылады», - деп жазады.

Психикалық құбылыстардың мәнін тануда Б.Ф.Ломов өзінің еңбегінде психология ғылымының тірек категорияларын, олардың жүйелі өзара байланысын, жалпылығын, сонымен бірге бұл категориялардың өзіндік дербестікте екенін айқындап берген. Ғалым психологияның келесі тірек категорияларын атайды: бейнелеу категориясы, іс-әрекет категориясы жеке адам категориясы, тіл-қатынас категориясы, сондай-ақ жалпылық мағынасына орай категория санына жататын түсініктер- «әлеуметтік» және «биологиялық».

Адамның әлеуметтік және табиғат қасиеттерінің объектив байланыстарын, оның дамуындағы биологиялық және әлеуметтік себеп-салдарлық қатынастарды айқындау ғылым міндеттерінің ең бір қиыны.

Алғашқы он жылдықтарда психологияның теориялық (дүниетанымдық) тарапы басымдау болды. Ал қазіргі кезеңде оның қоғамдағы рөлі көп өзгеріске ұшырады.

Психологияның негізгі міндеті психикалық іс-әрекет заңдарын даму барысында зерттеп, тану. Осы заңдар арқылы объектив дүниенің адам миында қалай бейнеленетіні, осыған орай оның әрекеттері қалай реттелетіні, психикалық қызметтің дамуы мен жеке адамның психикалық қасиеттері қалай

қалыптасқаны айқындалады. Психиканың объектив шындық бейнесі екені белгілі, сондықтан психологиялық зерттеулер ең алдымен психикалық құбылыстардың адамның объектив өмір шарттары мен қызметіне тәуелділігін тануға бағытталуы тиіс. Сонымен бірге, адамдардың әрқандай іс-әрекеті барлық уақытта адам өмірінің объектив жағыдайларымен байланысып қалмастан, оның субъектив мезеттерімен де қатынаста

болады. Психологияның басқа ғылымдар жүйесіндегі орнын тануға орай психологиялық деректердің басқа ғылымдарда пайдалану мүмкіндіктерін және керісінше психология олардың нәтижелерін үзіне қалай қолданатынын жете танытуға болады. Ерте тарихи дәуірлердегі ғылымдар арасындағы психологияның орны жантану білімдерінің даму деңгейі мен сараптау схемасынан келіп шығады. Атап айту керек, қоғамның рухани даму тарихында бірде бір білім саласы ғылымдар жүйесіндегі өз орнын психология сияқты жиі өзгертіп тұрған емес. Қазіргі күнде академик Б. М. Кедров тұсынған сарап едісі қабылданған. Бұл едіс ғылымдар арасындағы мазмұндық жақындыққа орай қып тарапты байланыстарға негізделген. Қысқартылған схема-шыңдарына жаратылыстану, елеуметтік және философиялық ғылымдар қонақтаған-өміс бұрыш формасында. Ғылымдардың негізгі тобының мұндай орналасуы олардың пені мен едістерінің психология пені мен едістеріне нақты жақындығынан. Зерттеу барысында қойылған міндеттерге орай психология өз бағытын бұрыш шыңдарының біріне бұрып отырады. Психологияның жалпы ғылыми білімдер жүйесіндегі қызметі-зерттеу объекті адам болған барша ғылым салаларының жетістіктерін біріктіріп, байланыстыру. Сонымен, психикалық қабілыстардың адам өмірі мен ерекетінің объектив жағдайларына теуелді заңдылықтарын аша отырып, психология осы есерлердің мидағы бейнелену механизмдерін де айқындайды. Осыған орай, психология физиологиямен, делірек айтқанда, жоғары жүйке қызметі физиологиясымен үте жақын байланыста болуы мүмкін. Психологияның дербес ғылымға айналуында оның 19-ғ. басталған жаратылыстану ғылымдарымен бірлікте зерттелуі өзінен маңызға ие болды. Осы байланыстың нәтижесінде психологияға экспериментальдық едіс енді. (Г. Фехнер), рефлекторлық теория ашылды. (И.М. Сеченов, И.П. Павлов). Қазіргі заман психология проблемаларының зерттелуіне Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясы да өзінен ықпалын тигізіп, тіршілік иелерінің қабілымалы орта жағдайларына икемделудегі психиканың ролін анықтауға, жоғары психикалық ерекет формаларының қарапайым дәуірлерден туындайтынын танытуға мүмкіндік берді.??

4. Психология өзінің қоғамдық ғылымдармен байланысы өзінен маңызға ие. Тарих, экономика, этнография, елеуметтану, өнертану, заң және т.б. зерттеулеріндегі проблемалар ердайым психологиямен тікелей байланысты. Қып жағдайда адамдардың жеке және тұжымдық ерекеттерінің механизмі, ерекет, едет, елеуметтік бағыт, тертіп-талап стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жүніндегі білімдердің пайдаланбай, кейіп, сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін, қабілетін, сезімін, мінезін, адам аралық қатынастарын зерттемей, елеуметтік процестер мен қабілыстардың мені толық ашылмайды, яғни, ықшамдап айтсақ, елеуметтік процестерді зерттеуде психологиялық факторды ескерту заңды қажеттілік. Психологиялық факторлар үздігінен елеуметтік процестерді бағыттап алмайды, керісінше, олардың үзін осы қоғамдық процестерді талдау арқылы таныту мүмкін.

Психологияның педагогикамен байланысына аса назар аударған жүн. Елбетте, бұл сабақтастық бұрыннан да белгілі, кезінде К.Д. Ушинский: “Адамды жан-жақты тербиелеу өзінің оны жан-жақты зерттеу қажет”, -деген еді. Бұл арада психологияның практикалық маңызы нақты қүрініп тұр. Егер педагогика психологиялық қабілыстардың табиғаты жүніндегі білімдерге сүйенбесе, онда ол қара-дүрсін педагогикалық кеңестер мен қүрсетпелер жиынтығына айналып, шын менде ғылым болудан қалып, мұғалімге ешқандай жердем бере алмайды. Педагогиканың барша салаларының (жалпы теория, дидактика, пен едістемесі, тербиесі теориясы) даму барысында психологиялық зерттеулерді қажет ететін проблемалар туындап отырады. Психикалық процесс жүору заңдылықтарын; білім, ептілік және дағдылардың қалыптасуын; адам қабілеттері мен мотивтерін, оның психикалық дамуын тұтастай білу оқудың ер сатысындағы білім мазмұнын анықтау, оқу мен тербиенің ең тиімді едістерін нақтылау және т.б. сияқты үзекті педагогикалық проблемаларды шешуде келелі мағына-маңызға ие.

Психологияның аса қажеттігі педагогиканың тербие проблемаларына орай байқалады. Тербиенің мақсаты даму жолындағы қоғам талаптарына сай жеке адамды қалыптастыру. Ал бұл мақсатқа жету жеке адамның қалыптасу заңдылықтарын: бағыт-бағдар, қабілет,

қажеттілік, д%ониетаным және т.б. зерттеуді қажет етеді. Айтылғандар қазіргі заман психологиясының ғылымдар тоғысында т±рғанының делелі, яғни психология бір жағында философия ғылымдары, екінші тарапында жаратылыстану ғылымдары, %шінші жағында елеуметтік ғылымдар болған аралықта орналасқан

Солай болса да, барша ғылымдармен байланыса, психология мз пеніне, мзінің теориялық принциптеріне және мзінің зерттеу едістеріне иелігімен дербестенетінін ±мытпау керек. Дербес ғылым ретінде психология аймағында мзара байланысы сырт қызге байқала бермейтін біршама ерекше білім салалары ±штасып жатады, мысалы, психофизиология мен елеуметтік психология. Б±лар, сырттай қарағанға “сыйыспайтындай” болғанымен, бір ғылым саласынан, себебі олардың т%опкі де т%обегейлі міндеті бір-психикалық к±былыстың менін зерттеу. Психология қай ғылым саласымен байланысса да, оның зерттеу объектісі жалғыз-ақ: ол-адам, оның психикалық процестері, қалыптары және қасиеттері.

5. Жантану ғылымынан хабары бар кісі өзінің жан дүниесінің қыры мен сырын, яғни жеке басының қайталанбас болмысын танып білуге, онымен ылғи да санасып отыруға, сондай-ақ құрбы-құрдас, аға-іні, апа-сіңілі дегендей, ағайын-туыс, жегжат-жұрағаттарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады. Айналадағы, толып жатқан фактілер мен қағида-ережелерді іріктеп, сұрыптап жүйеге салу түгілі, тіпті бастан кешірген күйініш пен сүйініштің өзін басқа біреуге айтып беру де оңай тірлік емес. Ал, көңіл күйінді саналылықпен ұғынып, мінез-құлқынды басқару кімге болса да ауадай қажет.

Психологиядан біршама түсінігі бар адам өзін-өзі аңғара алып, ұнамды-ұнамсыз қасиеттерін таразыға сала алады. Сонымен бірге кісінің өзін-өзі тәрбиелей алуына, өз мінезінің олпы-солпы жерлерін тап басып, кемістігін түзеуіне, өзіндік сана-сезімдері мен қабілет бейімділіктерін дамыта түсуіне мүмкіндік береді. Жантану ғылымы, әсіресе, өзгелердің жан дүниесін танып-білу үшін қажет. Жан сыры туралы ғылымның негіздерін меңгерген адам алдымен ақыл-ой жұмысын (кітап оқу, лекция тындау, өз бетінше білімін көтеру, т.б. ) тиімді етіп ұйымдастыра алуға машықтанады ( шапшаң оқу, тез жазып, жылдам есептеу, қысқа да нұсқа сөйлей алу, тәуліктегі уақытты барынша үнемдеп, дұрыс пайдалана алу, т.б. ) .

Психология пені, сондай-ақ ілім-білімді миға саналылықпен тоқудың т%орлі айла, едіс-тесілдерін білуге адамды ж±мылдырумен қатар, кісінің ерік-жігерін, қажыр-қайратын шыңдай т%осуге, сезім д%ониесін жетілдіре т%осуге жердемдеседі. Адамды байқағыштық пен байсалдылыққа, зейінділік пен зеректікке, тапқырлық пен ойланғыштыққа баулып, тәрбиелейді.

### **Бақылау с±рақтары:**

1. Жантану ғылымы нені зерттейді.
2. Психиканы материалистік және идеалистік жолмен ұғынудың айырмашылығы неде?.
3. Бейнелеу теориясы деген не?.
4. Психикалық құбылыстарды қалай топтастырамыз?.
5. Жантану ғылымының алдына қандай міндеттер қойылған?.
6. Жантану ғылымын оқып –үйренудің қандай маңызы бар?.
7. Адам психологиясын зерттеудің ерекшелігі қандай?.

## **2-лекция**

### **Тақырыбы: Жантану салалары.**

**Жоспары:** 1. Жантану ғылымының салалары мен тармақтарының дамуы мен қалыптасуы.

2. Оларды топтастыру, жіктеу.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді жантану ғылымының салалары мен тармақтарының дамуымен, қалыптасуымен, оларды жіктеу, топтастыру жолдарымен таныстыру.

### **Лекция мәтіні:**

1. Қазіргі кезде психология ғылымы көптеген салалар мен тармақтарға бөлініп, ілгері дамып отырған, өрісі кең ғылыми пән. Көп жағдайда олар қоғамдық практиканың өрістеп жатқан қажеттермен белгіленеді. Егер психология алғашқы уақытта теориялық тарабы басымдау, дүниетанымдық пен болса, ол қазіргі кезде үзінін танымдық қызметін сақтай отырып, өндірісті, мемлекетті басқарудағы, білім беру жүйесіндегі, денсаулық, заң мекемелеріндегі, мәдениеттегі, спорттағы және т.б. кәсіби практикалық іс-әрекеттің бір саласына айналууда.

Сонымен, осы заман психологиясы көп тармақты білімдер жүйесі ретінде танылып, әртүрлі еңбек тәжірибесімен байланысуда. Әдетте, психология салаларын жіктеудің негізгі принципі – психиканың іс-әрекетте даму принципі. Сондықтан, көбінесе психология салаларын топтастыру негізіне адамдардың әртүрлі еңбектік әрекеттері алынады. Осыған орай психология келесі салаларға бөлінеді.

#### **2.1 Тәлім-тәрбие (педагогикалық) психологиясы.**

Бұл пәннің зерттейтіні-адамды оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтар. Оқушының ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың тиісті оқу материалдарын меңгеру мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеу мәселелерін қарастырады.

Сөйтіп олардың даралық ерекшеліктерімен санасып балалардың бір қалыпты даму заңдылықтарынан ауытқыған балалармен тәлім – тәрбие жұмысын жүргізу әдіс-тәсілдерінің психологиясын зерттейді.

Тәлім-тәрбие психологиясының екі тармағы бар:

1. Оқыту психологиясы.
2. Тәрбие психологиясы.

Оқыту психологиясы – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқытумен білім берудің жекелеген әдістерін, балалардың ақыл-ойын қалыптастырудың жолдарын қарастырады.

Тәрбие психологиясы – гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының психологиялық негіздеріне қатысты мәселелерді зерттейді.

#### **2. Жас кезеңдерінің психологиясы.**

Әр түрлі жас кезеңіндегі психикалық процестердің табиғи негізі мен азаматтық қасиеттерін, психологиялық салаларын зерттейді. Оның тармақтары:

1. Балалар психологиясы
2. Жеткіншек психологиясы
3. Жастар психологиясы
4. Ересектер психологиясы
5. Қарттар психологиясы

#### **3. Арнаулы психология**

Бұл адам дамуының бір қалыпты даму жолынан ауытқуын, ми зақымы ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістерін және осы саладағы әр түлі аурулардың себептерін қарастырады.

Оның біршеше тармақтары бар:

1. Олигофренопсихология
2. Сурдопсихология
3. Тифлопсихология
4. Патопсихология

Олигофренопсихология—ми зақымы ауруымен туған адамдар психологиясының дамуын қарастырады.

**Сурдопсихология** – нашар көретіндер мен соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді.

**Патопсихология** – туа пайда болған ауру адамдар психологиясын зерттейді, грек тілінде "пато" зардап шегу, ауру деген мағынаны білдіреді.

#### **4. Еңбек психологиясы**

Адамның іс-әрекеті түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады. Әртүрлі еңбектегі мамандық ерекшеліктерін, еңбек дағдыларының қалыптасуын өндірістік, кәсіптік жағдайдың адамға тигізетін әсерінің, құрал-аспаптардың құрылысы мен орналасуын қарастырылады.

Оның тармақтары:

1. Инженерлік психология
2. Авиациялық психология

3. Ғарышкер психологиясы. **Инженерлік** – психология негізінен автоматталған жүйелерді басқару мен әртүрлі операторлардың жұмысын зерттейді.

Авиациялық психология – ұшқыштарды оқыту мен ұшу кезінде орындалатын істердің жай-жапсарын, жалпы адам психикасының әуе кеңістігінде бейімделудегі ерекшеліктерін зерттеп, жоғары дәрежеде ысылған мамандар мен кадрлар даярлап шығару мақсаттарын көздейді.

**Ғарышкерлік психологиясы** - адамның салмақсыздық пен әуе кеңістігінің айдынында бағдарсыз жағдайда жұмыс істеу кезіндегі қиыншылық жағдайдағы психологиясын, адамның көңіл-күйімен төзімділік көрсету шараларын зерттейді.

#### **5. Медициналық психология.**

Дәрігерлер мен аурулардың мінез-құлқын зерттейді. Оның тармақтары:

- А) Нейропсихология
- Ә) Психофармакалогия
- Б) Психотерапия
- В) Психопрофилактика және гигиена.

Нейропсихология-психикалық құбылыстар мен жоғары жүйке құрылысының физиологиясын және олардың қатынасын зерттейді.

Психофармакалогия-дәрі-дәрмектердің адам психологиясына әсері мен күшін қарастырады.

Психотерапия- ауру адамға психикалық әдіс-айла және емдік тәсілдер қолдану мәселелерін қарастырады.

Психопрофилактика және гигиена-адамның денсаулығы мен оны нығайту шараларын жүзеге асыру жағын, оның әдіс-тәсілдерін анықтау жағын қарастырады.

#### **6. Әскери психология.**

Азаматты ел-жұрты мен отанын қорғайтын қалқан болуға психологиялық тұрғыдан даярлау. Мұнда жауынгерлердің мінез-құлқы, бастықтармен бағынушылардың арасындағы қарым-қатынастар, үгіт – насихат жұмыстарын жүргізу, дұшпанға деген өшпенділік сезімдерінің оянып, оған қарсы барлау істерін ұйымдастыру және соғыс техникасын меңгеру мен басқару әдістері зерттеледі.

#### **7. Әлеуметтік психология**

Адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады. Қазіргі кезде әлеуметтік психология шеңберінде мынандай үш түрлі мәселе қамтылады:

**А)** Үлкен (ірі) топтардағы психологиялық әлеуметтік жағдайлар.

Мұның құрамында жалпы бұқаралық байланыстар : радио, теледидар, баспасөз т.б кіреді. Әр түрлі топқа жататын адамдарға осы құралдар арқылы әр түрлі хабарлар беріп, көпшілікке тән талғамдар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, иланулар мен сенімдер, қоғамдық көңіл-күйлер жайлы әсер етудің психологиялық астарлары жеткізіледі.

**Ә)** Кіші (шағын) топтардағы психологиялық жағдайлар.

Топтардағы адам бірігуі, олардың өзара қарым-қатынасының сыры мен хал-жағдайы, топ ішіндегі жетекшілігінің алатын орны, әртүрлі топтық типтер болып саналатын ассоциациялар корпорациялар, ұжымдар, ресми және бейресми топтар арасындағы

қатынастар, сол топтардың шеңбері, бірігуінің себептері, мақсат мүдделері, шоғырлану деңгейлері зерттеледі.

Б) Қоғамдағы адамның қасиеті мен әлеуметтік-психологиялық орны. Әлеуметтік психологиялық зерттеудің объектісі-азамат. Олардың жоғарыда аталған топтарда қандай рөл атқаратын және оларға бейімделу ерекшеліктері де зерттеледі. Сонымен қатар азаматтың өзін-өзі бағалай білуін, оның ұстамдылығымен бағыт-бағдарын, табандылығы мен көнбістігін, ұжымшылдығы мен мен-мендігін, тұрақтылығымен болжам паздығын зерттеуге де мән береді.

#### **8. Спорт психологиясы.**

Спорт жетекшілерімен бағынушылардың арасындағы қарым-қатынас, оларды даярлаудың жағдайын, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін психологиялық даярлығын т. б зерттейді.

**9. Сауда психологиясы** –қазіргі заманда кеңінен дамып отырған сала. Бұл сала бойынша әрбір елдің саяси-экономикалық және мәдени-материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді. Сонымен қатар, әсіресе, жарнамалардың психологиялық ықпалы, елдегі адамдардың жас ерекшеліктері, сатып алушылардың мұқтажы, оларға қызмет етудің факторлары қарастырылады.

**10. Ғылыми-шығармашылық психологиясы** - соңғы кездерде зерттеле бастаған сала. Бұл салада шығармашылық адамның жасампаздық қызметі өзіндік ерекшеліктері белсенділігі айқын көрініп, ғылыми жаңалықтарды ашудағы интуициясы, сезімдік рөлі т. б сипаттары зерттеледі.

**11. Көркем-өнер, әдебиет пен шығармашылыққа қатысты психологиясы.** Бұл сала бойынша қарастырылатын мәселелер әсемдікті қабылдау және оның адам жан дүниесін байытуға ықпал ету факторлары зерттеледі.

#### **12. Салыстырмалы психология.**

Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктері ажыратылады.

**13. Заң психологиясы.** Хұқыққа қатысты мәселелерді реттеу және оларды тәжірибие жүзінде қолданудың мәселелерін зерттейді. Бұл саланың үш тармағы бар олар:

- 1) Сот психологиясы, 2)Қылмыс психологиясы, 3) Еңбек пен түзету психологиясы.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жантану ғылымының қандай салалары мен тармақтары бар.
2. Жантану ғылымы салаларының дамуы мен қалыптасуы.
3. Оларды топтастыру және жіктеу жолдары.
4. Тәлім– тәрбие психологиясы.
5. Әлеуметтік психология.
5. Жас ерекшелік психологиясы.
6. Арнаулы психология.
7. Медициналық психология.
8. Салыстырмалы психология.
9. Еңбек психологиясы.

### **3-лекция**

#### **Тақырыбы: Зерттеу әдістерінің түрлерін сипаттау.**

- Жоспары:**
1. Психологиялық зерттеулерді кәсіру принциптері.
  2. Қазіргі заман ғылыми психологияда қолданылатын әдістердің түрлері.
  3. Психикалық кәсібыларды олардың дамуы барысында зерттеу.
  4. Ғылыми психологиялық зерттеулерге қойылатын талаптар.
  5. Зерттеу материалдарын пайдалану.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді психологиялық зерттеулерді құру принциптерімен, қолданылатын әдістердің түрлерімен, зерттеулерге қойылатын талаптармен, зерттеу материалдарын өңдеу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

### **1. Психологиялық зерттеулерді құру принциптері.**

Психологиялық зерттеулердің бірінші принципі – психиканың зерттеудің объективтілік принципі болып табылады. Бұл принцип кез келген психикалық құбылымты олар қандай болса, сол күйінде қараудың қажеттігін білдіреді. Олар адам өмірінің сыртқы жағдайлары және қызметімен өзара байланыста ғана зерттелуі мүмкін. Бұл талап орындалуы тиіс, себебі психикалық құбылыстар сыртқы есерлердің бейнеленуі ретінде ұғынылады.

Объективтілік принципі адамның психикалық ерекшеліктері жайлы оның нақтылы істері мен қылықтарына қарап қарап дәрыс пікірге келуге болатындықтан адамды қызмет процесі өтінде зерттеуді талап етеді. Бұл принципті басшылыққа ала отырып, психикалық құбылыстарды белгілі бір адамға негізгі тән, сондай-ақ тән емес жағдайларда зерттеу керек. Осындай жағдайда ғана адамды жан-жақты және мінді нерсенің ешқайсысын назардан тыс қалдырмай зерттеуге болады.

Объективтілік принципі жиналған материалды мұдеуде де қірініс табуы тиіс. Алынған фактілердің барлығы, оның ішінде бір-біріне қарама-қайшыларды да жан-жақты талдауға тәуелді керек. Қарама-қайшы фактілерге ерекше назар аударған жөн. Оларды ешқашанда жай қарамай тастауға болмайды, қайшылық себебін міндетті түрде табу керек немесе қосымша тексеру жұмыстарын жүргізу керек. Жиналған материалды мұдеу кезіндегі объективті принципі кез келген тәжіриме нақты фактілер негізінде жасалатындығынан қірінеді. Соңғы қорытынды белгілі бір болжам ұсынуға болмайтындығын білдірмейді, тек ұсынған топшылаудың дәрыстығын фактілі материалмен дәлелдеуге міндеттейді.

Психологиялық зерттеулерді құрудың тағы бір үте маңызды принципі – психикалық құбылыстарды олардың дамуы барысында зерттеу принципі. Егер объективті дәние ұдайы қозғалыста және өзгерісте болса, онда осыған орай, оны бейнелендірудің қозғалыссыз, өзгеріссіз болуы мүмкін емес қой.

Психикалық құбылыстарды олардың дамуы барысында зерттеу адам бойында қалыптасып болған психикалық қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар жаңа ғана пайда болып келе жатқан психикалық ерекшеліктерді де зерттеуді талап етеді. Жаңа қалыптаса бастаған ерекшеліктерді зерттеудің, есіресе оқушы психикасын қарастырудағы маңызы ерекше. Мұнда басты назар балалардың айқын анықталған психикалық ерекшеліктерне емес, болашақтағы даму перспективасын белгілей алатын психикалық саналарына да аударылғаны абзал. Егер де мұғалім болашаққа батыл қарап, ер оқушының болашақ дамуын алдын ала болжай білмесе, бәкіл оқу тәрбие жұмысын бір арнаға тәсіріп, қойылған мақсатқа орай жүргізу мүмкін емес.

Ер түрлі жағдайларда, ер түрлі қызмет бабында, басқа адамдармен қарым-қатынысында жеке адамның сан-саласы психикалық ерекшеліктері, жеке адам ретіндегі бет бейнесі ашылады. Сонымен бірге ақиқат өмірдің алуан салалылығына қарамастан, ер адам өз күйінде қалады, тек өзіне ғана тән индивидуалды психикалық қасиеттерін сақтайды. Сондықтан психологиялық зерттеуді құру принциптерінің бірі жеке адамды анализдік-синтездік зерттеу принципі болып табылады.

Анализдік зерттеу психиканың элементтерін жеке адамның өмірі және қызметінің ер түрлі жағдайында тануға мүмкіндік береді, ал синтездік зерттеу барлық және психикалық қіріністердің өзара байланысын анықтауға және белгілі бір адамды толық сипаттайтын тәрақты қасиеттерді табуға қмектеседі.

Анализдік-синтездік принципті ұстау қажеттілігі жеке адамды терең, жан-жақты зерттеу, танымдық, эмоциялық, ерік-жігерлік процестердің жеке жақтарын, жеке қасиеттерді зерттеу сияқты барлық осы сәттердің адамның тәтас психикалық бейнесіндегі өзара байланыстарын, өзара шарттылықтарын зерттеуді қажет ететіндігінен де болып отыр. Бұл екі



бағыттың қатаң бірлікте болуы, біржағынан, жеке құрылыстарын зерттемейінше жеке адамның психикалық ерекшеліктерін тереңіне және дәріс бағалауға болмайтындығын, ал, екінші жағынан, жеке адамның ерекшеліктерін оларды бір-бірімен салыстырмайынша, олардың өзара теуелділігі мен бірлігін ашпайынша білуге болмайды.

Психологиялық зерттеулерді кәсіпті анализдік-синтездік принципті басшылыққа алу ер адамның психикалық бейнесінде белгілі бір тарихи кезеңдегі барлық адамдарға немесе белгілі топқа тән жалпы ерекшелік, сондай-ақ ерекшелік, индивидуалдылық болатындықтан да қажет. Жеке адамды зерттеу процесі кезінде оның қандай жалпы типтік және индивидуалды қасиеттерге ие екенін, осы қасиеттердің қандай қатыстарда екендігін анықтау қажет.

Сонымен психологиялық зерттеулерді кәсіптің негізгі принциптері: объективтілік принципі, психикалық кәсіптің дамуы барысында зерттеу принципі және жеке адамды анализдік-синтездік зерттеу принциптері болып табылады.

Адамның психологиялық ерекшеліктерін білу үшін, осы ғылымның зерттеу әдістерімен танысуымыз керек. Әр ғылымның өзіндік ерекшелігіне қарай дербес зерттеу әдісі болады, осы әдістер арқылы сол ғылымның сан алуан заңдылықтарын зерттеуге мүмкіндік туады. Егер ғылымда өзіне тән әдіс, яғни зерттеу әдістері болмаса, ол нағыз ғылым болудан қалады. Басқа да ғылымдар тәрізді психология ғылымының да өзіне тән әдістері бар. Бұл әдістер осы ғылымның көп жылғы даму жолында түрлі тексерулерден өтіп, сұрыпталу арқылы қалыптасқан. Психикалық әрекетті де белгілі мақсатқа байланысты жоспарлап, арнайы белгіленген және мұқият ұйымдастырылған әдістер арқылы зерттейді. Зерттелінетін адамның көп рет қайталанған іс - әрекеттері мен қылықтары, сөз саптауы мен бет пішініндегі мәнерлі қозғалыстары да, бізге оның ойлауы мен сөйлеуінің, сезімі мен еркінің, темпераменті мен мінезінің ерекшеліктерін білуге біршама жәрдемдеседі.

2. Жантануда адамның психикалық ерекшеліктерін зерттейтін бірнеше әдістер бар. Олардың бір тобы *негізгі әдіс*, екінші тобы *қосалқы әдіс* деп аталынады. Осындай негізгі әдістердің біріне *байқау әдісі* жатады.

Белгілі жоспар бойынша жүйелі түрде біраз уақыт бойына зерттелуші адамның психикалық ерекшеліктерін қадағалауды *байқау әдісі* деп атайды. Байқау, әдетте, табиғи жағдайда, зерттелінуші адамның әрекетіне әдейі араласпай-ақ жүргізіледі. Осы әдіс арқылы зерттелінушінің мимикасын (бет құбылысын), сөз реакцияларын, түрлі қозғалыстарын, мінез - құлқын, жалпы әрекетін байқауға болады. Сондай - ақ адамның ерік күшін, сезім ерекшеліктерін, темпераменті де байқау әдісі арқылы ажыратылады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының түрлі ерекшеліктеріне қарай *байқау әдісінде* кейде аспаптар да қолданылады. Мәселен, зерттелінетін объектіні суретке түсіру үшін - фотоаппараттар, зерттелінуші адамның сөз тіркестерін жазып алып, кейін оны пластинка бойынша қайтадан жаңғырту үшін магнитофон т.б. пайдаланылады.

Байқау әдісінің нәтижелі болып шығуы үшін қолданылатын қажетті кейбір шарттар:

- 1) Байқаудың ұзақ уақыт бойына жүргізілуін және бір фактінің өзі бірнеше рет қайталанып зерттелуін қамтамасыз ету;
- 2) Зерттелетін объектіні айқын белгілеу және байқаудың мақсатын түсіне білу қажет. Мысалы, байқау объектісі ретінде сабаққа нашар студентті алатын болсақ, мақсатымыз - оның сабақ дайындау кезіндегі ой жұмысының кейбір ерекшеліктерін білу;
- 3) Байқалған фактілерді сол сәтте жазып отыру, зерттелушінің сөз реакцияларын стенографиялау; кейін оған мұқиятталдау жасау; басты фактілерді іріктеп алу - осы әдіске қойылатын негізгі талаптардың бірі.

*Тәжірибе* жасауда зерттеуші өзіне қажетті жан қуаттарының көлденеңнен кез болуын күтіп тұрмай, сол процестің тууына өзі жағдай жасайды. Психологияда *тәжірибе лабораториялық* және *табиғи* болып екіге бөлінеді.

Лабораториялық тәжірибе XIX ғасырдың ортасынан бастап, жеке психикалық процестерді зерттеу үшін тәжірибе кең түрде қолданыла бастады. Неміс ғалымы В. Вундт (1832 – 1920) психологияны тәжірибелік жолмен зерттеудің негізін салды, тұңғыш рет лаборатория ашты (1879). Психологтар алғаш рет көру, есту, иіс түйсіктерін зерттеу үшін тәжірибені пайдаланды.

Лабораторияда жүргізілген эксперименттің нәтижелілігі мына төмендегі жағдайларға байланысты болады:

1. Байқалатын объекті жөнінде эксперимент жүргізушінің күн ілгері болжамының (гипотезасының) болуы тиіс;
2. Тәжірибе түрінде лайықты жұмыс жағдайын жасау (жазып отыру, инструкциялар т.б. жазу – сызу құралдарымен қамтамасыз ету).
3. Тәжірибені күнілгері белгіленген жоспар бойынша, арнаулы әдістемеге сай жүргізу.
4. Бір құбылысты бірнеше рет тексеруден өткізіп, оларға сандық және сапалық жағынан дербес талдау жасау.
5. Алынған мәліметтерге байланысты негізгі және ішінара қорытындылар шығара отырып, тәжірибе жүргізуде ашылған кейбір ғылым деректерді (егер зерттеу жұмысы мектеп жағдайында жүргізілген болса) оқу – тәрбие процесінің сапасын жақсарту үшін пайдаланса, бұл тәжірибенің негізгі мақсатының орындалғаны болып табылады.

*Табиғи эксперимент.*

Тәжірибенің екінші бір түрі - **табиғи эксперимент** деп аталынады. Табиғи экспериментті психологияға тұңғыш енгізген және оны өзінің зерттеулерінде көп пайдаланған көрнекті орыс психологы А. Ф. Лазурский (1874 - 1917) болды. Бұл әдістің байқау әдісінен айырмашылығы, мұнда тәжірибе жүргізуші өзіне керек құбылысты табиғи жағдайда тудырып отырады.

**Сауалнама әдісі** бойынша кісі күні бұрын арнаулы парақтарға жазылып қойылған сұрақтарға жазбаша жауап қайтарылады. Осы әдіспен әртүрлі топтың, ұжымның, оның жеке өкілдерінің психологиялық ерекшеліктері (талап – тілегі, мақсат – мүддесі, талғам – мұраты, қызығуы, бейімділігі т.б.) ажыратылады. Мыс: адамның қандай кітапты ерекше құмартып оқитындығын, оның сүйікті жазушылары мен әртіс, әншілерінің кімдер екендігін аңғаруға болады. Анкеттегі сұрақтар ықшам, зерттеушілерге түсінікті, қарапайым тілмен тұжырымдалып, жалпы саны 5 – 8 ден аспауы тиіс.

**Әңгімелесу әдісі** - психолог белгілі жоспар бойынша зерттелінуші адамның жас жәнге дара ерекшелігіне, білім көлеміне қарай күні бұрын әзірленген сұрақтар қояды, зерттелінушіге күдік тудырмау мақсатында әңгіме көбіне жанама түрде ұйымдастырылады, мұнда сөйлесу әдісіне ерекше мән беріледі. Зерттелінушінің берген жауабы жазылып алынып, кейіннен мұқият талданады да, соған орай тиісті қорытынды жасалады.

**Тест әдісі** - балалардың білімі мен икемділігі, бейімділігі, жалпы ақыл – ойының даму дәрежесін т.б. анықтауға болады. Тест арқылы бала өз жасына қарағанда дұрыс дамыған ба, не оның дамуында өз кезінен ауытқушылық (жоғары, төмен бар ма?) деген сұраққа жауап алынады.

Тапсырма жас мөлшері біркелкі балаларға бірдей беріледі де (200 – дей) мұндағы жауаптардың орта есебі (барлық бала бойынша ортақ балл) шығарылады. Осы орта есеп жас мөлшерлік норма белгілеу тестті стандарттау деп аталады. Мұндай тестке кейін ешқандай өзгеріс енгізілмейді. Баланың ақыл – ойының даму дәрежесін анықтауға арналған тесттерді интеллекттік тесттер дейді. Түрлі жан қуаттарың құрылымын функциялармен параметрлерді шамамен жорамалдауда эксперименттік материалдарды талдауда, модельдерді құрастыруда факторлық талдау деп аталатын **математикалық- статистикалық** әдіс қолданылады. Математика қазіргі кезде көптеген ғылымдарың зерттеу әдістеріне кеңінен еніп отыр. Психологияда мұны алғаш қолданған ағылшын психологы Ч.Спирмен. Осы әдіспен адам ақыл – ойын оның музыкалық, математикалық қимыл – қозғалыс т.б. қабілеттерінің белгілі

шамасын белгілеуге болады. Мәселен осы әдісті психологтар адамның жоғарғы жүйке қызметі қасиеттерінің құрылымын зерттеуде пайдаланды. Күрделі корреляцияларды факторлық талдауға салу электрондық өлшеуіш машиналарының (ЭВМ) көмегіне де сүйенеді.

3. Зерттеу едістері қандай да бір едіснамалық талаптарға сай болады, мұндай ғылыми-психологиялық зерттеулерге қойылатын талаптар келесідей:

- 1) Құбылыстардың сыртқы құрнісімен олардың ішкі табиғаты арасындағы толық сәйкестікті таба білу;
- 2) Психикалық құбылыстарды зерттеуде психо-физиологиялық принципті негізге алу шарт, бірақ физиологиялық (биологиялық) білімдер мен факторларды қмекші құрал ретінде пайдалану қажет;
- 3) Психологиялық зерттеулердің, негізінен, адам ерекетін елеуметтік-тарихи талдау нәтижесіне арқа сәйкесі ;
- 4) Психологиялық заңдылықтарда адамның психикасы, іс-ерекеті және оларды қозғаушы күштердің өздіксіз дамуы процессінде нақтылау .

**Құбылдану едістері** мұз ішіне салыстыру едісі (ерқандай топты жасы, қызметі т.б. бойынша салыстыра, зерттеу); лонгитюд едісі (бір адамды не адамдар тобын ұзақ уақыт аралығында қайталап, зерттеп бару); комплекстік едіс (зерттеуге ертүрлі ғылымдар мкілдері қатысып, бір объектіні жан-жақты, ертүрлі құралдармен зерттеу). Мұндай зерттеудің нәтижесінде сан қилы құбылыстар мен байланыстар және теуелді қатынастарды ашу мүмкіндігі туады. Мысалы, жеке адамның физиологиялық, психологиялық және елеуметтік тәрізден даму байланысы.

**Эмпирикалық едістер.** Бұл топқа енетіндер: бақылау мен мұзіндік бақылау, эксперименталды (лабораториялық, табиғи, қалыптастырушы) едістер; психологиялық болжау (психодиагностика): тест, анкета, сұрақ беру, социометрия, интервью, сәгімелесу едістері; шығармашылық, іс-ерекет мнімдерін талдау едістері; ммірбаяны мен танысу едістері.

**Деректерді мңдеу едістері:** сандық (статистикалық) және сапалық (алынған материалды топқа жіктеу, талдау) едістері.

**Реттеу-тәізету едістері:** аутотренинг, топ тренингі, психотерапиялық ықпал ету едісі, оқу-әйрету едісі.

4. Психологиялық зерттеулерде әр түрлі психикалық процестердің заңдылықтары мен ерекшеліктерін ашу және жеке адамның қасиеттерін анықтау үшін қарастырылған әдістердің барлығы да кеңінен пайдаланылады. Кез келген әдісті дұрыс қолданғанда, ең алдымен жеке адамның психикалық көрністерінің сапалық заттары анықталып, тіркеледі, яғни зерттеу міндеттеріне сәйкес фактілі деректер дәлме-дәл іріктелінеді де дұрыс түсіндіріледі.

Мұндай өңдеу зерттеліп отырған психикалық құбылыстардың сапалық ерекшеліктері туралы пікір айтуға болатын көрсеткіштерді алдын ала анықтап алуды, немесе сол көрсеткіштерді фактілі материалды талдау процесі кезінде дәл таба білуді талап етеді.

Мәселен, ойлау процесі зерттелуде делік (әр жастағы немесе әр түрлі жағдайда оқитын оқушылардың ұғымды игеру материалы бойынша). Бұрыннан белгілі көрсеткіштердің қайсысы ұғымды меңгерудің сапалық ерекшеліктерін сипаттау үшін қолданылатынын алдын ала шешу керек, не тиісті көрсеткіштерді эксперименттік материалдарды талдау барысында тікелей анықтау қажет. Бұл жағдайда сапалық көрсеткіштер бола алатындар: белгілерді даралау толықтығы, олардың мәндік дәрежесі, белгілер мен ұғымдар арасындағы өзара байланыс сипаты, ұғымды анықтаудың ерекшеліктері, олармен әр түрлі жағдайларда операция жасау талдын ала шешу керек, не тиісті көрсеткіштерді эксперименттік материалдарды талдау барысында тікелей анықтау қажет. Бұл жағдайда сапалық көрсеткіштер бола алатындар: белгілерді даралау толықтығы, олардың мәндік дәрежесі, белгілер мен ұғымдар арасындағы өзара байланыс сипаты, ұғымды анықтаудың ерекшеліктері, олармен әр түрлі жағдайларда операция жасау тағы басқалар.

Сапалық талдау жүргізген кезде жаңадан қалыптасып, не дамып келе жатқан психикалық көрністерге баса назар аудару керек, өйткені, бұл адамға қазір ненің тән

екендігін ғана емес, сондай-ақ оның психикалық даму перспективасын болжауға мүмкіндік туғызады.

Алайда, зерттеу нәтижелерінің объективтілігі зерттеліп отырған психикалық құбылысты суреттеуді және сапалық сипаттама беруді ғана талап етпейді. Әрқашан да табылған қасиеттің типтілігін анықтап, дәлелдеудің маңызы зор. Бұл, зерттеу материалдарын сандық өңдеуден өткізу негізінде іс жүзіне аса алады.

5. Психологияда сан жағынан талдау үшін, басқа ғылымдардағы сияқты матриалды математикалық өңдеуден өткізу әдістері әсіресе, көрсеткіштердің орташа сандық мәнін анықтауға мүмкіндік беретін вариациялық статистика әдісі кеңінен қолданылады.

Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын анықтау үшін статистикалық әдістердің ерекше маңызды мәні бар. Статистикалық әдістер белгілі бір көрсеткіштердегі айырмашылықтардың сенімділігі туралы, олардың осы құбылыстағы типтілігі және нормадан ауытқу шектері туралы, қанша адамның сыннан өту қажеттігі туралы математикалық дәлдікпен пікір түйе мүмкіндік береді.

Психикалық зерттеулер нәтижесін өңдеу үшін альтернативалық, корреляциялық, дисперциялық және факторлық талдау әдістері неғұрлым кең пайдаланылады. Альтернативалық (таңдауға мәжбүрлік) талдау кезінде кез келген жағдайда болуы да, болмауы да мүмкін психикалық құбылыстардың белгілері, қасиеттері, сапалары зерттеледі. Осы белгілердің сандық көрсеткіштерле көрінуін альтернативалық талдау деп атайды. Альтернативалық талдаудың сандық көрсеткіштері бірнешеу. Әдетте құрылым көрсеткіштермен арақатынастар көрсеткіштері жиірек қолданылады. Құрылым көрсеткіші бөлшек пен бүтін арақатынастар көрсеткіші бүтіннің бөлшектері арасындағы процент пен берілген қатынасты сипаттайды.

Барлық сыналандардың қай бөлігінің белгілі бір белгілерге (мәселен, зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау тәсәлдері тағы басқалар) ие, ал қай бөлігінің оларға ие емес екендігін анықтау керек болған жағдайда құрылым көрсеткіштерін табады. Белгілі бір қасиетке ие сыналушылар топтар арасындағы қатынастарды ашу үшін арақатынастар көрсеткіштері анықталады. Мысалы, есие сақтау процесін зерттеу кезінде қандай материалдың есте тұрақты сақталатындығын және материалдың белгілі бір түрін есте нық сақтау бейім сыналушы топтар арақатынасының қандай екендігін анықтау қажеттілігі туады. Альтернативалық талдау сыналушыларда белгілі бір қасиеттердің, белгілердің бар екенін анықтауға мүмкіндік береді, бірақ оның көмегімен белгілер арасында тәуелділік бар-жоғын анықтауға болмайды.

Психикалық құбылыс белгілерінің өзара байланыс дәрежесін (екінші сөзбен айтқанда, байланыс тығыздығын) корреляциялық (арақатыстық) талдаудың көмегі арқылы сипаттап беруге болады.

Корреляциялық сияқты дисперциялық (ажырату) талдаудың да міндеті – зерттеліп отырған белгілер арасында өзара байланыстың бар-жоқтығын анықтау. Ал корреляциялық және дисперциялық талдау арасында елеулі айырмашылықтар бар. Корреляциялық талдау байланыс тығыздығының мөлшерін тек эксперимент үшін мәні бір белгілер арасында анықтауға мүмкіндік береді. Дисперциялық талдау кезінде зерттеліп отырған белгілерге әсер ететін факторлардың бағасын алуға және олардың әрқайсысының әсер ету мөлшерін анықтауға болады. Мұндай жағдайда экспериментші зерттелетін белгілерге тигізетін әсері зерттелуі қажет факторлар шеңберін өзі анықтайды.

Психологиялық зерттеулер нәтижелерін өңдеудің анағұрлым күрделі әдісі факторлық талдау болып табылады. Бұл әдістің күрделілігі факторлық талдаудың алдында бірнеше әзірлік кезеңі болатындығында, оның барысында факторлық талдау белгілердің шамасы айқындалады, осы белгілерді сандық белгілеу өткізеді және корреляциялық матрицалары, яғни әр белгінің белгілі бір жүйенің барлық белгілерімен байланысытығыздығын бейнелендіретін корреляция коэффициенті көрсетілген таблица құрастырылады.

Факторлық талдау тәуелді және тәуелсіз факторлардың санын, факторлардың топтағы салмағын анықтауға және зерттеліп жатқан құбылысқа әсер ететін белгісіз факторларды табуға мүмкіндік береді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Психологиялық зерттеулерді қару принциптері.
2. Қазіргі заман ғылыми психологияда қолданылатын әдістердің түрлері.
3. Психикалық қатынастарды олардың дамуы барысында зерттеу.
4. Ғылыми психологиялық зерттеулерге қойылатын талаптар.
5. Зерттеу материалдарын танду.
6. Жанды зерттеу әдістері.

**4-лекция****Тақырыбы: Жантанудың даму тарихына қысқаша шолу.**

**Жоспары:** 1. Психологияның философия мен жаратылыстану ғылымдары қойнауынан бөлініп шығуы.

2. Ежелгі психология.
3. Орта ғасырлардағы жан туралы ілім.
4. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы психология дағдарысы.
5. Кеңестік психологияның дамуы.
6. Қазақстанда психология ғылымының дамуы.
7. Ғылыми психологияның принциптері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді психологияның даму тарихымен, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы психология дағдарысымен, кеңестік психологияның дамуымен, қазақстанда психология ғылымының даму жолдарымен, ғылыми психологияның принциптерімен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Ерте замандардан бастап адам баласының назары, ақыл-ойы өзінің маңындағы дүниенің сырын танып білуімен бірге, өз денесінің ішкі дүниесінің, ақыл-ойы мен іс-әрекетінің тіршілік бейнесінің құпия сырларын ашып білуге ұмтылған. Біздің дәуірімізге дейінгі бірнеше мыңдаған жылдар бұрын Шығыс елдері Мысыр мен Үндістанда, Қытай мен өзге елдерде, адам баласының мәдениеті өсіп, дамып, осы заманғы ғылыми білімнің бастапқы іргетасы қалана бастаған. Қоғамның дамуына қарай өндіріс күштері өсті, әлеуметтік өмірде таптар пайда болды. Алғашқы құл иеленушілік мемлекет құрылды. Қоғамда адамдардың әр-қилы наным сенімдерге негізделген көз-қарастары пайда болды. Мұндай көзқарастар тек діни нанымдарға негізделіп қана қойған жоқ, адамның жан дүниесі жайлы табиғи – ғылыми көз қарастардың тууына себепші болды.

Ертедегі Шығыс елдерінде, сонан соң Ежелгі Грецияда адамның тәні мен жанының сырын білуге ден қойылды. Адам тіршілігінің негізі – қан айналуына ерекше мән берілді.

Ертедегі Қытай медицинасында (XIII ғ) денені басқарушы жүрек қызметі деп санап, ол ауа тектес нәрседен жаралған деді. Ол адамның физиологиялық тіршілігімен бірге психологиялық қызметінде реттеп отырады. Мұндай тіршілік адамның сөйлеу қабілетін оятып, ойын дамытады деген тұжырым жасады.

Ежелгі Үндістан дәрігерлері, “адамның психологиялық әрекетінің негізгі органы – жүрек оның атқаратын қызметі біртіндеп миға ауысады”- деген тұжырым жасады.

Б.ғ.д.VI ғасырда Үндістанда адамның жан дүниесі жайындағы діни нанымдарға негізделген Джайнизм мен буддизм бағыттары кеңінен тарады. Бұдан кейінгі кездерде Үндістанға философиялық мектептер жан туралы түсініктерді метафизикалық- әдептік мақсаттарды дәріптеуге пайдаланылады. Бұл бағыт келесі дәуірімізде түрлі жолға түсіп, жан дүниесінің сырын адамның даралық ерекшеліктеріне орай түрліше түсіндіреді.

Ерте дәуірдегі Қытай елдеріне кеңінен таралған философиялық - діни ой - пікір әйгілі ғұлама Конфуцийдің есімімен байланысты.

Онын іргесін өзі қалаған мектебі Конфуцияндық деп аталады. Конфуцийдің пікірінше “адамның білімі мен психологиялық сапалары – туа берілетін қасиет. Адам жаратылысынан қайырымды болып туады, бірақ оны жолдан тайдырып бұзатын-сыртқы орта. Сондықтан ол, адамның өз бойындағы сырттан әсер еткен зиянды қасиеттерден арылу үшін, адам өзі ішкі жан дүниесіне үңіліп ақыл-ойын дамыта түскені дұрыс” – дейді. Адамның тәнімен психикалық тіршілігінде қан айналу процесінің ерекше маңызды қызмет атқаратындығы туралы пайымдаулар келесі дәуірлерде Вавилон, Мысыр, Қытай мен Үндістанда, Ежелгі Шығыс елдерінде жалғасты.

## **2. Ежелгі психология.**

Сонау ерте замандардан бері адамдардың әлеуметтік өмірі олардың күнделікті сан-алуан іс-әрекеттерінен, бір-бірімен қарым-қатынасынан, олардың жан дүниесінің сырын мінез – құлық сипаттарынан өзара белгілі болған. Осындай ұғым түсініктерде адамның жаны тәні мен бірге болды деп саналған. Ежелгі Грек жұртының ғұламалары. Гераклит (Б.з.д VI ғ.), Демокрит ол сол табиғат заңына ынғайланбауда деген пікірді қолдады. Демокрит психиканы (жанды) оттың атомдарындай қозғалмалы қасиет деп санады. Сонымен, жан туралы ілім- психологияны адам тәнінің қызыметі деген бірынғай материалистік түсінікті тудырды.

Сол заманның ғұлама ойшылы Платон (б.з.д.427-347ж.ж) жан мәңгілік нәрсе, ол өлмейді, өшпейді деген қорытынды жасады. Ол психиканы түсіндіруде идеалистік бағытты жақтады. Аристотель (б.з.д. 384-322 ж.ж) психологиялық ой-пікірді табиғи негізге сүйеніп, биология мен медицина саласына бағыттады. Ол психика туралы ілімді одан әрі зерттеп, “жан туралы” – деген еңбек жазды. Ол психиканы тән мен бірге өмір сүретінін айта келіп, психикалық әрекеттердің басым көпшілігін материалистік тұрғыдан шешті. Сонымен, Гераклит пен Демокриттің Платон мен Аристотельдің жан жайындағы көз қарастары психологиялық ілімнің келешектегі дамуына ғылыми негіз болып қаланады. Жан жүйесі жайындағы ертедегі ілім көптеген ойшылдар мен ғұламалардың шығармаларында өзіндік орнын тапты.

Ежелгі Римнің көрнекті ойшылдары Лукреций (б.з.д. I ғ.), Гален (б.з.д. II ғ.) психологияның жан дүниесінің сырымен байланысты табиғи негіздерін іздестірді. Ал грек ойшылы Сократ (б.з.д. 470-399ж.ж)”өзіңді өзің тани біл” деген ұлағатты пікірін адамның жан дүниесімен, сырымен ұштастырды.

## **3.Орта ғасырдағы жан туралы ілім.**

Ерте дүниеден бері қалыптасқан адам психикасы жайындағы ілім мистикалық және діни көзқарастар ықпалына көшті. ”Жан екі түрлі сипатта өмір сүреді” – деп уағыздалды. Жан жайындағы аристотельдік ілім өмірден шеттетілді. Алайда VII-XII ғасырларда араб тілді Шығыс елдерінде философиялық ой-пікірлер өркен жайып, ғылыми зерттеулер және адамның жан дүниесі жайындағы ілім жанданып жаңа сипатқа ие болды. Араб тілді Шығыс елдеріндегі мәдениетпен ғылымның орта ғасырда Еуропа мен басқа елдерге тарап, кең қанат жайып, жалпы адам баласы мәдениетінің өркендеуіне әсер етті.

VII-ғасырда Халифат мемлекеті құрылып, араб тілі мемлекеттік тілге айналды. Жаратылыстану, медицина, математика мен адамтану ғылымдары өркен жайып ежелгі дүние ғұламалары Платон мен Аристотель, Гален мен Архимедтің еңбектері араб тіліне аударылды. Сөйтіп бұл еңбектер барлық елдерге (Азия, Үндістан, Пириней) түбегіне дейін ғалым-ғұламалардың ашқан жаңалықтары, ой-пікірлері жаңа сипат алып, Әбу Насыр Әл – Фараби (870-950 ж.ж), Әбу Али Ибн Сина (980-1037), Ибн Рошид (1126-1198 ж.ж) сияқты орта ғасырлық ғұламалардың зерттеулері арқылы адамның жан дүниесі жайындағы ілім өркендеді. Иранның ғалымы Закария Рази (865-925 ж.ж), өз еңбектерінде адам жан жүйесі жайлы ғылыми жетістіктеріне сүйеніп, түрлі зерттеулер жүргізді. Әбу Насыр Әл-Фараби “Әлемнің екінші ұстазы” атанған данышпан ғалым.

Оның бірнеше еңбектері бар.

1. Ізгі қала тұрғындары.
2. Азаматтық саясат.
3. Мемлекеттік қайраткерлердің өнегелі сөздері т.б.

Аристотельдің “Жан туралы еңбегі бар. Ұлы ойшыл Әл-Фараби психология ғылымы туралы айтқан бір пікірінде “Дүние материядан құралады, ол жойылып кетпейді, бір түрден екінші бір түрге көшіп өзгере береді, жан тәннен бұрын өмір сүрмейді, бір денеден екінші бір денеге барып орналаса да алмайды” - деген ғылыми пайым жасайды.

4. XVIII- ғасырда психология ғылымында айтарлықтай өрлеу байқалып, физик И.Ньютон мен физиолог ғалым А. Галлердің зерттеулері оның негізі болып саналады. Жүйке жүйесі мен бұлшық ет қызметінің физиологиясы организм тіршілігінің негізі туралы ілімді жетілдіруге әсер етіп, оның мәнін арттырады.

Ойланудың дамуына ақыл-парасат шешуші рөл атқарады дейтін бұрынғы көзқарас енді тәжірибелік зерттеулерге сүйенетін болды. Психиканы осы тұрғыдан қарастыруда әрқилы бағыт ұстаушылар жіктеле бастады. Олардың бірі жан дүниесін зерттеу адамның ішкі сырын түсінуге бағытталуы қажет деп санаса, ал енді бірі психиканы тани білудегі тәжірибенің жаратылыстану ғылымдарын зерттейтін тәжірибеден ешқандай айырмашылығы болмауы тиіс деген пікірді қалады. Осы бағытты қолданушылардың өздері бірнеше топқа бөлініп, түрлі көзқарасты ұстанды. Солардың ішінде Швейцария зерттеушісі А. Галлердің бағдары психиканың пайда болуында жүйкелік процестер бірінші, ал түрлі ой мен идеялардың өзара байланысты түрде туындауы екінші, кезектегі құбылыс дейтін көзқарасты қуаттай түсті.

Мұның бәрі психологиядағы эмпиристік бағыттың көріністері.

#### Ассоциативтік психология

Психология тарихында ассоциацияны жалпы категориялық ұғым деңгейіне тұңғыш рет көтеріп, оны дәріптеуші ағылшын дәрігері Гартли (1705-1757 ж.ж). Ол психикалық процестердің бәрі ассоциацияға сүйенеді деп түсіндірді. Гартлидің “Адамды бақылау” деген кітабы ассоциацияның кеңінен тарап, өзекті ілім болып қалыптасуының бастамасы болды. Осы еңбегінде ол көптеген психикалық процестерді жүйке жүйесінің тербелісімен ұштастыра баяндап, адамның санасыз әрекеттерін материалистік тұрғыдан түсіндіруге күш салды.

Соның нәтижесінде Гартли адамның саналы әрекетінің жемісі болып табылатын ақыл-ой, ерік-жігер қасиеттерін де анықтайды. Бұл зерттеулер – санасыз әрекеттің сырын түсіндіретін алғашқы материалистік ілімнің шыңы деуге болады.

XIX – ғасырдың бірінші жартысы – психиканың даму тарихындағы елеулі кезең болды. Бұл кезеңде ассоциациялық бұрынғы тұжырым материалистік тұрғыдан нығая түсті. Т. Браун, Джеймс Милль, Дж. Ст. Милль сияқты зерттеушілер қолдады.

XIX ғасырдың ортасындағы психикалық іс-әрекет философиялық ілім жүйелеріне негізделіп психологияның өзіндік сипаты, зерттеу объектілері мен оның әдіс тәсілдері айқындалды. Психологияның XIX ғасыр ортасында дербес ғылыми пәнге айналуының табиғи-ғылыми негізі-физика мен химия, физиология мен биология, дарвинизм мен рефлекс туралы ілім, сезім мүшелерінің психофизиологиясы мен психифизикалық зерттеулердің нәтижелері.

XIX ғасырдың ортасында психологияның дербес және тәжірибелік пән болып қалыптасуы нәтижесінде адамның жан дүниесінің сырын әр тарапты зерттеу қызу жүргізіле бастады. Психологияның мұндай талаптары жаңа салалары мен тармақтарының өркен жайып дамуына қолайлы жағдай тудырды. Психологияның дамуындағы осы кезеңде әртүрлі бағыт-бағдар мен түрлі ағымдағы мектептерде тарих сақынасына келіп бұл пәннің әртүрлі мәселелерін әрқили көз-қарастар тұрғысынан қарастырды. Олардың негізгілері мыналар:

1. Құрылым психологиясы. Негізін қалаған Э. Титченер, көрнекті өкіл В. Вундт мақсаты сананың құрылымын тәжірибелік тұрғыдан іздестіру
2. Вюрцбург мектебі Батыс Европада АҚШ-та кеңінен тарады. Бұл мектептің негізі Германияда қаланды. Мақсаты Психикалық процестерді тәжірибелік зерттеу арқылы талдау. Көрнекті өкілдері К. Марбе, А. Майер, Г. Уотт, А. Мессер, К. Бюлер.

#### **3. Американдық психологиядағы функционализм ағымы.**

Негізгі мақсаты-психология ғылымының жетістіктерін тәжірибеде қолдана отырып адамның мінез-құлқын зерттеу.

Көрнекті өкілі Р. Вудвортс.

**4. Бихевиоризм** - XX ғасырдағы психология ғылымын сипаттайтын американдық бағыт. Ол адамдардың құлқын жете қарастырды да сананы негізгі зерттеу объектісі деп санамайды. Бихевиоризмнің іргесін қалаушы Эдвар Терндайк (1874-1949). **5. Гештальт психологиясы** – Германиядағы психологиялық мектеп. Оның негізін қалаған Макс Вертгеймер (1880-1943ж.ж). “Гештальт” немісше – түр, тұрпат, форма, құрылым – деген мағына береді. Бұл мектептің мақсаты-жеке психикалық процестердің құрылымын тәжірибе жүзінде зерттеу.

**6. Фрейдизм**- Бұл –Австрия ғалымы З.Фрейд (1856-1939 ж.ж) есімімен аталатын бағыт. Зерттеу Ілімі психоанализ деп аталады. Фрейд “Жеке адам құрылымындағы санасыз әрекеттерге назар аударды және оны зерттеу объектісіне айналдырады ол адам өз мінез құлықтарының туу себебін түсіндіре алмайды. Оларды санамен аңғаруға болмайды. Бұлардың нақты себептері ғана түс көру, сандырақтау, ырықсыз қозғалыс сияқты құбылыстарды зерттеу арқылы анықтауға болады”-деді. Фрейдистер теориясының мәні мынада: ол жеке адамды оның қалыптасуының әлеуметтік жағдайларынан толық бөліп алу, санасыздықты биологиялық негізді алға қою. Фрейдизм жеке адам психологиясындағы ең реакцияшыл бағыттардың бірі. Санадағы әлеуметтік фактордың ролін жоққа шығара отырып, ол мұнысымен буржуазиялық қоғамдағы билеуші таптардың былығымен қылмысын ақтайды. XIX-ғасырдың ортасынан бастау алып XX ғасырдың басында өрістеген психология пенінің ілгері дамуына неміс психологтары көп үлес қосты.

### 5. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы психология дағдарысы.

XX ғ. басында мұқият бастаған ғылым мен мндіріс-экономикалық талаптарына орай сана (интроспекттік) психологиясының дағдарысы қылаы берді. Интроспекттік психология практикалық қолданба енгізулерді қажет еткен капиталистік мндіріс проблемалары алдында мұз дерменсіздігін байқатты. Оның субъектив едістері қоғамның объектив қажеттіліктеріне сай келетін ±сыныстарға шамасы жетпеді. Осыдан психология зерттеулерін жаңа, объектив едістер т±ғырына орнықтыру жолдары іздестіріле бастады.

Сана психологиясын дағдарысы, сонымен бірге, ғасыр аяғында Францияда кең мұріс алған невропатология және психиатрия саласындағы зерттеулердің нетижесімен де байланысты еді. Бұл зерттеулер адам психикасын кейде саналы басқарылмайтын к±былыстар мен қүрініс беретінін делелдеді. М±ндай бей санаға теуелді ерекет қылықтар эксперименталды және клиникалық талдауға алынды. Осының нетижесінде психология сана жңніндегі ғылым емес деген пікір пайда болды.

Бұл деуірдегі психологияның қарқынды дамуына Ч. Дарвиннің эволюциялық тағылымыда %олкен ықпал жасады. Бұл ілімге орай барша психологиялық д%оние қоршаған ортамен тіршілік иесінің икемдесу ерекетінен ажырауы м%омкін емес деген т±жырым орнықты. Эволюциялық теория ықпалында интроспекция едісін қолдану м%омкін емес бала мен хайуанат психикасын зерттеу етек алды.

Осылайша ерт%орлі ықпалдар мен жағдайлар ғылымда бірнеше жаңа психологиялық теориялардың туындауына себепші болды. Жаңа теория мкілдері сана психологиясын психика жңніндегі жаңа т±жырымдамалармен толықтыру немесе оны ауыстыруды мақсат етіп қойды.

**Генетикалық психология.** Швейцария ғалымы Ж.Пиаженин генетикалық психология теориясы психология ғылымының кең мұріс жайған бағыттарының бірі. Оз зерттеулерін негізге ала отырып, Ж.Пиаже генетикалық едісті психологиялық болмысты тануда жетекші едіснамалық принцип дережесіне қүтерді.

Оз зерттеулерінде ғалым бала ақыл-есінің қалыптасуына назар аудара отырып, ғылыми психологиядағы зерттеулер бала интеллектінің дамуын байқаудан басталып, сол арқылы ересектердегі интеллект табиғаты мен қызметін білуге болады деп пайымдады.



Пиаженин негізгі міндеті адам интелектінің қарылымын зерттеу. Осы қарылымды ол қарапайым органикалық тіршіліктің эволюциялық даму барысында жеткен нәтижесі деп білді, яғни интелектік қорделі ақыл-естің жай психикалық элементтерден қаралатынын дәлелдемекші болды.

Пиаже тәжірымының ең қолқен қатесі-баланың біртәтас дамуын ескерместен, ақыл-естің дәрістеу тәжірын интелектің дәзінен іздеді, ал сананы дамытушы факторлар арасында ол қоғамдық тарихи ерекет болмысына ешқандай орын қалдырмады.

Пиаженин теориялық тәжірымдары жоғары деңгейдегі ойлау қабілетінің қзі мткендегі ой мқмкіндіктерінде болатынын дәлелдеп бақты. Ой қабілеті дәзінен-дәзі бітпейтінін, ал адам даму қасиеті екенін, сол адамның адамгершілік қасиет қатысымен шыңдалған сайын оның санасының жан-жақты дамып, ойлау дережесінің қтерілетінін тіпті қре білмеді.

Генетикалық психология зерттеулеріндегі ең қолқен олқы-кемшілік: интелект даму деңгейінің бірінен екіншісіне мтуде оқудың маңызы орынды бағаланбай, елеуметтік-қоғамдық фоктордың жеке адамның қалыптасуындағы мені жоққа шығарылды.

### **6. Батыстық психологияның бқігінгі даму бағыты.**

Ашық дағдарыс кезеңдерінде пайда болып, кейін елеулі мзгерістерге кезіккен айтарлықтай маңызды теориялық бағыттар (необихевиоризм, енофрейдизм, гештальтпсихология) 60 жылдардың басында мздерінің бәрынғы абыройынан айырыла бастады. Ерекет-қылық пен психиканы тқсіндірудегі теориялық ішкі қайшылықтар олардың негізгі бастау позицияларын қайта қарастыруды талап етті. Бәл дағдарыстардыңаса бір менді себебі-экспериментальды зерттеулер мен теориялар саласында жаңа мнімді қзқарас, бағыттардың туындауынан болды: танымдық іс-ерекет зерттеулері аймағында когнитивтік психология, гуманистік психология, ми жұніндегі ғылымдар шеңберінде адам санасын зерттеуге орай - нейрофизиология, нейроморфология, нейропсихология, қанат жайған жене бір бағыт-бәл адам психологиясы еді.

Осы ғылыми – теориялық бағыттардың қысқаша сипаттамасына тоқталайық.

Қазіргі заман психологиясының аса маңызды артықшылығын танытқан ғылыми ағым когнитивтік психология болды. 60-жылдардың аяғында АҚШ –та бәл бағыт бихевиористердің ерекет-қылып талдауында психологиялық элементтерді елемей мен танымдық дамуда ескермеуіне қарсылық білдірумен ғылым сахнасына келген еді. Когнитивтік психология необихевиористер зерттеулерінің нәтижесінде пайда болып., белсенді мағләмат жинау мен ақпарат мңдеуші адам организмі жқйелі қарылым деген танымды ері жалғастырды, яғни адам еркілы ақпараттарға ықпалды есер етуге қабілетті: мтен таңбалар формасына келтіре алады, одан ері мңдеу қшін мз қажетіне керек ақпаратты бмліп алады немесе керексіз меліметті жқйеденбқігіндей аластайды. Когнитивтік психологияның қрнекті мкілдері Дж.Брунер, Д.Норман, Л.Фестингер, Ф.Хайдер, У.Найсер, П.Лиднсей, Г.Саймон .

Бәл бағыттың бәл ққнде бірнеше салалары бар. Солардың ішінде ең танымал болғаны **есептеу варианты**, мңнда танымдық процестер шектен тыс механистік негізде тқсіндіріледі: психика сигналдарды мзгеріске келтіруші тәрақты қабілетке ие тетік ққйінде қарастырылады. Есіресе таным процесіндегі ішкі когнитивтік қарылымдар мен ізденуші организм белсенділігіне аса мен беріледі.

Когнитивтік психологияның негізгі зерттеу аймағы танымдық процестер – ес, тіл мен сүздің психологиялық қырлары, қабылдау, ойлау, зейін, қиял жене танымдық даму. Бәл таным психологиясының едістері жеке адамның қңыл-ққйі мен себеп-тқорткілерін, сонымен бірге елеумет психологиясын зерттеуге де қолданылды. Адам танымының барлық формалары электрондық есептеу машиналарына ққастығымен ақпарат жинау жене мңдеудің бір ізді блоктары ретінде беғеленды. Адамның ақпарат мңдеу, сақтау жене пайдалануына байланысты танымдық белсенділігінің белгілі деңгей дережесінде қрінетіні жұнінде пікір пайда болды. Ес, қабылдау процестері, зейін, ойлау мен оның сүзбен не сүзден тыс берілетін бірліктері қптеген қарылымдық моделдерге келтіріледі.

Дегенмен, когнитивтік психологияда танымдық процестерді жете т%сіндіре алған т±тас бір теория қалыптаса қоймады. Субъект проблемасынан алшақ т±румен, когнитивтік психология психикалық ерекеттің иесі деп есерленген бір дерексіз бастаушыны (гомункулос) мойындауына межб%ор болды. Когнитивтік психологияның б±дан былайғы үміршендігі осы едіснамалық қиыншылықтан к±тылудың жолын табуға байланысты. Оны уақыт қирсете жатар.

Бихевиоризм мен психоанализ теорияларына тікелей қарсылығымен танылған ірі бағыттардың және бірі б±л гуманистік психология. Гуманистік психологияның негізін қалаушылардың алдына қойған мақсаты-бихевиоризм мен психоанализді деріптеушілердің адам мәселесіндегі ауытқуларын орнына келтіріп, шындыққа жақындау, үміршен психологияны таңдап алу еді. Өз зерттеулерінің объекті ретінде гуманист-психологтар салауатты, шығармашыл жеке адам т%осінігін таңдады. М±ндай міндетті б±л уақытқа дейін ешбір психологиялық ғылыми мектеп үз мойнына артқан емес еді. Б±лар талдауындағы жеке адамның мақсаты-үзін-үзі кемелдендіру және м%омкіндіктерін үз к%ошімен ашып, жая білу.

Гуманистік бағыт қирнекті үкілдерінің бірі Абрахам Маслоу еді. Ол жеке адам психологиясын есі ауысқандарды зерттеумен білу м%омкін еместігін қадап айтқан. Маслоу адам іс-ерекетінің, адамның мінезі мен қылығының негізі сол адамның үзін-үзі таныту мен үз м%омкіншіліктерін ашуға деген қажеттілік бірнеше қызметпен байланысты. Біріншіден, м±ндай гуманистік қажеттілік-адамдарға, қоғамға тек жақсылық келтіруге ±мтылу (адам табиғатынан қайырымды). Ч.Дарвин теориясын үзінше т%осіндірген Маслоу, тек жыртқыш та к%ошті хайуанаттар ғана үмір с%оруге бейімді деген Ч.Дарвиннің ±йғарымымен келіспей, б±л жануардың негізгі инстинкті еместігін делелдеуге тырысты: тоқ арыстан қирінгенге тап бермейді. Оның жыртқыштығы икемденудің амалсыз к±ралы. Маслоу жануардағы үз ±рпағын жалғастыруға деген инстинкт адамдағыдан бірде кем еместігін, ал сол инстинкт оларды бір-біріне қимектесуге межб%орлейтінін талай баса айтқан.

Екіншіден, адам үз болмысына орай кемелденуі тиіс, яғни адам үзінің барша м%омкіндіктері мен қабілеттерін орнымен пайдаланып, үзіне ж%октелген жоғары адамгершілік борыштарды атқаруға міндетті. Ал м±ндай міндетті атқару қажеттілігі, Маслоуше, тек дені сау салауатты адамдарда туындайды. Есі кеткендер мен ж%ойке сырқатына шалдыққандар үз алдының осы үз м%омкіншіліктерінен д±рыс та толық пайдалана алмай, қанағаттану рахатына бұлденбегенінен болып отыр.

Гуманистік психология т±жырымының үзегі: адам үз бойында алғашқыдан қалған, қолынан келетінінің берін ж%озеге шығаруы тиіс. Егер онда к±рттайынан актерлік байқалса ол актер болуға ±мтылуы тиіс, ойлау қабілеті дамыған болса ғалым болуға тырысуы қажет. Егер адам осыны істемесе, үмір жағдайлары б±ған кедергі жасайтын болса, “болуы тиіс еді, неге болмады?”-деген шешімін таппай, үз бойы мен ойындағы бітпес дау-дамайға тап болып, ж%ойке сырқатына кезігеді.

Өз м%омкіншілігін ашудың мені не? Маслоу пікірінше, б±л-тума к±былыс, адамның табиғи қасиеті. Ербір адам қайырымдылық, адамгершілік, тілектестікке деген қажетсінумен д%ониеге келеді. Б±лардың бері адам үзегінде, оның міндетті осы гуманистік қажеттерді іске асыруда белсенділік қирсету. Осы идеясымен Маслоу фрейдистер қизқарасына тікелей қарсы шықты (Фрейд адамның елеуметтенуін оның негізгі инстинкттеріне шек қою деп білді.)

Маслоу бірінен біріне к%орделене ауысып отыратын адам қажеттіліктерін жіктеп, қирсетіп берді.

- 1) физиологиялық қажеттіліктер
- 2) қорғаныс қажеттіліктері
- 3) қорек-тағамдық қажеттіліктер; осылардың берінен жоғары адамгершілік (гуманоидтық) қажетсінулер, яғни
- 4) шындық, қарапайымдылық, еділдікті керек ету.

Міне, осылардың бері үз м%омкіншіліктерін үз белсенділігімен іске асыруына байланысты адамда қирнетін жалпы қажеттіліктердің мазм±нын к±райды. Қажеттелектерге орай Маслоудың осы т±жырымның біз %ошін аса қызықты тарапы: үзіндік кемелдену адамға

тума дарығанына қарамастан, алдыңғы %ош топ қажеттіліктер орындалған жағдайда ғана шын меніндегі мз қүрінісін береді. Д±рыс т±жырым, алайда Маслоу тағлиматының кемшілігі де осы пікірде: егер кей адамдардың алғы %ош топ қажеттіліктерге орай қанағаттануы болмаса, онда еділдік, мз қадірін білу, сыйластық к±саған гуманистік қажеттіліктер қалай қалыптасады? Б±л жағы Маслоу теориясында ж±мбақ. Маслоу антропологиялық бағдар шырмауынан шыға алмай, қажеттіктердің елеуметтік қорына мен бермеді.

Маслоу теориясының басты кемшілігі-оның биологизаторлық пікірден аса алмағандығында, елбетте, біздің қайрымды, игілікті болып д%ониеге келетініміз, жаман болу біздің еркімізде еместігі-ерқайсысымыздың да қиылымымызға қонымызды. Бірақ инабаттылық қасиеттері табиғаттан берілмейтіндігін мойындаған жүн: қайрымды болып та туылатын адам жоқ, жатырынан жауыз болатын да пенде езірге қүргеніміз жоқ. Б±лардың бері мдір барысында қалыптасады. Адамгершілік, этикалық қасиеттерді тума к±былыс деп тану-биологиязациялық дағдарысқа тірелудің басы.

Ресейдегі 1917 ж қазан төңкерісіне дейінгі психологиялық ой-пікірлерді жинақтап топтастыратын болсақ, Батыс елдері мен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ресейде психологиялық ой-пікірлер негізінен 2 бағытта өрістейді:

1. Бостандық жолындағы жалпы халықтық қозғалыстағы сана - сезімінің даму
2. Ресми идеология. И.М.Сеченовтің “бас миының рефлексі” деген еңбегі Ресейдегі психология ғылымының дамуы үшін жаратылыстық - ғылыми негіз болды, сөйтіп материалистік психологиялық ой-пікірлердің дамуына күшті ықпал етті. Сонымен қатар қазан төңкерісіне дейінгі Ресейде Г.И.Челпановтың, кеңестік кезінде В.М. Бехтеревтің, И.П. Павловтың зерттеулері, Н.Е. Введенский мен А.А.Ухтомскийдің рефлекске байланысты ашқан жанылықтары психологияның табиғи-ғылыми негізін одан әрі өрістетуге жол ашты.

Кеңестік дәуірде психология ғылымының негізін қалауға П.П. Блонский, К.Н. Корнилов, Б.М. Теплов т.б. айтарлықтай үлес қосты. Психика дамуын элеуметтік тарихи тұрғысынан зерттеп, көптеген еңбек жазған Л.С. Выготский және іс-әрекет психологиясы мәселелерін зерттеген С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев т.б.

Қоғамның тарихи дамуының мұқтажының экономика мен идеологиялық мәдениеттің өрістеуіне сәйкес кеңестік дәуірде психологияның көптеген салалары мен тармақтары дамып жетіліп жеке-жеке ғылыми пәнге айналды.

## **7. Қазақстандағы психология ғылымының даму жолы**

Адамның жан дүниесі жөніндегі пайымдаулар мен ой-пікірлер Қазақстанда өте ерте кезден бастау алып XV-XIX ғ.ғ. Қазақ халқы ғұламаларының ағартушы демократтардың туындыларында айтарлықтай көрініс берді. Ал одан бұрынғы дәуірлерде ақын жыраулардың өлең толғауларында, билердің шешендік сөздерімен халықтық нықылдары ел намысын найзаның ұшымен білектің күшімен қорғаған батырлардың отаншылдық істерінде адам жан дүниесіне жұмбақтарына терең үніліп болашақ ұрпаққа тағлым берерлік мол рухани қазына жатқандығы қазіргі кезде зерттеліп бір жүйеге келтірілді. Аса көрнекті ғалым Ш. Уалихановтың шығармаларында халықтың рухы оның таным түсініктерімен тығыз ұштастырылады. И. Алтынсарин еңбектері этникалық және балалар психологиясының қыр-сырына толы деуге болады. Сонымен қатар А. Құнанбаев, С. Торайғыров, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде, шығармаларында психологиялық ой- толғаулар менен пайымдаулар көптеп кездеседі. Ж. Аймауытовтың “Психология” оқулығы мен “Жан жүйесі және өнер таңдауы” – деген туындысы психология пәні бойынша таза ана тілінде жазылған бірден-бір алғашқы еңбек. 1920-1930 жылдары А.Байтұрсынов, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, А. Темірбеков, Ә.Сытдықов т.б. психолог мамандардың ғылыми зерттеулер жүргізген мәселелері белгілі. Қорыта айтқанда Қазақстанда психология ғылымы сан-салаға тарамдалып, кең жайылып өркендеп келе жатқан ғылыми пәндер қатарына жатады.

## **Ғылыми психологияның принциптері мен жалпы зерттеу едістері**

1923 жылы бірінші Психоневрологиялық съезд шақырылып, онда психологияның міндеті қабылданған болатын. Орыс, кеңес психология ғылымының бой қүтеруіне

еңбексіз ірген ғалымдар: Б.Г.Ананьев, П.П.Блонский, А.С.Выготский, А.В.Запорожье, К.Н.Корнилов, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, С.Л.Рубинштейн, А.А.Смирнов, Б.М.Теплов, Д.Н.Узнадзе және басқалар болды. Кеңестер Одағының психологиялық ой орталықтары Москва, Киев, Тбилиси қалаларындағы психологиялық ғылыми-зерттеу институттардың психология кафедраларында болды.

Психология ғылымының негізгі принциптері 30-жылдары жөелестірілді. Олардың ішінде негізгілері: детерминизм принципі, сана мен іс-әрекет бірлігі принципі, даму принципі.

**Детерминизм принципі** бойынша ерқандай психикалық кәбылыс дүмір салты, қоршаған орта әсерлеріне орай пайда болды, тіршілік жағдайының ауысуымен психика да өзгеріске келеді. Хайуанаттар психикасының дамуы табиғи сәрыптаумен айғакталады да, ал адам санасының дамуы- түпкілігінде қоғамдық даму ережелерімен, өндіріс әдістерінің даму заңдарымен анықталады. Сонымен, психиканың адамдық қасиеттерге тән ерекшеліктері мен сананың пайда болуын және дамуын ғылыми тұрғыдан зерттеуге нақты негіз қаланды.

Психологиялық құбылыстарды себеп салдарлы негізде қарастырудан интроспектік әдіснама және оның зерттеу объектісі ғылым сахнасынан ығыстырыла бастады. Енді психика өзімен өзі тұйықталған құрылым емес, ол сыртқы әсердің себебінен пайда болған құбылыс, ал оның салдарлы мәні тысқы іс-әрекетте көрініс береді деген тұжырым үстем болды. Өзіндік бақылау орнына объектив әдіс қолдамын тапты. Бұл әдіс психологиялық зерттеулерде а)адамға әсер етуші факторды анық білуге; в)тысқы жауап, әрекет қылықтарды белгілеп қалуға; г)тітіркендіргіш ықпалдарды салыстыруға мүмкіндік берді.

Детерминизм принципі психикалық процестердің табиғи механизмдері қоғамдық - тарихи факторлардың ықпалымен өзгеретіні, яғни адамның психикалық дамуна оның адамзат мәдениеті өнім игеруі, қоғамдық қатынастарға араласуы маңызды ықпал жасайтыны жөніндегі концепсияға негіз болды.

Осы принцип негізінде қалыптасқан кеңес психологиясының және бір жаңалығы – қоршаған ортамен қатынаста тысқы дүниеге қарсы тұратын жай саналы адам емес ол жасампаз, объектив дүниені белсенді қабылдаушы, керек болса өзгертуші адам. Әлеументтік ықпалдарды қабылдау, мәдениет-руханият туындыларын игеру адамның сыртқы дүниемен белсенді араласуынла оның іс-әрекеті процесінде жүзеге келеді. Психология теориясы мен практикасында детерминизм принципінің іске асуы психика дамуы, оқу мен тәрбие проблемасының шешілуіне негіз болды. Осыған орай психикалық дамуға ықпал жасаушы күштер жөніндегі мәселе үлкен маңыз алып, даму теориясындағы детерминизм табиғатын түсіну осы мәселенің шешіміне тәуелді болды.

Психикалық дамудың қозғаушы күштерін сипаттау үшін детерминизмді бірізді қолдау процесінде психологтар әрдайым психика дамуында биологиялық және әлеументтік факторлар арақатынасы, ішкі заңдылықтар мен сырқы әсерлердің байланысы, даму мен оқудың сабақтастығы жөніндегі сұрақтарға кезіге берді. Бұл мәселелердің көбі әлі өзінөң нақты шешімін таппағанымен, олардың біртарапты материалистік негіздемесінің қабылдануы психика дамуының себеп салдарлық принципін ұстанғанынан болып отыр.

Психологиядағы детерминистік бағыттың іске ауысуының және бір жолы психиканың ми қызметіне қатынасты мәселе екені жөніндегі шешімінен . Детерминизм –психикалық құбылыстарды түсіндіруде физиологиялық заңдылықтарды қолданудың негізі болды.

Алғашқы кеңес психологиясында детерминистік бағыт арнайы принцип ретінде қарастырылмаған еді. 50-жылдары С.Л.Рубинштейн детерминизм принципін психикалық құбылыстардың табиғаты мен мәнін талдау үшін қолданып, психикалық құбылыстарды материалдық дүниемен өзара байланыста қарастырды.

**Сана мен іс-әрекет принципі** .Сана және іс-әрекет – жантану ғылымының өзекті категориялары. Бұл принциптің жүйелі зерттелуі 30 жылдары басталды. Алғашқы рет сана мен іс- әрекеттің бірлігі жөніндегі идеяны алға тартқан Л.С.Рубинштейн .Ол “іс -әрекет сана назар аударылған объектінің екіб әртүрлі тарапы емес . Олар табиғи біртұтас; теңдік емес бірлік ” -деп жазған .

Сана мен іс-әрекет бірлігі принципі әрекеттің санасыз, ал сананың іс-әрекет қатыспайынша қалыптаспайтынын негіздейді. Мұндай көзқарастан сананы тану іс-әрекетті зерттеу арқылы ғана мүмкін екені дәлелденді. Әрқандай ғылыми таным әрекет пен оның өнімін білуден олардың орындалу барысында көрінетін басқа психикалық процестерге өтуі қажет. Осылай, сана мен әрекет бірлігі принципі психологияның барша объектив әдістерінің негізіне айналды.

Ғылымға бұл принциптің енуі іс-әрекет теориясын дұрыс түсінуге бағыт берді. Осы кезге дейін психологияның қай бағыты болмасын, психиканы –ішкі құбылыс, ал әрекетті – сыртқы деп түсіндіретін. Ал сана мен әрекет бірлігі принципінен келетін болсақ, шынында да, психика, сана тек ішкі құбылыс болып қалмайды. Осылайша, әрекет те тек тысқы көріністермен танылып қалмай, өзіне тән ішкі мазмұнға да ие, бірақ бұл қасиет оның бір тараптан толық сипатын бере алмайды. Сана мен әрекет бірлігінің мәні: тұлғаның санасы мен барша психикалық қасиеттері әрекетте көрініп қана шектелмей, сол әрекет процессінде қалыптасады.

Адамның ішкі де, сыртқы да әлемінің бастауы мен барша мазмұны осы әрекетте. Осындай пайымдаудан, сана мен психика әрекеттің ішкі сипатын қарап, ал әрекеттің сырттан бақылауға келетін ертерлік қылық формуласында қаріну қасиеті сол психиканың мазмұн сипаты ретінде қарастырылуы ертерден ықтимал (С.Л Рубинштейн). Нәтижесінде, психика жұрнінде еңгіме қозғай отырып, психолог мұз назарында бұлек, оқшауланған бір құбылысты қарамай, оны іс-әрекеттің мені тараптары немесе ажыратылмас бұліктері деп қарастырылуы тиіс. Яғни психика ішкі де, сыртқы қарастыруларына ие бір тарап жүйе, ал іс- әрекет болса, осы психикалық жүйені мұзіне қамтып, оның қызмет атқаруына ер беретін шексіз елем.

**Даму принципі** Даму категориясы даму философия ғылымының тәсілдер жүйесінде жетекші маңызға ие. Даму идеясы Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясының ықпалы мен еніп, алғашқы да бала, кейін ересектер психологиясының қалыптасу негізіне айналды. Психика дамуға психика проблемаларын зерттеуде жалпы принциптік немесе едістеме қызметін атқарады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Психологияның философия мен жаратылыстану ғылымдары қойнауынан бөлініп шығуы.
2. Ежелгі психология.
3. Орта ғасырлардағы жан туралы ілім.
4. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы психология дағдарысы.
5. Кеңестік психологияның дамуы.
6. Қазақстанда психология ғылымының дамуы.
7. Ғылыми психологияның принциптері.
8. Батыстық психологияның бөгінгі даму бағыты.
9. Ғылыми психологияның принциптері мен жалпы зерттеу едістері

## **5 - лекция**

### **Тақырыбы: Жан мен тән. (Ми және психика)**

- Жоспары:**
1. Жүйе жүйесі туралы жалпы ұғым.
  2. Жүйе жүйесінің атқаратын қызметі.
  3. Жүйе қызметінің рефлексік табиғаты.
  4. Жоғарғы жүйе жүйесінің қызметі.
  5. Жоғарғы жүйе қызметінің заңдылықтары.
  6. Динамикалық стереотип.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді жүйке жүйесінің атқаратын қызметімен, жүйке қызметінің рефлекстік табиғатымен, жоғарғы жүйке қызметінің заңдылықтарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Жүйке жүйесі организмнің сыртқы ортамен байланысын жүзеге асырып отырады, айналадан келген тітіркендіргіштерге жауап қайтарылады.

Жүйке жүйесі нейрон – деп аталатын жеке клеткалардан құралған. Бұл нейрондардың екі түрлі тармағы болады олардың бірі ұзын тармақты нейрит (оксан), ал екіншісі – көптеген қысқа тармақты дендрит деп аталады. Нейрондардың тарамдала келіп, өзара түйінделіп келіп бітетін жерін жүйке орталықтары дейді. Жүйке орталықтарына орталық перифериялық (шеткі) вегетативтік (ішкі) жүйке жүйелерінің өн бойына орналасқан.

Орталық жүйке жүйесіне жұлын мен ми жатады.

Орталық жүйке жүйесінің бөліктерінің орналасуы көп қатарлы үйдің құрылысына ұқсас, олар бірінің үстіне бірі орналаса біткен. Осы бөліктердің жоғарғысы төменгісінен құрылысы жөнінде, атқаратын қызметі жөнінде де күрделірек болады. Орталық жүйке жүйесінің төменгі бөлігі – жұлын (жуандығы 1 см) омыртқа қуысының ішінде орналасқан, оның ұзындығы орта есеппен 45 см-ге дейін жетеді. Жұлынның ішкі жағында сұр зат орналасқан мұның көлденең кесіндісі көбелектің пішініне ұқсас болып келеді.

Жұлыннан жан – жаққа 31 жұп жүйке талшықтары тарайды.

Жұлын біздің қарапайым қозғалыстарымыздың (аяқ – қолды бұғу, керіп – созу т.б.). жұмысын басқаратын орталық болып табылады.

Мыс: Жаңа туған нәрестенің емуге әрекеттенуі. Бұл жұлынның шартсыз рефлекстері, олар организмдерге туысынан тән.

Орталық жүйке жүйесінің екінші бөлігі ми. Оның орташа салмағы ересек адамдарда 1400 грамдай.

Мұндағы сопақша, аралық және ортаңғы ми – бәрі қосылып келіп ми бағанасын құрайды.

Сопақша ми – жұлынның тікелей жалғасы. Мұнда жүрек қызметінің, қан айналысы мен ас қорытудың жүйке орталықтары бар. Біздің дем алу, түшкіру, шайнау, жұтыну т.б. сияқты түрлі реакцияларымыз сопақша мидың қызметі.

Сопақша мидың сырт жағында, ағаш жапырағына ұқсас мишық орналасқан. Мишық организмнің қозғалысын, жүріс – тұрысын басқарып отырады.

Орталық мида – құлақ пен көзден баратын тітіркендіргіштерді, скелет еттерінің қалпын реттейтін жүйке орталығы бар.

Аралық ми – көру төмпешіктерінен және төмпешік асты аймағынан тұрады. Бұл бөлім дененің барлық рецепторларын ми қабығымен байланысады.

Ми сыңарлары – екі бөліктен (оң және сол жақ) тұрады. Ми сыңарларының салмағы мидың жалпы салмағының 80% тең.

Мұның ішінде ақ зат, сыртында сұр зат бар. Сұр зат ми қабығы – деп аталады. Ол қалыңдығы 3-4мм бірнеше қабаттардан тұрады.

Ми қабығы 4бөлімге бөлінеді . Олар: Маңдай, самай, төбе, желке. Ми қабығы бірыңғай тұтас мүше, ол бейне қабылдағыш аспап тәрізді, көптеген анализаторлық ядросынан тұрады. Мида көру, есту, тері, иіс, дәм, қозғалыс т.б. анализаторлық жүйке орталықтары бар.

Мыс: \_Мидың желке бөлігінде көру зонасы, самай бөлігінде есіту, төбе бөлігінде қозғалыс орталықтары орналасқан. Осындай орталықтардың саны 200-ге жуық.

**2. Жүйке қызметінің рефлекстік табиғаты.**

Жүйке жүйесінің қызметі рефлекс арқылы жүзеге асып отырады.

Рефлекс туралы алғаш айтқан француз ғалымы Ренэ Декарт.

Рефлекс – латын сөзі қазақша –”бейнелеу” деген мағынаны білдіреді.

Рефлекс сырттан немесе іштен келетін тітіркендіргіштерге организмнің қайтаратын жауап реакциясы.

Жануар мен адамдарға туысынан көптеген рефлекс беріледі.

Мыс: жарық түскенде көздің сығыраюы т.б.

Шартсыз рефлексстердің жүйке жүйесі арқылы жасалу жолын рефлекс доғасы деп. атайды . Рефлекс доғасының бөліктері.

- 1) рецептор / сезім мүшесі.
- 2) өткізгіш жүйке мен қозу процесі пайда болатын орталық жүйке жүйесінің тиісті бөлімі және орталықтан жұмыс аппаратына келетін (сілекей шығаратын бездер, бұлшық еттер) жүйкелер.

Рефлекс туралы ғылыми тұрғыдан дәлелдеген орыс физиологы И.М. Сеченов болды. Ол өзінің “Ми рефлекстері” – деген еңбегінде психикалық құбылыстардың табиғатын рефлекс тұрғысынан түсіндірді.

И.М.Сеченов пен И.П.Павлов мидың барлық рефлексстік қызметі екі жүйкелік процестен – қозу мен тежелуден тұратындығын анықтап берді.

Қозу - әр түрлі тітіркендіргіштердің әсері нәтижесінде жүйке жүйесінің қызмет жасап тұрған белсенді күйі болса, тежелу, керісінше, жүйке жүйесін тыныштандыратын процесс болып табылады.

3. И.П. Павлов шартты рефлексстердің табиғатын зерттеу үстінде тежелулердің бірнеше түрін анықтады. Ол ең алдымен тежелуді сыртқы – шартсыз(яғни, туғаннан пайда болатын) және ішкі – шартты(өмірде жасалып отыратын) деп екі үлкен топқа бөлді. Сыртқы тежелудің өзі бірнеше топқа бөлінеді. Соның бірі – жай тежелу.

Мидың шаршаған кезінде пайда болып, оны аппаттан сақтап қалатын тежелудің осындай түрін кейде қорғаныс тежелуі деп те атайды. Ішкі тежелудің де бірнеше түрі бар. Солардың бірі сөне тежелу. Ішкі тежелудің бір түрі – ажырату (дифференциалық) тежелуі. Бұл организмнің түрлі заттар мен құбылыстардың арасындағы ұқсастықтарды айыра білу қабілетін көрсетеді. Ішкі тежелу сондай ақ кешігу

, ұйқы тежелуі болып та тармақталады.

қосу керек

4. И.П. Павлов ми қабығының негізгі жұмысы анализдік( талдау) және синтездік (жинақтау) қызметтен тұратындығын және бұл миды зерттеудің басты принциптерінің бірі екендігін көрсетіп береді. Мидың анализдік қызметі түрлі тітіркендіргіштердің жеке бөліктерін айыруда, осы жеке тітіркендіргіштерге шартты рефлексстер жасауда көрініп отырады. Ал мидың синтездік қызметі жеке тітіркендіргіштерді біріктіруден, яғни ми қабығында уақытша байланыстардың жасалуынан көрінеді.

Екінші сигнал жүйесі жануарлар дүниесінде болмайды. Жануарларда бірен – саран дыбыс реакциялары бар, бірақ бұл дыбыстарда ешқандай мағына жоқ, ол жай биологиялық қажеттің хабары ретінде шығып отырады. Сөйтіп, жануарлар тіршілігі үшін бірінші сигнал жүйесі бірден – бір жүйе болып табылады. Екінші сигнал жүйесі адамдарға ғана тән. Бірақ адамдар мен жануарлардың сигнал жүйелерінің арасында сапалық айырмашылық бар. Егер адамдардың бірінші сигнал жүйесінің жүйкелік байланыстары қоғамдық қатынастарды бейнелейтін болса, жануарлар дүниесінде бұл биологиялық сипатта болады.

5. И.П. Павлов адамдардың сигнал жүйелері бір – бірімен үнемі тығыз байланысты, екінші сигнал жүйесі адамның тарихи даму процесінде туған және бұл бірінші сигнал қызметін реттеп, бақылап отырады деп тұжырымдады.

Белгілі тітіркендіргіштерді бірқалыпты ұзақ уақыт қайталай берсе, ми қабығында қозу мен тежелудің тұрақты, бір ізге салынған жүйелері пайда болады. Соның нәтижесінде рефлексстердің бекіген жүйесін қайта жаңғыртып отыру, көп күш жұмсалуды қажет етпейді де. Мәселен, егер итте күрделі тітіркендіргіштердің жиынтығынан бірнеше рефлексстер туғызылса,(қоңырау, жарық, метроном т.б.) және олар белгілі тәртіп бойынша жеткілікті түрде қайталанса, кейін осы тітіркендіргіштердің біреуімен ғана әсер етсе болды, ит бұрынғы жауап рефлексінің бүкіл жүйесін өзгертпей, түгелімен қайта жаңғыртып шығады. Осы секілді үнемі қайталанып отыратын тітіркендіргіштерге организмнің төселуін, соның нәтижесінде ми қабығында қозу мен тежелу жүйесінің жасалуын И.П. Павлов динамикалық стереотип деп атаған.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жүйке жүйесі туралы жалпы ұғым.

2. Жөйке жөйесінің атқаратын қызметі.
3. Жөйке қызметінің рефлекстік табиғаты.
4. Шартсыз рефлекстердің шартты рефлекстерден айырмашылығы неде.
5. Шартты рефлекстер қалай жасалады.
6. Қозу, тежелу процестері дегеніміз не, олардың атқаратын қызметтері қандай.
7. Жоғарғы жөйке қызметінің заңдылықтары.
8. Тежелудің қандай түрлері бар.
9. Мидың анализдік және синтездік қызметі дегеніміз не.
10. Бірінші және екінші сигнал жүйелері туралы не білсіндер.
11. Динамикалық стереотип дегеніміз не.
12. И.П. Павлов ілімінің психология ғылымы үшін маңызы неде.

## 6-лекция

### Тақырыбы: Психика дамуы.

#### Жоспары:

1. Психиканың пайда болуы және дамуы туралы тәсілік.
2. Жануарлар психикасының тәсілі.
3. Психика және жөйке жөйесінің эволюциясы.
4. Психика және жануарлар мен адамның бейнелеу ерекшеліктері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді психиканың пайда болуы және дамуымен, жануарлар психикасының түрлерімен, жүйке жүйесінің эволюциясымен, психиканы жануарлар мен адамның бейнелеу ерекшеліктерімен таныстыру.

#### Лекция мәтіні:

1. Сыртқы ортаның мида бейнелеуін психика дейміз. Психика дегеніміз-өзінің даму сатысында жоғарғы дәрежеге жеткен материяның сипаты.

Материяның 10 000 000 (млн.) жылдарға созылған революциялық дамуының нәтижесінде органикалық материя яғни тіршілік пайда болады.

Психика органикалық материяны барлығында бірдей бола бермейді, ол өсімдіктер дүниесінде жоқ, тіпті тірі организмдердің төменгі формаларынан да оны табу қиын.

Психика тек жоғарғы жанды материяның ғана қасиеті.

Тірі материяның төменгі түрлеріне тітіркенушілік (сыртқы әсерлерге жауап бере алушылық), ал оның жоғарғы түрлеріне – сезгіштік (заттардың қасиеттерін бейнелей алу) қасиет тән.

Сезгіштік – психиканың ең бастапқы белгісі. Бұл организмнің сыртқы ортаны түйсіне алу қабілеті. Түйсік орталық жүйке жүйесі бар барлық жануарларда және адамдарда кездесетін қарапайым психикалық құбылыс. Психикалық әрекеттің даму жүйке жүйесінің дамуы мен шарттас. Ал жүйке жүйесі құрылысының күрделене түсуі психиканың күрделене түсуіне, оның жоғарғы формуласының пайда болуына жадай туғызады.

2. Жануарлар психикасының негізгі түрлері.

- 1) Инстинктер (санасыз ұмтылу)
- 2) Жануарлардың дағдысы.
- 3) Жануарлардың интеллекті (ақыл, ой).

1) Инстинкт – көбінесе дамудың төменгі сатысында тұрған жануарларда, кездесетін мінез – құлықтың қарапайым нәсілдік формасы.

Мұны қазақша “соқыр сезім” дейді.

Жануарларда болатын инстинкт организмнің белгілі тіршілік жағдайына, өскен ортасына әбден көніккенін көрсететін мінез – құлықтың түрі.

Мыс: араның омартасы, құстың ұясы.



Осы мысалға қарап құстарда, жәндіктерде сананың саңлауы бар деуге болмайды. Өйткені инстинктер тұқым қуалау жолымен беріледі.

Жануарлардың инстинктісі көбінесе олардың тамақтану, қорғану және тұқым қалдыру биологиялық мұқтаждықтарын қанағаттандыруға ғана жұмсалады.

Жануарлардың биологиялық мұқтаждарына қарай инстинктердің де тамақтану, қорғану және тұқым қалдыру түрлері болады.

Мыс: Тамақтану сезамі оларда ерте пайда болады. Олар туысымен-ақ анасының бауырына жабысып еме бастайды. Құстардың балапандары жұмыртқадан шыға салысымен-ақ дөңді шоқып жүгіріп-жүріп тамақтана бастайды. Тұқым қалдыру яғни, көбею инстинктісі басқаларға қарағанда кеш дамиды.

### 3. Жануарлардың дағдысы.

Дағды-жануарлар қылығының күрделі формасы, психикалық әрекеттерінің жоғары сатысы. Ол инстинктер сияқты ұрпақтан-ұрпаққа нәсіл арқылы көшіп отырмай, жануарлардың тіршілігі үшін күресуінде жүре-бара пайда болады.

Жануарларда дағдылану болмаса, жалғыз инстинкт әрекеттері мен өмір сүре алмайды. Кейбір зерттеулерге қарағанда, даму процесінің төменгі процесінде тұрған жәндіктерді де дағдылар пайда болатын көрінеді.

Турненнің тәжірибесінде қоңызды, араны үйреткен. Жоғарғы сатыда тұрған жануарларда дағды тезірек пайда болады.

Америка психологы Э.Торндайк көп тәжірибелер жүргізгені (маймылдарға, атжалмандарға, мысық, ит т.б.) белгілі.

### **4. Жануарлардың ақылы**

Даму сатысының жоғарғы басқышында тұрған жануарлардың әрекеттерінде соқыр сезім мен дағдылану қылықтары мен бірге саңлау әрекеттерінің бастапқы белгілерінің бар екенін байқауға болады.

Зерттеулер көбінесе маймылдарға жасалған.

Р.Меркс

В.Келер неміс психологы.

Э.Торндайк. Америка психологы.

Нағыз ақыл адамда ғана болады, жануарларда ол жоқ, ақыл пайда болу үшін ерекше жағдайлар керек. Маймылдардың адамға айналу процесінде олардың тәнінде бірнеше түрлі өзгерістер, сапалар пайда болған. Ол өзгерістер қоғамдық жағдайда ғана еңбек ету нәтижесінен туған. Ақыл-еңбектің жемісі. Еңбек жоқ жерде-ақылда жоқ. Ф.Энгельс (“маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің рөлі”)-деген еңбегінде адам тәрізді маймылдың қалайша бірте-бірте адамға айналғандығын, оның тәнінде қандай әлеуметтік өзгерістердің болғандығын көрсетті. Еңбектің арқасында бүкіл организм, дыбыс шығаратын органдар т.б. өзгерістерге ұшырайды.

Бұлардың барлығы адамда тіл мен ақылдың, сонымен бірге сананың пайда болуына себепші болады. Бірақ саналы әрекеттердің, ақыл мен тілдің пайда болу үшін жалғыз ғана биологиялық негіздер болғанмен, адам еңбек әйтпесе қоғамдасып жүрмесе, оларда саналы әрекет те болмас еді.

Сондықтан сана- еңбектің жемісі.

Маркспен Энгельс – адам санасы еңбек ету процесінде “пайда болған, адамның еңбек етуі, еңбек құралдарын жасап, оны пайдалануы, оның санасының дамуына зор ықпал жасады” - дейді.

Еңбек үстінде бірімен-бірі қарым-қатынасқа түсіп, сөйлескісі келген, оларда сөйлесу мұқтаждығы туған.

Бұл мұқтаждық адамдарда тіл мен сана арқылы пайда болады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Психиканың пайда болуы және дамуы туралы т%осінік.
2. Жануарлар психикасының т%орлері.
3. Психика және ж%ойке ж%ойесінің эволюциясы.
4. Психика және жануарлар мен адамның бейнелеу ерекшеліктері.

5. Психиканың пайда болуына байланысты теориялық көзқарастар.
6. Интеллектуалдық әрекеттердің ерекшеліктері неде.
7. Жануарлар мен адам психикасының айырмашылықтары неде.

## 7-лекция

**Тақырыбы:** Адам санасының пайда болуымен алғы шарттары.

**Жоспары:**

1. Сана-психика дамуының жоғарғы сатысы.
2. Адамның қалыптасуында еңбектің ролі.
3. Сананың қалыптасуындағы сүз бен қарым-қатынастың ролі.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді психика дамуының жоғарғы сатысы–сана екендігімен, адам санасының қалыптасуындағы еңбектің ролімен және сөз бен қарым– қатынастың ролімен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

**1. Сана-психика дамуының жоғарғы сатысы.**

Сана- адамның материя дамуының белгілі бір сатысында пайда болған қасиеті. Ол-ең көлемді қалыпқа келген және жоғары деңгейде кемелденіп жетілген мидың қызметі, материялық дүниенің жетілген бейнесі. Сана жеке адамға тән дара қасиет. Адамда жеке санамен қатар өмір сүрген ортасына байланысты қалыптасқан қоғамдық сана да болады. Бұл екеуі бірімен-бірі тығыз байланысты.

Жер бетіндегі тіршілік эволюциясының қолы жеткен ең жоғарғы жетістігі – ойлай білетін адамның дүниеге келуі.

Еңбек адамның дене бітімін жетілдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге оның психикалық жетілуінің, санасының қалыптасуымен дамуының негізгі факторы болып табылады.

Сонымен қатар еңбек адамды қоғамдық тіршілік иесіне айналдырды, биологиялық жан иесі еңбектің арқасында адам дәрежесіне көтерілді.

Адам еңбектің көмегімен өзін айнала қоршаған табиғатты ғана өзгертіп қойған жоқ, сонымен бірге өзі де өзгеріп дами берді.

Қоғамдық сипат алған еңбек адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын және өзара көмегін талап етті, дыбыстық белгілер енді еңбекке бастап қойған жоқ, еңбекті жүзеге асырушы дәрежесіне көтерілді.

Сөйлеудің қалыптасуы адамдардың психикалық дамуындағы алғашқы төңкеріс болды.

Сөйлеу белгілері жоғарғы жүйке қызметін жетілдіреді, соның нәтижесінде жануарларда болмайтын 2-ші сигналдық жүйе қалыптасты.

Сөйлеу таным деңгейін жаңа сатыға көтереді, және ойлаудың жаңа түрі дамиды. Ол жоғарғы сатыдағы жануарлардың дерексіз ойлауын жетілдіреді. Ал дерексіз ойлау дегеніміз - сананың өзегі.

Сөйлеу, сөз-біздің саналық болмысымыздың формасы - қарым қатынас деңгейін шеңберін кеңейте түседі.

Қарым-қатынас процесі арқылы адамдар сыртқы ортаны да, өзін де терең әрі жан-жақты тани түседі. Демек, еңбекпен қатар сөйлесу де сана мен адамдардың өзіндік сана-сезімінің дамуының маңызды факторы болып табылады.

Қарым-қатынас жасау қоғамдық өмір факторы.

Адамның бүкіл рухани дүниесі оның өзге адаммен қарым-қатынасында ғана пайда болады.

Ал қарым-қатынас процесінде адамдардың тек жеке басының ғана емес, (адамдардың) қоғамдық санасы да қалыптасады.

**2. Адамның қалыптасуындағы еңбектің рөлі.** К.Маркс пен Ф.Энгельс адам жануарлардың арасындағы физикалық та, психикалық та тұрғындағы түбегейлі айырмашылық еңбекпен түсіндіріледі деп атап көрсетеді. Еңбек адамның дене бітімін жетілдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге оның психикалық жетілуінің, сананың қалыптасуы мен дамуының негізгі факторы болып табылады. Сонымен қатар еңбек адамды қоғамдық тіршілік иесіне айналдырады, биологиялық жан иесі еңбектің арқасында адам дәрежесіне көтерілді.

Классиктерінің үйреткеніндей, еңбек әуел бастан-ақ қоғамдық сипат алған, яғни бірлесіп әрекет жасауды талап етеді, әр түрлі істі келісе отырып шешуді және басқаруды қажет қылады. Жануарлар тобына еңбектің арқасында ғана адам қоғамына айналады. Табында көрсетілетін болмашы өзара көмек ынтымақтастық дәрежесіне дейін өсті. Адам еңбек процесінде тек қана табиғатпен қатынасқа түсіп қоймайды, сондай-ақ бір-юірімен де қатынас жасайтын болады. Олардың табиғатпен арадағы қатынасы енді өндірістік мақсаттарға орай ғана да жасалады. Сөйтіп, өндіріс процесінде әр түрлі процесінде ассоциацияларды қалыптастыратын өзара тәуелді қатынастар болады. Адам өз өмірінің жалғасып келе жатқаны үшін де бүкіл Жер бетіне мекендеп отырғаны үшін де еңбекке борышты. Қоғамдық өндірістің арқасында ол алдымен жасқана, кейінірек батыл түрде айналасындағы табиғатты өз қажетіне жарата бастыды және осыдан сңң әр түрлі климаттық жағдайларда өмір сүруге бейімделеді.

Ең бастысы, өндіріс, ең қарапайым еңбек құралдарын жасаудан бастап табиғат ерекшеліктерін: материалдардың қарсыласуын, механика заңдарын адамның алдына жинап салады. Сонымен, еңбекте сыртқы сыртқы дүниені тану құралы ретіндегі сана қалыптасады. Еңбекте адам өзін-өзі таниды, өзінің табиғи күшін алдына қойған міндеті мен еңбек материалдарына қарай реттей білуге үйренеді. Демек, еңбекте өзіндік сана-сезім де қалаптасады.

Адамның сыртқы табиғатты және өзін-өзі тануы ендігі жерде өзі жасап жатқа және саналы түрде жетілдіріп жатқан қоғамдық өндіріске енді өз тарапынан үлкен ықпал жасай бастады. Еңбек жұмыс атқаратын органдар-бас пен қолды жетілдірді. Адамның қолы сан салалы әрі өте нәзік еңбек операцияларының арқасында өз дамуының шыңына жетті. Және тек қана еңбек орган болып қалмады, сонымен бірге таным құралына, ақырында, творчестволық құралға айналады. Іс үстіндегі шебердің қолы қолына жұқпайтынын көріп тағтамаша қаламыз, мүсінші мен суретшінің қолы өнердің ғажап туындылары дүниеге келтіріледі, ал музыканттың қолы шектерден сиқырлы үн төгеді. Адамның миы анатомиялық тұрғысынан гөрі ойлау жағына әбден жетілді, өйткені еңбек адамның алдына нақ осы еңбекте шешілуі тиісті проблемаларды үнемі қойып келді. Ойлау қабілеті қалыптасты, ал ол өз тарапынан еңбектің одан әрі жетілдіріле түсуіне жағдай туғызады.

Сөйтіп, адам еңбектің көмегімен өзін айнала қоршаған табиғатты ғана өзгертіп қойған жоқ, сонымен бірге өзі де өзгеріп, дами береді. Бұл жөнінде К. Маркс былай деп жазған болатын: “Еңбек дегеніміз алдамен адам мен табиғат арасындағы процесс, мұнда адам өз қызметі арқылы өзі мен табиғат арасында заттардың алмасуына себепкер болады, оны реттеп, бақылап отырады. Табиғат затына адамның өзі табиғат күші ретінде қарсы тұрады. Табиғат затын өз басының тіршілік етуіне жарамды иемдену үшін алам өз тәнінің табиғи күштерін қолдары мен аяқтарын, ақыл-ойы мен саусақтарын қимылға кеолтіреді. Осындай қимыл арқылы сыртқы табиғатқа әсер ете отырып, оны өзгерте отырып, адам сонымен бірге өз басының жаратылысын да өзгертеді. Ол осында мүлгіп жатқан күш-қабілеттері өршітеді де, бұл күштердің құбылысын өз өктемдігіне бағындырады”.

Қоғамдық өндіріс қажеттілікті қанағаттандыру заттарын жасай отырып, жаңа қажеттіліктерді де туғызды және оларды жетілдіріп те отырды. Тіпті ең қарапайым деген табиғи қажеттіліктің өзі адамға тән сипат алады және әсіресе олардың эстетикалық бейнелену бағытында барған сайын әдетке айнала береді. Адам өзі өлтірген аңның терісіне қанағаттана алмайтын болды, ендігі жерде әртүрлі безендірулермен киім тігіп кие бастады. Олар сондай - ақ тұратын мекен жайын, еңбек құралдарын тағы басқаларды да жетілдіре түсті.

Адамның психикалық дамуында алғашқы адамдардың қоғамдық санасында бейнеленген өндірістік қатынастардың маңызы зор болды. Қалыптасып келе жатқан қоғамдық сана өз тарапынан, жеке адамдар санасында өзіндік таңбасын қалдырып отырды.

### **3. Сананың қалыптасуындағы сөз бен қарым-қатынастың ролі.**

Ф. Энгельс сананың қалыптасуында сөздің қаншалықты үлкен маңызды роль атқарғанын атап көрсеткен болатын. Сірә адамның ең бергіден ата-бабалары психофизикалық жағынан өте жоғарғы дәрежеде дамығандықтан, басқа жануарларға қарағанда дыбыстық белгілерге көбірек жүгісе керек. Адам мен питекантроп, неандерталдық және кроманьондық миларының гипстен жасалған үлгілерін салыстырғанда, сөйлеу және іс-ірекетпен байланысты, маңдайдың төменгі броздасынның алдыңғы тармағы қазіргі адамдарда бұрынғы тектестерінікінен әлдеқайда артық жетілгендігі анықталған. Олай болуы түсінікті де: қоғамдық сипат алған еңбек адамдардың бір-бірімен қарым-қатнас жасауын және өзара көмегін талап етті, дыбыстық белгілер ендігі жерде еңбекке бастап қана қоймай, еңбекті жүзеге асырушы дәрежесіне көтерілді. Сөйтіп, ол белгі беру құралынан біртіндеп еңбекті ұйымдастыру құралына айналды. Дыбыс комплектері ендігі жерде заттарды, әрекеттерді және еңбектің тұтас ситуацияларын белгілей бастайды. Сөйлеудің қалыптасуы адамның психикалық дамуындағы революция болады.

Сөйлеу белгілері жоғары нерв қызметін жетілдіреді, соның нәтижесінде жануарларды болмайтын екінші сигналдық жүйе қалыптасады.

Сөйлеу таным деңгейін жаңа сатыға көтереді. Себебі, сөз нақтылы бір атаудың алуан қырын танымның жалпы шеңберінде қорытып, жинақтап береді. Демек, ойлаудың жаңа түрі дамиды. Ол жоғары сатыдан жануарлардың пәрменді және нақтылы-бейнелі ойлауына-өзгеше дерексіз ойлау жетіледі, ал дерексіз ойлау дегеніміз -сананың өзегі.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Психика дамуының ең жоғарғы формасы- сана, оның пайда болу себептері.
2. Адам санасының қоғамдық- тарихи сипаты қандай.
3. Адам санасының пайда болуындағы еңбек пен тілдің маңызы қандай.
4. Адам санасының пайда болуында сөз бен қарым- қатынастың ролі қандай
5. Сана және өзіндік сана.
6. Сана мен астар сананың айырмашылықтары неде.

## **8-лекция**

**Тақырыбы:** Жеке тұлға және оның психологиялық табиғаты.

**Жоспары:** 1. Тұлға туралы жалпы тәсілдер.

2. Тұлғаның жеке және дара ұғымдарын талдау.
3. Жеке тұлғаның белсенділігі.
4. Қажеттіліктер, қызығулар және олардың түрлері.
5. Дүниетаным, сенім және мұрат туралы.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді тұлғаның жеке және дара ұғымдарымен, жеке тұлғаның белсенділіктерімен, қажеттіліктерімен, қызығуларымен және олардың түрлерімен, дүниетаным, сенім, мұрат ұғымдарымен таныстыру.

#### **Лекция мәтіні:**

1. Әрбір адам – ересек болсын, жаңа туған сәби болсын – индивид биологиялық жеке адам. Адам сүт қоректілер класына жататын биологиялық тіршілік иесі, басқа жануарлардан айырмашылығы адамда сана бар яғни ол сыртқы ортаның мәнін де, өз жаратылысында танып біледі және парасатты түрде, ойланып әрекет жасайды.

Адам белгілі бір қоғам мүшесі ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды – көпті тәжірибесі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны жеке адам етеді.

Мыс: жаңа туған сәбиді толық адам – деп атауға болады, бірақ, жеке адам деуге болмайды, өйткені оның өмірден алған тәжірибесі, білімі және белгілі бір іс әрекетті меңгере алмайды, оларда әле жоқ. Жеке адам-түсінігімен қатар біздің қолдануымызда адам- дара адам-даралық терминдері бірге жүр. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір- бірімен тығыз байланысты. Осылардың ішінде ең жалпыланған көп қасиеттердің бірігуін –адам- түсінігі қамтиды. Адам-өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі. Дара адам-тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі-нақты адам. Даралық нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері. Жеке адам- түсінігіне байланысты ең алдымен адамның қоғамдық мәнді сапалары еленеді. Адамның әлеуметтік мәні оның қоғаммен байланысында қалыптасады да көрініс береді.

2. Жеке адамның ерекшелігі дүниетанымынан, мұратынан, бағытынан, қабілет, қызығуынан жақсы байқалады. Жеке адам тарихи - әлеуметтік жағдайдың жемісі. Ол әлеуметтік ортада (белгілі бір қоғамда, ұжымда) ғана қалыптасады.

Басқа адаммен қарым – қатынас жасау жүйесінде жеке адамның психикасының, өмірінің мазмұны тереңдеп, әлеуметтік қатынастардың шеңбері кеңіп, өсіп отырады. Жеке адаммен оның дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Жеке адамның негізгі белгісі – оның дара өзгешелігі. Ал дара өзгешеліктің өзі ең алдымен оның іс - әрекетінен көрінеді. Яғни негізгі іс – әрекет үстінде жеке адамның дара өзгешеліктері : мысалы; қызығу, мінез – құлық темпераменті, қабілет дарындылығы дамып жетіледі. Дүниеде өзіндік белгілері жағынан бір – біріне ұқсас екі адам болмайды. Адам өмірдің сыртқы жағдайының ықпалымен қалыптасады. Мысалы, екі бала бірдей жағдайда тәрбиеленседе олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болады. Мұның себебі, балалардың табиғаты сапалары әр түрлі. Сөйтіп адамдардың қалыптасуына әлеуметтік факторлармен қатар биологиялық факторлар да ықпал етеді. Бұл факторларды бір – біріне қарама – қарсы қоюға, олардың бір – біріне байланысты емес деп санауға болмайды.

Жеке адамның белсенділігінде қоршаған ортаға ықпал жасау қабілетінде айырмашылық болады. Бұл белсенділіктің шығар көзі:

1. Адамның қанағаттандырылуы керекті мұқтаждықтар.
2. Көңіл аударуы керек ететін сыртқы дүние ықпалдары.
3. Қажеттіліктер дегеніміз - өмір мен дамудың белгілі бір жағдайында адамның міндетті түрде керек ететін қажетсінулері. Өмір сүру үшін адамдар: тамаққа, киімге т.б. толып жатқан қажеттерін қанағаттандыруы тиіс. Қажеттіліктер адам бойындағы белсенділіктерді оятады. Адам қажеттіліктері әртүрлі болып келеді. Оларды:

1. **Материалдық** (тамаққа, киімге, мекен – жайға т.б.)
2. **Рухани** – (білімге, өнерге, эстетикалық ләззаттағы т.б. ) қажеттілік тек адамға тән қасиет. Эстетикалық ләззаттану қажеттілігі адам өмірінде ерекше орын алады. Соның арқасында адам өз тұрмысын, демалысын өзінің өмірін мәнді етуге құлшынады.
3. **Қоғамдық қажеттіліктер** – еңбекке, адамдармен қарым – қатынасқа, қоғамдық іс - әрекетке деген қажеттіліктер. Еңбекке деген қажеттіліктер – біздің еліміздің азаматтар үшін негізгі қажеттілікке айналып отыр. Адам еңбек етпей отыра алмайды. Өмірдің бірінші қажеттілігіне айналған **еңбек** - адамға үлкен бақыт пен қуаныш сыйлайды.
4. **Қызығулар** – қажеттіліктер негізінде пайда болады. Қызығулар - шындықтағы заттармен құбылыстарды белсенділікпен танып білуге бағытталған адамның тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі.

Адамды еліктіріп, өзіне тартқан нәрсенің бәрі – қызығудың объектісі болып табылады. Қызығудың физиологиялық негізі – “Бұл не?” деген рефлекс. Мыс : біреу футболға қызықса ол адам ылғи футбол ойынына баратынын, футбол жөнінде кітаптар оқып отыратынын көреміз, біреумен әңгімелесе осы тақырыпта сөз қозғайтынын білеміз. Сөйтіп, адамның

қызығуы, бір нәрсепе аса зейін қойып, оған құмартып, соны үнемі ойлап отыруынан көрініп отырады. Мыс: бейбір балалар кішкентайынан автомобильге, тракторға жалпы техникаға әуесқой келеді. Мұндай баланың есіл дерті машина болып уақытының көбісін соның айналасында өткізеді, олардың маркасын жақсы айыратын болады. Кейіннен осы балалар мектеп қабырғасында физика пәнінен, қол еңбегі сияқты пәндерді жақсы меңгеріп, өзі жасынан жақсы көретін техника саласында нәтижелі жұмыс істелді.

Қызығулар:

- 1). Материалдық
- 2). Рухани
- 3). Қоғамдық
- 4). Эстетикалық
- 5). Спорттық т.б.

Материалдық – тамаққа, киімге, тұрғын үйге т.б.

Рухани – физикаға, химияға, математикаға, оқуға, ғылымға, психологияға т.б.

Қоғамдық – қоғамдық жұмысқа, ұйымдастырушылық іс-әрекетке.

Бұлардан басқа тікелей және жанама жаттығулар болады. Тікелей қызығу дегеніміз – таным, білім алу, еңбекке және шығармашылық процесіне қызығу.

Жанама қызығу дегеніміз – қызмет бабында және қоғамдық жағдайда белгілі бір дәрежеге ие болуға, ғылыми атаққа т.б. қызығулар.

5. Жеке адам психологиясының неге бағытталғандығын көрсететін негізгі компоненттердің бірі – адамның дүниетанымы мен сенімі. Дүниетаным - адамның табиғат туралы, қоғамдық өмір туралы білімінің жүйесі. Дүниетаным мен сенім қатарласып жүрсе ғана адам санасы нұрлана түседі. Өйткені бұл екеуі құстың қос қанатындай, адамның ең асыл қасиеттері болып табылады.

Берік сенім жоқ жерде тыңғылықты дүниетанымда, тұрақты мінез – құлықты болмайды. Сенімі қалыптаспаған адам шындықтың жай – жапсарын дұрыстап айыруға, өмірден өз орнын дұрыс таңдай білуге шамасы жете бермейді. Сенім дегеніміз-адамның өмірде өзі ұстанатын принциптері мен мұраттарына негізделген наным. Жеке адамның психикасын нұрландыратын қасиеттің бірі-мұрат. Бұл – адамның өзіне өмірден өнеге іздеуі, біреуді ардақ тұтып қастерлеуі.

Мұрат – адамның алдына қойылған ең асыл, ең ардақты мақсаты. Адам осыған жету үшін қолдан келгеннің бәрін пайдаланады өзін тәрбиелеуге кіріседі.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жеке тұлғаның қоғамдық мәнін қалай түсінуге болады.
2. Тұлғаның жеке және дара қызығуларын талдау.
3. Жеке тұлғаның белсенділігі.
4. Қажеттіліктер, қызығулар және олардың түрлері.
5. Дүниетаным, сенім және мұрат туралы.

## 9-лекция

**Тақырыбы:** Жеке тұлғаны зерттеудің мақсат-міндеттері

**Жоспары:** 1. Жеке тұлғаны зерттеудегі эксперименттік тәсілдің мәні.

2. Адамның қажеттіліктері мен мұқтажы және іс-әрекет түрлері.

3. Жеке адамның кісілік сипаттары мен психологиялық құрылымы.

4. Жеке адамның бағыт - бағдары және оның түрлері мен психологиялық ерекшеліктері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді жеке тұлғаны зерттеудегі эксперименттік тәсілдің мәнімен, жеке адамның кісілік сипаттары мен психологиялық құрылымымен, жеке адамның бағыт - бағдары және оның психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру.

### **Лекция мәтіні:**

Адам - табиғаттағы кемелденіп жетілген ақыл-ой иесі және қоғамдық тұлға. Осы ерекшеліктеріне орай, адамды ғылымның бірнеше саласы зерттейді. Мәселен, философия ғылымы адамның дүниетанымдық көзқарасын, ақыл-ой өрісін, санасын, анатомиямен физиология адамның денесімен жүйке жүйесінің құрылысын, қызметін қарастырады. Антропология - адамның қоғамдағы алатын орнын, табиғаттағы өзге құбылыстармен байланыстылығын зерттеуді мақсат етеді. Тарих ғылымы адамның қоғам өміріндегі қарым-қатынасын саралауды, ал педагогика адамға білім беру жүйесін қарастырып, оның қоғамның белсенді азаматы етіп қарастыруды көздейді. Психология ғылымы болса, адам жан дүниесінің сырын, психикасының даму заңдылықтары мен жеке қасиеттерінің жетіліп, қалыптасу жолдарын зерттейді.

#### **1. Жеке адамды зерттеудің мақсат-міндеттері және оның қоғамдық мәні.**

Адамдарды зерттейтін ғылымдар ішінде психологияның алатын орны айрықша және ол – адамтану ғылымдары жүйесіндегі жетекші пән. Психология адамның даралық сипаттарын қарастырады, оның кісілік қасиеттерін өрістетуді мақсат етіп қояды.

Табиғаттағы ақыл-оймен сана иесі - адамның өзіндік сипат белгілері – оның еңбектену әрекеті нәтижесінде материалдық игіліктерді өндіретіндігі, дыбысты анық сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас жасап, әлеуметтік ортада тіршілік ететіндігі. Осындай белгілеріне байланысты адам хайуанаттар дүниесінен ерекшеленіп, эволюциялық дамудың ең жоғары сатысына көтеріледі. Өзін қоршаған ортаға белсенді түрде ықпал етіп, дүние сырын танып білу иесіне (субъектіге) айналады.

Адам бойындағы даралық қасиеттер оның өзгелерге қарым-қатынасынан байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа туған нәресте де, ересек адам да ақыл – есі ауысқан жынды да дара адам (индивид) болып саналады. Осындай ерекшеліктерімен қатар қалыпты дамыған, өмір тәжірибесі мен өзіндік қасиеті, әлеуметтік ортада өз орны бар адам жеке адам деп аталады. Жеке адамның азаматтық, кісілік, тұлғалық қасиеттері болады. Жеке адам қоғамдық өмірде тіршілік етіп, өзге адамдармен қарым-қатынас жасайды. Осындай іс-әрекеттеріне сәйкес жеке адамның тұлғалық сипаттары сомдалады, қадір-қасиеттері қалыптасады.

Жеке адамның кісілік қасиеттері мен даралық ерекшеліктері оның іс-әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді. Адам белсенді қимыл-әрекеті оның мінез құлқынан, ниет-тілегі мен бағыт-бағдарынан айқын байқалады. Ниет-тілектері адамның тіршілігінен, іс-әрекет түрлерінен, әлеуметтік ортада атқаратын қызметі мен ісінен айқын көрінеді. Сөйтіп жеке адамның ішкі дүниесінің сыры, жан сарайы, психикасының даралық ерекшеліктері сыртқа бөлініп тұрады.

Сыртқы нәрселермен тіршілік ететін орта әлеуметтік жағдайлармен ыңғайласып, адамға жанама түрде әсер етеді де оның психикасын дамытады. Адамның тіршілік ортасы үнемі өзгеріп те, өзгертіліп те отырады. Жеке адам бойындағы сапалық ерекшеліктерімен оның психологиялық дара өзгешелігін білдіретін қасиеттер - темпераментімен мінезі, психикалық процестерді басынан кешіруі, сезім күйлері мен іс-қимылы және қабілеті бірдей адам жоқ. Даралық сапалар тарихи қалыптасып, жеке адамның кісілік қасиеттерін құрайды. Әрбір адамның мінез-құлық ерекшеліктері де әлеуметтік ортада дамып жетіледі. Сондықтан, біз жеке адамды қоғам мүшесі ретінде санап, оның әлеумет өміріне ықпал етіп отыратын белсенділік әрекетінде ескереміз. Мінез бітімі, темперамент ерекшеліктері, ақыл-ой сапасы, қызығуының басты бағыты әрбір адамның өзіндік психологиялық тұрақты бейнесін жасайды. Әртүрлі құбылмалы жағдайларда адамның бір қалапты бейнесін осындай тұлғалық қасиеттері көрсетеді. Сондай-ақ мұндай, тұрақты қасиеттер жеке адамның жан дүниесі құрылымындағы даралық тұлғаның бейнелейді. Адам бойындағы тұлғалық қасиеттер қоғамдық тәрбие нәтижесінде өзгеріп те, жаңа сапаларға ие болып та отырады.

Жеке адамның тұлғалық сипаттарында ерекше байқалатын екі түрлі ерекшелік бар. Оның бірі - әрбір адамның құрылымы мен жеке басындағы даралық сипаттар. Бұл –

адамдардың типтік мақсаттарымен байланысты теориялық мәселе. Екіншісі – сол типтерден туындайтын және жеке басқа бағынғашты азаматтық ерекшеліктер. Бұл мәселе осы заманғы психологияда айрықша маңызды деп саналатын биологиялық және әлеуметтік факторларға негізделіп отырып қарастырылады. Биологиялық фактор – адамға туа берілетін табиғи анатомиялық және физиологиялық қасиеттер, ал әлеуметтік фактор – адамның дамып жетілуіне тіршілік ортасының, қоғамның, тәлім-тәрбие істерінің әсері. Осы екі фактор адамның психикалық дамуында бірін-бірі толықтырып отырады.

Адамның өзіндік психологиялық сипатын зеттеуде ерекше орын алатын іс-әрекет түрі – оның белсенділігі. Белсенділік іс-әрекетпен, оның бағдар-мақсатымен, өмір тіршілігімен тығыз байланысты. Іс-әрекеттің белсенді болуы жайында психологияда әралуан көзқарастармен пікірлер бар. Соның бірі – Австрия ғалымы З.Фрейдтің пікірі. Ол адамның белсенділігі инстинктік әрекеттеріне, соның ішінде жыныстық еліктеу мен өзін-өзі сақтау инстинктіне байланысты дейді. Адам мұндай инстинкттерге шек қойып, оларды тежейді, өз бойындағы күш – қуатын сақтап, оны басқа мақсаттарға, мәдени қажеттіліктерін өтеуге жұмсайды. Сөйтіп, ол өз мінез-құлқын саналы түрде басқарады. Алайда Фрейдпен оны жақтаушы зерттеушілер адамның белсенділігі сол жыныстық еліктеудің шеңберінен шыға алмайды деп, “Эдип комплексі” дейтін мәселе көтеріп, ерте замандағы грек жазушысы Софоклдың “Эдип патша” атты шығармасының сарынын уағыздады.

Ғылыми зерттеулерінде кемшіліктер болғанмен де, Фрейдтің адам бойындағы белсенділік әрекеттің табиғи әрі биологиялық құбылыс екенін дәлелдеп беруінің өзі-айтарлықтай жаңалық. Дегенмен, оның белсенділік әрекетінің қозғаушы күші жыныстық қатынастарға сәйкес дамиды дейтін пікірін көптеген шетелдік психологтар орынсыз деп санады. Атап айтатын болсақ, А.Кординер, Е. Фромм, К. Хорни т.б. Фрейд көзқарасының кемшілігін ашып көрсете алмаса да, өздерінше “жаңа фрейдизм” деген ағымды тудырады.

“Жаңа фрейдизм” ағымы адам тіршілік еткен ортасына тәуелді болып, сол ортаға бейімделгіш келеді деп санады. “Жаңа фрейдшілердің” ойынша, тіршілік ортасына бейімделген адам әлеуметтен өзінің ғашығын іздейді, соған ұмтылады, билік үшін күресте беделге ие болады, адамдар тобының ырқына көніп, мақсатына жетуге талпынады. Хорни адам қоғамнан аулақ болып, ғшымен мұңдасып, оңаша сырласқысы келеді, дейді. Сөйтіп, “жаңа фрейдшілер” адамның белсенділігін асыра дәріптеп, оған мистикалық өң береді. Ал шын негізінде адамның белсенділік іс-әрекеттері ғылыми – материялистік тұрғыдан қарастырылуы керек болыпты. Белсенділік әрекет адамның қажеттіліктерін қанағаттандырып, мұқтаждықтарын өтеу әрекеттерімен ұштасады.

“Қажеттілік” дегенді қалай түсінеміз? Қажеттілік – адам белсенділігінің негізгі себебі және іс-әрекетке итермелеуші күш. Қажеттілік қоғамдық тәлім тәрбие ықпалымен қалыптасып, адамның материалдық, рухани қоғамдық мұқтаждықтарын қанағаттандырады. Мұндай қанағаттандыру қоғамдық-даралық сиратта болып, қажеттілік тектік белгісіне орай табиғи және рухани мәдени, ал сол заттарлы ұстап тұтыну сипатына қарай материалдық және рухани қажеттіліктер болып бөлінеді. Материялдық-заттық қажеттіліктерге тамақ, киім – кешек, тұрғын үй, тұрмыс заттары жатады. Рухани қажеттілік адамның басқа адамдармен әңгімелесіп пікір алмасу, білімін көтеріп, кітап, газет, журнал оқуы, өнер түрлерін үйренуі т.б. мұқтаждықтарын қанағаттандыру арқылы жүзеге асады. Қажеттіліктер тегі мен адам санасының тарихи дамуына орай және оларды тұтыну объектісіне сәйкес түрлі-түрлі болып бөлінеді.

## **2. Адамның қажеттілігімен мұқаждығы және іс-әрекет түрлері.**

Адам қажеттілігінің бәріне жуықтығы еңбек арқылы қанағаттандырылады. Еңбек – адам тіршілігіндегі бірінші қажеттілік. Сондықтан, қоғамдығы тәлім-тәрбиенің өзекті мәселесі адамды еңбек ету қажеттілігіне баулу. Жастарды еңбекке психологиялық тұрғадан даярлау – жалпы гуманистік тәрбиенің түпкі мақсаты. Еңбек – адамның іс-әрекетінің негізі түрі және барлық материалдық игіліктерді өндірудің қайнар көзі. Іс-әрекеттің екінші түрі – оқу. Оқу әрекеті арқылы адам қоғамдығы тарихи мағлұматтар



мен білім қорын меңгеріп, өзінің рухани дүниесін байытады, дүниетанымдық көзқарасын қалаптастырады. Ойын – адамның негізгі әрекетінің бірі. Олар бала мен жасөспірімнің денесін шынықтырып, әр алуан қимыл- қозғалыстарын жетілдіреді. Мектеп жасына дейінгі балардың басты іс-әрекеті – ойын. Ойынның түрлері мен мазмұны баланың ақыл – ойын дамытуға ықпал етіп, өзін қоршаған ортаның, заттармен құбылыстардың мән - жайын түсіндіреді. Бір сөзбен айтқанда, еңбек, оқу, ойын – адамның дамып жетілуіндегі және қажеттіліктерін өтеудегі негізгі іс-әрекет түрлері.

Балармен ересек адамдардың әр алуан іс-қимылы нәтижесінде олардың автоматталған әректі – дағдылары, іс-әрекет түрлерін орындауға бейімділігімен ептілігі, тіршілікке қажетті әдеттері қалыптасып, адамның анатомиялық, физиологиялық және психикалық жағынан дамып жетілуіне әсер етеді. Оның рухани өмірінің мазмұнын байытады.

**3. Дағды мен ептілік.** Дағды - адамның белгілі іс-әрекетті сан рет қайталап отыруы нәтижесінде қалыптасып, автоматты түрде орындалатын ісі. Мәселен, балада оқу дағдысының қалыптасуы, қызметкердің міндеті ісін орындауы. Дағдының қалыптасуында мақсат қою негізгі роль атқарады. Дағдының қалыптасуы қимыл-қозғалыстар мен әрекет жасауға орай бірнеше сатылардан тұрады.

Адам әрекетіндегі ептілік (бейімділік) – белгілі бір істі атқаруға бейім тұру, өзінің игерген білімін, дағдысын түрлі жағдайда қолдана білу. Ептілікті жеке қарастырсақ, ол адамның дағдыдан өзгешелеу ұқыптылық қасиетін көрсетеді. Ептіліктің тағы бір ерекшелігі адамның өз білімін қажет болған кез-келген жағдайда қолдана білу әрекетінен анық байқалады.

**Әдет** - адамның іс-әрекетіндегі мінез-құлыққа байланысты тұрақты қасиеті. Психологиялық тұрғыдан алғанда әдет адамның белгілі іс-әрекет түрін бұрынғы өмір тәжірибесінде қалыптасқан дағдылары мен біліміне сүйене отырып жүзеге асады. Адамның тарихи дамуында ол көпшілігінің игілігінде, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге айналып, халықтың сипат алуы мүмкін. Әдет - адамның қажеттілігін өтеуге сәйкес қайаланып, отыратын әрекет. Ол адамның кез-келген іс-әрекетінің түрінде кездеседі. Еңбек сүйгіштік жақын адамдардың ісіне көмектесу, ұйықтау алдында серуендеп, жуынып – шайыну - әдеттің ұнамды әрі пайдалы түрі. Ал ұстамсыздық, біреудің сөзіне кесе-көлденең кірісіп, оны бөлу - әдеттің ұнамсыз сипаттары. Жағымды әрекеттер адамның мінезінің ұнамды жақтарын қалыптастыруға әсер етеді.

**Ниет** (мотив) – адамның белгілі қажеттіліктерді қанағаттандырудағы іс-әрекетке байланысты психологиялық көңіл-күйі. Қажеттілік – адамның белсенді әрекетін тудыратын қозғушы күш делінсе, ал ниет- сол қажеттіліктің нақты көрінісі. Ниет адамды түрлі әрекеттерге ұмтылдырады. Олар мазмұнына нақты мақсатына қарай айқын ниет және көмексі ниет болып бөлінеді. Ниеттердің бір-бірімен алмасуы адамның қоғамдық-тарихи жағдайына байланысты. Адамдардың ниеті бірнеше сатылардан құрылады. Олар: әуестену, ықпал-ынта. Мүдде – адамның мақсаты тілекке жетуінің жоғары сатысы. Адам өз мүддесіне жету үшін еңбектенеді, оқып білім алумен шұғылданады, спортпен айналысып, өнер түйренеді. Мұның бәрі, мүдденің мазмұнын білдіріп, ақыл кірудің белгісі болып саналады.

**Қызығу** – адамның танымдық қажеттіліктерді сезіп, олардың мән – жайын айқын түрде түсіндірудегі жан дүниесінің сілкінісі. Қызығу барысында адам өзінің әр нәрсені танып білуі қажеттілігін қанағаттандыру үшін әр қилы ірекеттерді белсенді түрде меңгеру керектігін түсінеді. Адамның танып білу әрекетінің қозғаушы күші ретінде қызығу мазмұнына, мақсатына, кеңдігі мен тұрақтылық қасиеттеріне орай топтастырылып қарастырылады.

**Сенім** – адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Өз қажеттілігін орындау мақсатында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен ұғам заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды.

**Ұмтылу** – адамның іс-әрекеті атқаруға талаптанып, белсенділігін қуаттайтын ниеті. Адам өз қажеттілігін өтеудің жағдайын нақты болжамдап, көз алдына елестете алмаса да, көздеген мақсатына жету үшін күш-қуатын жұмсап, талаптанады. Талаптанудың (ұмтылудың) тақты түрі – арман. Бұл – қалаған нәрсенің бейнесін қиял арқылы жасау әрекеті. Ұмтылуға құмарлықта жатады.

**Құмарлық** – адамның өте зор күшін талап ететін қажеттілігін орындауды, ниеті, таным әрекетінде ол – ұнамды қасиет. Алайда, огның пайдалы және пайдасыз (жағымсыз) түрлері де бар. Білім алуға, мамандықты игеруге деген құмарлық – пайдалы. Ал карта ойынында ақша тігіп ойнау, ішімдікке салыну, қыдыруға құмарлық - ұмтылу әрекетіндегі жағымсыз қылықтар.

Адамның жеке бағыт-бағдары, арманы, құмарлығы, әртүрлі мұраттарға жету жолындағы әрекеті – оның даралық қасиеттеріне тән психологиялық ерекшеліктер. Ондай ерекшеліктер мән-мазмұны мен мақсат-мүддесіне қарай пайдалы және зиянды сипатта болулары мүмкін. Өйткені, адам – табиғаттағы ең жоғары сатыдағы ақыл иесі ретінде жан дүниесінің құрылымы мен психикасы аса күрделі субъект.

#### **4. Жеке адамның кісілік сипаттары мен психологиялық құрылымы.**

Жеке адам санасы мен ақылы арқылы дараланады. Оның дыбысты анық тілі, еңбектену әрекеті қоғамдық жағдайда, бір–бірімен қарым–қатынаста қарастырылады. Жеке адам – дүниетаным қабілеті бар, сыртқы ортаның неше түрлі әсерлерін бастан кешіріп, оларға төзімділік көрсететін, табиғатты өзгертуге ықпал ете алатын жан.

Жеке адамның психологиялық құрылымы мен ерекшеліктері төрт түрлі жағынан қарастырылады, яғни:

- 1) Жеке адамның әлеуметтік өміріне қатысты ерекшеліктері: қызығу, ұмтылу (ынтас мен талаптану), мұрат, дүниетанымдық көзқарас, сенім. Бұл – жеке адамның адамгершілік қасиеттерін білдіретін сипаттар.
- 2) Адамның білімдарлығы, дағдылары, бейімділігі. Мұндай сипаттар адамның даралық қасиетін, өзіндік даму деңгейін, тәлім – тәрбие негізінде қалыптасқан тәжірибесін көрсетеді.
- 3) Жеке адамның дара психикалық процестерінің тиянақтылығы мен өзіндік ерекшеліктері. Ондай қасиеттерге зейін мен ойлау, қабылдау мен ес, сезім күйлері мен ерік адам психикасындағы басқа да құбылмалы өзгерістер жатады.
- 4) Жеке адамның биологиялық тума қасиеттері – нышан, жоғары жүйке қызметі. Бұлар адамның темпераменті мен жас ерекшеліктеріне, жыныстық белгісіне сәйкес көрініс береді. Мұндай қасиеттер машықтану мен жаттығу арқылы қалыптасып, жетіледі.

Ұстаздар мен тәлімгерлер, жетекшілер мен тәрбиешілер балалар мен жастардың жоғарыда топтастырылып көрсетілген төрт түрлі ерекшеліктерімен жете танысып, ондай қасиеттерді жетілдіре түсудің әдіс-тәсілдерін үнемі іздестіруді көздейді. Бұл ерекшеліктердің адамға тәуелсіз-ақ дамып отыратындығын да ескерген жөн. Мәселен, адал әрі шыншыл немесе өтірікші болу темпераменті кез-келген оқушыда кездесе береді. Оқушылардың іс-әрекетіндегі әрқилы кемшіліктер осы төрт түрлі психикалық қасиеттердің біріне байланысты болуы мүмкін. Айталық, оқушының зейінсіздігі: а) білімі мен дағдысының болмауынан, белгілі істі орындауда өз зейінін сол нәрсеге аудармауынан; ә) зейінінің тұрақсыздығы тек оның өзінің кінәсінен; б) зейінін аударуға қиналуы жүйке қызметінің қозғалтқыш әсерінен; в) тәртіпсіздігі мен ұқыпсыздығынан болуы ықтимал. Бұлар баланың- адамгершілік тәрбиесіне қатысты сапалық кемшіліктер. Бұлардан басқа оқушының мінезі мен қабілетінің кемістіктерін көре білу үшін оның өзіндік ерекшеліктерін де аңғара білу қ

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жеке тұлғаны зерттеудегі эксперименттік тәсілдің мәні.
2. Адамның қажеттіліктері мен мұқтаждығы және іс-әрекет түрлері.
3. Жеке адамның кісілік сипаттары мен психологиялық құрылымы.
4. Жеке адамның бағыт - бағдары және оның түрлері мен психологиялық ерекшеліктері.

## 10-лекция

**Тақырыбы:** Іс-әрекет. Адам іс -әрекетінің түрлері.

- Жоспары:**
1. Жеке адам және оның іс-әрекеті.
  2. Іс-әрекеттің мақсаты мен мотивтері (түрткілері)
  3. Іс-әрекеттің құрылымы.
  4. Іс-әрекет түрлері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді жеке адамның іс-әрекетімен, іс-әрекеттің мақсаты мен мотивтерімен, құрылымымен, түрлерімен таныстыру.

### Лекция мәтіні:

1. Адамның белгілі бір мұқтаждығын қанағаттандыруға бағытталған белсенді қылықтары *Іс-әрекет* деп аталады. Жануарлар іс-әрекеті жөнінде бұл ұғымды қолдануға болмайды. Адамның іс-әрекетінің жануарлар іс-әрекетінен айырмашылығы әрі артықшылығы. Мысалы: жануарлар табиғатқа бейімделген яғни табиғаттағы дайн өнімді пайдаланылады. Ал адам іс-әрекет үстінде өзінің қажеттілігін мұқтаждығын қанағаттандыру үшін табиғаттағы, қоршаған ортадағы дүниені өзіне бейімдеп қайта құрады.

Жеке Адам өзінің іс-әрекетінің нәтижесін тек өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де басқа адамның мүддесі үшін өндіреді. Қазіргі кездегі адамдардың іс-әрекеті көпшілік жағдайда ұжымда жүргізіледі, яғни алға қойылған мақсат көпшіліктің күш жұмсауымен орындалады. Адамның іс-әрекеті өзінің алдына қойған мақсатымен сипатталады. Егер, мақсат болмаса іс-әрекетте болмайды. Тек адамның еркінен тыс кездейсоқ қимылдар болуы мүмкін. Кейде адам алдына мақсат қоймай бір іс-әрекеттерді жасайтын кезі болды. Мысалы: қызбалықпен жөнсіз іс-әрекетке ұрысып, соңынан өзі ыңғайсыз жағдайда сезінеді.

Қажеттілік пен мұқтаждықтың негізінде, адамда іс-әрекеттің *мотивтері* пайда болады яғни мұқтаждықты қанағаттандыру үшін адамның ішкі қозғаушы және алға итермелеуші күші, себебі.

2. Ал мақсат дегеніміз адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауға ұмтылуы. Іс-әрекет процесінде адамның алдында, тек бір ғана мақсат тұрманды, бір-бірімен байланысқан мақсаттың бүтін бір жүйесі тұрады. Жеке адамның іс-әрекетінің қайсысын болса да психофизиологиялық процестердің күрделі құрылымдарынан тұрады. Оның қарапайым элементі – *қозғалыс*. Адамның жасайтын жеке қозғалыстарының бірігуін іс-әрекет деп атайды. Бір мақсатқа біріккен, бағытталған қимыл-қозғалыстың жиынтығын ғана іс-әрекет деп танула болады. Іс-әрекеттің қай түрін алмаса да белгілі бір құрамды бөліктерден яғни компоненттерден тұрады.

3. Мұндай құрылым :

- 1) мақсатты қоя білу
- 2) жұмысты жоспарлау.
- 3) оның неғұрылым тиімді әдістерін іріктеп алу
- 4) Іс-әрекетті орындау
- 5) Іс-әрекеттің нәтижесін тексеру
- 6) жіберген қателерді тексеру
- 7) қорытынды жасау

4. Жеке адамға тән іс-әрекеттің түрі санаулы, олар:

а) ойын іс-әрекеті

ә) оқу іс-әрекеті

б) еңбек іс-әрекеті

1). Ойын іс-әрекеті.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады.

Мысалы: кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытатынын, оның мұнда да баланың қабілеті, белсенділігі бір сыдырғы байқалатынын А. С. Макаренко өте жақсы көрсетті.

“Үлкендер өмірі үшін жұмыс, қызмет істеу, әрекет ету қандай орын алатын болса-балалар өмірінде ойын да сондай үлкен маңызды, ойында бала қандай болса, өскеннен кейін жұмыста көбінесе сондай болады. Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу бәрінен бұрын ойын арқылы болады”.

Баланың жасы өсуімен қатар ойнайтын ойынының мазмұны да өзгеріп отыратыны, белгілі.

Мысалы: 1 жасар бөбектердің ойыны манипуляциялық сипатта болса балалар бақшасындағы балалар сюжеттік ойын мен ойнайды.

Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар, айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді.

Балалардың қиялын, ойлауын сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелермен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар.

Сондықтан ата-аналар мен тәрбиешілер бұл ойындарды белгілі талапқа сәйкес ұйымдастырып отырулары қажет. Балалардың ойынына үлкендер тарапынан жетекшілік болмайынша, олардың әрекеттік мазмұны өзінің негізгі мақсатына жете қоймайды.

Мысалы: бала әкесіне еліктеп, түрлі заттарды шегелеуді үлкен дәреже көреді. Баланың мұндай тілегін қолдау керек. Осындай ойын арқылы бала еңбек дағдысына үйрене бастайды. Бұл өзінше “ойын” болып саналғанмен, баланың барлық күш-жігерін, зейінін өзіне аударып отыр.

Мектепке түскеннен кейін бала ойынының мазмұны кеңейе басталады.

Мысалы: тұрмыстық ойындарды, көбірек ойнайтын болса, енді қоғамдық саяси- мәні бар, еңбек процесінің сан алуан жақтарын көрсететін сюжеттік ойындарды ойнауға ауысады.

**Оқу әрекеті.** Оқу- іс-әрекеттің негізгі саласы еңбек процесін нәтижелі орындауға қажетті білімді, дағды мен икемді жүйелі түрде мегеру.

**IV. Мектеп жасындағылардың негізгі әрекеті – оқу**

Оқу арқылы қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын дағды, тәжірибесін береді. Сонымен бірге, оқу арқылы өзінен бұрынғылардың практикалық әрекетін, ғылым- білім жүйелерін меңгереді. Оқу материалдары бала психикасына зор талап қояды. Ұғыну бірнеше кезеңдерден тұрады.

I- кезеңі (таныстыру кезеңі).

II – кезеңінде, бала ойындағысын тәжірибеде орындап көреді.

III – кезеңінде, ұғынғанын сөзбен тұжырымдайды.

IV-кезеңінде, бала ұғынған нәрсесін ойына ұстап тұрады.

V- кезеңінде, балада зат пен құбылыс туралы белгілі ұғым қалыптасатын болады. Ақыл-ой амалдарын мегеру арқылы бала шындықтағы заттардың байланыс қатынастарын ажыратады, бір нәрсені екіншісі мен салыстыра алуға, олардың айырмашылық, ұқсастықтарын көре білуге үйренеді. Мұндағы себеппен нәтиженің заңды байланысына түсінеді. Нәрседе себеппен қатар нәтиже де болатындығына баланың түсініп, көзінің жетуі **ұғыну** деп аталады.

Баланың білім меңгеруі, мұғалімнің сабақ оқытуы екеуі де “инемен құдық қазғандай” қиын нәрсе. Мысалы: мұғалім балаға бұрыннан таныс нәрсені ығыр қылып айта берсе, онда ақыл-ой керенаулығын, рухани жиренушілікті туғызуы мүмкін. Сондықтан ұстаз-педагогтар әр уақытта оқушының рухани тілектерін үнемі қанағаттандырып, оның табиғатты, өмірді адамдар еңбегін білуге құштарлығын дамытуы қажет.

Мектеп оқушыларының оқуға саналы қатынасуын тәрбиелеп, дамытуда мұғалімдер ұжымының алатын орны ерекше.

**Еңбек іс-әрекеті**

Адам психикасын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын әрекеттің бірі- еңбек.

Еңбек адам тіршілігінің арқауы, оның өмір сүруінің басты шарты.

Жеке адам қайда-да қоғамнан ұжымнан, тыс жеке еңбек етіп, өз қажеттерін қанағаттандыра алмайды, тек қоғамның барлық мүшелерімен ынтымақтасқан еңбек ғана

адамға зор қуат беріп оның түрлі қажеттерін өтеуге жарап, психикасын байытады. Еңбек үстінде кісі өзіне қоғамға қажетті материалдық игіліктерді өндірумен бірге өзіндік психологиялық қасиеттерінің жақсы жақтарын (еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, ұқыптылық т.б.) біртіндеп қалыптастырып отырады. Еңбек үстінде адамның өзіне-өзі қызмет ете алу қабілеті, практикалық іскерлігі, дербестігі, икем дағдысы, ынтасы мен тапқырлығы, белсенділігі шыңдала түседі.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Адам іс-әрекетінің жалпы сипаттамасы қандай.
2. Оқу әрекеті дегеніміз не. Төменгі сынып оқушыларының оқу әрекетінің ерекшелігі дегеніміз не.
3. Ойын әрекеті дегеніміз не. Ойынның бала психикасын қалыптастырудағы ролі.
4. Еңбек әрекеті дегеніміз не. Төменгі сынып оқушылары еңбегінің психологиялық маңызы неде.

### **11-лекция**

**Тақырыбы:** Дағды, икем және әдет

- Жоспары:**
1. Дағды, икем және әдет туралы түсінік
  2. Дағдыны қалыптастырудағы жаттығудың маңызы
  3. Дағды, икем, әдет ұғымдарының бір-бірінен айырмашылықтары
  4. Дағдыны қалыптастыру жолдары.
  5. Дағдыларды топтастыру.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді дағды, икем, әдет туралы, дағдыны қалыптастырудағы жаттығудың маңызымен, дағдыны қалыптастыру жолдарымен, дағды мен әдеттерді топтастыру жолдарымен таныстыру.

#### **Лекция мәтіні:**

1. Алғашқы да саналы орындауда қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын **дағды** деп атайды.

Мысалы: Алғаш жазып үйрене бастаған бала туралы.

Дағдылану үшін мына төмендегі белгілерді байқауға болады:

1. Әр түрлі амалды тез орындап шапшаң қимылдау
2. Дағды қалыптасқаннан кейін қиналып істеу жойылады жазуға төселмей тұрғандағы балада кездесетін ебедейсіздік
3. Бір қатар жеке амалдарды біріктіріп одан (жеке) тұтас бір амал жасай алу. (бала сөздерді әріпке, буынына сөзге, сөйлемей құрауы).
4. Көзбен бақылаудың маңызы кеміп қозғалыспен бақылаудың маңызы артады (машинистика көздің көмегіне сүйенбей, қолдың, саусақтардың қимыл қозғалысына ерекше көңіл бөлуі).
5. Дағдыға машықтану үшін алдын-ала қабылдай алу қабілетінің болуы. Мысалы: Машинистика тексті көшіргенде кезде, оның көзі алға жүгіріп, қолынан озып кетіп отырады. Қолы бір сөзді басқан кезде оның ойында бірер сөз әзір тұрады. Адам текстің мағынасын (да аңғара) түсінумен қатар алдағы сөздердің мағынасында аңғара алады.

Мұны психологияда дағдының антисипатциясы-дейді.

2. Дағды адам әрекетінің қай қайсысында да ерекше маңыз алады. Іс-әрекетке жақсылап дағдылану арқылы адам өндіріс құралдарын, дене шынықтыру, спорт атрибуттарын, ақыл-ой жұмысын меңгеруде жақсы табыстарға жетеді.

Мектептегі оқу-тәрбие процесінің міндеті балаға тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оны түрлі дағды әдеттерге, бір нәрсені істеп үйренуге жаттықтыру болып табылады.

3. Дағды бірнеше түрге топтастырылады. Олар:

- 1) Мектептік (сенсорлық-тікелей қабылдау) кітап, жазу, есептеу т.б.
- 2) Спорт (қозғалыс) коньки тебу, футбол ойнау, күрес т.б.
- 3) Еңбек, түрлі мамандық (интелектік дағдылар) дәрігер мұғалім т.б.

4. Дағдыға машықтанудың жолдары. Дағдылану негізінен бірнеше бағытта жүріп отырады:

- 1) Бірнеше рет қайталау арқылы, дағдылануға кеткен уақыт біртіндеп азая береді.
- 2) Дағдыланған сайын атқаратын жұмыстың сапасы арта түседі.
- 3) Дағдыланған сайын әрекеттер ұшырысатын қателердің саны бірте – бірте азая береді.
- 4) Дағдылануда әдепкі кедте адамның күш- жігері жұмсалатын болса, бара-бара онысы бәсеңси береді.

Дағдыланудың жылдамдылығы бірнеше себептерге байланысты:

- 1) Егер дағдыланатын әрекет қиын болса, дағдыланудың нәтижесі бір дегеннен көңілден шықпаса, онда дағды біртіндеп қалыптасады, көп уақытқа сақталады.
- 2) Адам әрекетке дағдылануда өзінің бұрынғы тәжірибесінде болған әрекеттерді қатыстырып отырса оған қызығушылық пайда болады, тезірек дағдылануы мүмкін.
- 3) Оқыту, үйрету әдісі жеңіл, көрнекті әсерлі болса, адам дағдылануға тез үйренеді. Ал егер оқыту үйрету әдісі нашар болса, дағдылана алмайды.

Мысалы: Кейбір мұғалімнің балалары хат тануға тез үйреніп, есепті тез, қатесіз шығаратын болса, кейбір мұғалімнің балалары тез үйрене алмайды. Мұның себебі, үйрету әдісі көңілдегідей болмағандықтан. Сондықтан балаларды оқытып тәрбиелегенде тәлімгердің көңіл - күйі, үйрету шеберлігі жоғары деңгейде болуы керек.

4) Дағдылануға қажетті жағдайдың қолайлы, қолайсыз болуының маңызы зор. Мысалы: Оқу әдісі жақсы балалардың алдында мақсат болғанымен, егер балалардың оқитын сыныпы қараңғы, суық, оқу құралдары өте нашар, қағазы жаман болса, мұндай жағдайларды дағды тез қалыптаса қоймайды.

Дағдылардан икемділік ұғымын айыра білу қажет. **Икемділік дегеніміз** адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеті. Икемділік біліммен тәжірибеге негізделеді. Кімнің білімі мен тәжірибесі көбірек болса, сол адамның икемділігі де артық болады. Икемділік – белгілі бір дағдылар мен білім жүйесін практикада пайдалана алудың көнісі болып табылады. Дағды мен икемділіктен әдеттерді айыра білу керек. Әдеттер де әрекеттің автоматтанылған құрамдары. Бірақ мұның дағдыдан айырмашылығы мынада: әдетте қимыл-қозғалыстарды орындауға адам үнемі дайын болып, оны қажетсініп тұрады. Әдеттің ұнамды, пайдалы түрлерімен қатар ұнамсыз, зиянды түлері де кездеседі. Әдеттерді белгілі бір мағанасына қарай бірнеше топқа бөлуге болады, олар: адамгершілік, немесе марольдік (әр уақытта да шындықты айтуға әдеттену, жолдастардың алдында адал болу, уәдеде тұру б.т.) , мәдени мінез- құлықтық (сыпайылық, үлкенге және жасы кішіге қамқорлық жасау, дұрыс сөйлеу т.б), гигиеналық (тамақ алдында қол жуу, тап тұйнақтай болып жүру т.б ), еңбек, ақыл ой әдеттері.

Атақты ағылшын драматургі В. Шекспир “Жақсы әдет жақсылыққа бастайтын періште” десе, орыс педагогы К.Д.Ушинский: “жақсы әдет өсімге берген ақша, адам өмір бойы соның өсімімен пайдаланады, жаман әдет борыш, адам өмір бойы сол борыштың өсімінен азап шегеді”, - дейді.

Дағды мен әдеттің физиологиялық негіздеріне ми қабағында бекіп қалыптасқан шартты рефлекстердің жүйесі, яғни динамикалық стереотиптер жатады. Мәселен, адамның қозғалыс дағдысын (еңбек, спорт саласындағы) алатын болсақ, бұл мидың қозғалыс анализаторында жасалған уақытша жүйке байланыстарының жүйесі. Мұнда сигнал жүйелерінің бірлескен жұмысы да қажет болып отырады. Мәселен, екінші сигнал жүйесі (ауызша нұсқау, тапсырма беру т.б) өткен тәжірибеде жинақталған, қимыл-қозғалыстардың тезірек бірігуіне жағдай туғызады, сөздік сигналдар дандының кейбір керексіз буындарын тежеуге, ондағы қателерді түзеп отыруға мүмкіндік береді. Әдеттер де физиологиялық тұрғыдан ми қабатындағы динамикалық стереотиптің бір

көрінісі. Бұлар ми сынарларының тек оптималдық қозуы бар алаптарында ғана емес, сонымен бірге тежелуге ұшырған алаптарында да пайда болып отырады.

**БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. ДАҒДЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ.
2. ДАҒДЫ МЕН ИКЕМЛІЛІК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ БІР–БІРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ.
3. ӘДЕТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ, ОНЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР.
4. ДАҒДЫ ҚАЛЫПТАСУДА ЖАТТЫҒУ ҚАЛАЙ ЖҮРІП ОТЫРАДЫ.
5. ДАҒДЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ ҚАНДАЙ.
6. ДАҒДЫ МЕН ӘДЕТ БАЛАЛАРДА ҚАЛАЙША ДАМЫП ОТЫРАДЫ.

## 12-лекция

**Тақырыбы:** Қарым –қатынас . Адами ортақтасудың жалпы сиптамасы.

**Жоспары:**

- 1)Топтағы адамдардың өзара қарым – қатынас түрлері.
- 2) Қарым – қатынастың мән – жайын зерттеу тәсілдері.
- 3) Ортақтасу туралы жалпы түсінік
- 4)Ортақтасу формалары
- 5)Ортақтасудың қызметтері,түрлері

**Лекция мақсаты:** Студенттерді топтағы адамдардың өзара қарым–қатынас түрлерімен, зерттеу тәсілдерімен,ортақтасу формаларымен,қызметтерімен, түрлерімен таныстыру.

**Лекция метіні:**

1. Әрбір жеке адам өз өмірінде басқа адамдармен тікелей қарым – қатынаста болады. Бұл қарым – қатынас бір – бір імен тығыз байланысты топтарда болады.

Топтағы, ұжымдағы әрбір адам екі түрлі: 1) Іскерлік  
2) Жеке

қатынаста болады. Оның 1-сі топтың бүкіл құрамымен бірге документке түсірілу.

2-сі ұнату, жақсы көру, достық жолдастық, жек көру, жауласу, т.б. себептер негізінде пайда болды. Жеке адамдардың бір – бір імен қатынасын зерттеген кезде бақылау, эксперимент, әртүрлі әңгімелесу әдістері пайдаланылады.

Мұндай әдістердің бірі – таңдау әдісі. Бұл әдісті тұңғыш ұсынған американ психологы Дж. Марено.

Таңдау әдісін – шағын топтардың мүшелері бір – бірін өте жақсы білгенде ғана пайдалануға болады. Яғни таңдау әдісі арқылы жеке адамның іскерлік жағын және жеке басының қадыр – қасиетін яғни топтағы алатын беделін сонымен бірге бастапқы топтың бар – жоғын, шағын топтардың ыдырау және пайда болу себептерін анықтауға болады.

Таңдау әдісін жүргізу барысында сұрақтар беріп, жауабы да ескеріледі. Қойылатын сұрақтар таңдау критерийлері деп. аталады.

Ол 2-ге бөлінеді

- 1) Күшті
- 2) Осал

Сол сияқты шағын топтағы адамдардың қарым – қатынасын зерттеу үшін әлеуметтік өлшем әдісті де ұсынған болатын. Бұл әдіс бойынша ұстаздар мен тәрбиешілер, шағым ұжымдардың жетекшілері, өндірістік – кәсіптік мекемелердегі топтардың басшылары қарамағындағылардың өзара қарым – қатынасын анықтай алады. Бұл тәсілдің негізгі өлшемі (критерий) әр түрлі, басты мақсаты – топ ішіндегілердің тілегі мен мүддесін анықтау топтардағы адамдардың қатынасын:

- 1) Матрица – кесте

- 2) Социограмма
- 3) Графикалық кестелер арқылы анықтауға болады.
2. ортақтасу – қарым-қатынасы психологияның негізгі ұғымы. Ортақтасусыз жеке адамның тұлғалық қалыптасу үрдісін, жалпы қоғам дамуын түсініп талдауға болмайды. Ортақтасу адамдарды біріктіру және дамыту тәсілі.

### **Ортақтасу моделі**

**Субъект-1** ←—————→ **Субъект-2**

Ортақтасу формалары

2. Тікелей ортақтасу – табиғи бетпе-бет, сөздік және бейсөздік (ым, қимыл) Құралдар көмегімен жасалынатын толық психологикалық контакт, кері байланыс бір мезгілде өтеді. Бұл – адамдардың бір-бірімен қатынас жасау тарихындағы бірінші формасы.
3. Жанама ортақтасу – қатысушылардың кері байланыс уақытын ұзартатын, не кешіктіретін жазу техника құралдары арқылы жасалынатын толықсыз психологиялық контакт. Хат жазу, кітап шығару, радиодан сөйлеу т. с. с адами ортақтасуды күрделендіріп жібереді.
4. Тұлғааралық ортақтасу – екі не құрамы өзгермейтін топ ішіндегі таныс адамдардың тікелей контакті. Тұлғааралық ортақтасудың белгілері: қатысушылардың психологиялық жақындығы, бір-бірінің ерекшеліктерін білуі, бірге күйзелуі, өзара түсінушілігі, ортақ қызметтестігі.
5. Бұқаралық ортақтасу – бейтаныс адамдардың тікелей немесе жанама (бұқаралық ақпарат құралдары арқылы болатын) контакті. Мысалы: стадионда, театрда, шеру-бұқаралық тікелей ортақтасу, телемарафон, радиохабар - жанама ортақтасу, вагонда-бұқаралық тікелей не жанама болса, купеде-тұлғааралық.
6. Персонааралық ортақтасу - ортақ іс-әрекет үрдісінде жеке қасиеттерін ашатын белгілі тұлғалардың психологиялық контакті (чемпиондар, ғарышкерлер, президент тер).
7. Рөлдік ортақтасу- белгілі әлеуметтік рөлдерді орындаушылардың психологиялық контакті, мысалы оқушы-оқытушы, әке-бала, сатушы-алушы, көрші-көрші, дәрігер-ауру, бастық-бағынушы. Әрбір адам әр сәтте әртүрлі рөлдерді орындайды, сол рөлдерде байланысты қоғамда өз орын табады. Сол рөлдерде орындағанда адамның өзгешеліктері назарға алынбайды, тек әлеуметтік рөлге қажетті іс-әрекеттері маңызды болып саналады. Әрине, әлеуметтік рөл адамның мінез-құлқының егжей-тегжейін анықтамайды. Адам өз рөлін, басқалардың рөлдерін қалай түсінеді? Ол рөлдерге қандай қатынаста болады? Адамдар өз рөлдерін орындаған сәттерінде қайталанбас өзіндік өрнек пен таңба енгізіледі. Ортақтасу барысында адамдар өзі және басқалар үшін өзіндік психологиялық ерекшеліктерді ашады, көсетеді, түсінеді. Адамның психологиялық қасиеттері ортақтасу нәтижесінде пайда болады, дамиды, өзгереді. Басқалармен арақатынас жасағанда адам қоғамдық ережелерді, нұсқалары, білім мен іс-әрекет тәсілдерін, жалпы әлеуметтік тәжірибені өзі бойына сіңіреді. Ортақтасу нәтижесінде адам жеке тұлға болып қалыптасады.

**Ортақтасу** – адамның психикалық дамуының және мінезінің алғы шарттары, негізі.

Сонымен, ортақтасу үрдісінде басқалардан өзгешілігі қалыптасады, адам тек қана --- ортақтасу арқылы адам болады (джунглиде өсіп адам болған Маугли-қияли оқиға, ертегі);

- ортақтасу үрдісінде өзге үшін, өз үшін адамның психологиялық қасиеттері ашылады (ғашық болған адам өзін-өзі жаңа қырынан танып біледі);
  - ортақтасу үрдісінде жеке адам жалпы адамдық тәжірибені меңгереді
- Байланыстыру-** прагматикалық қызметі. Ортақтасу бұл жерде кез-келген бірлескен іс-әрекет барысында адамдардың бірігуінің шарты болып табылады. Вавилон мұнарасы туралы аңызда адамдар бірін-бірі түсінбеу салдарына құрылысты бітіре алмағандығы жөніндегі оқиға тегін емес.

**2. Қалыптастыру,** дамыту қызметі. Бұл жерде ара-қатынас адамның психикалық бейнесінің қалыптасуы мен өзгеруінің алғы шарты болып танылады. Кішкентай баланың даму барысында оның мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге көз қарастары үлкен адамдар мен жасаған арақатынасына тәуелді болып келеді. Сыртқы қарым-қатынас нәтижелері ішкі



психикалық құбылыстарға және баланың өзіндік сыртқы қимылдарына айналады. Мысалы, “Зита-Гита” үнді кинофильмінде егіз қыздар әртүрлі орада өскендіктен мінездері бір-біріне ұқсамайды. Сыртқы қарым-қатынассыз балалар ой өрісі өспейді. Балалар үйінде өскен жас өспірімдердің ой өрістері өздерінің ата-аналарының бауырында өскен құрбыларынан едәуір төмен болады. Олардың бүкіл өмірлері туған – туысқан дарымен, жақсы көрген адамдарымен ортақтасуда өтсе, психологиялық қасиеттері адами сапаға жақынырақ болары анық. Бірақ осыған байланысты еске алатын бір жайт: бала үлкендердің барлық насихаттарын, ойларын, көзқарастарын өз бойына тікелей құйып алатын ыдыс емес! Баламен ересек адамның арақатынасына тек үлкеннен кішіге өтетін білім, біліктілік, дағдылар емес, бұл-неғұрлым күрделі өзара ықпалдау, өзара өзгеру, бірін-бірі байту құбылысы. Бала басқаның тәжірибесін өз ішкі дүниесіне белсенді түрде тезден өткізіп қабылдайды.

2. **Растау қызметі.** Басқалармен жасаған ортақтасу барысында адам өзін-өзі танып білуге, бекітуге, өзінің бар екендігін дәлелдеуге мүмкіндік алады. Адам өзінің бар екендігін, өз тұлғасының құндылығын басқа адамдар арқылы біледі. Адам үшін ауыр жазаның бірі-жападан жалғыз қалу, ешкіммен араласпау, басқалардың назарынан тыс қалу. “Сен жамансың”, “Сенікі дұрыс емес”, деп адамды жаман бағалаудың өзінде оны қабылдап, бар екенін растап тұрудың белгісі бар. Ал қабылдамаудың, барлығын растамаудың белгілері “Сен бұл жерде жоқсың”, “Сен өмір сүрмейсің”. Осы әдісті А.Макаренко өз коммунасында жиі қолданатын еді, көп психикалық аурулардың, мысалы, шизофренияның себепшісі. Нәресте, сәби әке-шешесіне “сен жақсы”, “сен біз үшін барсың” деген дәлелдерді естімесе, оның санасында қалған іздер эндогендік психозға жол ашады. Күнделікті тіршілік адами арақатынасқа, “растау терапиясына” толы. Танысу мен сәлемдесу рәсімдері, құттықтау мен ізет көрсету, т.б. Осының барлығы әр адамның бар екендігін растайтын дәлел екендігі сөзсіз.
3. **Тұлғааралық эмоциялық қатынастарды ұйымдастыру мен тіректеу қызметі.** Басқаларды қабылдау, олармен, сан қилы қатынастар тұлғалықтан іскерлікке дейін жасау кезінде адамдар бірін-бірі бағалап, бір імен-бірі не жағымды симпатия, ұнату, не жағымсыз (антипатия, ұнатпау) эмоциялық қарым-қатынас орнатады. Заманауи адамдардың элеуметтік байланыстары тек эмоциялық қатынастар мен шектелмесе де, эмоциялық қатынастар іскерлік, ұжымдық, рөлдік қарым-қатынастарға өз әсерін тигізеді.
4. **Тұлғашіндік қызмет.** Адам өз-өзімен іштей, не дауыстап сөйлесіп диалог арқылы арақатынас жасайды. Тұлғашіндік ортақтасуда адам ойлауының әмбебап тәсілдері болады. Л.С.Выготский жазғандай, жеке қалғанда да адам ортақтасудың қызметін сақтап қалады.

Сонымен, біз ортақтасудың түрлерін, қызметтерін қарастырдық. Қарым-қатынас психологиясында көбірек зерттелінген дәстүрлі мәселе-тұлғааралық тікелей ортақтасу.

3. Мақсатына қарай қарым-қатынас психологиясы тұлғааралық ортақтасудың үш түрін ажыратады: императив (бұйрық), манипуляция (айла), диалог (қос үн, қоссөз, қос тіл).

Императивтік немесе әміршіл ортақтасу - өз ортақтасу серігінің тәртібі мен іс-әрекетіне бақылау жасау мақсатындағы әсер етудің авторитарлық, директивтік формасы. ортақтасу партнері тек әсер етудің нысанасы, пассив ретінде қарастырылады. Императивтің ерекшелігі, партнерды бағындыру жөніндегі негізгі мақсатының жасырынбай айқын көрініп тұратындығында. Әсер етудің құралдары ретінде бұйрық, талап, әмір, тиым салу, нұсқау пайдаланылады (Отыр! Тұр! Әкел!). сонымен, әміршіл ортақтасу - басқаны өзіне қажетті белгілі әрекетке күштеп бағдарлау. Қоғамдық қарым-қатынастарда императивтік ортақтасудың өз орны бар. Мысалы, әскери қатынастар, төтенше жағдайлардағы бастық-қызметкер қатынастары, қиын-қыстау, злізала, операция кезіндегі қатынастар. осындай салаларда императивтік ортақтасуды пайдалану нәтижелі әрі қолайлы.

Сонымен қатар мұндай ортақтасуды мүлде қолдануға болмайтын салалар да баршылық. Ең алдымен ортақтасудың бұл түрін достар және жұбайлар арасында, ата-ана мен бала арасында, тәрбие мен педагогика саласында пайдалану ыңғайсыз әрі нәтижесіз.

Бұйрық, тим көмегімен ұстаздармен ата-аналар балаға өз сөзін өткізе алады. Бірақ ол сөздерді бала тек сырттай қабылдап орындайды. Бала өз еркімен қабылдамаған соң, оның құлағына құйған үлкендердің ережелері, қағидалары, қоғамдық нормалары санасының тез жойылып кететін мазмұны болмақ. Бұйрық түрінде берілген тілектер баланың ішкі құндылығы бола алмайды.

Маникуляция, алдап - арбау ортақтасу – жиі кездесетін тұлғааралық ортақтасу түрі, ортақтасу партнерін өзінің жасырын ниетіне бағындыруды көздеген іс - әрекет. Өз мақсатына жету үшін манипулятор ортақтасу партнерін нысана ретінде қарастырады.

Манипуляциялық ортақтасу – басқаны өз мақсатын жасырып өзіне қажетті іс - әрекетке баулу.

Императив пен манипуляцияның ұқсастығы екеуінің мақсаты бірдейлігінде: яғни, қатынас серігінің ой мен бойын билу, бақылау. Айырмасы: манипуляциялық стильде шынайы мақсат жариялан – байды, жасырылады не ауыстырылады.

Алдап – арбау ортақтасуының қоғамдағы ресми орны – бизнес, сауда – саттық, іскерлік, насихат, оқыту болып табылады.

Оқыту барысында (тәрбиелеуде емес!) сабақты қызықты өткізу, оқушының назары мен ынтасын көтеру үшін манипуляцияны пайдалануға болады.

Арбаушылық барысында қатынас серігі жеке тұлға ретінде емес, тек манипуляторға керек қасиеттердің иесі ретінде қарастырылады. Мысалы, манипулятор мейірімді адамның мейірін, әлсіздің әлсіздігін өз мақсатында пайдалануға тырысады. Арбаушы өз арбаушылығының құрбаны болып қалады. Өзін өзі бір тұтас тұлға ретінде емес, кейбір рөлдердің орындаушысы ретінде қабылдап жалған ниеттер мен мақсаттарға бас ұрады. Манипуляторды сипаттайтын қасиеттер: өтірік, зерігу, сезімдердің қарапайымдылығы, өзін қадағалау, өзіне де, басқаға да сенбеушілік.

Диалог ортақтасуы. Бұл – тең құқықтық субъектілердің арақатынасы, ортақтасу мақсаты - өзін-өзі және өзгені тану, білу, дамыту. Жоғарыда аталған арақатынастардан негізгі айырмашылығы – эгоцентризмнен, өзіндік ұстанымнан альтуризмге, өзгеге, басқаға бағытталған ұстанымға көшу. Бұл ортақтасу үрдісінде екі дауыс, екі пікір естіледі, бұл субъект- субъект қатынасы.

4. Диалог ортақтасуының ережелері:

1. Сұхпаттасушының және өзінің көкейкесті күйін ескеру, “осы жерде – осы сәтте” қағидасын басшылыққа алып арақатынас жүргізу, дәл осы кездегі сезімдерін, тілектерін, психологиялық халдерін назарға алу.

2. Ортақтасу серігінің тұлғасына баға бермеу, алдын – ала оның ниеттеріне сену, біріне – бірі сенімділік білдіру.

3. Сер ікті өзіне тең, өзіндік пікірі мен шешімі бар тұлға деп қабылдау.

4. Шешілмеген мәселе мен сұрақтар ортақтасу мазмұны болуы керек (ортақтасу мазмұнын мәселелендіру).

5. Сұхбат адамның өз атынан жүргізілуі керек, біреудің пікіріне сілтемей, өзінің сезімдері мен тілектерін білдіруі қажет.(персоналандыру).

Диалог ортақтасуы қатысушылардың өзара түсінушілігін тереңдетіп, бірінің жан байлығын бірі көбейтуге, әрқайсысы өз - өзінің ашылуына жағдай жасайды. Осы типтегі ортақтасуды іске асыру үшін қажетті өмірлік шарттар және қатысушылардың ішкі дайындығы керек. Оқушылармен қалай сөйлесу керек? Олардың сұрақтарына қалай жауап қайтару керек?

Біріншіден, шыдамдылықпен сұрақты соңына дейін тыңдау. Көбінесе, адамдар сұрағы анық қой деп, сұхбаттасушыны тоқтата салып жауапқа кіріседі. Сұрақты дұрыс түсінуде кішкентай ғана күмән пайда болса, қайталап анықтап алған жөн болар (“Кешір мен онша түсінбей тұрмын”, ”Мен дұрыс түсінсем...”). Кейінгіге қалдырмай (“бұл келесі сабақтың тақырыбы”) міндетті түрде шәкіртке жауап беру керек.

Екіншіден, жауап сұрақтан неғұрлым кең болып, қойылған мәселені жаңа қырынан көрсетуі тиіс. Маңызы бар сұрақ қойып тұрған шәкіртті ренжітпеу үшін асығыс жауап беруге де болмайды.

Үшіншіден, оқушылар кейде сұрақты дәлме – дәл жауап алу үшін ғана қоймайды. Сұрақты өзінің ойлау қабілетін, білім деңгейін көрсету үшін де қояды. Мұғалімнен көмек күткен баланың сенімін ақтап, ашық әңгімеге жадай жасау қажет.

Ортақтасу - өте күрделі феномен. Оның әртүрлілігі көптеген функцияларына тәуелді, ал көп қызметтілігі (многофункциональность) жеке адам мен қоғам өміріндегі орны мен мағынасына байланысты.


5. Ортақтасудың ішкі құрылымы да өте күрделі, он шартты түрде үш жата бөлуге болады: коммуникация, перцепция, интеракция. Біртұтас, ішкі бірлігі бұзылмас процесті біз ғылыми мақсатта, терең және жанжақты талдау үшін үшке бөлеміз. Естен шығармайтын жайт: тіршілікте арақатынас – біркелкі, бұзылмайтын процесс.

Коммуникация – арақатынас партнерлерінің бір-бірімен ақпарат алмасуы, білімді, идеяны, пікірді, сезімді беру мен қабылдау үрдісі.

Интеракция - тұлғааралық қимыл ұйымдастыру, қатысушылардың өзара қозғалыс пен әрекет алмасуы.

Перцепция - адамдардың бірін бірі тануы мен тәрбиелеуі негізінде құралатын белгілі тұлғааралық қатынастар.

### Ортақтасудың құрылымы



#### Бақылау сұрақтары:

- 1.Топтағы адамдардың өзара қарым – қатынас түрлері.
- 2.Қарым – қатынастың мән – жайын зерттеу тәсілдері.
3. Ортақтасу туралы жалпы түсінік
4. Ортақтасу формалары
- 5.Ортақтасудың қызметтері,түрлері.

### 13-лекция

**Тақырыбы:** Ортақтасудың коммуникациялық жағынан сипаттамасы

- Жоспары:**
- 1.Тұлғааралық қатынастағы кері байланыс
  - 2.Коммуникациялық кедергі туралы түсінік
  - 3.Коммуникациядағы ықпалдау
  4. Ақпарат алмасудың сөздік және бейсөздік деңгейлері.
  5. Ортақтасу барысында тиімді тыңдау техникасы туралы.
  6. Тиімді тыңдаудың түрлері.1.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ортақтасудың коммуникациялық жағының сипаттамасымен, коммуникациялық кедергілермен,коммуникациялық ықпалдаумен,ақпарат алмасудың сөздік және бейсөздік деңгейлерімен, тиімді тыңдаудың техникасымен, түрлерімен таныстыру.

#### Лекция мәтіні:

**1.** Ортақтасу барысында адамдар әртүрлі идеялармен, көңіл-күйлермен, сезімдермен,қызығушылықтармен алмасып тұрады. Осының барлығын ақпарат деп қарауға болады. Бірақ адамдар арасындағы алмасуды техникалық құралдардың

апарат алмасуымен шатастырмау керек. Тұлғааралық коммуникацияның өзгешіліктері: кері байланыс, коммуникациялық кедергілер, коммуникациялық ықпал, сөздік және бейсөздік деңгей.

### 1.Тұлғааралық қатынастағы кері байланыс

Ортақтасу барысында апарат бір (коммуникатор – ақпарат беруші) екінші адамға (реципиент- ақпарат алушы) тек беріліп алынбайды, алмасады. Сондықтан ортақтасудағы ақпарат алысу – тікелей ары-бері ауысу ғана емес, бұл процестің негізгі мақсаты белгілі жағдайдың не мәселенің жалпы мағынасын анықтау, ортақ көзқарасты белгілеу мен келісімге келу.

Осы міндетті шешу үшін тұлғааралық ортақтасу барысында кері байланыс механизмі қызмет етеді. Бұл механизмнің мәні: тұлғааралық коммуникацияда апарат алмасу екі есе көбейеді, коммуникатордан реципиентке өткен ақпарат тың ішкі мағынасымен қатар реципиент коммуникатордың ақпаратына,оның тәртібіне қалай қарайтыны, қалай бағалайтыны жөнінде мәліметтер береді.

Кері байланыс дегеніміз – **коммуникатордың әрекетіне реципиенттің реакциясы туралы берілетін ақпарат**. Кері байланыстың мақсаты – ортақтасу серігіне оның мінез- құшлықтары өзгелер жағынан қалай қабылданып, сезіліп тұрғанын түсінуге көмектесу болып табылады.

Кері байланыс түрлері: тікелей және жанама. Тікелей кері байланыс кезінде **реципиенттің сөйлеушінің құлқына реакциясы ашық** түрде көрініс алады. Мысалы, тікелей сөйлемдер “Сен айтып тұрған нәрсе маған ұнамайды”, “Не деп тұрсың, түк те түсінбей жатырмын. ”Не болмаса, тікелей қуаныш, ашу, ыза, мұң сезімдерін айқын көрсететін ым-ишаралар. Тікелей кері байланыс реципиентті коммуникатор түсінуі үшін қолайлы жағдай жасап, ортақтасуды тиімді нәтижелі етеді.

Кері байланыстың жанама түрі – психологиялық ақпаратты ортақтасу **серігіне жасырын, астыртын жеткізу** жолы. Ол үшін неше түрлі риторикалық сұрақтар, кекетулер, қатынас серігі күтпеген эмоциялық реакциялар пайдаланылады. Коммуникатор реципиенттің өзіне қарасты әсері, қатынасының шынайы сипаты туралы өзі ойлап жетуі керек. Сөйлеушінің ойлаған сезімдері мен пікірлері үнемі дұрыс бола бермегендіктен ортақтасу барысы да, ақпарат алысу да белгілі дәрежеде күрделене түседі.

Сонымен, психологиялық кері байланыс – тұлғааралық коммуникацияның алғашқы ерекшелігі.

### 2.Коммуникациялық кедергі туралы түсінік

Коммуникация барысында ортақтасуға қатысушылардың мақсаты тек ақпарат алысу емес, сол ақпаратты қатынас серігінің мүмкіндігінше дұрыс қабылдап түсінгені. Коммуникатордан реципиентке түсетін мәлімдемелерді жору тұлғааралық коммуникацияның жеке мәселесі ретінде қарастырылады.

1.Мәлімдеменің құрылысы мен мазмұны коммуникатордың жеке тұлғалық қасиеттеріне, оның реципиентке қалай қарайтыны, ортақтасу өтіп жатқан жағдайларға тәуелді болады.

2. Коммуникатор жіберген мәлімдемелер тұрлаусыз болады: олар реципиенттің жеке психологиялық өзгешеліктеріне, оның сөйлеушіге, сөз мағынасы, ортақтасу жағдайына деген қатынасы орай өзгереді. Мысалы, бастығынан не ұлынан бірдей сөз естіген адам екі түрлі сезімге бөлінеді. Бастығының сөзін ілтипатпен тыңдаса, ұлының дәл сон дай сөзін бір шәкіртті насихат ретінде қабылдаса, екінші құлаққа ілмейді де. Бір телебағдарламаны әркім өз саяси көзқарасына, мәдени дәстүрлеріне, рухани құндылықтарына қарай әртүрлі бағалайды.

Ақпаратты дұрыс қабылдау неге байланысты, тәуелді? Негізгі себеп-ортақтасу процесіне коммуникациялық кедергілердің болуы не болмауы. Коммуникациялық кедергі – қатынас серіктері арасында дұрыс ақпарат беру жолындағы психологиялық

тосқауылдар. Кедергі пайда болған кезде ақпараттың алғашқы мәні не өзгереді, не жоғалады, не мүлдем реципиентке жетпейді.

Коммуникациялық кедергілердің түрлері: Түсініспеушілік кедергісі әлеуметтік – мәдени айырмашылық кедергілері қатынас кедергілер.

Түсініспеушілік кедергі : фонетикалық, семантикалық, стильдік, логикалық.

Фонетикалық кедергі адамдар әр түрлі тіл де, диалектте, не сақаланып сөйлегенде пайда болады. Сөйлеушінің тілі реңкі жоқ, тез, жаңылтпаш, қажетсіз сөздерге толы болған кезде де, түсініспеушілік кедергісі туындайды.

Мысалы, орыс тілін білмейтін адам Ресейде, бірінің тілін бірі ұқпайтын жолаушылар түсініспеушілік кедергісіне тап болады. Мысалы, Оңтүстіктегі қазақтар “сым” дегенде шалбарды елестетеді. “Тамаша” әртістері осы психологиялық кедергілерді жиі пайдаланады.

Бұндай кедергілерді жою жолы - тілдің сапасын, жылдамдығын ретке келтіру, шешендік өнерді игеру.

Семантикалық кедергілер жаргон және слэнг мәселесі мен тығыз байланысты. Ортақтасуға қатысушылардың өзіндік шағын мәдениеттерінде ұғымдар мен құбылыстардың ерекше мән-мағынасы болады. “Сұлулық”, “борыш”, “тәртіпшілік”, құндылықтарының әр микротоптық әртүрліше қабылдап түсінеді. Мысалы, Әміршіл бастық бағынушылардың үндемей көнгенін таласа демократияшыл тетекше қол астындағылардың сөз еркіндігін қолдайды. Шашы ұзын жігіттер хиппи сұлу болып саналса, қазақ ауылында оларды күлкіге айналдырады. Ортақтасу барысы нәтижелі болу үшін өзгелердің семантикалық тосқауылдарда, бірін-бірі түсініспеушілікке жол бермейді.

Тұлғааралық коммуникацияны нәтижесіз, тиімсіз ететін кедергінің келесісі-стильдік тосқауыл. Стильдік кедергі – коммуникатор мен реципиенттік тілдік стильдері бір-біріне не тілдің стилі ортақтасу жағдайына, реципиенттік көңіл- күйіне сәйкес келмеуі. Мысалы, балаларға, аспиранттарға лекция оқығанда бірдей тақырып болса да, екі түрлі тіл стилі қажет болады. Қайғырып не қуанып тұрған адамға бір ақпаратты әртүрлі мәнерде айтуға тура келеді. Коммуникатор неғұрлым сезімтал болса, соғұрлым оның мәселесі реципиенттік дұрыс дәрежеде жетеді.

Логикалық кедергілер – Сөйлеушілер мен тыңдаушының қабылдау логикасы, дәлелдеу жүйесі әртүрлі болғанда пайда болатын. Қоғамда логикалық жүйелер өте көп. Мысалы, балалар логикасы, әйелдер мен ерлер логикасы, басшы мен бағынушылар логикасы, т.с. Кейде коммуникатордың дәлелдері реципиент үшін қиын да күрделі болса, кейде түсініксіз болады. Өз сөзін тыңдаушыға жеткізу сөйлеуші дәл сол жағдайда сәйкес дәлелдерді пайдаланса, мақсатына жетеді.

Әлеуметтік-мәдени айырмалар кедергілері, Әлеуметтік саяси діни көзқаратарға, жынысына, жасына, мамандығына байланысты болады. Осындай жәйттерге ортақтасу барысындағы түсініктер мен ұғымдарды, сөйлеушінің бейнесін қабылдау тәуелді. Мысалы, тыңдаушы жасы мен әлеуметтік статус жоғары адамның сөзін ешқандай кедергісіз қабылдаса, беделі төмен кісінің сөзін елемей мүмкін. “Мына не деп былшылдап тұр?” - әйелдің рас болса да оларды құрметтейтін адамның, “Әкесі тұрып бала сөйлесе...”- жастардың ақыл-ойын менсінбейтін кісілердің пікірі емес пе?

Қатынас кедергісі- Коммуникаторды жақтымайтындықтан оның мәлімдемесі де қарсы қабылдау, сенімсіздік сенімін туғызатын коммуникатордың сөзіне күдікпен қарау.

Кез-келген психологиялық кедергі-ақпарат қабылдау жолында құрылатын реципиенттің өз-өзін қорғауы. Психологиялық қорғаныстың

- 1-жолы – ақпаратты дұрыс қабылдамау не бұрмалау, қарсы пікірлерге көңіл бөлу;
- 2-жолы-ақпараттың қайнар көзінің құнын төмендету;
- 3-жолы- түсінбеу.

Мысалы, Семіз адам өзін қалай қорғайды?

1-семіздік денсаулыққа зиян деушілер қателеседі, семіз адам – мейірімді болады деген пікір дұрыс.

2-семіріп кетіпсіз деген дәрігер жас қой, не біледі ол өзі.

3-менің көршім мененде семіз ғой, бәле де болмай жүр.

### 3. Коммуникациядағы ықпалдау

Коммуникативтік кедергілердің себебі неде? Неге адамдар өзінің ақпаратынан алшақтайды? Реципиентке арналған кез-келген ақпараттар мазмұнының астарында оның тәртібінде, ахуалына, сезімдеріне, пікірлеріне, талап тілектеріне толық не жартылай өзгерту мақсатында ықпал етіледі. Ол бұл жағынан алғанда, коммуникациялық кедергі дегеніміз - ақпарат алмасу кезіндегі өзгенің психикалық ықпалынан психологиялық қорғану түрі.

Коммуникациялық ықпалдау шарттары мен түрлерін талдасқан, оның екі типін анықтаймыз коммуникатордың реципиентке жасаған әсерінің мақсаты мен құралдарына орай әміршіл және диалогтық коммуникация типтеріне бөлінеді .

Екі типтің айырмашылығы коммуникатордың ұстанымына, мәтінінің сипатына, коммуникациялық кеңестікке, кеңістіктің ұйымдастыруына, бейсөздік тәртіпке орай анықталды.

Психологиялық ұстаным автордың коммуникациялық стилін белгілейді. Әкімшілік ықпал етуде “Жоғарыдан-төменге” ұстанымды, диалогта – “тепе-тең ” ұстанымы жүзеге асады.”Жоғарыдан – төменге” ұстанымдығы коммуникатор үшін реципиент бағынышты халде болып, тек еріксіз тыңдап, коммуникатордың сөзін сынсыз қабылдауы керек. Осы бағыттағы коммуникатордың пайымдауынша, реципиенттің өз пікірі жоқ, бар болса да оны коммуникаторға қажетті бағытта өзгерте салады.”Теппе-тең” ұстанымды тыңдаушы коммуникатор жағынан ортақтасудың белсенді, өз пікірін қорғай алатын мүшесі ретінде қарастырылады.

Коммуникатордың сөздерінің мазмұнына, мәтінінің құрылысына қарай да реципиенттің ахуалы не тәуелдікке, не белсенділікке бағытталады. Әкімшіл коммуникация кезінде мәтіннің сипаты жалпылама, бір жақты болып, текст авторының көзқарасы ғана дұрыс деп саналады. Мәтін таңдаушыға емес, керісінше, таңдаушы мәтінге бағынышты болады. Коммуникатор өз пікірін ашық түрде айтпайды, өзгелердің ойларына сілтеме жасай салады (“осындай көзқарас бар”, “бұл белгілі жәйт”, “әдеттегідей”).

Диалог кезінде коммуникатор өзіндік ой – пікірді жасырмайды, өз атынан сөйлейді, жалпылама сөздерден қашқақтайды. Мәтін қатып қалған аксиома емес, әртүрлі шешімі белгілі бір мәселе ретінде көрсетіледі мәтін мазмұны тыңдаушыға бейәмделіп дискуссиялық сипатта беріледі. Мәтін таңдаушыға бағытталғанын “Сөз - ұстанымы” дәлелдейді (“Сізге белгілі...”, “Сіз қалай ойлайсыз...”, ”Бірге қарастырайық...”).

Әкімшіл коммуникатор реципиенттерге дауыс бермейді, олар тек таңдауы шарт (манафония – бір пікір = дауыс). Диалог коммуникациясы о бастан таңдаушылардың мәселені талқылауға мүмкіндігі, құқығы бар екендігін мойындайды.

Коммуникациялық кеңістікті ұйымдастырғанда әкімшіл түрінде реципиенттер тек лекторды ғана көруге рұқсат, диалог коммуникациясы олар бірін-бірі және коммуникаторды көре алады.

Коммуникатордың қимылдары, ми-ишаралары әкімшіл жағдайларды тыңдаушыларды басуға, бағындыруға арналған: Мін берілді тұрып сөйлеу, мекрофонды, жұдырықпен сұқ саусақты, жабық позаларды пайдаланады.

Бұған қарама-қарсы диалог коммуникациясы кезінде ашық қимылдар мен ым-ишаралар, екен позалар жүзеге асады, коммуникатор реципиентпен бір деңгейде болып тең адамдар әңгімесін жүргізеді.

Бірақ диалог коммуникациясы ең жақсы, ең заманауи, ең қоректі деген жалған түсінік қалыптастыруына жол бермеген жөн. Қажетті мезгілде әкімшіл коммуникациясы да тиімді бола алады. Мысалы, әскери, соғыс төтенше жағдайларда. Әкімшіл ықпалы тез арада жеке адамдарды бір міндетті жұмылдырса да, олардың жеке тұлғалық қасиеттеріне, психикалық құрылысына (пікірлеріне, ұстамдарына) қатты әсер етпейді. Диалог керісінше, тыңдаушының тұлғалық құрылысына тікелей әсерін тигізіп оларды өзгерте алады.

4. Тұлғааралық коммуникацияның тағы да бір ерекше сипаты оның екі деңгейлі құрылымы. Ортақтасу барысында апарат алмасу сөздік және бейсөздік деңгейлерде өткізіледі.

Сөз деңгейінде ақпарат алысуының негізгі құралы – сөз, тіл болса бейсөздік деңгейде сөзден басқа коммуникация белгілері қызмет көрсетеді.

Бейсөз тәсілдер адамның эмоциялық реакцияларының айнасы ретінде оның ортақтасу барысындағы көңіл – күйін түсінуге жәрдемдеседі. Ортақтасу кезінде олардың орны мен мәні өте биік.

Бейсөз құралдарға оптикалық-кинестетикалық, пара–және экстралингвистикалық, проксемикалық, визуалдық жүйелер жатады.

Кинесика – оптикалық – кинестетикалық жүйе, **оң адамның қолының** (ишара -жест), **бетінің** (ым - мимика), **денесінің** (пантомимика) **қимылдары** құрайды. Арнайы зерттеулер нәтижесінде беттің 20000 қимыл анықталған екен. Сонда адам бетін үш салаға бөліп: (қас пен көз), мұрын, ауыз және ерін, олардың қимылына байланысты адамның негізгі алты сезімін білдіруше болатыны анықталған.

Мысалы, келіскенде не келіспегенде біз басымызды, ұрысқанда не мақтағанда қолымызды, амандасқанда не қоштасқанда денемізді басқаша қимылдатамыз. Соған арапта адамның қай мәдениетке жататынын белгілеуге болады.

Акустикалық жүйеге паралингвистика және экстралингвистика жатады. Паралингвистика – бұл **коммуникатор дауысының сапасы**: тембрі, ырғағы, қаттылығы, жылдамдығы, интонациясы, логикалық екпіні. Экстралингвистика – бұл **дауыстың** өзі емес, оның **айналасындағы құбылыстар**: сөйлескенде жөтел, күлкі, пауза, жылау т.с.с. Сөз болмаса да бұлардың коммуникациялық мағынасы зор. Сондықтан коммуникацияның акустикалық әдістерінің мәнін танып – білу, оларды тиімді пайдалану ортақтасу барысын нәтижелі етеді.

5. Бейсөз жүйенің ішінде коммуникацияның кеңістігі мен уақытын ұйымдастыру (проксемика – **кеңістік психологиясы**) үлкен рөл атқарады. Бетпе – бет сөйлесушілер өз мақсатына тез жетеді, ал адамның артынан бақырып – шақырған нәтижесіз қалуы мүмкін.

Кеңістік пен уақыттың әртүрлі үйлесімі күтпеген жерде керемет психологиялық құбылыстарға жол ашады. Мысалы “аурухана палатасы”, “вагон купесі” хронотроптары. Бір купедегі пассажирлер, бір палатадағы аурулар тар кеңістікте бір уақытта тығыз байланыста болғандықтан, ешкімге айтпаған жан сырларын бір – біріне ақтарып салатыны – жантанушыларды қызықтыратын психологиялық құбылыс.

Бейсөз құралдар сөз коммуникациясына маңызды қосымша болып, тұлғааралық ортақтасуды байытады. Олар сөз әсерін не күшейтіп, не әсерлетіп тұрады. Олар ортақтасуға қатысушыларға бір – бірінің ниеттерін айқындауға, коммуникация барысының айқын болуына көмектеседі.

Жоғарыда айтылғанды қорытсақ, тұлғааралық коммуникацияның ерекшеліктері: түрлері сөз болды. Тиімді коммуникацияның маңызды шарттары: нәтижелі кері байланыс, коммуникациялық ықпалдың ортақтасу міндеттеріне сәйкес болуы, коммуникациялық кедергілердің жоқтығы. Бейсөз ортақтасу – тиімді коммуникациялық алмасудың шартты екені даусыз.

6. Нәтижелі тұлғааралық коммуникацияның тағы бір психологиялық шартта – ортақтасу серіктерінің тиімді техникасын меңгеру. Бір қарағанда өзара жақын “есту”, “тыңдау” ұғымдары ортақтасу кезінде мағынасының айырмасын білдіреді. Адамдар бірін – бірі естіп тұрып тыңдамайды. Сондықтан, ғылыми тұрғыдан **тиімді және тиімсіз тыңдау** туралы айтуға әбден болады.

Тиімсіз тыңдаудың жәйттері:

- сөйлеушінің сөзін, сезімін дұрыс ұқпау,
- сөйлеушіде оны естімегендей түйсік туғызу,
- сөйлеушінің мәселесін өзіне ыңғайлап ауыстыру,
- сөйлеушінің сөзін күлкіге айналдыру, маңызсыз деп табу,
- талқылаған мәселенің дұрыс шешімін таба алмау,
- өзара түсініспеушілікті дамытпау,
- өзара сенімділікті орнатпау.

Тиімді тыңдау - бұл тұрақты зейінді, қызығушылықты, өзгенің мәселесін беріліп қабылдауға дайындықты талап ететін күрделі ерікті құбылыс. Тиімді тыңдаудың екі түрі бар рефлексикалық және бейрефлексикалық.

Рефлексикалық тыңдау – сөйлеушіге тек эмоциялық демеу емес, ол белгілі мәселені шешуге араласқан кезде пайдаланады. Бұндай жағдайда тыңдаушы кері байланысты сөз арқылы жеткізеді. Тыңдаушы әңгіме тақырыбы бойынша ашық және жабық түрдегі сұрақтарды қояды, сөйлемдердің мәнін анықтау үшін қайталайды (парафраз), қорытады, түйіндейді.

Бейрефлексиялық тыңдау, басқаша сөзбен айтсақ – зейінді үнемдеу, сөз айтылмай тек бейсөз тәсілдерді (бас изеу, бет және көз қимылы) белсенді қолдану арқылы сөйлеушіге мәселені айта бастағанда, ішкі толқуларын сыртқа шығаруға асыққанда өте орынды тәсіл. Бейсөз тәсілдерге кейде “иә”, “е-ей”, “а-а”, не соңғы сөздерін қайталау (“айна” тәсілі) қосылады.

Қысқасы, ортақтасу мақсатына жету үшін тиімді тыңдау техникасын игеру қажет.

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1.Тұлғааралық қатынастағы кері байланыс
- 2.Коммуникациялық кедергі туралы түсінік
- 3.Коммуникациядағы ықпалдау
4. Ақпарат алмасудың сөздік және бейсөздік деңгейлері.
5. Ортақтасу барысында тиімді тыңдау техникасы туралы.
- 6.Тиімді тыңдаудың түрлері.

### **14-лекция**

**Тақырыбы:** Ортақтасудың перцепциялық жағының сипаттамасы (Ортақтасу адамдардың өзара тануы мен түсінуі ретінде)

#### **Жоспары:**

1. Әлеуметтік перцепция туралы түсінік.
2. Әлеуметтік перцепцияның қызметтері.
3. Әлеуметтік перцепция механизмдері.
4. Алғашқы әсер қалыптасуының типтік схемалары.
5. Әлеуметтік стереотип туралы түсінік.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді әлеуметтік перцепция туралы және оның қызметтерімен, механизмдерімен, алғашқы әсер қалыптасуының типтік схемаларымен, әлеуметтік стереотип туралы түсініктерін қалыптастыру.

#### **Лекция мәтіні:**

1. Тұлғааралық ортақтасудың пайда болуы мен нәтижелі дамуы оған қатысушылардың, өзін - өзі және өзара түсінуіне байланысты. Адамдар бірін - бірі қалай, қай деңгейде қабылдайды, түсінеді, сезімдері мен қасиеттерін қалай бейнелейді, өзге арқылы өзін қалай таниды, ортақтасу барысы да, ара қатынастары да соған байланысты. Сонымен, бір адамды екінші адамның қабылдауы ортақтасуы міндетті құрамдас бөлігі ретінде шартты түрде ортақтасудың перцепциялық жағы болып аталады. Әлеуметтік перцепция – ортақтасу үрдісінде бірін – бірі өзін - өзі тану мен түсіну.

Бақылаушы бақыланушыны көргенде сыртқы физикалық сипаттарын қабылдайды. Ең алдымен сыртқы түрін (дене мен киім пішімін) және тәртібін (қимыл – қозғалысын) бағалайды. Сыртқы сипаттамасына қарай бақыланушының ішкі қасиеттері туралы да тұжырым жасайды. Бақылаушы өзі берген бағаға орай бақыланушыға белгілі көзқараста болады, оған деген ішкі эмоциялық қатынасын (ұнайды – ұнамайды) орнықтырады.



Бақылапушы бақылаушының сыртқы түріне қарай оның психологиялық қасиеттерін таразылап, одан не күтуге болатынын алдын – ала болжап, ол адамға қатысты өз іс әрекетін белгілейді.

2. Әлеуметтік перцепция құрылымы - адамның сыртқы келбетін қабылдау арқылы оның тұлғалық, психологиялық ерекшеліктерін бағалау, таңдау және оған орай өз эмоциялық қатынасын анықтау, соның негізінде бақыланушының іс -әрекетін болжау. Назар алатын жәйт: Сыртқы бейнесіне қарап біз бақыланушының ішкі дүниесін “оқып”, түсінгендей боламыз, оған байланысты өзіміздің сезімдеріміз арқылы іс- әрекетімізді анықтаймыз. Жалпы айтқанда, әлеуметтік перцепция барысында өзгеге эмоциялық баға беріледі де, оның әрекеттерінің себептерін түсінуге тырысамыз, тәртібін алдын – ала жоспарлаймыз, өз тәртібіміздің бағытын белгілейміз.

### 3. Әлеуметтік перцепцияның қызметтері:

- өз - өзін тану.
- ортақтасу серігін тану.
- түсіну негізінде өзара іс - әрекет ұйымдастыру.
- эмоциялық қатынас орнату.

Әлеуметтік перцепцияның барысын зерттегенде екі аспекткезге түседі. Біріншісі қабылдау субъектісінің психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерімен байланыста болса, екіншісі тұлғааралық механизмін талдаумен байланысты.

Адамдар бірін – бірі қабылдағанда, бағалағанда олардың жасына, жынысына, ұлтына, мамандығына, жеке мінездемесіне орай өзгешеліктер байқалады. Мысалы, жасына қарай. Балалар алдымен адамның бет қимылдарына қарап бағалайды. Ересектермен салыстырғанда, балалар көбіне сыртқы белгілерге (киім, көзәйнек, шаш) бейімделген.

Ортақтасу психологиясы қабылдау объектісінің де психологиялық қасиеттерін зерттейді. “Анасына қарап қызын ал” мақалы әлеуметтік перцепцияның бір көрінісі.

### 4. Әлеуметтік перцепция механизмдері

Ортақтасу барысында өзін - өзі, өзгені білу және тану механизмдеріне идентификация, эмпатия, аттракция, рефлексия жатады.

Идентификация - өзгенің орнына өзін қойып, оның ішкі дүниесін түсіну, өзгені тану тәсілі, өзін өзгеге ұқсату. Идентификациялану барысында өзгенің құндылықтары, мінез құлықтары, әдеттері өз бойына сіңіріледі. Идентификация, әсіресе, жасөспірімдерге тән құбылыс. Өздері идеал, кумир ретінде таңдаған кісі ( олардың ой бойынша) не істесе, бұлар да өз іс - әрекетін соған ұқсатуға тырысады. “Оның орнында болсам, мен не істер едім?” сұрағына жауап іздейді. Кішкентай қыз ойнағанда өзін мамасына теңестіреді, анасы қалай сөйлесе, сондай дауыс ырғағымен бұл да қуыршағымен сөйлеседі. “Болмасанда ұқсап бақ” деген мақал соның дәлелі болар. Эмпатия – эмоциялық түсіну, өзгенің ішкі жағдайын өз сезімдері арқылы қабылдап білу. Эмпатияның негізінде жатқан жәйт - өзгенің ішінде не болып жатқанын, ол не сезіп тұрғанын, дүниені қалай бағалайтынын дұрыс елестетіп білу. Эмпатиясы жоғары дамыған адамның айырмашылығы – бір оқиғаны әр адам әртүрлі қабылдайтынын, солай қабылдауға мүмкіндігі, құқығы бар екенін мойындауында. Эмпатия, ортақтасу серігімен эмпатиялық қарым – қатынас құру – психологтардың, психологтардың, әлеметтік қызметкерлердің маңызды кәсіби қасиеттерінің бірі. Эмпатиялық қабілеттерді дамыту адами ортақтасуымен тікелей шұғылданатын мамандардың басты міндеті болып табылады. Мұндай қабілеттер психологиялық машықтар арқылы шынығады.

Аттракция - өзгені танып білудің ерекше түрі, ол өзгеге қатысты тұрақты жылы сезім қалыптастыруға негізделген. Ортақтасу серігін жақсы түсінуге, оған қарай достық не сүйіспеншілік сезімдеріне негізделген қарым – қатынас себеп болуы даусыз.

Әлеуметтік рефлексия - ортақтасу барысында өзін - өзі тану механизмі. Ортақтасу серігі мен танып – білуі туралы білім, өзге адам мені қалай қабылдайтынын (“сен мені қалай білетініңді мен білемін”) елестету қабілеті *әлеуметтік рефлексия* деп аталады. Басқа адамдармен байланысы неғұрлым көп болса, басқалар туралы елес мол болса, өзіне басқалар қалай қарайтынын талдай алса, соғұрлым адам өзін терең танып біледі. Өзгелерге

өзін аша білу - өзіндік танудың шарты. Ортақтасу барысында басқаларға өзіміздің ішкі дүниемізді аймара ашқан кезде өзіміз де өз жанымыздың байлығына сүңгіміз. Сондықтан, “өзінді білу үшін өзгеге ашыл” ережесін пайдалануға болады.

Әр адамның өзгелердің іс- әрекеттерінің себебін түсіндіретін әдеттенген тәсілдері болады.

Тұлғалық атрибуция - Әр оқиғаның себепшісін әр жағдайға нақты кінәлі адамды іздеп табатындардың тәсілі.

Жағдайлық атрибуция – Нақты адамды емес, жағдайды кінәлайтындардың тәсілі

Стиmulдық атрибуция- Адамның өзін, заттың өзін кінәлайтындардың тәсілі.

Бірін – бірі көптен білетін адамдардың қарым – қатынастарын сызбалау қиынға түседі, ал алғашқы кездесу кезіндегі әсерлерді бір сызбаға келтіруге әбден мүмкін. Адамдар бір – бірімен танысуының басында өзгенің қылықтары мен сезімдерін қабылдағанда, өздерінің өткен өмірде қалыптасқан стереотиптерінің рөлі үлкен.

Артықшылық факторы әлеуметтік қабылдаушының механизмі ретінде ортақтасу серіктері тең болмаған жағдайларға тән.

Ұнамдылық факторы қабылдаушы қабылданушының сыртқы сұлулығын басқа тұлғалық қасиеттеріне де таратуымен байланысты. Әдетте адамдар келбетті әдемі, беті сұлу адамның ішкі дүниесі де әсем, керемет деп санайды. Бойы ұзын, иығы кең жігіттерді, батыл, сенімді, жеңімпаз деп қыздар ұнатып тұрады. Керісінше, бет - әлпеті келіспеген адамды ұнатпау кең тараған.

Бақылаушыға қатынас факторының қайнар көзі - басқалардың оған деген қарым – қатынасының сипаты. Бізбен жақсы қатынас орнатқан кісінің ақылын, ісін жоғары, ал бізді менсінбейтін, не жек көретін адамның іс - әрекетін де , мінезін де төмен бағалаймыз. Үшінші сызбаның қателігі - өзін жақсы көретін адамды жоғары бағалау. Мысалы, “біздің ауылымыздың адамдары сұлу”, “мені сүйгенді сүйемін”, “маған қарсы шыққандар - жаман адамдар”.

Сонымен, алғашқы танысудың механизмі: бейтаныс адамды басына белгілі топтың өкілі ретінде, содан кейін жеке тұлға ретінде қабылдау. Алғашқыда топаралық қатынастар басымырақ болады, кейін тұлғалық арақатынастар іске асады.

### **5. Әлеуметтік стереотип туралы түсінік.**

Өзге адам туралы алғашқы әсер қалыптасуы әлеуметтік стереотипке негізделген. Әлеуметтік стереотип – белгілі әлеуметтік топтардың мүшелеріне тән кейбір құбылыстар мен адамдар туралы қалыптасқан тұрақты бейнелері мен пікірлері, әдеттегі жорамалдар. Әртүрлі әлеуметтік топтар (ұлттық,кәсіби, діни) белгілі факттерге тұрақты түсініктеме береді, заттарды әдеттегіше талдайды.

Кең таралған стереотиптердің қатарына ұлттық, этникалық стереотиптер кіреді. Белгілі ұлттың типтік өкілдерінің сыртқы бейнесі және мінез ерекшеліктері өзгелерге танымал болады. Мысалы, француздардың жеңілтектігі, американдықтардың іскерлігі, ағылшындардың кербездігі басқа ұлттарға танымал. Сонымен, әлеуметтік стереотип құбылыстар мен заттарды әдеттегідей түсініп жору.

Педагогтық стереотиптер және олардың тәлім – тәрбиедегі рөлі туралы әңгіме қозғайық. Стереотиптеу нәтижесінде мұғалімнің санасында мұратты (идеал) оқушының бейнесі қалыптасады. Мұндай шәкірт ұстазының еңбегін жемісті және жеңіл етеді: жақсы оқиды, тәртіп бұзбайды, сөзді екі етпейді, құлақ салады. Осындай оқушыларды мұғалім сүйкімді адам ретінде де жоғары бағалайды.

Ұстаз өзі ғана өз стереотипінің құрбаны болып қоймай, балаға да кесірін тигізеді. Мұғалімнің сөзіне қарап оқушы өзін - өзі де дәл солай қабылдай бастайды. Әу бастан “нашар”, “әлсіз”, “қабілетсіз”, атағына ие болған бала өзін өзі төмен бағалап, кейде жек көруге дейін жетеді. Керісінше, жылы сезім, жақсы сөз , мақтау мен мадақты жиі еститін бала өз күшіне сеніп, үлкендердің үмітін ақтауға тырысады.

Жақсы оқушыға мұғалім өзі байқамай көбірек жәрдем береді. Бірақ “жаман” шәкіртті сүйрелеумен әлекпін деп санайды.

Стереотипке байланысты жаман оқушыны жиі синап таразыласа, жақсы оқушыны жиі мақтайды. Үлгерімі нашарға “тағы да білмей тұрсың”, “сен үнемі ...” жалпылама сөздер дайн тұрады.

Мысалы, әлсіз оқушыға мұғалім үлкен үміт артса, “Күту стереотипі” жақсы нәтижеге де алып келеді.

Әлеуметтік тану процесінің маңызды функциясы – бірлескен іс - әрекеттерді ұйымдастырудың психологиялық негізі ретінде өзара түсінушілікті құру.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Әлеуметтік перцепция туралы түсінік.
2. Әлеуметтік перцепцияның қызметтері.
3. Әлеуметтік перцепция механизмдері.
4. Алғашқы әсер қалыптасуының типтік схемалары.
5. Әлеуметтік стереотип туралы түсінік.

## 15-лекция

### Тақырыбы: ОРТАҚТАСУДЫҢ ИНТЕРАКЦИЯЛЫҚ ЖАҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(ортақтасу барысында өзара әрекет ұйымдастыру)

**Жоспары:**

1. Ортақтасудың интеракциялық жағы.
2. Тұлғааралық өзара әрекет стратегияларының сипаттамасы.
3. Тұлғааралық өзара әрекеттің құрылымы.
4. Дау дамайдың психологиялық құрылымы.
5. Дау-дамай шешілуінің сипаттамасы.
6. Дау-дамайдың қызметтері
7. Дау-дамайдың алдын алу.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ортақтасудың интеракциялық жағымен, тұлғааралық өзара әрекет стратегияларымен, тұлғааралық өзара әрекеттің құрылымымен, дау-дамайдың психологиялық құрылымымен, дау-дамай шешілуінің сипаттамасымен, қызметтерімен, дау-дамайдың алдын-алу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Ортақтасудың интеракциялық жағы - бұл адамдардың қарым-қатынасының белсенді жағын білдіретін шартты ұғым.

Ортақтасу барысында адамдар ақпарат алмасып қана, өзара түсінісіп қана қоймайды, олар іс-әрекеттерін жоспарлайды, бір-бірімен әрекет, қимыл алмасады, өзара әрекеттің түрі мен нормаларын анықтайды. Бұл әрекетке бір сәтте көп адамдардың қатынасуы әркім өзінің үлесін қосуын талап етеді. Бірлескен әрекетте білім және идеялармен алмасу жеткіліксіз, жалпы әрекетті ұйымдастыру, оны жоспарлау да аса маңызды. Ұйымдастыру мен жоспарлауда жеке адам басында пісіп жетілген ойлардың басқаларды әрекетке жұмылдырудағы рөлі зор.

Ендеше, сөз болатын жайт - ортақтасу серіктерінің ішкі мақсаттары, ортақтасуға қай мотивпен қатысатыны, әрекеттің түрлерін таңдағанда қандай мотивті қолданатыны.

#### 2. Тұлғааралық өзара әрекет стратегияларының сипаттамасы

Өзара әрекет жасағанда адамдар әртүрлі мотивтерді мақсат тұтады. Солардың ішіндегі маңыздылары:

- кооперация, жалпы ұтысты көбейту,
- индивидуализм, өз ұтысын көбейту,
- конкуренция, салыстырмалы ұтысты көбейту.
- альтруизм, өзгенің ұтысын көбейту,
- агрессия, өзгенін ұтысын азайту,
- тепетендік, ұтыстардың айырмашылықтарын азайту.

Осы кестеге әлеуметтік өзара әрекетке түрткі болатын мотивтің барлығын енгізе аламыз. Ортақтасудың құралдары, нәтижелері, адамдардың қатынастары қатысушылардың мотивтерінің сипатына тәуелді.

Мақсатына қарай тиімді және тиімсіз ортақтасуды ажыратуға болады. Адамдардың мақсаттары сәйкес келген жағдайда ортақтасу нәтижелі болмақ (кооперация). Ең ұтымсыз мотивтер индивидуализм және агрессия, ортақтасу серігінің қызығушылығы мүлдем назарға алынбағандықтан оның да қорғану стратегиялары коздырылады.

Ортақтасуға қатысушылардың бастапқы әлеуметтік мотивтеріне қарай олардың өзара әрекеттесу барысындағы бес негізгі стратегиясын белгілеуге болады.

- Қарсыласу стратегиясы, өз ұтысын көбейту мотивіне сәйкес. Адам тек қана өзінің мақсатына бағытталып, өзгенің мақсатын есепке алмайды. "Саған емес, маған".
- Қашу стратегиясы, өзгенің ұтысын азайту мотивіне сәйкес. Шынайы өзара әрекеттен қашу, байланыстан бой тарту, өзгенің ұтысын азайту үшін өзінің де мақсатына жетпеу. "Саған да емес, маған да емес".
- Жол беру стратегиясы, өзгенің ұтысын көбейту мотивіне сәйкес. Ортақтасу серігі мақсатына жетуі үшін өз мақсатын құбандыққа салу. "Саған, маған емес".
- Компромисс стратегиясы, ұтыстардың айырмашылықтарын азайту мотивін жүзеге асырады. Шартты теңдік үшін ортақтасу серіктері өз мақсаттарына толық жетпейді. "Саған қанша болса, маған да сонша".
- Ынтымақтастық стратегиясы, кооперация мен бәсскелестік мотивтерін жүзеге асырады. Бірлескен әрекетке қатысушылардың әлеуметтік қажеттіліктерін толыққанды өтеу. "Барлығы саған да, маған да".

Соңғы аталған стратегия өзара әрекеттің тиімділігі, қатысушылардың, көңіл-күйі мен өзара қатынастары жағынан ең, нәтижелі болып келеді. Сонымен қатар, бұл стратегия орындалуы жағынан ең қиыны. Ол қатысушылардан психологиялық біліктілікті, ұнамды психологиялық жағдайды, өзара түсінушілікті, өзгенің ниеттеріне құрметті талап етеді. Адамдарды ынтымақтастық, тәртіпке үйретудің ең тиімді жолы - әлеуметтік-психологиялық машықтар (тренингтер).

Ынтымақтастық - педагогикалық ықпал етудің де тиімді стратегиясы. Бұл жағдайда мұғалім баланы білім алуда өз мақсаты бар адам ретінде қарастырады. Өз мақсатынан бас тартпай тұрып мұғалім баланың тұлғасын зорламай, бағындырмай, өз мақсатына баулап алғаны жөн, Ынтымақтастық, стратегиясы ұстаздың сөзінен де, іс-әрекетінен де, ым-ишарасынан да көрініп тұруы керек. Шәкіртке сұрақ қойғанда, жауап алғанда, өз сезімдерін білдіргенде мұғалімнің ішкі ұстанымы — шәкірттің көзқарастарын, тілектерін құрметпен қабылдауы айдан анық болуы шарт.

### *3. Тұлғааралық, өзара әрекеттің құрылымы*

Ортақтасу серіктерінің өзара әрекет алмасуының қай жақтары маңызды, қай жақтары қосымша роль атқарады? Ортақтасудың интеракциялық жағын зерттеген ғалым Р. Бейлс оны сипаттаудың сызбасын жасаған. Оның пікірінше, тұлғааралық өзара әрекетті 4 категория арқылы сипаттауға болады.

#### **А. Мұғалімнің әрекеті**

1. Оқушының қатынасын, сезімдерінің көрінісін қабылдап, өзінің қатынасын жай түрде түсіндіреді.
2. Оқушының әрекетін, тәртібін қолдайды.
3. Оқушының ойларын дамытады.
4. Оқушының жауабын алу мақсатында өзінің идеяларына негізделген сұрақтарды қояды.
5. Өз идеяларын түсіндіреді, дамытады.
6. Оқушы орындауға тиіс болатын бұйрықтарды, нұсқауларды береді.
7. Оқушыны дауыс көтеріп сынайды, әміршіл стильді пайдаланады.

#### **Ә. Шәкірттің әрекеті**

8. Тек қана оқытушының сұрағына жауап қайтарады, өзінің пікірін білдіруі шектелген.
9. Өзінің идеяларын, сұрақтарын, ұсыныстарын ашық, біддірсіді, өз ойларын еркін дамыта алады.

#### **Өзара әрекет жағдаяты**

10. Өзара әрекетке қатысушылардың бақылаушыға түсініксіз үндемеуі.
4. Дау – дамайдың психологиялық құрылымын екі ұғым: “дау-дамай жағдаяты” “және” “инцидент” арқылы түсінуге болады. Дау дамай жағдаяты – дау дамайдың нақтылы негізі, екі жақтың қызулығы мен қажеттілігі арасындағы нақтылы қайшылық.

Инцидент-дау-дамай жағдаятын саналы түрде түсіну.

#### **5. Дамайдың құрылымы:**

1. Дау-дамай жақтары.
2. Дау-дамай нысанасы.
3. Дау-дамай жақтары.

Дау-дамайдың нысанасы (даудың себебі болған нақтылы не идеалды зат) және жақтары (жеке адамдар не топтар) болады. Дау-дамайға қатысушылардың ішкі және сыртқы позициясын ажырату керек. Сыртқы позиция – қарсыластарға ашық жарияланатын дау-дамайға қатысудың себебі. Ішкі позиция – дау-дамайға қатысудың шынайы себебі, даулы іс-әрекетке кірісуге түрткі болған қызығушылықтар, құндылықтар, мотивтер. Сыртқы және ішкі позициялар біріне-бірі сәйкес болмауы да мүмкін. Көбінесе, ішкі себептерді адамның өзінде сезінбейді, олар адамның бейсанасында ұялайды. Алдын-ала айтсақ, ішкі мотивтер санамен сезу-дау-дамайды шешудің алғышарты.

Сонымен инцидент – өзара әрекетке қатысушылар өздерінің қызықушылықтары мен мақсаттары арасындағы объективті қайшылықты түсінген сәт.

Инциденттің ашық және жасырынды түрлері болады. Жасырынды инцидент қатысушылардың санасына жеткенімен олардың нақты қатынастары мен қимылдарында ешқандай

көрініс таппайды. Ашық инцидент дегеніміз қатысушылардың бірқатар өзара ерегісі, жанжалдары.

Отбасында, бастауыш мектепте балалар үлкендерге қарсы шыға алмағандықтан, іштей наразылыққа, қарсылыққа толып жүреді. Ашықтан ашық сезімдерін білдірмеген баланың ішкі күйзелістері оның денсаулығына, көңіл-күйіне, жетістіктеріне жаман әсер ететіні сөзсіз.

6. Дау-дамайдың даму сатылары:

I саты-нақтылы дау-дамай жағдаятының пайда болуы,

II саты- дау-дамайды санамен қабылдау,

III саты- дау-дамайлық іс-әрекеттер,

IV саты- дау-дамайдың шешілуі.

*Дау-дамай шешілуінің сипаттамасы*

Дау-дамайды шешудің екі негізгі жолы бар: инцидентті өшіру және дау-дамай жағдаятын тарату.

Дау-дамай жағдаятын таратудың әдістері:

-Қатысушыларды бір-бірінен кеңістікте екі жаққа толық ажырату.

Мысалы, ажырасқан жұбайлар бөлек пәтерлерде тұратындықтан, енді жанжалдаспайды. Бірақ, бұл дау-дамайдың толық шешілмегендіктен (ішкі сезімдер өзгермейді) әрі жүзеге асырылуы (мұғалімді не шәкірті басқа сыныпқа, мектепке көшіру оңай емес) қиын болғандықтан күрделі жол.

- Жағдайдың іштей басқа көз-қараспен қабылдау.

Қатысушылардың рухани құндылықтары өзгеріп мүлдем өзгеше түсініп, өзара қарым-қатынастары жақсарады.

- Тікетірістен ынтымақтастыққа көшіру. Іскерлік саладағы дауларды шешудің әдісі. Қарама-қайшылықтарды азайтып, ортақ мақсаттарды ұлғайтып келісімге келу жолы. Осы жерде делдал (билік өнерді меңгерген адам) қызметі өте маңызды болады.

Дау-дамайдың қызметтері

Дау-дамайды адамдар жағымсыз сезімдермен байланыстырып, одан қалай да болса тезірек құтылудың амалын іздейді. Бірақ, дау-дамайдың тек қана жағымсыз емес, жағымды да қызметі бар.

Дау-дамайдың жағымсыз, бұзу қызметтері:

-бірлескен іс-әрекетті бұзу,

- адами арақатынастарды жамандату,

- денсаулықты, көңілді төмендету.

Дау-дамайдың жағымды, құру қызметтері:

-жскс тұлғаның, топтың, тұлғааралық, қатынастардың дамуының, өзара әрекеттердің жана түріне, әдісіне өтудің қайнар көзі,

-топты іріткен факторлардан арылу, тұлға мен топты тоқыраудан құтқару, дамыту,

-қатысушылардың өзара түсінушілігін, денсаулығын арттыру.

Сонымен, дау-дамай жаман емес, оны реттей алмайтын адам жаман!

### 7. Дау-дамайдың алдын алу

Дау-дамайларды пайда болған сәтте-ақ, шешуге болады, ол үшін осы топты, ұжымды құрастыратын адамдар арасындағы байланыстарды және қатынастарды жүйелі түрде терең талдап түру қажет. Енгізіліп жатқан өзгерістердің

салдарын алдын-ала ойластыру да дау-дамайды игеру жолы. Әр адам өз сөздері мен қадамдарын жан-жақты тексеріп алса – дау-дамайдың шиеленісуі жоқтың қасы болар еді.

Дау-дамайдың алдын-алудың өз қағидалары бар. Алдымен оның шығу себептерін ашу керек. Дау-дамайдың қайнар көздері: ұйымдастыру, арақатынас, даугенді (жанжалкеш) тұлға.

Дау-дамайдың ұйымдастыру себептері – ұжымдарда өндірісті, мектептерде оқу-тәрбиені ұйымдастыру барысындағы олқылықтар. Мысалы, мектепте дау-дамайдың ұйымдастыру себептеріне келісімсіз сабақ кестесі, талаптардың біркелкіліксіздігі, күн тәртібінің кемшіліктері. Мұғалім тандаудың нашарлығы, асхананың болмауы т.с.с. Әсіресе, 1, 9, 11 сыныптарда оқу ішкі дау-дамайларға толы.

Дау-дамайдың арақатынас себептері – адамдардың билікке таласуы, біріне бірі қоятын қарама-қарсы талаптары, әміршіл тәсілдермен бағындыруы, «екіжүзді» моральды қолдануы.

Дау-дамайдың жанжалкеш тұлғалық себептері — ішкі дүниесі. Қайшылықтарға басым адам жүрген жерінде ұрыс, ерегіс. Жанжалдардың қайнар көзі болады. Оған тумысынан дау-дамайдың гені берілгендей. Ондай адамды қалай тануға болады? Даугенді адамның қасиеттері:

- көтеріңкі не түсіңкі өзіндік баға,
- үстемдікке ұмтылу,
- бірқалыпты ойлау,
- асып кеткен шыншылдық, бірбеткейлік,
- жағымсыз сезімдер жиынтығы (үрей, ашу, ыза, қорқыныш).

#### Дау-дамайды шешудің ережелері:

- Даудың жақсы шешілуін қалайсыз ба?
- Оз сезімдеріңізді жақсылап игере аласыз ба?
- Қарсыласыңыздың орнында өзіңізді қалай сезінер едіңіз?
- Делдал, араша керек пе?
- Ортақ тілді қалай табуға болады?

Осы сұрақтарға жауап тапқан адам өз өміріндегі дау дамайларды азайтып, жаңаларына жол бермейді. Қорыта айтқанда, қатысушыларды психологиялық ұстанымдарында, қарым-қатынастарында, ұйымдастыру барысында, болашақты дау-дамайларға дайын болғанда дау-дамай нәтижелі шешілді дей аламыз.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ортақтасудың интеракциялық жағы.
2. Тұлғааралық өзара әрекет стратегияларының сипаттамасы.
3. Тұлғааралық өзара әрекеттің құрылымы.
4. Дау-дамайдың психологиялық құрылымы.
5. Дау-дамай шешілуінің сипаттамасы.
6. Дау-дамайдың қызметтері
7. Дау-дамайдың алдын алу.

## 16-лекция

**Тақырыбы:** Топтар және оның түрлері

#### **Жоспары:**

1. Топ туралы түсінік .
2. Топтың негізгі қасиеттері және құрылымы
3. Топтың түрлері.

4. Топ лидерінің функциясы.
5. Топтың даму деңгейі.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді топтың түрлерімен, топтың негізгі қасиеттері және құрылымымен, топ лидерінің функциясымен, топтың даму деңгейімен таныстыру.

**Лекция мстіні:**

1. Топ – бұл адамдардың тіршілік қажетін өтеу үшін бірлесуі, яғни адамдар бірлестігі. Топтар шартты, реалды болып бөлінеді. Психология ғылымының айналысатыны нақты (реалды) топтар. Нақты топ дегеніміз- адамдардың іс-әрекеті бір мақсатта бағытталған, олар белгілі бір кеңістікте, азды-көпті мерзім ішінде аралас-құралас жүретін бірлестік. Әрбір адам бірнеше топтың мүшесі болуы мүмкін. Бірақ та соның ішінде біреуіне өте етене жақын болады. Топтар ең алдымен (макро) топ, шағын (микро) топ, ресми және ресмисіз топ, ұйымдасқан топ, ұйымдаспаған контекстілі (адамдар ылғида бірімен-бірі жүздесіп жүретін) топ, формалды (ресми түрде арнаулы бұйрық, жарлықпен құрылған) топ, формалсыз (дос-жаран, құрбы-құрдас, семья) топ, жасанды топ, табиғи, шартты (қағаз жүзінде ғана біріктірілген) топ, референттік топ деп бөлуге болады, мәселен, бір кластағы оқушылар, әскери бөлімше, жұмысшылар бригадасы, самалет экипажы реалды (нақты) топқа жатса, ал спорт алаңында, кино залында отырған көпшілік ұйымдаспаған топқа жатады. Бригада мүшелері, студенттер тобы-ресми топ деп аталса, бір отбасындағы жандар, жолдастық, достық қатынастағы адамдар, ағайын-туыстар ұйымдасқан, ресмисіз топ деп аталады. Топ екі адамнан бастап құралады. Қырыққа дейінгі шағын (класс оқушылары, студенттер тағы басқа) топ, ал мыңдаған, миллиондаған адамдарды біріктіретін топтар (саяси партиялар, ұлт, кәсіподақ, діни қауым тағы басқа) үлкен (макро) топтар деп аталады. Топтар сондай-ақ ассоциация, кооперация, корпорация деп те бөлінеді. Болашақ мұғалімдер мен тәлімгерлерді, іскер адамдарды әсіресе референттік топ деген ұғымның мәніне ерекше зейін қою тиіс. Бұл әр-адамның ерекше қастерлеп, қадір тұтатын, оның тыныс-тіршілігіне әр уақытта бағыт-бағдар беріп отырады, яғни жүрек қалауымен таңдап алған тобы. Референттік топтың қолайлы тиянақты білім алуға ден қойған (жағымды), тентек балалар тобы (жағымсыз) түрлері де кездеседі.

2. Әрбір жеке адам өз өмірінде басқа адамдармен тікелей қарым – қатынаста болады. Бұл қарым – қатынас бір – бір імен тығыз байланысты топтарда болады.

**Топ**-бұл адамдардың тіршілік қажетін өтеуі үшін бірлесуі яғни адамдар бірлестігі.

Топтардың мынандай түрлері бар:

- 1) Шағын топ
- 2) Бастапқы топ
- 3) Шартты топ
- 4) Нақты топ
- 5) Формалды топ
- 6) Формалды емес топ
- 7) Референт тобы

Біршама тұрақты, құрамы жағынан көп емес, мүшелері бір – бірімен қарым – қатынаста болатын, ортақ мақсатқа ұмтылатын адамдарды **шағын топ** дейміз. Бұл топқа кіретін адамдар бірін – бірі жақсы біледі және топтың алдында тұрған міндет болса біріне – бірі көмектеседі. Кіші топ мүшелерінің саны 2- адамнан аз болмайды және 30-40 адамнан аспайды.

**Мыс:** Отбасының құрамы, өнеркәсіп саласындағы өндірістік бригада, қожалық шаруашылығы, фермерлер, мектеп класы, космос кораблінің экипажы, жеке меншік ретінде құрылған өндіріс бірлестігі. Топ мүшелері кез-келген адаммен өз қалауынша қатынас жасайды. бірақ, топ мүшесі топтың барлық мүшесімен емес біреуін жақын тұтады. Біреулер өзара жиі қатынасып, олардың қарым – қатынасы жақындық сипат алады. Бұл **бастауыш топ** болып саналады. Мұндай топ мүшелерінің саны 2 – 7 адамдардан аспайды.



**Шартты топ** – Адамдардың тек қағаз жүзінде бар қауымдастығы шартты топ деп аталады.

*Мыс:* спорт тақырыбына жазатын журналистер, әлемнің таңдаулы футболшыларынан команда құрады, ол шартты түрде бар деп есептеледі.

**Нақты топ** – адамдардың бір – бір імен өзара қарым – қатынас және байланыс жасай отырып, алдарына қойған мақсат, міндеттерін орындауға жұмыла кіріскен адамдардың өмір сүріп тұрған бірлестігі.

Нақты топ қысқа мерзімді не ұзақ мерзімді болуы және адамдардың саны аз не көп болып келуі мүмкін.

**Формалды топ** – бұйрық жарлықпен кестесі, устав т.б. ресми құжаттар негізінде құрылады.

*Мыс:* жоғарғы оқу орындарындағы студенттер тобы, мұғалімдер мен қызметшілер т.б.

Бұл топ арасында психологиялық жақындық (ұнату, сыйласу, достасу) болады. Керісінше (ұнатпау, сыйламау, менсінбеу, жауласу) да болуы мүмкін.

**Формалды емес топ** – ұнату, көзқарас бірдейлігі, сенім жақындығы, жеке адамдардың білгірлігін, беделін тану сияқты психологиялық мотив тер бірлігі негізінде туады.

*Мыс:* бірлесіп балық аулау, аңшылық құру. Бұл топтарды бірін-бірі ұнату бауыр басу нығайта түседі. Бұл қасиеттер жоғалса топ сөзсіз ыдырайды.

**Референт тобы** – қиялдағы топты айт. Мысалы: адам бір топтың мүшесі бола отырып 2-ші топты қастерлеп, жеткіншек қадір тұтады. *Мыс:* жеткіншек жағдайда класс оқушыларына тек ересектердің тобына мүше болуға тырысады, қызығады. Егер бұған қолы жетпесе онда, ересектердің мінез құлқына еліктеуі.

**4. Топ лидерінің функциясы.** Топта ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады. Әлеуметтік психологияда мұндай адамды <<лидер>> деп атайды. Лидер топты ұйымдастыруға және басшылық етуге сайланады, не ұсынылады. Лидер әдетте топтың іс-әрекеті жайлы, оның құрамы мен мүмкіндіктері жайлы мейлінше хабардар болады. Ол топ мүшелерімен қатнаста өзін еркін, сенімді ұстайды. Шағын топтарда, лидерлікті зерттеген Н.С. Жеребованың зерттеулерінде лидердің мынадай қызмет атқаратындығы айқындалған:

а) ол топ алға қойған мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын жоспарлайды, б) топ мүшелері арасында атқарылатын іске жауапты адамдарды белгілейді, в) егер топтың алдында маңызды іскерлік қойылған болса және бұл топ өндірістік еңбек ұжымы болса, белгілі бір топтық атмосфера орнатады, г) топ мүшелерінің қоғамдық белсенділігін дамытады.

5. Зерттеу мектеп ұжымдары лидерінің бірнеше типі болатынын көрсетеді.

*Бірінші тип.* Лидер жағдайға байланысты өзін танытады. Мысалы, оқушы класта музыка викторинасын ұйымдастырып, өткізді делік. Ол көпдеген музыкалық шығармаларды біледі, пионинада, аккордионда ойнайды. Бұл арада ол өзінің дарыны мен шеберлілігін көрсетеді. Ол - лидер. Ал басқа жағдайда ол ұжымның қатардағы мүшесі болып қала береді.

*Екінші тип.* Сан алуан істерді атқару кезінде ұжымның басқа мүшелеріне жан-жақты ықпал ете алатын оқушы лидер болады. Мысалы, класс сонда түнейтін болып тоғайда туристік жорыққа шықты делік. Лидер оқушы маршрутты әзірлеуге қатысады, топты қажетті құрал жабдық, азық-түлікпен қамтамасыз етуге көмектеседі, транспорт құралдары жөнінде келіседі, далада, таза ауада өтетін концертті әзірлейді т.б. Ол сондай-ақ өмірі қызық адаммен – Ұлы Отан соғысына қатысушымен кездесу ұйымдастырады, көрші мектеп оқушыларымен баскетболдан спорттық жарыс өтеізуге келіседі. Алайда оның лидерлігі қысқа мерзімдік дәрежеде ғана болады. Іс тәмамданған соң оның лидерлігі де бітеді.

*Үшінші типі.* Оқушы өзінің лидерлік қабілетін іс-қызметінің көп деген саласында ұзақ уақыт бойы сақтайды: бұл отряд советінің председателі, мектеп комсомол бюросының секретары т.б. Топ, ұжым лидерін аты әйгілі адамдар ұғымымен барабар дейге болмайды. Зерттеу бір адамның бойында лидерлік пен әйгілі болу қабілетінің екеуіде болуы мүмкін екенін көрсетеді. Мұндай үйлесім топтың, ұжымның атқаратын ісіне игі әсер етеді. Дегенмен бұл жерде алшақтық та кездесіп, лидер бір адам, әйгілісі екінші адам болуы да мүмкін. Мектеп практикасында класс старостасына, не болмаса отряд советінің председателдігіне

әйгілі емес оқушыны сайлау жиі кездеседі. Демек, лидерлік әйгілі болудан гөрі басқа себептерге негізделетін болса керек.

**Бақылау сұрақтары:**

- 1.Топ дегеніміз не.
- 2.Топтың негізгі қасиеттері және құрылымы қандай.
- 3.Топтың қандай түрлері болады.
- 4.Топ лидерінің функциясы.
- 5.Топтың даму деңгейі.

**17-лекция**

**Тақырыбы:** Ұжым туралы

**Жоспары:**

- 1.Ұжым туралы түсінік
- 2.Ұжым және жеке адам.
- 3.Ұжымның құрылымы мен функциясы.
4. Ұжымның қалыптасуы
5. Ұжымға қойылатын талап тар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді топ пен ұжымның айырмашылықтарымен, ұжымның құрылымымен, қызметімен, қалыптасуымен, ұжымға қойылатын талаптармен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Реалды, контактілі топтың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан түрі ұжым. Әрине кез-келген топты ұжым дәрежесіне көтеруге болмайды. Ұжымның басты белгілерін тұңғыш рет тәлім-тәрбие жүйесінде көрсеткен А.С.Макаренко. Оның пікірінше ұжым-мақсат мүдделері бір, көзқарастары ортақ, қызмет үстінде, яғни "біреуі барлығы үшін, барлығы бірі үшін" деп қимылдайтын, белгілі дәстүр-салты бар, өзін-өзі басқаруға шамасы келетін, демократиялық централизм принципін ерекше қастерлейтін адамдар тобы. Қорыта айтқанда ұжым- қоғамға пайдалы қызмет көрсете алатын, ортақ мақсат үшін жұмыла еңбек ететін, асқақ ұйымшыл, ынтымақты, психологиялық тұрғыдан құрыштай берік адамдар тобы. Ұжым туралы көрнекті педагогтар А.С. Макаренко, Н.К. Курпская, В.А. Сухомлинский еңбектерінде тағылым аларлық құнды пікірлер бар. Сол еңбектерде топтарға адамдардың өзара қарым-қатынасы, ұжымның жеке адамға ықпалы, жеке адамның ұжымға ықпалы, олардың орны тағы басқа жәйттер туралы бағалы да, дәлелді мағлұматтар қамтылған. Әлеуметтік психология топтағы, ұжымдағы адамдардың жеке өзара қатнастарын зерттейді. Психология мен педагогика топтағы жеке оқушыларды, бүкіл класс ұжымын социогрмма жасап, матрица құру арқылы зерттеу кең өріс алған. Мұндай әдісті училище оқушылары мен өзге де оқу орындарының шәкірттері сабақ үстінде үйретіп жаттығуларына болатындығы қарастырылып, ондай схемаларды құрастыруға үйретіледі.

2. Жеке адам ұжымнан оқшау болмайды. Ол ұжымның басқа мүшелерімен байланыста болады және солармен бірігіп сол қауымдастықтың бағыт- бағдарын білдіреді. Жеке адам ұжым арқылы басқа ұжымдар мен тұтас қоғаммен байланыста болады. Ұжым- қоғамның бір бөлігі болғандықтан ол өз бойына, сөз жоқ сол қоғамның саяси, эстетикалық, адамгершілік және басқа да идеяларын дарытады.

Сондықтан да жеке адам да бұл идеяларды қабылдап, өз ісінде және мінез-құлқында оны басшылыққа алады. Жеке адам материалдық дүниемен және адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, белгілі бір тәжірибе алып, сол тәжірибенің негізінде өз мінез-құлқын, қадыр-қасиетін, өзгелерден ерекшелік белгілерге қалыптастырып қана қоймайды, ол сонымен қатар рухани байлықтың аса маңызды құрамдас бөлігі болып саналатын қоғамдық тәжірибені де өз өз бойына жинақтайды. Бірі мен бірі тығыз байланыстағы және одан гөрі

кең көлемді әлеуметтік ортадағы келіспеушілік, бір жоспарлылық жеке адамның байында үйлесімді жақсы қасиеттердің қалыптасып, дамуы үшін жақсы жағдай жасайды. Егер бір жоспарлылық болмаса, жеке адам мінез-құлқы жағынан әрі-сәрі болып қалыптасады.

3. Жеке адам мен ұжым арасындағы өзара қатынас түрі әр алуан, олардың ішінен неғұрлым айқын көрінетін мынадай екі жағын бөліп қарауға болады: *ұжымның жеке адамға ықпалы және жеке адамның ұжымға ықпалы.*

Буржуазиялық социологтермен психологтар ұжым жеке адамның ерекшелігін жойып, бәрін бір үлгіге салады, сүреңсіз етеді деп дәлелдемек болады. Мұның өзі капитализм тұсында жеке адамның бас бостандығы бар-мыс дейтін аты шулы концепцияны қорғаштау.

Ұжымның күші нақ сонда, ол бүкіл қоғамның талаптарына сай келетін, әлеуметтік құны жоғары жеке адамды тәрбиелеп шығаруға қабілетті. Бұл ретте адамның жеке-даралық қасиеттері барынша сақталынады, оның жан-жақты дамып, жетілуіне жағдай жасалынады. Ұжым жеке адамның өз бойындағы барлық қабілетін танытатын болуына және онысын жетілдіре беруіне мүдделі. Ұжым жеке адамды қалыптастырып қана қоймайды, ол сондай-ақ жеке адамды қайта тәрбиелеуге, оның сенімін, моральдық көзқарасын, мінезін өзгертуге де қабілетті.

4. Ұжымның ықпалымен қайта тәрбиелеу жеке адамның өзін-өзі қайта тәрбиелеумен болып әлектенуін әлдеқайда тез әрі жеңіл өтеді. Қайта тәрбиелеу үшін иландыру, сынау, қолдау және де басқа шаралар қолданылады. А.С. Макаренконың тәжірибелері, яслиден бастап жоғары оқу орындарымен өндіріске дейінгі барлық дәрежедегі оқыту-тәрбиелеу ұжымдарының тәжірибелері ұжымның кереметтей ролін дәлелдейтін тамаша мысалдар болып саналады.

Ұжымда жеке адам белгілі бір роль атқарады. Алайда оның бұл ролі тұрақты болмайды. Мысалы, оқушы класс старостасы делік біраз уақыттан кейіне ол санитар міндетін атқаруы, ал одан кейін ұжымның қатардағы мүшесі болуы мүмкін. Жеке адамның атқаратын міндеті неғұрлым әр түрлі болса, соғұрлым оның ұжыммен байланысы бола түседі, сондай-ақ нақ осы адамның ұжымға ықпалы тиімдірек болады.

5. Жеке адамның ұжымға ықпал етуі дәрежесіне оның жеке басының қасиеттері елеулі әсер етеді. Ақыл, эмоция, мінез қабілет-осының бірі ұжымның игілігіне айналады. Адам неғұрлым бай болса, жан-жақты жақсы дағдыға ие болса, соғұрлым оның беделі де жоғары болады. Жеке адамның ұжым өміріне ықпалы, сондай-ақ, оның ұжым алдында міндеттері мен ой ниетін, рухани байлығын түсіне білу дәрежесіне де байланысты. Жеке адам өзін ұжымнан жоғары қойуға және әсіресе қарсы келуге тырысса, ұжымға ықпалы төмендейді.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ұжым дегеніміз не.
2. Ұжым және жеке адам.
3. Ұжымның құрылымы мен функциясы.
4. Ұжымның қалыптасуы
5. Ұжымға қойылатын талаптар.

## **18-лекция**

### **Тақырыбы: ПСИХИКАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

- Жоспары:**
1. Психикалық құбылыстар туралы түсінік.
  2. Психикалық құбылыстардың топтастырылуы.
  3. Психикалық процестер .
  4. Психикалық қалып.
  5. Психикалық қасиеттер.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді психикалық құбылыстармен, олардың топтастырылуымен, психикалық процестермен, қалыппен, қасиеттерімен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Жан қуаттарының күрделі ағымын аңғару үшін алдымен оларды белгілі топтарға жіктеуіміз керек. Мұны жан қуаттарының топтастырылуы деп атайды. Бұл топтастыру бойынша, психика бір-бірімен тығыз байланысты үш топқа бөлінеді. Олардың бірі психикалық процестер деп аталса, екіншілері психикалық қалып, үшіншілері психикалық қасиеттер деп аталынады. Жан қуаттарының кейбірі (түйсік, қабылдау, елестеу, т. б) сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын тікелей танып білуде, енді біреулері (ойлау, қиял т.б) бұлардың арасындағы күрделі байланыстарды, дәнекерлі қатынастарды, өзгерістерді тереңдей бойлап білуде ерекше орын алады. Адамның сыртқы дүние мен (объективтік шындықпен) үздіксіз қатынастағы белсенді байланысында оның сезім, ерік процестері шешуші қызмет атқарады.

2. Психикалық кейіп (немесе қалып) адамның түрлі көңіл күйінің (шабыт, зерігу, үрейлену, абыржу, сергектік, белсенділік т. б) тұрақты компоненттері. Жан қуаттарының осы екінші тобы ғылымда әлі де болса толық зерттелінбеген.

Психикалық қасиеттер – бір адамды екінші бір адамнан ажыратуға негіз болатын ең маңызды, ең тұрлаулы ерекшеліктер. Бұған әрбір адамның мінезі мен темпераменті, қабілеті мен дүние танымы, сенімі мен талғамы, қызығуы жатады. Психикалық қасиеттердің қалыптасуында адамның өскен ортасымен қатар, оның кейбір таптық, ұлттық, жас өзгешілік, мамандық ерекшеліктері де бірсыдырғы орын алады.

3. Психикалық процестер – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнелері. Бұлардың түрлері көп. Аспанда жұлдыздар жымыңдап, бір өшіп, бір жанып тұр. Оқтын-оқтын самал желдің ақырын ғана толқып өскен лебі денеге тиеді, шөп сыбдыры баяу ғана құлаққа шалынады, жас жусанның исі мұрын жарып тұр, кейде әлсін - әлі құрбақа бақылдайды. Осындайларды адам түйсік, қабылдау деп аталатын процестері арқылы сезінеді. Түйсікте сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының толып жатқан жеке саналары сәулеленетін болса, қабылдауда олар тұтастай, біріккен сапаларымен бейнеленеді.

Бір кезде қабылданған заттар санамыздан мүлде жойылып, өшіп кетпейді, оларды кейін керек кезінде түрліше елестетуге болады. Мысалы, студент үйіне хат жазып отырып, үйіндегілердің бет - пішініндегі нәрселерді көз алдына елестете алады. Мұндай жағдайда оның басында елес процестері пайда болады. Оған нәрселер мен заттардың образы қасында тұрғандай көрінбей, жәй елестеп отырады. Студент сабаққа дайындалады. Кейін мұғалім сабақ сұраған да студент оқығанын есіне түсіріп, айтып береді, қажетті нәрселерді есіне жинайды да, қажетсіз, қызықсыз жерлерін ұмытады. Бұл жерде ес процестері әңгіме болып отыр.

4. Ғалымның тыңнан бір жаңалық ашуы, инжинердің машина ойлап шығаруы, оқушының шығарма жазуы т.б. үлкен қиялды қажет етеді. Бұрын қабылданған нәрселерді қайта өңдеп, образ жасауда көрінетін психикалық процес қиял деп аталады. Алдымызда тұрған мәселені шешу, заттардың себеп-салдарын байланыстарын көрсету, болмасты жалпылай және жанама түрде тану-ойлау процесінің арқасында болып отырады. Сөйлеу мен тығыз байланысты ойлау адам танымының ең жоғарғы түрі. Біз айналадағы нәрселерге талғаусыз қарамаймыз. Іссіміз оңға басса, көңіліміз толып, оған қатты қуанамыз, жаман нәсені көрсек ренжиміз, әділетсіз іске ашу білдіреміз. Қуаныш, қайғы, ұнату, ұнатпау, уайым, масаттану, достық, жолдастық, адалдық,шыншылдық т.б. адамның сан алуан сезімдері мен эмоцияларын бейнелейтін атаулар.

Қандай болмасын, бір әрекет жасау үшін алдымен оның жоспарын ойланамыз да алда тұрған кедергілер мен қиыншылықтарды жеңуге кірісеміз, көздеген мақсатқажету үшін барлық күш жігерімізді жұмсаймыз. Мұнда адамның мақсат, тілек, қалау, тоқтам, ерік, жігер қажір-қайрат процестері көрінеді.

5. Жан қуаттары ішінен зейін ерекше орын алады. Зейін санамыздың барлық жақтарының (қабылдау, елес, ойлау, қиял т.б.) белгілі объектіге бағыттталып, шоғырлануы. Зейін жан қуаттарының қай-қайсысына болса да дәнекер болады, оны күшейте де әлсірете де алады, ерік процесі де онсыз пәрменсіз болады.

Психикалық процесстердің осы түрлері бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Бұлар адамның даралығын көрсететін психикалық қасиеттері мен (қабілет, мінез, темперамент, қызығу) кейбір анатомиялық-физиологиялық тума қасиеттерімен де орайлас көрініп отырады. Бұлардың әрқайсысының көрінуі нақтылы жағдайлардың әсерінен түрлі мәнге ие болып, адам санасын әр қырынан көрсетіп жатады және бұлар бір-бірімен тығыз байланысты болады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Психикалық құбылыстар дегеніміз не.
2. Психикалық құбылыстар қалай топтастырылады.
3. Психикалық процесстерге не жатады .
4. Психикалық қалыпқа не жатады.
5. Психикалық қасиеттерге не жатады

**19-лекция**

**Тақырыбы:** Түйсіктер

- Жоспары:**
1. Түйсіну процесі туралы жалпы түсінік.
  2. Түйсіну процесінің физиологиялық негізі.
  3. Түйсіну процесінің негізгі ерекшеліктері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді түйсіну процесімен, олардың физиологиялық негіздерімен, түйсіну процесінің негізгі ерекшеліктерімен, түйсіктердің түрлерімен, “үш түсті көру” теориясымен, есту түйсігінің ерекшеліктерімен, иіс, дәм түйсіктерінің бір-бірінен айырмашылықтарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Түйсіну процесі деп - қоршаушы өмірдегі заттар мен құбылыстардың түйсіну мүшеміздің біреуіне әсер ете отыра, онда талдаудан өтіп, әрқайсысынан тарайтын нерв талшықтары арқылы ми клеткаларында алғашқы із ретінде қалыптасу жолын айтамыз. Түйсік арқылы заттардың түсін иісін, дәмін, қатты-жұмсақтығын, кедір-бұдырлығын т.б. осы секілді қасиеттері ажыратылады. Сондай-ақ, түйсік денеде болып жатқан түрлі өзгерістер жөнінде де, яғни дененің қозғалысы мен оның кеңістікте орналасуын жеке бөліктерінің жұмысы жайлы хабарлайды. Сыртқы дүниені танып-білу түйсіктен басталады. Ол білім атаулының алғашқы көзі.

Мысалы, жолдасыңнан көзін жұмуын өтініп, оның алақанын белгісіз бір затты тигізсең, сосын одан оның не екенін сұрасаң, ол "Қатты, жылтыр, мұздай, жұмсақ, жылы, кедір-бұдыр бір нәрсе " деп жауап береді.

Заттардың нақты атауы емес, тек түрлі қасиеттерін білдіретін осы сөз тіркестері түйсік болып табылады. Адамда да жануарларда да түйсіну процесі оларды қоршаушы өмірмен байланыстырушы негізгі процесс болып табылады. Адамдар мен жануарлардың арасында түйсіну процесі жағынан айырмашылықтар болады.

Мысалы, кейбір түйсіну мүшеміз тікелей сезе алмайтын заттың не құбылыстық көріністерді ғылым мен техниканың даму сатысына байланысты жетілдіріп отыруы. Көз көре алмайтын болса, оны микроскоп арқылы алыстағыны көре алмайтын болса, радиотелескоп арқылы көре бастайды. Ал кейде түйсіну мүшеміздің кейбір жағынан жануарлар бізден артықшылықтарын байқатады. Мысалы, иіс түйсіну мүшесі жағынан.

2. Түйсіктердің физиологиялық негіздері. Түйсік заттың сезім мүшелеріне әсер еткен кезінде ғана пайда болады.

Сезім мүшелері дененің шет аймақтары мен ішкі мүшелерімізде орналасқан. Сезгіш нервтердің ұштары әр сезім мүшесінің басты бөлігі болып табылады. Ол рецептор деп аталады. Көз, құлақ тәрізді сезім мүшелері ондаған рецепторлық ұштықты біріктіреді. Тітіркендіргіштердің рецепторға әсер етуі сезгіш нерв арқылы үлкен ми сыңары қыртысының белгілі бір бөліміне баратын нервтік импульстің пайда болуына әкеледі. Түйсіктердің физиологиялық негізін жан-жақты дәлелдеген И.П.Павлов болды. Оның нерв қызметі туралы ілімі түйсіктерінің пайда болуын анализатор деп аталатын анатомиялық-физиологиялық нерв аппараттарының жұмысына байланысты түсіндіріледі. Адамдар мен жануарларда көптеген анализаторлар бар. Олар үш бөліктен құралады:

1. Сезім мүшесі (рецептор).

2. Миға баратын нерв талшықтары.

3. Мидағы түрлі нерв орталықтары.

Бұл анализаторлар бірімен-бірі тығыз байланысты, бірінің жұмысын екіншісі басқаруға да қабілетті.

3. Түйсіктердің негізгі заңдылықтарына жататындар:

1. Сезгіштік пен талдырық.
2. Адаптация.
3. Сенсбилизация.
4. Синестезия.
5. Түйсіктердің өзара байланысы.
6. Бір ізді образдар.

Сезгіштік деп - адамның түйсіне алу қабілетін айтамыз. Сезгіштікті: 1) абсолюттік , 2) айырма деп екіге бөлінеді.

Абсолюттік сезгіштік деп - сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түйсіне алуы. Мысалы, біреу алақанындағы бір мм квадрат аумаққа түсетін салмақты үш граммнан бастап сезетін болса, екінші біреу алты граммнан бастап сезеді. Бұдан соңғы адамның түйсік табалдырығы екі есе артық та, абсолюттік сезгіштігі екі есе кем екендігі көрінеді.

Егер тітіркендірудің шамасы табалдырықтан төмен жатса, онда түйсік пайда болмайды. Мысалы, адам денесіне қонған шаңды сезе алмайды, құлақ әлсіз дыбыстарды естімейді.

Айырма сезгіштік деп - сезім мүшелерінің тітіркендіргіштерінің арасындағы болмашы айырмашылықтарды түйсіне алуын айтады. Мысалы, егер алақанға 100 гр. салмақ салып , оған тағы 1 гр. қосса салмақтың арқаны білінбейді. Оны айыра білу үшін 3-4 гр. керек.

Адаптация(лат. икемделу).

Сезім мүшелерінің сезгіштігі әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуін айтамыз. Көру, тері иіс түйсіктері де адаптация болады. Иіс түйсігінде адаптация түрліше көрінеді.

Мысалы: камфараның иісі 1-2 м сезілмейтін болса, горшица мен нашатир спиртінің иісіне адаптациялау тез барады.

Сенсбилизация (лат. сезгіш).

Сезгіштіктің тек артуын көрсететін құбылыс болып табылады. Мысалы: қызыл түс басқа түстерді (ақ, қара, т.б.) жақсы ажыратуға көмектеседі. Түнгі ұшуға дайн кезінде ұшқыштардың көздеріне 20-30 м бойына қызыл көзілдірік киетіндігі сондықтан.

Түйсіктердің өзара байланысы – бұл қарама-қарсылық (контраст) құбылысы. Мысалы: дәм түйсігі көру түйсігін арттырады, тұз ерітіндісін ішкен соң, қарасудың өзі тәтті сияқты болып көрінеді.

Синестезия (грек қосарласқан)

Тітіркендіргіштер сезім мүшелерінің біреуіне ғана түйсік туғызудың орнына сол сәтте басқа түйсіктердің пайда болуына жағдай жасайды. Мысалы: біреудің сөзінен екінші біреу түрлі дәмдер мен түстерді сезінуі.

Бір ізді образдар.

Тітіркендіргіш әсерінің тоқталғанына қарамай, аз ғана уақыт болса да түйсіктің өз күшінде қалатын кездерін бір ізді образдар деп атайды. Бұлар көру, есіту, иіс, дәм, дактиль түйсіктерінде жиі кездеседі. Мысалы: адам 2-3 сек. бойы көз алмай шамға қарап отырып, содан кейін көзін жұмса жарықтың ізін айқын көре алады. Бір ізді образдардың бұл түрі он бір ізді образдар деп аталады.

Қолымызға екі парақ ақ қағаз Альп, бірін ақ күйінде қалдырып екеуінің ортасына шаршылап қиылған қызыл қағаз жапсырып, осы қызыл қығызға көз алмай 20-30сек. арап отырып, көзімізді сәл ақ қағазға аударсақ, оның бетінен көгілдір түсті көруге болады. Бұл *теріс бір ізді образдар* деп аталады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Түйсік дегеніміз не.
2. Түйсіктің физиологиялық негіздерін И.П.Павлов ілімі қалай түсіндіреді.
3. Адам түйсіктерінің табиғатын идеалистер қалай бұрмайды.
4. Түйсікті материалистік тұрғыдан қалай түсіндіруге болады.
5. Сезгіштік пен табалдырық дегеніміз не.
6. Адаптация және сенсбилизация дегеніміз не.
7. Түйсіктердің өзара байланысы қалай.
8. Синестезия дегеніміз не.
9. Бір ізді образдар дегеніміз не.

**20-лекция**

**Тақырыбы:** Түйсіктердің түрлері

**Жоспары:**

1. Экстероцептор туралы түсінік.
2. Интероцептор туралы түсінік.
3. Проприоцептор туралы түсінік

**Лекция мақсаты:** Студенттерді түйсіну процесімен, олардың физиологиялық негіздерімен, түйсіну процесінің негізгі ерекшеліктерімен, түйсіктердің түрлерімен, “үш түсті көру” теориясымен, есту түйсігінің ерекшеліктерімен, иіс, дәм түйсіктерінің бір-бірінен айырмашылықтарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Түйсіктердің түрлерін үлкен үш топқа бөледі.

1. Сырқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің бейнесі болып табылатын түйсіктер. Бұлардың рецепторлары дененің бетінде, не оған жақын орналасқан. Осындай сыртқы анализатордың рецепторларын экстероцептор деп атайды. Бұған көру, есіту, дәм, иіс, тері түйсіктері жатады.
2. Ішкі мүшелеріміздің күйін бейнелейтін түйсіктерге түрлі органикалық түйсіктер жатады. Олардың рецепторларын интероцептор деп атайды.
3. Дене мүшелерінің қозғалысы мен бір қалыпты орналасуын қозғалыс немесе кинестезиялық түйсіктер хабарлап отырады. Бұл проприоцептор деп аталады.

Көру түйсіктері.

Көру түйсігіне негізінен адамның көзі жатады. Адамның көзі негізгі 4 түрлі көрінісін ажыратады:

1. Заттың қалпын .
2. Заттың кеңістіктегі орны, түсі.

### 3. Жарықтың қуаты.

Бұның бәрін көздегі 2 аппарат ажыратады:

1. Колба (шақша)
2. Таяқша

Колба аппараты көздің ортасында орналасқан, таяқша көздің шетіне орналасқан. Колба аппаратының саны орта есеппен алғанда 7000000, таяқша аппаратының саны 130000000. Орта есеппен алғанда көздің үлкен-кішілігіне байланысты.

Колба аппараттары күндіз көрудің , таяқша қараңғы кезде көрудің аппараттары. Бұл 2 аппарат заттардың түсінде ажыратады. Түстер хроматикалық, яғни бояулы (қызыл, қошқыл сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін), ахроматикалық, яғни бояусыз (ақ, қара және барлық сүр түстер) болып 2-ге бөлінеді.

Көру мүшесі - көз. Оның негізгі бөлімі көз алмасы. Көз алмасы 3 түрлі қабықпен (ақ түсті, тамырлы және торлы) қапталған шар тәріздес нәрсе. Ақ қабықтың түсі пісірілген жұмыртқаның ағына ұқсас. Мұның алдыңғы жағы дөңестелген түссіз мөлдір қасаң қабыққа айналады. Мөлдір қасаң қабық арқылы көз алмасының ішіне жарық сәулесі енеді.

Тамырлы қабық ақ қабықтың астында жатады. Қасаң қабықтың артқы жағы, тамырлы. Қабықтың алдыңғы бөлігі нұрлы қабық деп аталады. Көздің түсі осы нұрлы қабықтағы пигментке байланысты түрліше болып келеді. Нұрлы қабықтың ортасында қарашық орналасқан. Ең ішкі 3-ші қабықты торлы қабық дейді. Мұнда жарық сәулесінің сезімтал таяқшасы таяқша мен шақшаның фоторецепторы орналасқан.

#### Есіту түйсіктері.

Еспу мүшесін тітіркендіретін ауа бөлшектерінің тербелістері - дыбыс толқындары. Ауа бөлшектерінің тербелістері тербелудің жиілігі, амплитудасы (құлашы) және тербелудің түріне қарай ажыратылады. Осыған орай есіту түйсіктерінің үш жағы болады.

Олар:

1. дыбыстың жоғарлығы. Яғни
2. дыбыстың қаттылығы. Яғни
3. тембрі. Яғни

а) бұл тербелу жиілігінің сәулеленуі.

ә) бұл тербелу амплитудасының сәулеленуі.

б) бұл тербеліс түрінің сәулеленуі.

Біздің құлағымыз бір секунд ішінде 16 тербелістен немесе герцтен 22 мың герц (1 секунда өтетін ауаның толқыны )

Ішіндегі дыбыс толқындарын сезе алады. Жиілігі бұдан асатын (толқындарды ) тербелістерді құлақ шала алмайды. Өйткені, бұлар өте жіңішке, ультрадыбыстар, 16 герцтен төменгі дыбыстарды да құлақ шала алмайды. Дыбыстардың мұндай түрін инфрадыбыстар деп атайды. Дыбыстар музыкалық (ән, музыка аспаптарынан шығатын дыбыстар) және шулар (сан алуан, сықыр - тықыр, тарсыл - гүрсіл т. б) болып бөлінеді. Есіту мүшесі - құлақ 3 бөлімнен тұрады:

1. сыртқы
2. ортаңғы
3. ішкі құлақтан тұрады.

#### Иіс түйсіктері.

Мұрын кеңсірігіндегі кілегей қабықтың клеткаларына түрлі химиялық заттардың әсер етуі нәтижесінде иіс түйсіктері пайда болады. Осы кілегей қабықтың таяқша тәрізді сезгіш клеткалары бар. Иіс түйсіктерінің түрлері көп (хош иіс, сасық иіс, өткір иіс т.б). Иіс түйсіктері адамның тұрмыс салтына, қызмет бабына қарай да ерекше дамып отырады.

Иісті жақсы сезу соқыр, мылқау, керең адамдарда ерекше жетілген. Түрлі иістердің табиғатын зерттейтін ғылым саласы ольфактроника деп аталады. Иіс түйсіктері адамның көңіл күйіне жалпы психикасына жағымды не жағымсыз әсер қалдыру мүмкін.

#### Дәм түйсіктері

Дәмді ажырататын мүше - тіліміздегі дәм бүршіктері. Дәмді тәтті, ащы, тұзды, қышқыл деп төртке бөледі. Тілдің түрлі бөліктері дәмнің жоғарыда аталған 4 түрін түрліше сезеді.



Мәселен, тәтті дәмді - тілдің ұшы, ащыны - тілдің түбі, қышқылды - тілдің екі жақ шеті, тұзды - тілдің ұшы мен екі шеті жақсы сезеді. Егер дәмі бар затты тілдің арасына салса адам көпке дейін оның дәміін ажырата алмайды, өйткені, дәм сезетін бүршіктер тілдің ортасында болмайды.

#### Тері түйсіктері.

Тері түйсігінің рецепторы - денедегі терінің өн бойына орналасқан. Тері түйсігі, сондай-ақ тілдің, мұрынның кілегей қабықтарында да мол. Тері түйсіктерінің өзі бірнешеге бөлінеді. Олар: тактиль (сүйкеніс), қысым, дуыл түйсіктері, емпература (жылыны, салқынды білдіретін түйсіктер) және ауырғанды білдіретін түйсіктер, тері түйсігі рецепторларының есебі жоқ. Тек ауырғанды білдіретін нүктелердің өзі ғана денемізде 900 мыңнан асып жатады. Терінің алаптарында сезгіштік бірдей емес. Мәселен, денеге заттың тигенін тілдің, саусақтың ұшы, арқа тұс тез сезеді. Бір жеріміздің ауырғанын жақсы сезетін: арқа мен бет терілері, ал нашар сезетін: саусақ ұштары мен алақан. Дененің киім жауып тұратын жерлері де ыстық пе суықты өте сезгіш келеді.

#### Сипай сезу түйсіктері.

Адамдардың еңбек әрекетінде ерекше орын алатын түйсіктерінің бірі -сипай сезу (осязание) түйсігі. Мұның 2 түрі бар. Біріншісі - пассив сипай сезу. Бұған тері түйсігі түгелдей кіреді, Екіншісі - актив сипай сезу. Актив сипай сезу тері және қозғалыс түйсіктерінің ұштасып келуінен көрінеді. Актив сипай сезу түйсігінің рецепторы адамның қолында (саусақ, алақан) орналасқан.

#### 2. Органикалық түйсіктер.

Түйсіктердің екінші тобына - органикалық түйсіктер жатады. Бұлардың рецепторлары ішкі мүшелердің қабаттарына (өңеш, қарын, ішек, тамыр, өкпе, жүрек т.б.) орналасқан. Ашыққанда, шөлдегенде не сусын қанғанда, жүрек айнығанда, іш ауырғанда және т.б. осындай жағдайларда болатын сезінулер органикалық түйсіктерге жатады. Адам тоқ, дені сау кезінде немесе іс-әрекет үстінде түйсіктердің бұл түрін байқай бермейді.

#### 3. Кинестезиялық түйсіктер.

Кинестезиялық түйсіктер дененің жеке мүшелерінің бір күйдегі қалпын, қозғалысын білдіреді. Кинестезиялық түйсіктерді кейде қозғалыс түйсігі деп те атайды. Оның рецепторлары - ет, тарамыс, сіңірлердегі жүйкелерінің ұштары,

#### Тең басу түйсіктері.

Мұндай түйсіктерді статикалық түйсіктері деп те атайды. Статикалық түйсіктердің рецепторлары ішкі құлақтағы вестибулярлық аппаратта орналасқан. Статикалық түйсік - бастың қозғалысын, бастың кеңістіктегі алып тұрған орнын, яғни адамның тең басуын бейнелейді.

#### Вибрациялық түйсіктер.

Вибрациялық түйсіктер қозғалған дененің ауаны толқыуын бүкіл өн бойымызбен сезінген кезде пайда болады. Негзгі анализаторлары (түйсіну мүшелері) сау адамдар көбінесе өздерінде бұл түйсіктердің болуын байқамайды.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Экстероцепторларға қандай түйсіктер жатады.
2. Интероцепторларға қандай түйсіктер жатады.
3. Проприоцепторларға қандай түйсіктер жатады.
4. Түйсік қандай түрлерге бөлінеді.
5. Көру түйсігі, “ үш түсті көру” теориясы дегеніміз не.
6. Есту түйсігінің ерекшеліктері қандай.
7. Иіс, дәм түйсіктерінің бір-бірінен айырмашылықтары неде.
8. Тері және сипай сезу түйсіктерінің бір-бірінен айырмашылықтары қандай.
9. Органикалық, кинестезиялық, статикалық, вибрациялық түйсіктер дегеніміз не.

## Тақырыбы: Қабылдау

### Жоспары:

1. Қабылдау туралы жалпы түсінік.
2. Қабылдаудың физиологиялық негіздері.
3. Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қабылдау туралы ұғыммен, қабылдаудың негізгі ерекшеліктерімен, қабылдаудың физиологиялық негіздерімен, адамның бойындағы байқау және байқағыштық қасиеттермен, байқаудың оқыту процесіндегі дамуымен, қабылдау саласындағы дара айырмашылықтармен, қалыптасуымен таныстыру.

### Лекция мстіні:

1. Егер түйсік сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттері мен сапаларының миымызда бейнеленуі болса, қабылдау заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі болып табылады.

Қабылдауда заттар мен құбылыстардың түсі, дыбысы, дәмі, иісі, формасы т.б. қасиеттері жатады. Мысалы, алманы қабылдауды алайық. Мұнда біздің аналогаторымызға оның қызыл түсі, хош иісі, тәтті дәмі т.б. осындай қасиеттері, бір мезгілде әсер етеді де, миымызда тұтас зат күйінде бейне пайда болады. Қабылдау процесінде адамның өткендегі тәжірибесі ерекше маңыз алады. Сырқы ортадан адамға дамылсыз ақпарат келіп отырады. Кісі бұлардың бәрін бірдей дұрыс қабылдай алмайды немесе үлгермейді. Егер бала өмір бойы поезды көрмей өссе, оны бірден жақсы тани алмайды. Адамның сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстарын қабылдауы селқос үңілу емес, белсенді қабылдау. Белсенді қабылдау ғана дүниені тереңірек тануға мүмкіндік береді.

2. Қабылдау ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. Қабылдаудың физиологиялық негізіне бірнеше тітіркендіргіштердің жиынтығы мен олардың қарым-қатынасында пайда болатын уақытша нерв байланыстары жатады. Мұны И.П. Павлов қатынас рефлексі деп атаған. Мәселен, көру анализаторында осындай қатынас рефлексінің жасалуы заттың түрі, түсі, мөлшеріне қарамай-ақ оның тұлғасын тануға мүмкіндік береді.

Сөйтіп қабылдау-түйсіктегідей бір анализатордың ғана қызметі емес, бірнеше анализатордың бірлесіп қызмет істеуінің нәтижесі. Мәселен киноны көру екі анализатордың /көру, есту/ өзара байланысып жұмыс істеуінен болады.

3. Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері.

Қабылдаудың тұтастығы. Қабылдаудың объектісі кейбір жеке қасиеттерден, жеке бөліктерден тұрғанымен, біз оларды бүтіндей, тұтастай қабылдаймыз.

Кей - кезде бұрынғы тәжірибемізде ұшыраған кейбір объектілердің жеке бөліктері, шет жағасы, үзінділері ғана қабылданса да, бұларды тұтас зат формасында қабылдаймыз. Егер "Дударай" операсындағы Мариям әнінің басталуын ғана құлағымыз шалса, осы әннің мазмұнын тұтастай қабылдайтын боламыз. Адам алдындағы үш нүктіні де жеке нөқат ретінде қабылдамайды. Мұны үш бұрыштың тұтас бейнесі деп түсінеді. Өткені, қабылдаудағы жеке бөліктер жиналып келіп, тұтас нәрсенің бейнесін құрайды.

**Қабылдаудың мағыналылығы.** Бұл ерекшелік те қабылдаудың түйсіктерден негізгі айырмашылығын жақсы көрсетеді. Ол объектілердің мазмұнын жақсылап түсінбейінше, белгілі тұжырымдар мен сөз арқылы аталмайынша, ол толық қабылданбайды. Қабылдауда объектінің аты сөзбен /екінші сигнал жүйесі/ берілсе, қандай нәрсе болса да, оңай және тез қабылданады. Мәселен, өзіміз түсінбейтін тілде сөйлеген сөздерді мүлде ұқпайтын болсақ, азын-аулақ хабарымыз бар тілді шала -шарпы қабылдаймыз. Адам ана тіліндегі сөздерге жақсы толық түсінетіндіктен ғана оларды толық қабылдай алады.

Заттар мен құбылыстардың мағынасын түсінудің қарапайым түрі, тану. Нәрсені танымайынша, оны аңғарып қабылдау қиын. Тану жалпылай және даралап тану болып 2-ге

бөлінеді. Жалпылай тану дегеніміз -талғаусыз қалай- болса солай тану. Жалпылай тануда адам нәрселердің өздеріне тән қасиеттерін біле бермейді. Объектілерді даралап тану арқылы ғана оларды анық, толық қабылдауға мүмкіндік туады. Мәселен, көпшілік арасынан таныс адамды бірден тану, көп киімнің ішінен өз пальтоңды бірден тану оп-оңай. Қабылдаудың таңдамалылығы.

Толып жатқан объектілердің ішінен біреуін іріктеуіміз қабылдаудың таңдамалылығы делінеді.

Мысалы, кітап оқығанда ондағы бірер сөз қате жазылған болса, да байқамай оқып кете береміз. Егер кітапта "университет" деген сөз "университет" деп қате жазылса, да біз оны "университет " деп дұрыс оқимыз. Кітап оқығанда оның мазмұнына ерекше көңіл бөлетіндіктен мұндай қателер көзге түспей қалады. Ал жеке сөздерге, жеке әріптерге шұқшия көз салған жағдайда тексттің мазмұны ұғылмай, күңгірт қалып қоятын кездері болады. Қабылдауда зечін аударып, талғаудың зор маңызы бар. Мұндай жағдайда объектінің назар аударылған белгілерін, қасиеттерін, керек жақтарын ғана қабылдаймыз. Біздің назар аударатынымыздың ішіндегі ең бастылары қазіргі істеп жатқан әрекетімізге қажет қызықтыратын , қажететімізге жарайтын нәрселер болып табылады. Қабылдаудың таңдамалылығы әр түрлі объективтік және субъективтік себептерге де байланысты болып келеді.

Қабылдаудың тұрақтылығы.

Қабылдаудың тұрақтылығы деп-сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарамастан заттардың кейбір қасиеттерінің бір қалыпты болып, қабылдануын айтады: мәселен, біздің алдымыздағы телеграф бағаналарының бір бірінен қашықтығы көздің тор қабығында бірдей сәулеленбейді. Сонда да біз олардың шамасын бір-біріне тең деп қабылдаймыз. Өткені, олардың шындықтағы қалпы осындай. Осы заңдылықты түсіндіретін мысалдар толып жатыр.

Мәселен, ақ қағаз жасыл лампочканың жарығы түссе де, қызыл лампочканың жарығы түссе де бәрі бір ақ болып қабылдана береді. Жарықтың түрлі әсерінен көмір де бірде қара, бірде сұрғылт болып қабылданады. Мұның бәрі көру анализаторында түрлене бейнеленеді. Осы заңдылық тұрмыста, еңбек процесінде түрлі заттарды тез, оңай тануға мүмкіндік береді. Қабылдаудың тұрақтылығы адамның өткен тәжірибесіне де байланысты.

Бейнені тұрақты түрге келтіруге, оны сол қалпында сақтауға мүмкіндік туғызатын ең жоғарғы психикалық функция -сөз. Әрбір заттың түсінігі сөзбен байланысты, сөз ғана затты бір тұрақты түрде енгізеді.

Иллюзиялық қабылдау.

Әрқашан да қабылданатын затқа, н/е құбылысқа қабылдау сәйкес келе бермейді. Түрлі себептерге байланысты шындықты бұрмалап, теріс қабылдайтын кездер де болады.

Түрлі себептерге байланысты шындықтағы объектілерді қате қабылдауды иллюзия деп атайды. Иллюзия сан алуан себептерге оаиланысты пайда болады. Мысалы, шай құйылған стаканға салынған қасықтың "сынған" құсап тұруы физикалық қасиеттермен түсіндірілсе, кейбір нәрсе жөніндеп жаңсақ пікірлер адамның әр түрлі ерекшеліктеріне байланысты. (Көзге қозу процесінің жайылуы, көздің затқа бейімделуі, қозғалысы , қабылданатын затқа көздің төсілмеуі т.б Иллюзиялардың табиғаты ғылымда әлі де толық зерттелмеген. Иллюзиялардың түрлері өте көп.

Соның ішінде көру қабылдауында иллюзиялар жиі кездеседі. Бұл көбінесе заттардың кеңістікте орналасуы жағдайын адамның жөнді білмеуінен туады. Көру иллюзияларына: контраст, перспектива, қашықтық, заттың жоғары жағын артық бағалау, түзу кесіндінің - ығысу иллюзиясы т.б. жатады. Мәселен перспектива иллюзиясын алайық. Айталық үш бағананың биіктігі бірдей дейік. Ал қабылдау кезінде олардың ең әрідегісі бәрінен үлкен сияқты болып көрінеді. Мұның себебі-нәрсе алыстаған сайын оның бейнесі кішірейе беретіндіктен, нәрсе өзінен кішкентай нәрсенің қасында тұрса үлкейіп , үлкен нәрсемен қатар тұрса, кішірейіп көрінеді. Осы мысалдағы ортадағы дөңгелектер, шынында өзара тең, бірақ көзге әр түрлі болып көрінеді. Өйткені бірі- үлкен дөңгелектердің, екіншісі-кішкентай дөңгелектердің қоршауында тұр. Тәжірибе арқылы тексеріп көру-қабылдаудың

дұрыстығының бірден бір өлшемі. Мәселен, стакандағы шайдан қасықты алып, оның сынбағандығын байқау - осындай тәжірибенің қарапайым түрі. Иллюзияның заңдылықтарын дұрыс түсінудің тәжірибелік мәні зор. Мәселен, иллюзиялар архитектура мен бейнелеу өнерінде, әскери маскировкада, баспахана әріптерін жасауда, сахна безендіруде жиі қолданылады. Иллюзияларды адамның нерв жүйесінің ауруға шалдығуына байланысты туатын заттардың жалған теріс бейнелері-галлюцинациялардан ажырату қажет. Мұндай науқасқа ұшыраған адамның ұғыну қабілеті кемиді де, есі кіресілі-шығасылы болады.

Мәселен, оған ешкім дауыстамаса да ол бір дауыс естігендей денесінде қайдағы бір жоқ жорғалап жүргендей көрінеді. Бұл көбінесе шизофрения, инфекция ауруларының негізін де пайда болып, отырады. Бұл аурулардан психiatr-дәрігерлердің көмегімен айығуға болады. Ми қабығында қозу процесі тежелумен алмаспай бір орнында тұрып, қалған кезде осындай галлюцианалық бейнелер пайда болады.

#### **Апперцепция / латынша қабылдауға қосымша/**

Қабылдаудың адамның жалпы психикалық тұрмысы мен өткен тәжірибесінің мазмұнына байланыстылығын апперцепция дейміз. Апперцепция тұрақы және уақытша болып екіге бөлінеді. Тұрақты апперцепция адамның қызығуы мен мамандығы, білімі мен дүние танымына байланысты болып отырады. Мысалы, түбір деген сөзді әр адам түрліше қабылдауы мүмкін. Апперцепцияның мол болуы бейімділікке байланысты. Білім адамның ойын тереңдетіп, оның мазмұнын кеңітіп қана қоймайды дүниені жан\_жағынан терең түсіне білуге жағдай туғызады. Адам есейген сайын оның білімі тәжірибесі молая түседі, дүниетанымы қадьштдь Бұл апперцепцияның өзгеруіне әсер етеді. Әр түрлі иллюзиялардың негізінде адам жаңсақ пікірде болады, мұны уақытша апперцепция дейді. Апперцепцияның уақытша түріне А.С. Пушкиннің "Вурдалак" деген өлеңі жақсы мысал бола алады. Осы өлеңде Ваня деген қорқақ бала түнде зират арқылы жүріп бара жатады. Ол қорыққаннан қара терге түседі, Сүйек кеміріп жатқан итті қабырдан шыққан өлікке балайды. Өйткені оның өзі осындай кереметтердің болатындығына сенетін.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қабылдау дегеніміз не.
2. Қабылдаудың түйсіктен айырмашылығы неде.
3. Қабылдаудың тұтастығы дегенді қалай түсінуге болады.
4. Қабылдаудың мағыналылығы мен таңдамалылығы деп нені айтамыз.
5. Қабылдаудың константтылығы дегеніміз не.
6. Иллюзия деп нені айтады, оның қандай түрлері бар.
7. Апперцепция деп нені айтады, оның қандай түрлері бар.

## **22-лекция**

**Тақырыбы:** Байқау және байқағыштық

#### **Жоспары:**

1. Байқау және байқағыштық туралы түсінік.
2. Байқау және оның оқыту процесіндегі дамуы.
3. Қабылдау саласындағы дара айырмашылықтар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қабылдау туралы ұғыммен, уақытты және кеңістікті қабылдау туралы ұғыммен, қабылдау формаларымен, балаларда қабылдаудың даму жолдарымен, қалыптасуымен таныстыру.

#### **Лекция мәтіні:**

1. Байқау дегеніміз- белгілі мақсат пен объектіні әдейілеп қабылдау. Қабылдау үшін оны көру жеткіліксіз, оған белгілі көзқарас бойынша баға берілу қажет. Бір нәрсені мүқият байқау үшін біраз уақыт бойына жүйелі түрде бір объектіні бөліп алып қадалаған дұрыс. Бұл, байқаудың негізгі шарттарының бірі. Байқау үшін белсенді ой жүгірту, арнайы зейін қою, байқау нәтижесін сөзбен айтып отыру ерекше маңыз алады.

2. Байқағыштық кез-келген уақытта көзге ілінбейтін, ілінсе де оған көбінесе мән берілмейтін нәрселерге ерекше зейін қоюшылық. Мәселен, бүркіт пен тазының арасындағы шайқастың ұсақ түйсіктерін тек жақсы аңшы ғана байқай алады.

Осы суретті А. Құнанбаев "Қан сонарда бүркітші шығады аңға" деген өлеңінде жақсы көрсеткен.

"Біреуі көк, біреуі-жер тағысы"

Адам үшін батысып қызыл қанға.

Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға

- "қар аппақ", "бүркіт

қара", " түлкі қызыл" деген тіркестерде кез-келген адамға байқала бермейтін көріністер сөз болып отыр. Мұндай сөздерді -кез- осы нәрсені өте л<sup>е</sup>етік білетін адам ғана айта алады.

3. Байқағыштық жаңа фактілерді білуге күмарлықты, олардың егжей-текжейін білуді, адамның әрдайым қабылдауға даярлығын тілейді. Байқағыштық қасиет-адамның өмір сүрген ортасына, алған т<sup>ә</sup>лім-тәрбиесіне, мамандығына, айналысқан кәсібіне де байланысты. Байқағыштық-өмірдің әр саласы үшін өте қажетті қасиет. Байқағыштық әсіресе ғылыми жұмыста, мұғалімдік қызметте, ақын -жазушының өмірінде ерекше орын алады.

#### **Бақылау с<sup>ә</sup>рақтары:**

1. Байқау дегеніміз не.

2. Байқағыштық дегеніміз не.

3. Байқау және оның оқыту процесіндегі дамуы.

## **23-лекция**

**Тақырыбы:** Уақытты және кеңістікті қабылдау.

#### **Жоспары:**

1. Уақытты және кеңістікті қабылдау туралы түсінік.

2. Қабылдау формалары.

3. Балаларда қабылдаудың дамуы мен қалыптасуы.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қабылдау туралы ұғыммен, уақытты және кеңістікті қабылдау туралы ұғыммен, қабылдау формаларымен, балаларда қабылдаудың даму жолдарымен, қалыптасуымен таныстыру.

#### **Лекция м<sup>ә</sup>тіні:**

1. Кеңістік пен уақыт материяның өмір сүруінің негізгі формалары. Сондықтан кеңістік пен уақытты материядан бөлектеу, оларды материядан аулақ өмір сүру деу шындыққа сай келмейді. Кеңістікті қабылдау заттар мен құбылыстардың көлемін, түрқын, түрін аумағын алыс жақындығын, түрқын, тайыз-тереңдігін бағыт-бағдарын қабылдау деген сөз. Кеңістікті қабылдау өте күрделі процесс. Мәселен, заттың көлемі мен түрін қабылдау -көру, сипай сезу, қимыл қозғалыс түйсіктерінің күрделі үйлесімі арқылы жүзеге асады. Қашықтық пен заттардың көлемін қабылдауда көздің көрілетін затқа бір көздей болып әрекет етуі қажет болады. Бұл құбылыс жақындағы нәрсені ажыратуға байқалады. Көз тіккен нәрсе неғұлым жақын тұрса, конвергенция да сонша күшті болады да, көз ішке

бұрыла береді. Көздің түрлі қашықтықтан заттарды көруге бейімделу қабілеттілігін аккомодация деп атайды. Көздің аккомодациясы хрусталь дөңестігінің өзгеруіне байланысты жақын заттарды көргенде жиырылады да алыстағы заттарға қарағанда ашыла түседі. Кеңістіктегі заттарды қабылдауда көру қозғалыс анализаторының мәні ерекше. Бір эксперименттік зерттеуде көру қозғалыс қабылдауды қатыспайтын бірде-бір мектептік пән жоқ екендігі шәкірттердің оқу материалдарын тиянақты ұғыну, жіберген қателерін кезінде көре біліп, түзету әр тәннің өзіндік ерекшелігі түрлі аспаптар мен жұмыс істеуге ықпал ететіндігі жақсы байқалған.

2. Қашықтықты қабылдау өте күрделі процесс. Мәселен, іштей соқыр болып туған адам көзіне операция жасағаннан кейін де қашықтықты айыра алмайды. Оның көзінің іліккен нәрсенің бәрі бірдей дәл алдында тұрғанға ұқсайды. Алыстағы заттар қозғалса, өзі соқтығып, қалатындай көреді. Кеңістікті дұрыс қабылдап үйрену кішкентай кезден басталады. Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалар түрлі нәрселерді ұстап, байқап сипап қарайды, олардың формасын үлкен-кішілігін көреді. Кейін есейіп, тәжірибесі артып, ой-өрісі кеңейген кезде заттардың кеңістікке орналасуы жақсы аңғара алады. Заттардың кеңістікте орналасуын дұрыс біле алудың адамның іс-әрекеті үшін қаншама маңызы екендігі түсінікті.

Уақыт та кеңістік сияқты қозғалушы материяны, өмір сүруінің объек-к реалды формасы.

Уақытты қабылдау да сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстарда болатын өзгерістердің санаға әсер етіп қалдыратын бейнесі. Уақыт дүниедегі заттардың өзгеріп, бір калыптан екінші қалапқа көшіп, ескі заттардың жоғалып, олардың орнына жаңа заттардың пайда болып отыруының көрсеткіші.

Уақытты қабылдау бірнеше компоненттерден тұрады. Соның бірі-уақыттың ритмі. Уақыттың ритмі-құбылыстардың белгілі ырғақпен өтіп жататын бір ізділігі. Уақыт темп арқылы көшеді. Темп-құбылыстардың бір ізділігінің, тездігінің не баяулығының көрсеткіші.

Уақыттың қабылдануы оның қандай мазмұнда болуымен де шарттасып жатады. Егер ұсақ -түйек әрекетпен өткен уақыт ұзақ болып көрінсе, пайдалы әрекетке толы уақыт тез өтеді. Көбінесе уақытты субъективтік болжау дұрыс болмай шығатындықтан, оны объективтік өлшемдермен өлшеген дұрыс болады.

### 3. Қабылдау саласындағы типтік айырмашылықтар

Адамдардың барлығы біркелкі қабылдай бермейді. Мұнда топ, адамға тән типтік өзгешіліктер де болады. Кейбір адамдар қабылдау кезінде заттың өзіне. Жеке тұрқына, сырт көрінісіне көңіл аударуға бейім болады, олар көргенін баяндауды ғана мақсат етеді. Енді біреулер сол заттың мән мағынасына көз жібереді, қабылдағанын жан-жақты түсіндіріп, беруді қажетсінеді. Осы айтылғанға орай бірінші топтағы адамдарды қабылдаудың баяндаушы типіне, ал екіншілерін түсіндіруші типке жатқызуға болады. Қабылдау саласында адамдар объек-к және субъек-к типтер болып та бөлінеді. Бірінші типтің өкілдері заттар мен құбылыстарды дәл, айқын ешбір қоспасыз сол калпында қабылдайды, өз жанынан еш нәрсе қоспайды. Ал субъективтік типтегі адамдардың қабылдауында долбарлау қиялдап жаңа образдар қосу жағы басым болады. Мұндайда қабылданатын заттан гөрі адамның сезім күйлері ерекше әсер ететін болады. Субъективтік типті кейде қабылдаудың эмоциялық типі деп те атайды. Қабылдау синтезді, анализдік типтер де кездеседі. Қабылдаудың өмірге өте икемді типі-анализдік синтездік тип. Қабылдау саласындағы типтік еріктер бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Сондай-ақ бұлардың қай-қайсысы болмасын тұрақты өзгермеуі қажет емес, тұрмыс дағды -әдет, іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұны, адамдардың жас және дара ерекшеліктері т.б. белгілі жағдайларда қабылдау саласындағы типтік ерекше қабылдау саласындағы типтік ерекшеліктерді өзгеріске түсіріп отырады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қабылдау саласындағы дара айырмашылықтар.

2.Төменгі сынып оқушыларының қабылдау ерекшеліктері қандай.Олардың байқау қабілеті қалайша дамып отырады.

3.Адам кеңістік пен уақытты қалай қабылдайды.

## 24-лекция

**Тақырыбы:** Ес процесі

**Жоспары:**

1. Ес туралы жалпы түсінік.
2. Естің физиологиялық негіздері.
- 3.Ассоциациялардың түрлері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ес туралы жалпы ұғыммен, естің физиологиялық негіздерімен, естің түрлерімен, типтерімен, ассоциацияның түрлерімен, елес және оның өзгешеліктерімен, ес процестерінің түрлерімен, ес саласындағы дара айырмашылықтармен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Ес- деп, қоршаушы өмірдегі заттар мен құбылыстардың мида алғашқы із ретінде қалыптаса бастап белгілі бір уақыт ішінде сақтала отыра . кезінде қайтадан жаңғыртылуын айтамыз.

Ес-деп, қоршаушы өмірдегі заттар мен құбылыстардың адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс.

Ес-күрделі психикалық процестерге жатады. Ес- есте қалдыру,қайта жаңғырту, тану, ұмыту секілді процестерден тұрады.

2. Естің физиологиялық; негіздерін бір кезде И.П. Павловтың жүйке жүйесінің пластикалық қасиеті туралы ілімімен түсіндіретін. Жүйке жүйесінің пластикалығы дегеніміз- түрлі козулардан қалған осерлердің қайтадан уақытша байланысқа түсе алу қабілеті. Уақытша байланыстардың тікелей тітіркендіргіштер әсер етпеген жағдайда мида жасальтуы онда бұрынғы байланыстардан із қалып отыратындығын көрсетеді. Өйткені адам есінің мимен қалайша байланысты екендігін жөнінде ғылымда әлі нақтылы деректер жоқ.

Мысалы; ес құбылысының табиғатын зерттеуші ғалымдардың тобы оны мидағы электр құбылыстарымен байланыстырса енді бір зерттеушілер есті мидың нейрхимиясына қарай түсіндіргісі келеді бакыпың өкілдері мидың кейбір клеткаларын (нейрондарын) бір сыдырғы зерттегенмен (мидан нуклейнді қышқылдар комплексінің табылуын) естің бүкілі ми массасынан алатын орнын әлі анықтай алмай келеді.

Бір нәрсені есте сақтау- оны байланыстыру деген сөз. Ес процесінің негізі болып табылатын байланыстарды психологияда ассоциация деп атайды.

Егер бұрын бірнеше объектіні бір мезгілде немесе бірінен соң бірін елестетсек, не ойласақ, бұлардың арасында байланыс пайда болады. Кейін обектінін біреуін гана елестетсек миымызда қалған бөлігін -тудыруға себеп болады. Ассоциациялық принципті алғаш рет ойлап тапқан ежелгі грек ойшылы Аристотель ассоциацияларды тек тікелей елестетумен байланыстырып психикалық әрекеттің қалған түрлерін түсіндіруге бұл принципті қолданбады.

Ғылымда тұңғыш рет ассоциация ілімін шартты рефлекс теориясымен дәлелдеген, осы негізде көптеген психикалық процестердің табиғатын түсінуге болатындығын көрсеткен ұлы орыс ғалымы И.П.Павлов болды. И.П.Павлов психологияда ассоциациялар деп аталатын құбылыс ми қабығында екі қозу процесінің қабаттасып келуі себепті пайда болып, сан рет қайталаудың нәтижесінде бекіп отыратын уақытша байланыстар екенін түсіндірді. “Ұлы ғалым бұл туралы былай деп жазды " Уақытша

нервтік байланыс жануарлар дүниесінде де, біздің өзімізде де байқалатын жан-жақты физиологиялық құбылыс. Сонымен қатар ол түрлі әрекеттерден, әсерлерден құрылса да немесе әріп, сөз, әлде ойдан құрылса да психикалық құбылыс болып табылады, оны психологтар ассоциация деп атайды."

3. Ассоциациялардың Аристотел заманынан белгілі үш түрі бар. Олар:

1. Іргелестік, аралас
2. Ұқсастық,
3. Қарама-қарсылық ассоциациялар.

1. Іргелестік ассоциация бойынша бір зат жөніндегі елес өзімен бірге оған қатысы бар екінші затты қоса туғызады.

Мысалы: Көктем-шөп, түс-сары, Кремл-қызыл алаң.

2. Ұқсастық ассоциациясы деп - нәрсенің бейнелері өздеріне ұқсас екінші затты (образдарды) ілестіріп еске түсіреді, яғни бір зат жөніндегі елес сол затқа қандай болса да ұқсастығы бар екінші затты елестетеді.

Мысалы: Жапырақтың сыбдыры-адамның жайлап сөйлеуін,

Толқынның шуы - адамның самбырлаған дауысын,

Қарындаш-дәптер.

3. Қарама-қарсы ассоциациясы дегеніміз -бір зат жөніндегі елес оған қатысы-бар қарама-қарсы екінші затты не құбылысты еске түсіреді.

Мысалы: Ақ-қара, биік-аласа, айқай-шу(тасыр) -тым-тырыс.

Мысалы: біз жаңа танысқан адамның келбетін, атын есте қалдыру үшін белгілі бір атты ол адамның атымен оның сыртқы келбетімен ж/е т.б. ерекшеліктерімен байланыстырамыз, яғни есте сақтау дегеніміз- жаңаны адам санасында бұрыннан бар нәрсемен байланыстыру.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ес деп нені айтады. Оның адам өмірінде алатын маңызы қандай.
2. Ассоциация дегеніміз не, оның қандай түрлері бар.
3. Естің қандай түрлері бар.
4. Естің негізгі процестерін атаңыз.
5. Есте қалдыру дегеніміз не. Материалдың мағынасына қарай түсініп жаттап алудың шарттары қандай.

## **25-лекция**

**Тақырыбы:** Естің түрлері

### **Жоспары:**

1. Естің түрлері жөнінде түсінік.
2. Ерікті және еріксіз ес.
3. Қысқа және ұзақ мерзімді ес.
4. Қимыл-қозғалыс, бейнелік, сөз –логикалық, эмоциялық ес.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ес туралы жалпы ұғыммен, естің физиологиялық негіздерімен, естің түрлерімен, типтерімен, ассоциацияның түрлерімен, елес және оның өзгешеліктерімен, ес процестерінің түрлерімен, ес саласындағы дара айырмашылықтармен таныстыру.

### **Лекция мәтіні:**

1. Естің түрлері.
- Ес төртке бөлінеді: 1. Қозғалыс есі.
2. Бейнелік(образдық) 3.Сөз логикалық ес. 4.Эмоциялық ес.



1. Қозғалыс есі деп ойын, еңбек әрекетіне байланысты туып отыратып қимыл - қимыл қозғалыстарды есте қалдыру мен қайта жаңғыртуды айтамыз. Мыс: жазу, оқу, машинкада қағаз басу, коньки тебу, т.б.
2. Заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақтылы бейнесін ойда-қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отыруын бейнелік ес дейміз. Суретшілер мен архитекторлардың, музыканттар мен актерлердің көбінесе нақты, көрнекті болып келеді.
3. Адам ойының түрлі формаларының (ұғым, пікір, ой қорытындылары) есте қалдыра отырып, керекті кезінде қайта жаңғыртылып отыруын айтамыз. Мыс: Сөз жүйесін есте сақтау – ойлау жұмысына байланысты. Естің бұл түрі көбінесе философтар мен математиктерде жиі кездеседі. Сөз-логикалық естің оқу процесінде маңызы зор. Өткен тақырыптарды есте қалдыру оны қайта жаңғырту есі онша дамымаған адамға қиынға соғады.
4. Сезімдерді есте қалдырып керекті кезінде қайта жаңғыртылып отыру эмоциялық ес-деп атаймыз. Мыс: оған шартсыз рефлексік және саяси моральдық көңіл-күй көріністері жатады. Жас кезімізде тұрған бір жерге келсек, сол кезде бізге ерекше әсер қалдырған нәрселердің бәрі есімізге оп-оңай түседі. Өткендегі оқиға бір қуанышқа-байланысты болса, ол өмір бойы естен шықпайды. мыс: 9-мамыр, 12- сәуір, Наурыз –тойын

Қазақстан республикасының тәуелсіздік алған -күні -16-шы желтоқсанды еш уақытта ұмытпаймыз. Адам сондай-ақ бір нәрседен қатты қорықса да тентектік жасап, оны ұялтқан күнді бастан кешірсе де мұндайды ешуақытта естен шығармайды.

2. Ес адамның әр-алуан іс-әрекеттерімен байланысты болып, тіршілікте маңызды қызмет атқаратын болғандықтан, оның түрлерімен көріністері де әрқилы. Естің бөлінуі адамның түрлі әрекет ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіліп, олар есте қалдыру, қайта жаңғырту процестерімен тығыз ұштасады. Мысалы, адамда есту есі мен көру есі психикалық қасиеттер ретінде көрінеді. Іс-әрекет сипаттарына орай, ес мынадай үш түрге негізделіп бөлінеді:

1. Психикалық белсенділік сипатына байланысты: қимыл-қозғалыс, эмоциялық сезімдік, бейнелі көрнекілік және сөздік-мағыналық (логикалық).
2. Іс-әрекеттің мақсат сипатына қарай: ерікті, еріксіз ес..
3. Адамды материалдарды қанша уақытқа дейін есте сақтай алатындығына қарай: қысқа және ұзақ мерзімді (түпкілікті), сондай-ақ оперативті ес.

Естің кейбір түрлері арнайы аспап-мнемометр арқылы өлшенеді.

3. Қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік ес.

Материалды сақтау ұзақтығы мен іс-әрекеттегі рөліне психологияда есте ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік немесе; оперативтік деп бөлінеді. Қысқа мерзімдік ес адамда материалдық уақыттан соң еске түсіруді мақсат тұтып, одан кейін сақтаудың жоқ деген жағдайда көрініс береді. Мысалы: Кей оқушы материалды сабақта немесе емтиханда қайта жаңғырту мақсатында ғана оқиды! жауап беріп болған соң бірден ұмытады. Ұзақ мерзімді ес жаңа материалы ұзақ уақыт, тіпті мәңгі есте сақталғанда көрініс береді. Жеке адамның бір нәрсені белгілі бір мерзімге сақтауы мақсат тұтуы материалдың есте берік сақталуына әсерін тигізеді. Бұл тәжірибе жүзінде дәлелденген.

Есте қысқа мерзімге сақтау бағытын ұстанғанда жаттаған нәрсе тез ұмытылады. Кей жағдайларда әрекет сипатымен байланысты, қысқа мерзімдік ес қана қажет болады. Есеп шығару, дауыстап оқып жаздырудың процестерінде ұзақ мерзімдік есте пайдалану қажет те емес, өйткені материалды тиісті операцияны орындау кезінде ғана есте ұстау керек, " Естің бұл түрін, басқа сөзбен, оперативтік ес-деп атайды.

Есте қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік деп бөлудің дұрыстығы күнделікті өмірден де байқалады. Бір-ақ рет сөйлесуге қажетті телефон номерін біз бірнеше минутта ғана есте сақтаймыз да ұмытып қаламыз. Тәжірибелер мен клиникалық байқаулар қысқа мерзімдік естің өте тұрақсыз екендігін көрсетеді. Мыс: Адам миы шайқалғанда соққы тиген сот және соған байланысты жайттарда ғана емес, тіпті сол сәт алдында болған жойттердің еш қайсысын есіне түсіре алмайды .

Қысқа мерзімдік ес ұзақ мерзімдікке ауысуы мүмкін . Мыс: біз ылғи да пайдалана берген телефонның номері есте берік сақталып қалады. Ерікті және еріксіз естер.

4. Естерді ерікті және еріксіз деп бөлу орындалуға тиісті әрекеттердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты . Белгілі мақсат қоймай -ақ , арнайы есте қалдырмай -ақ есте сақтау мен жаңғырту , еске түсіру, еріксіз ес деп аталады . Егер мақсат қоятын болсақ , онда бұл ерікті ес болады . Мұнда есте қалдыру мен жаңғырту , еске түсіру , жаттап Алу үшін мнемоникалық амалдар қолданылады. Естің (сатылары) бұл түрлері бір ізділікпен дамып отыратын естің сатылары болып табылады. Еріксіз естің орасан зор орын алатынын әр адам өз тәжірибесінен жақсы біледі. Дегенмен, адам қажетті деп тапқан нәрселері үшін арнайы амалдар қолданып , ерікті есте қалдыруды да жиі қажет етіп отырады. Естің адам санасында тұрақтанып , же місті болуының өзіндік сипаттары бар.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қайта жаңғырту мен танудың бір–бірінен айырмашылығы неде.
2. Елес дегеніміз не.
3. Ұмыту неден болады және оның қандай түрлері бар.
4. Ес саласындағы қандай дара айырмашылықтар бар.
5. Бала есі қандай жолмен дамиды.
6. Төменгі сынып оқушыларының ес ерекшеліктері қандай болады.
7. Есті тәрбиелеу үшін мұғалім қандай жұмыстар жүргізеді.

#### **26-лекция**

**Тақырыбы:** Ес процестері. Естің маңызы.

#### **Жоспары:**

- 1.Естің типтері.
- 2.Елес және оның өзгешеліктері .
- 3.Ұмыту және тану, қайта жаңғырту.
4. Ес саласындағы дара айырмашылықтар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ес туралы жалпы ұғыммен, естің физиологиялық негіздерімен, естің түрлерімен, типтерімен, ассоциацияның түрлерімен, елес және оның өзгешеліктерімен, ес процестерінің түрлерімен, ес саласындағы дара айырмашылықтармен таныстыру.

#### **Лекция мәтіні:**

1. Елестер дегеніміз- қазіргі сәтте сезім мүшелеріне эсер етпейтін заттар мен құбылыстар бейнесінің мида пайда болуы. Елестердің физиологиялық негізгі үлкен ми сынарларының қыртысында бұрынғы козулардан қалған іздер болып табылады . Елестер - бұл бұрынғы қабылдауларды қайта өңдеу мен жалпылаудың нәтижесі. Қабылдаусыз елестер құрастырылмас еді, өйткені соқыр болып туылғандардың түрлі түс пен бояулар жөнінде , ал тумысынан саңыраулардың есту елестері болмайды.

2. Елестер: 1. Жалпы 2. Дара болып бөлінеді.

1. Арнаулы бір затты қабылдауға негізделген елее дара болады . Өйткені ол дара затты бейнелендіреді.
2. Бірнеше ұқсас заттарды жалпылап бейнелейтін елес жалпы болады . Бұлардан басқа елестерді оларға негід болатын

кабылдау түрлеріне қарай айырады. Елестерді көру ( адам, зат, пейзаж),

Есту (музыкалық әуенді елестету), Иіс (эфир иісін елестету), Дәм (лимонның дәмін елестету), Сипап сезу-қозғалыс (секірген кездегі дене қалпын елестету), елестері деген түрлерге бөлінеді. Елестер адамның қызметі процесінде қалыптасады, сондықтан мамандыққа байланысты елестің белгілі бір түрі, айталық, суретшіде -көру, композиторда-есту, спортшы мен бишіде -қимыл, химикте -иіс, т.б. жетілген.

Ес процестері.

Ее өте күрделі процесс, оның өзі бірнеше жеке процестерден тұрады. Бұлардың негізгілері: есте қалдыру, қайта жаңғырту.ұмыту және тану.

Есте қалдыру.

Есте қалдыру- мағлұматты белсене қайта өңдеу, жүйелеу, жалпылау, оны игеру процесі.

Есте қалдыру екіге бөлінеді:

1." Еріксіз есте қалдыру,

2. Арнайы есте қалдыру.

1. Еріксіз есте қалдыруда адам алдына арнайы мақсат қоймайды. есте қалдырудың арнаулы тәсілін қолданбайды. Айналадағы өмірді түрлі көріністері (оқиғалар мен адамдардың қимыл-әрекеті сөзі т.б.) сол әрекеттің ағымына қарай есте қалып отырады.

2. Ал арнайы есте қалдыруда арнаулы ( есте қалдыруды) тәсілдерді қажет ететін және алдына мақсат қоюымен сипатталатын, жаттау процесі ұйымдастырылып, ерік күші жұмсалатын есте қалдыруды атаймыз. Арнайы есте қалдыру үшін мына төмендегі шарттарды орындау қажет:

1. Есте қалдыруда адам әр кез алдына мақсат қойып отырса, ол маңызды болады.
2. Есте қалдырудың қоғамдық дәжірибелік мәні адамның қажетіне де байланысты. Мыс: Оқушылар қандай шығарманы оқымасын бір қажетіме керек болар деп. оқитын болса, оны есте қалдыру қиынға соқпайды.
3. Оқылатын шығарманы жоспарлай алу-есте қалдыруға көп жеңілдік келтіреді. Жоспар мүмкіндігінше анық, айқын, дәл болуы керек.
4. Мағыналы есте қалдыру дегеніміз - нәрсенің мәніне түсіну.
5. Оқып отырған шығарманың байланысжүйелерін елестетуге, еске тірек боларлық ой-желісін табуда схема-чертеж, таблицалармен қатар, шартты белгілер қолданылып отырса, есте қалдырудың сапасы арта түседі.
6. Оқылатын шығарманы жақсылап есте қалдыру адамның өзін-өзі тәрбиелей алуына да байланысты.
7. Есте қалдырылуға тиісті шығарманы адам үмкіндігінше өз сөзімен айтып берсе, есте қалдыруға жеңіл болады.
8. Есте қалдырудың сапасы дұрыс қайталай алуға да байланысты. Мысалы: оқу материалын бір қайталап жаттаудың да қажеті жоқ өлеңді бір ден жаттап алса, ол тез ұмытылады, сондықтан он бірнеше уақытқа бөліп жаттау керек. Сондай-ақ жатталған нәрсені ұмытып кеткен соң қайталау пайдасыз, он ұмытпай тұрып қайталау керек. Жаттаудың мнемоникалық әдісінің бірі

механикалық( мағынасына түсінбей) есте қалдыру. Естің бұл түрінің кей жағдайларда іске керек болып қалатын кездері болады. Шетел сөздерінің жазылуы мен айтылуын, қиын сөздер мен атауларды, телефон нөмірлерін есте қалдыру қажет болған кезде механикалық

еске қалдырып жатпаған дұрыс. Есте қалдырудың соңғы түрі жасанды ассоциациялар арқылы мнемоникалық әдіспен жүзеге асып отырады. Мыс: біздің көшпенді ата-бабаларымыз жыл қайыру тәсілін оңайлату мақсатында мына төмендегі төрт жол өлеңді жаттаған:

Түйе сеніп бойына, Қалған ұмыт жолдардан, Жатпа қарап, мойыма, Тайма именіп, ділмардан.

Мұндағы әрбір сөздің бірінші әріп жылдардың атына (түйе- тышқан, сеніп-сиыр, бойына-барс, қалған-қоян, ұмыт-ұлу, жылдардан-жылан, жатпа- жылқы, арап-қой, мойыма-мешін, тайма-тауық, именіп-ит, ділмардан- доңыз), ал сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен рет тіркестері тетелес жыл атауының тізбегіне сай келеді. Бірақ адам осындай құрғақ жаттаумен алысқа бара алмайды.

### 3. Қайта жаңғырту.

қайта жаңғырту -бұрын қабылдағандарды қалпына келтіру процесі. қайта жаңғырту еріксіз және арнайы қайта жаңғырту деп. екіге бөлінеді. Еріксіз есте қалдыруда адам алдына мақсат қоймайды . Мұны іс-әрекеттің барысы туғызып отырады. Арнайы қайта жаңғыртуда мақсат қоюмен , ерік күшін жұмсаумен арнаулы әдіс-тәсілдер қолданумен жүзеге асады. Қайта жаңғырту үшін мына төмендегі шарттарды есте ұстау қажет.

8. Көлемі үлкен шығармаларды қайта жаңғырту үшін жазбаша немесе ойша оның жоспарын жасау қажет болады.

9. Қайта жаңғыртуда бұрын оқылған, қабылданған объектілерді бір-бірімен салыстырып отыруда аса пайдалы.

10. Қайта жаңғыртуда ассоциацияларды, бұлардың мағыналы байланыстарын пайдаланған жөн.

11. Оқыған нәрсеге жауапкершілікпен қарау, мұнда табандылық, тұрақты қызығудың болуы да қайта жаңғыртудың нәтижелі болуының қажетті шарттары болып есептелінеді.

Тану (қайта жаңғыртудың қарапайым түрі. Тану адамдардың қабылдау саласындағы ерекшеліктеріне қарай түрлі дәрежеде көрінеді. Мыс: біреу бір нәрсені қиналмай, тез және Толық таниды, екінші біреу мұны мүлде тани алмайтын болады, үшінші біреу шала таниды, ал төртінші біреу қате таниды. Объектіні дұрыс тану үшін адамның көзі төселіп үйренген болуы, өмір тәжірибесі мол, бақылағыш болуы шарт.

### 3. Ұмыту және оның түрлері.

Ұмыту процесі - есте қалдыру процесі не қарама-қарсы процесс, өмірге қажет емес нәрселерді ұмытып отыру адамның рухани дамуына көп көмегін тигізеді. Егерде адам қабылдаған нәрсенің барлығын есінде сақтай беретін болса, онда кез келген ұсақ түйектер мидың бір қалыпты жұмысын қиындатар еді. Ұмыту түрліше жағдайларда көрінуі мүмкін. Бірде ұмыту объектіні әдейілеп еске түсіруге не танула мүмкіншіліктің жоқтығынан пайда болса, енді бірде объектіні қате тану,не әдейілеп еске түсіре алмаудан болады. Материалды оқыған бойда он бір ден жаңғырту кейде қиынға түсіп, мазмұны толық берілмей қалатын кездері болады. Бірақ, бұлар екі үш күннен кейін тым тәуір байта жаңғыртылуы мүмкін. Осындай кеншігіп еске түсіруді психологияда реминисценция құбылысы деп. Атайды. Кешігіп еске түсіру көбінесе мектепке дейінгі балалар мен төменгі класс оқушыларында жиі кездеседі. Өйткені олар көлемі алкен, күрделі материалдарды бір ден толық айтып баруге шамалары келмейді де, ойларына келген жерлерін айта бермейді.

### 4. Ес саласындағы дара айырмашылықтар.

Ес дәрежесі бірдей адамды табу қиын. Біреу өлеңді жылдам жаттаса, екінші біреу санды жақсы жаттайды, үшінші біреу ұмытшақ, төртінші біреу көргенін есінде ұстағыш келеді, т.б. адамдар сон дай-ақ есінің дәлдігі жөнінен бір-бірінен ажыратылады. Естің дәлдігі-ешбір жаңылмай, ойдың тәртібін бұзбай, мағыналы түрде айта білу қабілеті.

Есі дәл адамдар материалды игеріп алудың жылдамдығы жөнінде де Алдана қарай салмайды. Жұрт бұларды зейінді, зерек адам дейді. Ал басқа біреулер, керісінше байта - байта оқыса да есіне түсіре алмай әуре болады. Адамдар еске қалдырудың ұзақ қысқалығымен де ажыратылады. Мұны кейде естің беріктігі деп те атайды. Мысалы: бір

нәрсені жаттап алса, оны ұзақ бойына ұмытпайтын болады. Екінші біреу он тез ұмытады. Естің жақсы сапаларының бірі даярлығы. Естің қорынан кез келген уақытта қажет нәрсені миына токи алатын, есінің өресі кең адамдар да болады. Біреулер көзбен көргенді, енді біреулер құлағымен естігенді жақсы қалдырады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1 Қайта жаңғырту мен танудың бір-бірінен айырмашылығы неде.

Елес дегеніміз не.

Ұмыту неден болады және оның қандай түрлері бар.

Ес саласындағы қандай дара айырмашылықтар бар.

Бала есі қандай жолмен дамиды.

Төменгі сынып оқушыларының ес ерекшеліктері қандай болады.

Есті тәрбиелеу үшін мұғалім қандай жұмыстар жүргізеді.

## **27-лекция**

**Тақырыбы:** Ойлау-таным процесінің жоғарғы сатысы.

### **Жоспары:**

1. Ойлау туралы жалпы түсінік.
2. Ойлаудың физиологиялық негіздері.
3. Ойлау жөніндегі теориялар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ойлау туралы ұғыммен, ойлаудың физиологиялық негіздерімен, ойлау жөніндегі теориялармен, ойлау тәсілдерімен, формаларымен, түрлерімен, ойлау саласындағы дара айырмашылықтармен және ойлау мәдениетімен таныстыру.

### **Лекция мәтіні**

1. Ойлау — деп, сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнелейді.

Сыртқы дүниені толық тану үшін түйсікпен қабылдау сезім жеткіліксіз. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы біле аламыз. Сондықтан түйсік қабылдау, сезім, ойлаумен тығыз байланыста болады.

Түйсік пен қабылдау дүние танудың 1-ші баспалдағы болғандықтан, олардан тыс ешбір ойлау болмайды.

Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді, осы сезімдік маелуматтардың негізінде белгілі болады.

Ойлау процесінің қамтитын көлемі өте кең. Ойлау-курделі, психикалық процесс Ойлау-сөйлеу сияқты, тек еңбек әрекетінің негізінде пайда болған. Адамның ойы ылғида сөз арқылы беріледі.

Ойлау мен сөйлеу бір екен деп тағыда ойлауға болмайды.

Ой-сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы, Сөз-ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал. Ойдың сөз арқылы бейнелеуінің арқасында адам өзінен бұрынғы ұрпақтар жинаған тәжірибе мен білімді сақтап қала алды. Ойды өмірді онан әрі жақсарту мақсаттарына пайдаланады.

2. Ойлаудың физиологиялық, негіздері И.П.Павловтың 1 және 2 сигнал жүйесі жөніндегі іліміне байланысты тусіндірілді. Ойлау-ми қабығының күрделі формадағы анализдік, синтездік қызметінің нәтижесі мұнда 2-ші сигнал жүйесінің уақытша жүйке байланыстары жетекші роль атқарады.

Ой тәсілдері:

1. Талдау (анализ)

2. Топтау (синтез)
  3. Абстракция
  4. Нақтылау
  5. Жалпылау
  6. Жүйелеу
  7. Салыстыру
1. Анализ деп — бүтінді бөлшекке бөлуді айтамыз. Мыс: өсімдіктермен таныстырғанда оларды бөлшектерге бөлінеді.
  2. Синтез деп — заттардың жеке-жеке элементтерін немесе бөліктерін бір бүтін етіп біріктіру әдісін айтамыз.
  3. Салыстыру деп — бұл заттармен олардың жеке бөліктерінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты табуды айтамыз.
  4. Абстракция деп — ойлау процесінде көбінесе заттардың өзіне көңіл аудармай, қандай да бір белгісін бөліп алып қарастыруды айтамыз.  
Мыс: квадрат, трапедция, параллелограмма т.б сөздерді "төрт бұрыш" десек, ал бор, қант, қар т.б ақшыл, бул да абстракциялық ұғымға жатады.
  5. Абстракцияға қарама-қарсы әдісті (процесті) нақтылау дейді.  
Заттың нақты белгісін көрсетсек бұл нақтылау болады.
  6. Жалпылау (арқылы) дегеніміз — бір текті заттардың ортақ қасиеттерін ойша біріктіру.
  7. Жалпылау арқылы заттар мен құбылыстарды белгілі-бір принцип бойынша орналастыруды "жүйелеу"-дейді.  
Жүйелеудің жоғары түрі классификация. Ойлау формалары: 3-ке бөлінеді.
    1. Ұғым.
    2. Пікір.
    3. Ой қорытындылары.
  1. Ұғым дегеніміз — заттар мен құбылыстар туралы ой.  
Дара және жалпы болып бөлінеді.
    2. Пікір — ол бір зат туралы мақұлдау немесе оны бекерге шығару.
    3. Ой қорытындылары дегеніміз — бірнеше пікірлерден жаңа бір пікір шығару тәсілі. Бұлардың 3 түрі бар:
      1. дедукция
      2. индукция
      3. аналогия
    1. Дедукция — Ойлау жүйесі жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы,
    2. Индукция — Ойлау жүйесі жекеден жалпыға қарай жүретін ой қорытындысы.
    3. Аналогия - ұқсастық бойынша ой қорытындысын жасау. Қолданылатын әдебиеттер тізімі

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ойлау дегеніміз не.
2. Ой тәсілдері дегеніміз не.
3. Ойлаудағы анализ бен синтездің алатын орны қандай.
4. Салыстыру, абстракция, нақтылау, жалпылау, жүйелеу тәсілдеріне жеке сипаттама беріңіз.
5. Ұғым дегеніміз не. Төменгі сынып оқушыларында ол қалайша қалыптасып отырады.
6. Пікір, ой қорытындылары жайлы айтып беріңіз.

- 7.Түсіну дегеніміз не.
- 8.Адам ойлауында қандай айырмашылықтар болады.
- 9.Ақылдың қандай сапаларын білесің.

## 28-лекция

**Тақырыбы:** Ойлау тәсілдері.

**Жоспары:**

- 1.Ойлау тәсілдері туралы түсінік.
- 2.Түсіну және оның түрлері.
- 3.Ойлау саласындағы дара айырмашылықтар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ойлау туралы ұғыммен, ойлаудың физиологиялық негіздерімен, ойлау жөніндегі теориялармен, ойлау тәсілдерімен, формаларымен, түрлерімен, ойлау саласындағы дара айырмашылықтармен және ойлау мәдениетімен таныстыру.

**Лекция мәтіні**

1. Ойлау әрқашан анализ және синтез процестерінен басталады. Анализ дегеніміз ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу. Синтезде ой арқылы заттың құбылыстық барлық элементтері біріктіріледі. Анализ бен синтез бір-бірімен тығыз байланысты, бірінсіз-бірі болмайтын құбылыс. Бұл екеуі- бірінен-бірі ешқашан ажырамайтын ой процесінің негізгі компоненттерінің бірі. Кез-келген сұраққа жауап табу, қандай болмасын бір мәселені шеше алу, анализ бен синтездің түрлі қиысуларын қажет етеді. Мәселен, мылтықты жеке бөліктерге ажырытсақ, бұл – анализ (талдау) болады да, кейіннен осы бөліктерді белгілі тәртіппен құрастырсақ синтез (топтастыру) болады. Балаларда оқу, жазу, есептеу т.б. дағдылардың қалыптасу жолы да осы анализ, синтез операцияларының принциптеріне негізделген. Адам ойлауына анализ бен синтездің дәрежесі түрлі жағдайларға байланысты (жас, білім, тәрбие т.б.) әр қилы көрініп тұрады.

Анализ бен синтездің негізінде салыстыру деп аталатын ой операциясы пайда болады. Салыстыруда заттардың ұқсастық, айырмашылық қасиеттері айқындалады. Бұл операция салыстыратын заттардың бір түрлі белгілерін көрсетумен қабат, басқа белгілеріндегі айырмашылықтарын да айырып көрсетеді. Мәселен, заттарды оның түсіне, түріне, құрылысына, атқаратын қызметіне қарай салыстыруға болады. Ойлау операциясының күрделі түрлі – абстракция мен жалпылау.

Шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алуды абстракция дейді. Мәселен, квадрат, трапеция, параллелограмма деген сөздерді “төрт бұрыш” деген сөзбен белгілесек, соңғысы абстракция болады. Сондай-ақ бор, қант, қар секілді заттардың ортақ қасиеті ретінде “ақшыл” деген сөзді алсақ, бұл да абстракциялық ұғымға жатады.

Абстаркцияға қарама-қарсы процесті нақтылау деп атайды. Нақтылау – абстаркциялық ұғымды соған сәйкес келетін жеке ұғымдармен түсіндіру, яғни жеке заттар мен нәрселер туралы ой. Мәселен жылқы деген жалпы ұғымды құлын, тай, құнан, дөнен, айғыр, бие деп бөлетін болсақ, мұндағы жылқының жеке түрлері нақтылауға мысал бола алады. Нақтылау абстаркцияға қарағанда, ұғымды көрнекті етіп түсіндіруге мүмкіндік береді. Жеке мысал, көрнекті құрал – нақтылаудың түрлі формалары.

Жалпылау дегеніміз біртекті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру. Жалпылау үшін заттардың ерекше маңызды белгілерін таба білу керек. Мәселен, алма, өрік, мейіз, алмұрт т.б. ұқсас белгілері жиналып келіп, “жеміс” деген жалпы ұғымды береді. Жалпылау тәсілі бізге сыртқы дүние заттарының мәнді белгілерін ажырата алуға жәрдем береді.

Жалпылау арқылы шындықтағы заттармен құбылыстарды белгілі принцип бойынша орналастыруды жүйелеу (систематизация) дейді. Жүйелеудің жоғары түрі – классификация. Мәселен, жануарлар – типке, типтен – класқа, кластан – отрядқа, отрядтан-отбасыға, отбасыдан –текке, тектен –түрге т.б. жүйеленеді. Жүйелеу арқылы өсімдіктер дүниесін, химиялық элементтерді белгілі классификацияға келтіруге болады. Осы айтылған ой тәсілі мал шаруашылығының қыры мен олар шөпті ащы (көкпен, изен, жусан т.б.) тұщы (қияқ, боз т.б.) құрғақ, сулы деп бірнешеге бөледі. Шөптерді қай малдың жейтініне қарай да топтасытыруға болады. Айталық, түйе үшін: жапырақ, шағыр, изен т.б. қой жейтіндері: жоңышқа, қына десек, жылқы отына –боз, қияқ, беде, ебелек, бидайық т.б. жатқызамыз. Малды сондай-ақ жасына, жынысына, жүрісіне, бөлу де ойдың осы тәсіліне жатады. Мәселен жылқыны жасына орай, : құлын, жабағы, тай, дөнен, бесті, т.б. десек, ал жынысына қарай: байтал, бие, ат деп айтамыз. Сиыр малын: бұзау, баспақ, жынысына қарай тайөгіз (ерекгі), қашар(ұрғашысы) т.б. деп бөледі. Адамның ойлау әрекетінде шындықтағы заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттеріне, ерекше белгілеріне, мәніне түсіне білудің маңызы зор. Түсіну арқылы ғана біз айналамыздағы заттардың себеп- салдарлы байланыстарын, бір- біріне тәуелділігінің шығу тегі мен даму жолын ажыратамыз.

2. Түсінудің басы — шындықтағы заттар мен құбылыстарға танысудан, көріп білуден басталады өйткені қандай нәрсені болмасын, ұғыну үшін, ұғынуды зерттеуді эмпириялық жолмен бастау қажет.

Түсіну екіге бөлінеді: 1. Тікелей 2. Жанама

Тікелей түсіну — жанама турде ой операцияларын керек етпейтін қабылдауға ұқсас процесс.

Жанама түсіну — бірнеше аралық басқыштардан туратын ой операцияларын керек ететін көмескі нәрсені анық, айқын етіп бейнелеуде ой түйіндерін талап ететін процесс.

3. Халық ерте замандардың өзінде-ақ ақыл- ойдың кеңдігін ерекше қастерлеген.

Мыс: "Ой ойласаң тек ойла, тең ойласаң кең ойла " деген мақалда қандай нәрсе болмасын мәселені барлық жағынан қамти ойлау керектігін айтқан.

Ойдың ұшқырлығы. Кейбір адамдар мәселенің барлық жағын көре алады, тез шеше алады, сергек белсенді келеді. Мұндай адамдар орынсыз, асып -саспайды, жағдаймен санасады.

Ойдың асығыстық түрі — мұндай адамдар онша ой жұмысымен айналыспады, "ауырдың үстімен, жеңілдің астымен " жүреді.

Кейбіреулер өз бетімен ешнәрсе айта алмайды, басқа кісіге сүйеніп, ойсыз өмір кешеді. Ұлы ақын Абай мұндай адамның психологиясын тамаша көрсеткен:

"Басында ми жоқ,

Өзінде ой жоқ,

Күлкілшіл кердең наданның

Көп айтса көнді

Жұрт айтса болды

Әдеті надан адамның "

Басқалардан көмек күтпей, мәселені өз бетімен шешу — адамның жақсы қасиеттерінің бірі. Жеке адамның білім көлемі, өмір тәжірибесі, оның айналасындағылар жүйке жүйесінің типтік ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, жас ерекшеліктері т.б. ақыл ойдың дара ерекшеліктерінің қалыптасуына себеп болатын факторлардың бір тобы.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Ұғым дегеніміз не. Төменгі сынып оқушыларында ол қалайша қалыптасып отырады.

2. Пікір, ой қорытындылары жайлы айтып беріңіз.

3. Түсіну дегеніміз не.

4. Адам ойлауында қандай айырмашылықтар болады.

4. Ақылдың қандай сапаларын білесің.



**Тақырыбы:** Ойлаудың түрлері мен формалары

**Жоспары:**

1. Ойлаудың түрлері және оларды топтастыру.
2. Ойлау формалары.
3. Ойлау мәдениеті.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ойлау туралы ұғыммен, ойлаудың физиологиялық негіздерімен, ойлау жөніндегі теориялармен, ойлау тәсілдерімен, формаларымен, түрлерімен, ойлау саласындағы дара айырмашылықтармен және ойлау мәдениетімен таныстыру.

**Лекция мәтіні**

1. Адам әрекет еткенде мазмұны жағынан да, шешу тәсілі жағынан да алуан түрлі мәселелермен кездеседі.

Практикалық ойлау.

Біріншіден, ойлаудың түрі нақтылы іс-әрекет пен қимыл-қозғалыс жайындағы практикалық іспен ұштасқан. Бөбектердің ойы осы іс-әрекеттермен байланысты. Екінші, бейнелі ойлау мектеп жасына дейінгі балаларда қарқынды дамып, олардың заттарды ұстап тұтынуы нәтижесінде қалыптасады. Олар сол заттардың бейнесін көрнекті түрде қабылдап отырады. Үшінші, абстрақтылы ой. Ойлаудың бұл түрі бойынша адамның ұғымды меңгеруі нәтижесінде пайымдау әрекеттері дамып, ғылыми түсініктері өрістейді.

1. Көлемдік ауқымына орай ойлау әрекетінің түрлері- **дискурсивтік:** өз кезең, кезегімен өрістей дамыған ойлау процесі; **интуитивтік:** желісі қарқынды, кезеңдері нақтыланбаған, мазмұны толық ұғылмаған ойлау процесі.

2. Шешулі қажет мәселелердің қайталанбастығы мен жағалығына орай ойлау шығармашыл және қайта жаңғыртушы болады. Шығармашыл ойлау жаңа идеялары туындатуға бағытталады, оның нәтижесінде қандай да мәселе, проблемаларының соны, қайталанбас шешімі табылып, не бұрыннан бар шешімнің жетілген әдісі жүзеге келеді., Шығармашыл ойлау барысында танымдық іс-әрекеттің төркін, ішкі мән-мағынасына, құнына, мақсатына сай жаңа ой-пікір құрылымдары пайда болды. Бұл арада іске асатын жаңалықтың екі түрін айыра білу қажет: 1) жалпы болмыс заңдылықтарына бейімделген, ғылымда бұрын болмаған объективті жаңалық; 2) нақты тұлға ой-өрісінен бастау алған субъективті жаңалық. Шығармашыл ойдың дамуына кедергі болатын факторлар: 1) шектен тыс сыншылдық; 2) шешім іздеудегі асығыстық; 3) ішкі шек қоюшылық (цензура); 4) регидшілдік (ескі білімдері қлдануға әуесқойлық); 5) конформизм (сырт көзге мазак болу қаупінен туындаған тар-тыныштық). Қайта жаңғыртушы ой әрекетінің шығармашылдықтағн айырмашылығы - даян білімдермен ептіліктерді қолданып, ескі сүрлеумен жере білу.

3. Шешілетін мәселелердің сипатына байланысты ой әрекеті теориялық және тәжірибелік болып бөлінеді. Психологияда көп уақыттарға дейін ынсандардың заңдылықтары мен қасиеттерін ашуға арналған ойдың теориялық қырықына ескеріліп, зерттеліп келді. Теориялық ақыл-ой әрекеттері іске асырылуы тиіс. Практикалық іс-әрекеттердің бастауы, негізі деп түсіндірілді. Әр қандай теориялық оймен ұштаспаған әрекет ақылдық емес, тек дағдылық, одан әрі тума біткен деп. сипатталады. Осының нәтижесінде бір -біріне тікелей қарсы екі ой әрекеті жөнінде көзқарас бесіді:

- a. Әрқандай ақылдың қатысынсыз орындалатын әрекет;
- b. Теориялық ойлау негізінде жүзеге келетін әрекет.

2. Ойлау түрлерін классификациялауға байланысты психологияда кең тараған бағыттардың бірі – шешеілуі тиіс болған мәселенің мазмұнын негізге алу, осыдан ойлау :1) **Затты -әрекеттік;** 2) **көрнекі- бейнелі ;** 3) **сөзді логикалы** болып түрленеді. **Затты**

**әрекеттік** ойлаудың көрініс сипаты: қалыптасқан жағдайды жаңалай өзгертудегі ой ісі белгілі затқа тікелей бағытталған нақты әрекетпен бірге жүреді. Бұл ой формасы 3 жасқа дейінгі сәбилерге тән. Бұл кезеңде бала заттарды бірін –біріне беттестіре салыстырады; ойыншығын бөлек- бөлек сындыра, бұзып талдайды; таяқшалары мен кубиктерін бір ортаға үйіп, біріктіреді; ойыншықтарын түр –түсіне орай қосып, қорытындылайды. Бұл ойлау формасы ересектер тәжірибесінде де көптеп кездеседі. Мысалы, үй жиһаздарын ауыстырғанда; бұрыннан таныс болмаған механизмдермен жұмыс істеген сынаушылар мен конструкторлар қызметінде, яғни нәтижесі әлі күнгірт болған әрекеттерді орындау барысында қолданымын табады.

Көрнекі бейнелі ойлау заттар мен құбылыстардың тікелей өздері емес, ол ардың есте қалған елес, тұрпаттарын пайымдаумен орындалады. Мұндай ойлауда заттың тұтастай сипаты толық әрі Жан – жақты көрініс береді. Бұл тұрғыдан көрнекті – бейнелі ойлау қиялдаумен жанасып кетеді.

Қарапайым формада көрнекі- бейнелі ойлау 4-7 жастағы балаларға тән. Бұл кезеңде таным тікелей әрекетпен емес, дайын нысанды қабылдап, көрнекі- бейнесін еске,көз алдына келтірумен байланысты. Баланың дәлелдеулері тікелей заттың өзіне негізделген қандайда ой жүргізуден бұрын сол заттың бейнесін еске түсіреді, орындайтын ісімен оның нәтижесін суреттеп, болжайды.Көрнекі-бейнелі ойлау арқылы өзі жоқ не көрінбейтін заттың кескін бедері тұрғызылады. Осындай жолмен ғылымда атом ядросының схема сызбасы, жер шарының ішкі құрылымы танылған.

Сөзді-логикалы ойлау қызметі тілдік құралдарға сүйеніп, ойлау процесі өзінің тарихи және онтогенездік дамуының соңғы кезеңдерінде пайда болған. Сөзді-логикалы ойлау тікелей бейнеге ие болмаған түсініктерді, логикалық құрылымдарды пайдаланады.(мыс: құн, адалдық мақтаныш т.с.с.) Осы ойлау түрінің арқасында адам жалпы заңдылықтарды ашып, қоғамның даму желісін алдын- ала болжап, сан алуан көрнекі материалды жалпыланған, қорытынды күйіне келтіреді. Ойлаудың барша түрлері өзара тығыз байланысқан

2. Ойлау формалары: 3-ке бөлінеді.

4. Ұғым.
  5. Пікір.
  6. Ой қорытындылары.
1. Ұғым дегеніміз — заттар мен құбылыстар туралы ой.  
Дара және жалпы болып бөлінеді.
    2. Пікір — ол бір зат туралы мақұлдау немесе оны бекерге шығару.
    3. Ой қорытындылары дегеніміз — бірнеше пікірлерден жаңа бір пікір шығару тәсілі. Бұлардың 3 түрі бар:
      4. дедукция
      5. индукция
      6. аналогия
    4. Дедукция — Ойлау жүйесі жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы,
    5. Индукция — Ойлау жүйесі жекеден жалпыға қарай жүретін ой қорытындысы.

Аналогия - ұқсастық бойынша ой қорытындысын жасау.

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1.Ой тәсілдері дегеніміз не.
- 2.Ойлаудағы анализ бен синтездің алатын орны қандай.
- 3.Салыстыру, абстракция, нақтылау, жалпылау, жүйелеу тәсілдеріне жеке сипаттама беріңіз.
- 4.Ұғым дегеніміз не. Төменгі сынып оқушыларында ол қалайша қалыптасып отырады.
- 5.Пікір, ой қорытындылары жайлы айтып беріңіз.

### 30-лекция

**Тақырыбы:** Қиялдың тарихи даму жолдары

**Жоспары:** 1Қиял туралы түсінік.  
2Қиялдың физиологиялық негіздері.  
3Қиялдың тарихи даму жолдары.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қиялдың тарихи даму жолдарымен, қиялдың физиологиялық негіздерімен, түрлерімен, қиялдың жасалу жолдарымен, қиялдың дара айырмашылықтарымен, балаларда қиялдың дамуымен таныстыру.

#### Лекция мәтіні

**1.** Біз бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстардың образдарына сүйене отырып, бұрын көрмеген жерлерімізді санамызда бейнелей аламыз.

Мысалы: Өзіміз көрмеген алыстағы елдер туралы (Африка, Австралия, Индия т.б.) кітаптар оқығанда, әңгіме тыңдағанда бізге түрлі жаңа елестеулер пайда болады. Бұл қиял процесінің жемісі болып саналады.

Адамның өмір тәжірибесі, білімі мол болса, ол адамның қиялы да солғұрлым айқын және толық болады, ал бұл айтылғандар жеткіліксіз болса, қиялдың өте солғын болатындығы байқалады. Мысалы: Біз 4 класс оқушыларына қазан төңкерісіне дейінгі қазақ елінің өмірі мен

таныстырып әңгіме айтқанымызда, кейбір оқушылар сол кездегі кедейлердің ауыр тұрмысы туралы, байлардың сән салтанаты, туралы онша ажырата алмайтындықтары болады.

Балалардың сол кездегі қазақ елі туралы елестерінің солғындығы оларда қазақ елі туралы көрнекті туғаны байқалады. Кейін осы тақырыпқа қайта оралып, көрнекілік жағына ерекше мән беріп (оқушыларға әңгіме айтып суреттер көрсетіп, музейлерге, театрларға) апарып таныстырғанда оқушылардың қазан төңкерісіне дейінгі қазақ елі туралы түсініктері нақтылана түсті.

Қиял дегеніміз - қоршаушы өмірдегі заттар мен құбылыстардың, әр түрлі адамның алына қойған мақсатына сәйкес, өңделе отыра, жаңа бейнелердің жасалыну жолдарын айтамыз.

Қиял дегеніміз - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңғыртып, өңдеп, бейнелеуде көрінетін тек адамға ғана тән психикалық процесс.

Адамның тарихи дамуында не істеп не қоймасын барлығы қиял жүзінде басталады.

Сондықтан қиял дегенде адамның өмірі мен және еңбек әрекетімен тығыз байланысы бар, кебінесе адамның өз жеке басына қарай бағытталған ойлаудың түрін қиял дейміз.

Қиял процесінің адам әрекетінің қай саласында болмасын маңызы зор.

Жалпы қиял деген жаңа бейнені жасау болып келеді. Қиялдың негізінде іс жүзіндегі немесе теориялық тұрғыдағы жаңалықтар ашылады.

Адамзат дамуының алғашқы кездерінде - ақ адамдар нәрселерді табатын болған. Адамдар құр қолмен жұмыс істей жүріп, сол қолдардың жұмысын шапшаң ететін еңбек құралдарының қарапайым түрлерін ойлап таба бастаған.

**Мысалы:** ожау, қысқаш, тырма т.б. табуға ой салды. Қиял процесі тек адамға төн қасиет болып саналады, сондықтан жануарлардың ешқайсысында қиял кездеспейді. Қиял толығымен ойлау процесінің негізінде жасалынатын болғандықтан адамның білім көлемі мен тығыз байланысты болып келеді.

**2. Қиял маңызы** - бізді қоршаған объективтік шындық. Тіпті (қиялдың) фантазияның өзі өмірде бар нәрселерден құрастырылып жасалынады.

**Мысалы:** автобус пен трамвайдың кейбір тетіктерін біріктіру арқылы **тралейбус** ойлап тапқан.

Қиялдың шындықпен байланысты болып келуі адамға қанат бітіріп, оның ілгері өрлеуіне себепші болды. Халық "Қыран жетпеген жерге қиял жетеді" - деп бекер айтпаған.

Бір кезде талантты орыс ғалымы К.Э.Циолковский космосқа ұшуды армандап еді. Космос кораблімен аспан әлеміне тұңғыш рет жол салған Ю.Гагарин мен басқа кеңес космонавттарының ерліктері осындай шындықпен тығыз байланысты қиялдың іске асуы болып табылады.

### **3. Қиялдың физиологиялық негіздері.**

Қиялға оңашаланып алынған орталықтар емес, мидың үлкен жарты шарларының қабығы тұтаспай негіз бола алады.

Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап өңдеу процесінде 2 - сигнал жүйесі шешуші роль атқарады. Қиял 2 сигнал системасының жұмысымен тығыз байланысты болады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қиял процесінің жалпы сипаттамасы қандай.
2. Ырықсыз қиял дегеніміз не.
3. Ырықты қиял деген не.
4. Қайта жасау қиялы дегеніміз не.
5. Шығармашылық қиял деген не. Оның мәні неде.

## **31-лекция**

**Тақырыбы:** Қиялдың түрлері. Қиял және ғылыми техникалық прогресс.

#### **Жоспары:**

1. Қиялдың түрлері.
2. Қиялдың жасалу жолдары.
3. Қиялдың дара айырмашылықтары.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қиялдың тарихи даму жолдарымен, қиялдың физиологиялық негіздерімен, түрлерімен, қиялдың жасалу жолдарымен, қиялдың дара айырмашылықтарымен, балаларда қиялдың дамуымен таныстыру.

#### **Лекция мстіні**

1. Қиялдың түрлері:
  1. Ырықсыз (пассив) қиял
  2. Ырықты (актив) қиял деп болады.

**Ырықсыз қиял** - деп, адам алдына ешқандай мақсат қоймай, өздігінен, пайда болып алдында біраз уақыт билейтін ой көрінісін айтамыз.

1. түс көру
2. адамның бір нәрсені қатты ойлауы.

Адамның шала ұйықтауы жатады.

Түс көрудің жан - жақты физиологиялығын түсіндіріп берген И.Т.Павлов.

Ұйқы кезінде ми клеткаларының барлығы тежелмейді, кейбір бөлімдерді (тежелу) қозу жағдайында болады.

Мидың мұндай бөліктерін "күзетші пункт" деп атайды.

Ұйқы дегеніміз физиологиялық жағынан алатын болсақ, адамның күнделікті өмірде жұмсаған энергиясын қалпына келтіру болып саналады.

Ұйқы 3 фазадан тұрады:

1. ұйықтай бастау фазасы.
2. Қатты ұйықтау фазасы.
3. Ояна бастау фазасы.

Түсте небір ақылға сыйымсыз образдардың жасалатыны белгілі, өйткені бұл кезде мидағы сигнал жүйелерінің арасындағы байланыс әлсірейді де 1- сигнал жүйесі жүйесі ғана жұмыс істейді. 2 - ші сигнал жүйесі толығымен тежелуге ұшырайтындықтан адамның ойлау қабілеті ете төмен болады.

Ұйқы кезіндегі осындай ғажап фантазиялық бейнелер де өмірде бар нәрселердің жиынтығынан құралады.

Бұлардың негізі адамның ояу кезіндегі басынан кешкен оқиғалары, ойы, арманы, көрген қызметі, басқалармен қарым-қатынасы т.б.

Ұйқыдағы адамның түс көруіне себепші болатын факторлардың есебі жоқ.

**Мысалы:** ми клеткаларына көшедегі транспорттың тырсылы да, ағаш жапырағының сыбыры да, иттің үргені де, есіктің ашылып-жабылғаны да әсер етеді. Тіпті органның ішкі мүшелерінің (жүрек, өкпе, асқазан т.б.). жұмысына бір жайсыздық жүйе де адамның түсінеқай-қайдағы бірденелер кіреді.

**Мысалы:** ұйқыдағы адамның жүрегіне бір салмақ түссе де адамның жүрегі қатты соға бастайды. Барлық адамның түсі деп жазды. И.П.Павлов "1-ші сигналдардың бейнелі, нақты және эмоциялық түрде жандануы". Түс көруді ұйқыдағы мидың фантазиясы деуге болады, ырықсыз қиял адамның ояу кездерінде де болады. **Мысалы:**

1. Адам аспандағы бұлттарға қарап, оны адам бейнесіне немесе жануарларға ұқсатуы.
2. Адам әңгіме айтып отырғанда оның басынан өткен оқиғалары сенін көз алдыға елестеп отыруы.

**2. Ырықты қиял** - деп адам алдына белгілі бір мақсат қоюы мен жасалынады.

**Ырықты қиял - қайта жасау, шығармашылық, арман болып бөлінеді.**

**1. Қайта жасау қиялы** - деп, суреттеп сызғанға немесе жазғанға адамның жаңадан бір нәрсені елестете алуын айтамыз.

Қайта жасаушылық арқылы адам шындыққа сай, дұрыс образдар беріп отырады.

Қайта жасаушылық тәрбиелеудің басты жолы бар.

- 1. Көркем әдебиетті оқып үйрену** — оқығанда кітаптың тек қызық жерлерін ғана оқығанмен қиял дамымайды, сен - жан кітап мазмұнын ойға түйіп, оны көрегендей-естігендей болып отыруы қажет. Егер М.Ауезовтың "Абай" романын қиялы бай адам оқыса,

онда кейіпкерлерімен бірге жүргендей болып түрлі оқиғаларды басынан өткізеді. Бұл қайта жасау қиялының көрінісі.

**2. Географиялық карталарды оқып үрену** - Карта бетінде саяхат жасау бала қиялына планетаның түрлі түкпірін елестетеді.

**2. Творчествалық қиял** - деп, өмірдің қай саласында болмасын жаңалық алуды айтады. Жазушының, суретшінің, ғалымның, композитордың творчествалық қиялға жатады. Творчествалық қиялға ғалым саласында неше түрлі жаңалықтардың ашылуы жат. Ғылым мен техника саласында көптеген жаңа нәрселер әр түрлі заттардың бөлшектерін құрастыру арқылы пайда болған.

**Мысалы:** трамвай мен автобус аэроплан мен шана т.б.

**3. Арман** - деп, болашаққа келешекке бағытталған қиялды айтамыз.

**Арман** дегеніміз, өз қалауымызша жаңа образдар жасау. әрбір адам алдындағы жарқын болашағы туралы армандамай білуі қажет. Сондықтан да халық "Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ" -өте тауып айтқан.

Арман адам әрекетімен тікелей байланысты. Адам әрекет етудің орнына бос қиялдаса, ол келешектің қиялы болмай, құрғақ қиял болып шығар еді.

**Мысалы.** А.И.Куприннің "Жекпе-жек" повесіндегі подполковник Ромашовтың қиялы дәл осындай, құрғақ қиял.

### **3. Қиялдың жасалу жолдары**

Қиял түрлі елестетудің негізінде жасалып отырады. Қиялда анализ, синтез әдісі, агглютинация, схематизация тәсілдері жиі қолданылады.

Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі - агглютинация деп аталады.

Осы әдіс арқылы мифологиялық бейнелер мен (кентавр, сфинкс, жез тырнақ) және түрлі машинаның конструкциялары (судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана, суға қонып ұша алатын самолет) құрастырылады.

Бұлардан басқа қиял бейнелерін жасайтын әдіс - гипербола деп нәрсенің жеке сипаттары, белгілері үлкейтіп көрсетілуін айтады.

Ертегілерді қиял-ғажайып бейнелеуді жасауда осы әдіс көп қолданылады.

**Мысалы:** "7 басты (жылан) айдаһар". Кеміте көрсету "бармақтай бала".

### **Карикатуралар мен достық әзілдер**

Адамның орасан ақылдылығын, ақылының аздығын бейнелейді.

**Схематизация** - деп, заттардың айырмашылықтарын ескермей, анық ұқсас болса, соны айтамыз.

**Мысалы:** Суретшінің өсімдіктер дүниесінің элементтерінен ою құрастыруы.

Қиял образдарының күрделі түрі - **типтік образдар жасау**. Типтік образдар жасау дегеніміз - тұтас бірқатар объектілердің барлығына бірдей ортақ белгілері бар бір образ жасап, жинастыру. **Мысалы:** Орыстың ұлы жазушысы М.Горький айтады - бір топтың жұмысының образын жасау үшін 100 не 200 деген топпен жұмысшыны қадағалап қарауымыз керек - дейді.

"Ана" - романы да мысал болады.

### **Бақылау сәрақтары:**

1.Іс-әрекеттің әр саласындағы творчестволық қиялдың алатын орнын қалай түсінуге болады.

2. Арман дегеніміз не.
3. Қиялдың жасалу жолдары қандай.
4. Қиял саласында қандай дара айырмашылықтар болады.
5. Бала қиялы қандай жолмен дамиды.
6. Төменгі сынып оқушыларының қиял ерекшеліктері мен оларды тәрбиелеудің қандай жолдары бар.

### 32-лекция

**Тақырыбы:** Сөйлеу

#### Жоспары:

1. Сөйлеу туралы жалпы түсінік.
2. Сөйлеудің мазмұндылығы мен мәнерлілігі.
3. "Сөйлеу", "тіл", "қарым - қатынас" ұғымдары туралы түсінік.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді сөйлеу туралы ұғыммен, сөйлеудің мазмұндылығы мен мәнерлілігімен, "сөйлеу," "тіл," "қарым-қатынас" ұғымдарымен, сөйлеудің түрлерімен, сөйлеудің физиологиялық негіздерімен, сөйлеу мәдениетімен таныстыру.

#### Лекция мәтіні

1. Адам өзінің қажеттігін өтеу үшін басқа біреулермен пікірлеседі, ой бөліседі. Адам баласының сана сезімінің дамуына дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды.

Сөйлеудің пайда болуының нәтижесінде адам организм анатомиялық өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды. Осының арқасында адам жеке дыбыстарды ғана емес, түрлі дыбыс тіркестерін мән — мағынасы бар сөздерді айта алатын қабілетке ие болды.

Сөйлеу адам санасының басты белгісі. Сөйлеудің қалыптасуы адамның психикалық дамуындағы алғашқы (революция) төңкеріс болды. Сөйлеу белгілері жоғары жүйке жүйесін, қызметін жетілдіреді, соның

нәтижесінде жануарларда болмайтын екінші сигналдық жүйе қалыптасады.

Рас, даму сатысында жоғарғы дәрежеге жеткен маймылдардың 52 — мәнерлі дыбыс шығаратындығы анықталған. Бірақ, маймылдың басқа да жануарлардың дыбыс шығаруы, дауыстауы — ойлауды білдірмейді, ол инстинктік мұқтаждығын сыртқа шығаратын сигнал. Бұның санамен ешқандай байланысы жоқ. Мысалы, шимпанзе баласына тілді үйрету тәжірибесі,

Мыс. Кеңес психологы Н.Н.Ладыгина "Адамның баласы мен шимпанзнің баласы" — деген кітап жазып шыққан. Жануарлардың дыбыс шығаруы қатынас жасау ретінде қолданылмайды. Ондай құрал - тіл - тек адам баласының тарихында тек еңбекпен байланысты худы. Ф.Энгельс өзінің "Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің ролі" — деген еңбегінде былай деген болатын: "сөз ұжымдық еңбек процесінде қалыптасып келе жатқан адамдардың бір - біріне бірдеңе айтқысы келу мұқтажығынан туған болатындығын айтты."

Тіл де, ойлау сияқты, еңбек нәтижесінде туды. Тіл, тек адамға тән психикалық процесс.

Сөйлеу деп - адамдардың тіл арқылы бір - бірімен қарам - қатынас жасау процесін айтамыз. Яғни тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді айтамыз. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Немесе ол коз деген мақсатына жете алмайды. Қазақтың ғұлама ғалымы Жүсіп Баласағұн "Ақылдың көркі тіл, тілдің көркі сөз" - деп тауып айтқан. М.Жұмабаевтың айтқан сөзі "

2. Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт:

- 1 Сөйлеудің мазмұндылығы

## 2 Сөйлеудің мәнерлілігі

Сөйлеудің мазмұндылығы - дегеніміз екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы.

Сөйлеудің мәнерлілігі — дегеніміз адамның сөйлеу кезінде эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы."

### Мысал2.

3. "Сөйлеу", "тіл", "қарым - қатынас" ұғымдарының мән — мағынасы жақын болғанымен, ғылыми тұрғыдан бұлар бір - бірінен ажыратылады. Қарым - қатынас адам іс - әрекетінің ауқымды саласы, ол өмір сүрудің, тыныс тіршіліктің негізгі арқауы. Адам тек сөйлеу арқылы ғана қарым - қатынас жасамайды, ол айналасындағылармен түрлі ым — ишара (жест), белгі, таңба арқылы да бір — біріне ақпарат бере алады. Тіпті қас қағу, иекпен иық қозғалту, басты шайқау т.б. осы секілді атрибуттар да қарым қатынастық қызмет атқарады.

Халқымыз "Ымға түсінбеген дымға түсінбейді"деп өте тауып айтқан. Тіпті күлу мен күлімсіреудің де, жылау мен жыламсыраудың да қарым қатынастық қызмет атқаратыны да белгілі.

Сөйлесу қарым қатынастың негізгі түрі. Мұның неше түрлі нұсқалары болады. Мыс, қызмет бабы жоғары адаммен сөйлесу рәсімі бір түрлі болса, отбасында, құрбы - құрдастармен сөйлескендегісі басқа формада болады. "Тіл" ұғымының да ауқымы кең, ол көбінесе қоғамдық ғылымдарда (тарих, социология, этика, педагогика т.б.) жиі қолданылады. Тіл жеке адамның еншісі ғана емес, ол бүкіл адамзатқа ортақ құбылыс. Тіл арқылы әр қоғамның ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырғыады. Ал, сөз сөйлеу жеке адамның өзіндік ерекшелігі. Ол жас балада, ересек адамдарда, не қарт адамдарда, әртүрлі мамандық иелерінде сөз саптаулары түрліше көрінеді. Сөйлесу - табиғи яғни пікір алысуға байланысты қажеттілік. Осы қажеттілікті өтеуде сөйлеудің, пікірлесудің маңызы ерекше. Сөйлеудің адам өмірі үшін маңызы ерекше екендігін мына аңыз әңгімеден көруге болады. "мысал келтіру."

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1.Сөйлеудің жалпы сипаттамасы қандай.
- 2.Сөйлеудің мазмұндылығы және мәнерлілігі дегеніміз не.
- 3.Сөйлеудің анатомиялық- физиологиялық негіздері қандай.
- 4.Төменгі сынып оқушыларында жазбаша сөйлеу қалайша қалыптасады.
- 5.Балалар оқу, жазу дағдыларын қалай үйренеді, мұның оқушылардың сөйлеу қабілетін жетілдіруде қандай маңызы бар.
- 6.Сөйлеу мәдениетіне төселдіруде қандай жұмыстар жүргізуі тиіс.

## 33-лекция

**Тақырыбы:** Сөйлеу түрлері. Сөйлеу мәдениеті

### **Жоспары:**

**1 Сөйлеудің түрлері.**

**2Сөйлеудің физиологиялық негіздері.**

**3Сөйлеу мәдениеті.**

**Лекция мақсаты:** Студенттерді сөйлеу туралы ұғыммен, сөйлеудің мазмұндылығы мен мәнерлілігімен, “сөйлеу,” “тіл,” “қарым-қатынас”ұғымдарымен,сөйлеудің түрлерімен, сөйлеудің физиологиялық негіздерімен, сөйлеу мәдениетімен таныстыру.

### **Лекция мәтіні**

1. Сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді;

1. Сыртқы және ішкі сөйлеу

3. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша болып



4. Ауызша сөйлеу диалогты және монологты болып  
Монологты сөйлеудің өзі 3 — ке бөлінеді:

1. Ауызша әңгіме
2. Баяндама жасау
3. Сөз сөйлеу

Диалогты сөз дегеніміз — екі не бірнеше адамның тілдесуі.

Диалогтық сөйлеу — сөйлесудің ең қарапайым, ең байырғы түрі.

Диалог сөздің кейбір психологиялық ерекшеліктері мынадай:

1. Диалог сөз бөгелмей еркін айтылады, ол ойды кең жайып жатуды тілейді.
2. Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады.
3. Диалогтық логикалық жағы (жоспарлығы, дәлдігі т.б.) кемдеу болады.
4. Диалог сөз ым — ишаралармен бет пен көздегі мәнерлі қозғалыстармен (қолдың, ауыздың, көздің, қабақтың қозғалысы т.б.) толықтырылады.

Монологтық сөйлеу дегеніміз — бір адамның сөзі яғни

баяндамашының лектордың сөздері. Монолог сөздерге тән кейбір психологиялық ерекшеліктер мынадай:

1. Монолог сөз үнемі белгілі жоспарға сәйкес құрылады, бұл алдын - ала даярлықты тілейді.
2. Монолог сөздерге логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады.
3. Монолог сөз мәнерлі, адамға эсер ететін моменттерді (сөзді сазына келтіріп айту) көбірек қажет етеді.

2. Ауызша сөйлеуде актив және пассив сөздер болады. Актив сөздер — күнбе — күнгі жиі қолданылатын сөздер. Пассив сөздер — тілімізде сирек пайдаланылатын мағынасына түсінгенмен күн сайын айтылмайтын сөздер. Мысалы, ғылыми — техникалық атаулар және ескірген сөздер жатады. Актив сөздердің мол болуы адамның сөйлеу әрекетіне, айналысқан кәсібіне байланысты. Ересек адамдардың актив сөздері орта есеппен 6000 — 7000 болып келсе, жазушылар мен ақындардың, ғалымдардың актив сөздері 10000 — 13000 сөзге жетіп отырады. Мыс, Шекспирдің сөздік қоры 12000 — дай болған.

Монологтың байырғы алғашқы түрі алғашқы әңгіме. Ауызша әңгімеде сөйлеуші өзінің корген білгендерін не естігенін яғни көңіліне түйген жайттарды бұдан бейхабар тындаушыларға суреттей айтып береді. Халықтың ертегілері мен аңыз әңгімелерін айтушы жыраулар

Баяндама жасау дегеніміз — белгілі бір құжаттарға негізделіп жасалады яғни белгілі бір мәселе тоңірегіндегі сарапталған ауызша хабар. Мыс, оқу жылының қорытындысы туралы мектеп директорының баяндамасы, жүргізілген ғылыми эксперименттің нәтижелері туралы баяндама.

Радио, теледидар сияқты көпшілік коммуникация құралының дамуы монологты сөйлеудің анағұрлым қиын формасы -микрофон және теледидар камерасы алдында сөз сөйлеуді туғызды. Сабақ беру практикасында мұғалім монологты сөйлеудің барлық формаларын пайдаланады.

Жазбаша сөз сөйлеу — ауызша сөз сөйлеудің кейін пайда болды. Адамзат мәдениеті дамуының алғашқы кездерінің өзінде - ақ адамдар белгілі бір оқиғалар туралы деректерді ұзақ мерзімге сақтау қажеттігін сезіне бастаған. Жазбаша сөз сөйлеудің алғашқы қадамы сурет арқылы берілген. Жазу — сызу дамуының бұл кезеңін — идеографиялық сөз сөйлеу деп атаған. Идеографиялық сөз сөйлеу — айтайын деген ойды толық жеткізе алмайды. Кейінірек иероглифтік жазу пайда болды. Бұл да айтайын деген ойды толық жеткізе алмайды.

Қазір біз пайдаланып жүрген жазу көп кейінірек туған. Оны ойлап табушы ежелгі

финикийлер деседі. Ол алфаветикалық жазу деп аталады. Ол графаме мен (әріппен), фонема мен (сөйленген сөздің дыбысы) белгіленеді.

Іштей сөйлеу адамның өзімен - өзі сөйлесуі. Іштей сөйлеу адамдармен қарым - қатынас жасауға арналмайды. Іштей сөйлеудің негізгі белгісі оның дауыстап айтылмауында, оны айналадағылар естімейді. Іштей сөйлеу - ішкі күбірлеуден және іштей сөйлеуден тұрады. Іштей сөйлеу мен сыртқы сөйлеудің айырмашылығы бар, іштей сөйлеу тым қысқа келеді. Ішкі сөйлеу сыртқы сөйлеу негізінде қалыптасады. Сыртқы сөйлеуді ішкі сөйлеуге айналдыру — интериоризация деп аталады. Іштей сөйлеудің сыртқы сөйлеуге алмасуы экстериоризация деп аталады.

3. Сөйлеудің физиологиялық негізін И.В.Павлов жан — жақты дәлелдеген. Сөйлеу әрекеті үлкен ми сыңарларының анализдік — синтездік қызметінің нәтижесі. Сөйлеудің физиологиялық негізі 2 - ші сигналдық жүйенің қызметін кұрайды. Мида 1 және 2 сигнал жүйелері болатындығы өткен лекциядан белгілі. 1 — сигналдық жүйе адамдарға да жануарларға да тән. 2 — ші сигналдық жүйемен тікелей байланысты жұмыс істейді. 2 - сигнал жүйесінің жұмысына егерде зақым келсе, адамның сөйлеуі мән — мағынасыз болады. Мысалы, Француз ғалымы Брока. Егер ми сыңарларының сол жақ бөлігі зақымданса, адам сөйлей алмайтын дәрежеге жетеді. Мұндай құбылыстарды психология афазия деп атайды. Мұның 3 — түрі бар.

- 1) Сөйлеу органдары толық сақталғанымен, қиналып сөйлейді, тілі күрмеледі, дыбыс, үн шығару қиынға соғады.
- 2) Адам өзі сөйлей алғанымен, басқа біреудің айтқанына түсінбейді.
- 3) Мидың бір жеріне қан құйылу, оның тамырларының тығындалуы, жарақаттанып қабынуы, ісуі т.б. мұның емін логопед дәрігерлер жасап отырады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Сөйлеудің қандай түрлері бар. Диалог, монолог сөздердің айырмашылықтары неде.
2. Жазбаша сөйлеу дегеніміз не.
3. Ішкі сөйлеу дегенді қалай түсінуге болады.
4. Балаларда сөйлеу қалай дамып отырады.

### **34-лекция**

**Тақырыбы:** Зейін жөнінде түсінік. Зейіннің түрлері.

#### **Жоспары:**

1. Зейін туралы жалпы түсінік.
2. Зейіннің түрлері.
3. Зейіннің физиологиялық негіздері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді зейін туралы ұғыммен, зейіннің түрлерімен, зейіннің физиологиялық негіздерімен, зейіннің негізгі қасиеттерімен және оның тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

#### **Лекция мәтіні**

**1. Зейін** - деп, адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады.

**Зейін** - деп, айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу.

Өз ойымен болып отырған адам қасында сөйлесіп отырған адамдардың сөздерін есітіп отырса да, ұғынбауы мүмкін. Егер, біздің зейініміз басқа бір затқа, нәрсеге аударылып отырса, сол сияқты бір жеріміздің де ауырғанында сезбеуімізде мүмкін. Оқу жұмысында зейіннің маңызы, өте үлкен белгілі бір затқа зейін аударсақ, ол біздің санамыздан орын алады да, қалғандары нашар қабылданады яғни шетке қалып қояды.

Адамға тән әрекеттің кез-келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын. Орыс педагогикасының атасы К.О. Ушинский зейіннің маңызын былайша көрсетеді. Зейінді психикалық процестің тобына жатқызу дұрыс болмас еді, өйткені алам өз өмірінің әрбір моменттерін де бір нәрсені қабылдайды не есіне түсіреді, бір нәрсені қиялдайды, бір нәрсе жөнінде ойлайды. Ал зейін болса, өз алдына, бұлардай дербес кездеспейтін, қайта солармен бірлесіп келетін психикалық әрекеттің ерекше сипаты болып табылады.

Психикалық құбылыстар зейінге түрліше әсер етеді. Мыс: сезім зейінді күшейте түсуге, не оны бөліп жіберуге себепші болады. Мыс: бір объект жағымды сезім туғызып, зейінді күшейтеді де, ал көрші бөлмеден естілген ән-күй сабақ тыңдап отырған баланың зейінін төмендетеді. Ерік, ой, қиял процестері де зейінге түрліше әсер етіп отырады.

## **2. Зейіннің түрлері мыналар:**

1. Ырықсыз зейін.
2. Ырықты зейін.
3. Үйреншікті зейін.

Ырықсыз зейін. Сыртқы дүниенің кез-келген объектілері кейде ырықсыз біздің назарымызды аударады.

Мыс: ауаның күркіреуі, ысқырық, мылтықтың дауысы, бояулы афиша т.б. Сонымен ырықсыз зейін дегеніміз - сананы объектіге, сол объектінің тітіргендіргіш ретіндегі ерекшелігі шамасынрада шоғырландыру. Тітіргендіргіштің өзін зейін объектісіне айналдырып жіберетін кейбір қасиеттерін қарастырайық: басқалардан күші басым тітіргендіргіш өзіне еріксіз зейін аударады.

Қызығу - ырықсыз зейін арқылы да болады. Мыс: қызыққан нәрсеімізге зейініміз тез ауады. Қызықты кітап оқу үшін де.

Ырықсыз зейін кез-келген тітіргендіргіш арқылы пайда бола бермейді. Ырықсыз зейіннің көрінуіне төмендегі жағдайлар себеп болады:

Ырықты зейін - әрекетті саналы түрде белгілі бір ерік күшін жұмсау арқылы орындалады. Ырықты зейінде - белгілі бір мақсат көздеп, объектіге ерекше зер салуды қажет етеді.

Мектепте оқу ырықты зейінді қалыптастыруы керек. Ол үшін бастауыш кластарда оқушының әліне сай, оқуды қызықты, тартымды ұйымдастыру қажет, берілген тапсырманы орындап шығу табысы, баланы рахатқа бөлейді, ынтасын арттырады. Сонымен қатар сабақ кезінде бір әрекеттен екінші әрекетке тез ауыстырып отыру керек. Сонда бала тынығып қана қоймайды, баланың ырықты зейіні оянады.

Педагог зейінді ұйымдастыру барысында ырықты зейіннің шоғырлануы үшін мына шарттарды ескеруі тиіс. Мыс: 1) Ғылыми кітап оқығанда конспектілей отыру.

- 2) Лекция мен сабақтарда тыңдағанын қысқаша жазып отыру.
- 3) Картадан шекараны көрсеткенде сызық бойымен көрсеткішті жүргізу.
- 4) Кітап оқығанда кейбір керекті жерлері сызып қою т.б.

Зейінді дұрыс ұйымдастыруға кейде адамның психикалық күйі де әсер етеді. Мыс: шаршап шалдығып отырған адам бір нәрсеге зейін қоюы қиын. Көптеген зерттеулер - жұмыс күні аяғында жұмыста қате көбейетінін, шарашағандық әсерінен зейінді шоғырландыру қиынға соғатынын дәлелдеген. Мыс: сабақ кестесін жасағанда (суббота) сенбі күдерге және ылғи ой жұмысын керек ететін пәндерді бір күнге қоюға болмайды. Күрделі есептер шығару, жаңа терминдер, тақпақ жаттау, шетел сөздерін есте ұстау т.б. ырықты зейін іске аспайды.

Ырықты зейін мынадай ерекшеліктерімен сипатталады:

Үйреншікті зейін - ырықты зейіннен кейін пайда болады. Үйреншікті зейін - адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсамай-ақ орындалатын зейін.

Мыс: бала оқуға төселсе, ол тұрақты әдетіне айналады да зейіні де үйреншікті болады. Қандай нәрсеге болсада үйреніп, жаттығып алған соң, адамның іс-әрекеті дағдысына айналады.

3. Зейіннің 3 түрі де бірімен-бірі байланысып, араласып, практикалық әрекетте бір-бірін сүйемелдеп отырады. Бұлардан басқа:

Ұжымдық зейін.

Топтық зейін.

Даралық зейін түрлері болады.

Ұжымдық зейін - бір сыныптағы барлық оқушының зейінін белгілі бір іс-әрекет түріне жұмылдыру. Бұған мұғалімнің сабақ өтуі жат.

Топтық зейін - бір ұжым ішіндегі жеке топтар зейінінің шоғырлануы. Топтық зейін сыныпта, лабораториялық тәжірибелер мен өзара тексеру қажет. Бұл -зейінді ұйымдастырудың оқушы үшін де қиын түрі. Өйткені, топтар жұмыс үстінде бірін-бірі алаңдатады. Осындай кедергіні жеңу үшін олардың тапсырманы мұқият орындап шығуларына жете көңіл аударып, оны әрбір кезеңге бөліп жоспарлау керек болады.

Даралық зейін - өз міндетін орындауға әр адамның санасын бағдарлап, зейінін шоғырландырады. Бұл - зейіннің кісі өзі оқығанда, есеп шығарғанда қолдануға тиісгі аса қажетті түрі.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Зейін дегеніміз не.
2. Зейіннің физиологиялық негіздері қандай.
3. Зейіннің қандай түрлері бар.
4. Зейіннің негізгі қасиеттеріне не жатады.
5. Зейінді тәрбиелеудің қандай жолдары бар.

### 35-лекция

**Тақырыбы: Зейіннің негізгі қасиеттері.**

**Жоспары:**

1. Зейіннің негізгі қасиеттері.
2. Зейіннің физиологиялық негіздері.
3. Зейінді тәрбиелеу жолдары

**Лекция мақсаты:** Студенттерді зейін туралы ұғыммен, зейіннің түрлерімен, зейіннің физиологиялық негіздерімен, зейіннің негізгі қасиеттерімен және оның тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні**

1. Зейіннің қасиеттері мыналар:

Зейіннің бөлінуі. Зейіннің шоғырлануы. Зейіннің тұрақтылығы. Зейіннің ауысуы.

1. Зейіннің көлемі - адамның бір көргенде - ақ қабылдаған нәрселерінің саны. Зейіннің көлемін анықтауға байланысты жасалған тәжірибелер тахистаскоп деген аспаппен тексеріледі. Зейін көлемін анықтау үшін уақыттың 1/10 секунд ішінде 10-12 нәрседен тұратын сандар мен әр түрлі 5-9 әріпті қамти алатынын көрсетіп отыр. Мектепте оқушыларға әсіреше бастауыш сынып оқушыларына бір мезгілде сан жөнінде, сапа жөнінде де белгілі бір зейін көлемінен артық мөлшерде материал беруге болмайды.
2. Зейіннің бөлінуі - адам санасының белгілі бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара білу мүмкіншілігін зейіннің бөлінуі дейміз. Мыс: оқушылар өздері есеп шығарады, сонымен қатар осы кезде басқа оқушылардың тақтаға шығарған есебін бақылайды, оның сөзін тыңдайды т.б. Студенттер бір мезгілде лекция тыңдайды әрі түсінігін жазып отырады.

3. Зейіннің шоғырлануы - адам санасының белгілі бір объектіге ерекше бағытталады. Зейін бағытталған объектілер саны неғұрлым аз болса, шоғырлауы соғұрлым күшті болады. Ис-әрекетгі дәл және ойдағыдай орындау үшін зейінді күшті шоғырландыра білу керек.

4. Зейіннің тұрақтылығы - адамның зейіні бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алса, оны зейіннің тұрақтылығы дейміз.

5. Зейіннің ауысуы - оның бір объектіден екінші объектіге әдейілеп көшуін айтамыз.

2. Зейіннің физиологиялық негіздерін И. П. Павлов ашқан жүйке процестерінің өзара индукция заңына байланысты түсінуге болады.

И. П. Павлов, егер ми қабығының бір алабында қозу процесі пайда болса, осымен байланысты қалған алаптарында тежелу процестері пайда болатындығын айтқан. Мәселен, адам бар ойымен іске қызу берілсе, басқа нәрселер туралы жөнді ойлай алмайды. Осы кезде мидың бір алабында коштi процесi болып жатады да, айналасындағы алаптарда тежелу болады (теріс индукция заңы)

Зейіннің физиологиялық негіздерін орыс физиологы, академик А.А. Ухтомскийдің (1875-1942) доминанта теориясы бойынша да жақсы түсінуге болады.

Сыртқы дүниенің көптеген тітіркендіргіштерінің ішінде біреуі миға көбірек әсер етеді де, мидың бір алабын қаттырақ, күштірек қоздырады, осындай алапты доминанта деп атанған. Мидың осы коштi қозғыш алабы қалған алапат арадағы әлсіз қозу процестерін өзіне тартып альп отырады. Осыдан мидың коштi қозған алабы онан бетер күшейеді.

3. Мәселен, қызық кітапқа беріле оқығанда адамға кейбір бөгде тітіркендіргіштердің бөгет жасамайтыны, қайта олардың біздің ойымыздың күшеюіне жәрдемдесетіні байқалады. Сондықтан адам бар зейінін қойып кітап оқыған кезде қасындағы бөгде тітіркендіргіштерден (мысалы, салат маятнігінің соғуы секілді) қашпауы керек. Бұл біздің басқа нәрсеге көңіл аудармай, үніліп отырған әрекетімізге мейлінше беріле түсуге жәрдемдеседі. Өйткені, жоғарыда айтылғандай, мидағы басынқы қозу әлсіз тітіркендіргіштерден болған қозуларды өзіне тартып алып, солардың есебінен күшейіп отырады. А.А. Ухтомскийдің доминанта теориясының мәнін И.П. Павловтың “Қозудың оптимальдық алабы” дейтін теориясы онан сайын толықтыра түседі.

И.П. Павловтың оптималдық қозу алабы теориясы ырықты зейіннің табиғатын физиологиялық тұрғыдан өте жақсы түсіндіреді.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1) Зейіннің қандай түрлері бар.

2) Зейіннің негізгі қасиеттеріне не жатады.

3) Зейінді тәрбиелеудің қандай жолдары бар.

### **36-лекция**

**Тақырыбы:** Эмоциялар мен сезімдер.

#### **Жоспары:**

1. Сезім туралы жалпы түсінік.
2. Сезім мен эмоцияның айырмашылықтары.
3. Күрделі эмоциялар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді сезім туралы ұғыммен, сезім мен эмоцияның айырмашылықтарымен, күрделі эмоциялармен, жоғарғы сезімнің түрлерімен, сезім саласындағы дара айырмашылықтармен, балада сезімнің дамуымен таныстыру.

#### **Лекция мәтіні**

1. Адам өзін қоршаған дүниені тек танып қана қоймайды, оған өзінің қатынасын да білдіріп отырады, ол бір нәрсені ұнатады, біреуді жақсы көреді, екінші біреуге салқын қарайды, яғни өз қажеттеріне қарай айналасына түрлі көңіл күйін білдіріп отырады.

Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам қажеттеріне сәйкес келу келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психологиялық процестің түрін сезім деп атайды.

Қажеттерін түрлі жағдайға байланысты түрліше өтелуі адамда көптеген ұнамды және ұнамсыз сезімдерді туғызып отырады. Мыс: абыржу, шошыну, наздану, жек көрушілік, іш пысу, зерігу т.б. бұлар сезім мен эмоцияның сан алуан түрлері. Сезімдер өте күрделі психикалық процестерінің бірі.

2. Сезімдер мен эмоцияларды дұрыс айыра білу керек. Бұларды ажырата білмеушілік, кейде қате түсініктерге әкеп соқтыруы мүмкін. Мыс: осындай түсінік жануарлар мен адам психикасының арасындағы айырмашылықтарды бүркемелеуі мүмкін. Жануарлар эмоциясы түгелдей биологиялық сипаттағы құбылыс, бұл жануарлардың сыртқы ортаға бейімделу көрінісін әртүрлі шартсыз рефлекстерінен, және инстинктерінен байқалады.

Сезімдер мен эмоциялардың бірнеше сапалық ерекшеліктері болады.

1. Қарама-қарсы, полярлық сапалар.

Мыс: сүйсіну - сүйсінбеу, көңілдену - қажу, шаттық - уайым.

2. Актив(қажырлы) және пасив(солғын) болып бөлінуінен көрінеді. Адамға күш беріп, әрекетке ұмтылдыратын, көтеріңкі сезімдер мен эмоцияларды стеникалық(грек сөзі - күшті), ал бұлардың баяу Түрін астеникалық (грек сөзі - әлсіз) деп атайды.

Біріншісіне: жауапкершілік, жолдастық, достық, айбаттылық т.б. жатса, екіншісіне: уайым, енжарлық, көңілсіздік т.б. жатады.

3. Жігерлену және кернеуден босану немесе шешілу. Балда сезімдердің қарама - қарсы сапаларының бірі. Мыс: студенттердің емтиханнан өтуі, спортсменнің мәреге жетуі.

Шамадан тыс күшті тітіркендіргіштер адамда көбінесе қолайсыз эмоциялар туғызады.

Адам ылғи қинала берсе оның діңкесі құрып, берекесі кетеді.

Адамның осылайша шамадан тыс зорлануы психологияда стресс дейді. (ағылшын сөзі - шамадан тыс зорлану). Стресс үш түрлі жағдайда байқалып отырады.

1. Мазасыздану кезеңі.

2. Зорлану кезеңі.

3. Титықтау кезеңі.

3. Эмоцияларды бірнеше топқа жіктеуге болады.

1. Жағымды, ұнамды эмоция. Мыс: қуаныш, сүйіспеншілік, көңіл қоштық т.б.

2. Жағымсыз, ұнамсыз эмоция. Мыс: қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үрейлену, үнісіздену т.б.

Бұлардан басқа эмоциялар қарапайым және күрделі болып та бөлінеді.

1. Қарапайым эмоциялар - адамның органикалық қажеттерінің өтелуі - өтелмеуіне байланысты туып отырады.

2. Күрделі эмоцияларға: көңіл, эффект, құмарлық эмоциялар жатады.

1. Көңіл. Адамның көңіліне айналасын қоршаған дүние әсер етіп отырады. Кейпіне қарап адамдарды шат, жайдарлы, жылы жүзді, ақжарқын, не көңілге кірмен кіру, ызалы, түсі суық т.б. деп ажыратылады.

Адамның қызметі жақсы жүріп жатса, ұжымы, ынтымақты болса отбасы жағдайы(жүріп жатса) жарасымды болса, көңілі де көтеріңкі болады. Көңілге адамның денсаулық жағдайы, жүйке жүйесінің ерекше әсер етеді. Сол сияқты адамның көптеген айналысып жүрген ісі оңға басса, немесе бір нәрсеге қолы жетсе(мысалы: жоғарғы оқу орнын бітірсе, диссертация қорғау т.б.) шат - шадымен күйге түседі.

Керісінше, адам ылғи да сәтсіздікке ұшырай берсе, көздеген мақсатына жете алмаса, жанын қоярға жер таба алмай қиналады. Мұндай кезде қабағы қатыңқы, ренішті күйде болады. Сондықтанда "Көңілсізден күлкі шықпас ", "Адам көңілден азады"-деген мақалдар тегін айтылмаған.

Ерік жігері күшті, рухани өмірінің мазмұны бай адамдар аур жағдайда да көңілді жүреді.Өз көңілін меңгере білу - Мұғалім үшін өте қажет. Егер мұғалім көңілсіз болса, оқушының оқу материалдарын меңгерулеріне қолайсыз әсер етеді. Әсіресе төменгі класс оқушылары мұғалімнің қас -қабағына қарап отыратыны белгілі.

2. Аффект. лат. жан ұшыру, күйіп - пісу .

Аффект дегеніміз \_ - қысқа уақытқа созылса да, бұрқ етіп қатты көрінетін эмоцияның түрі.

Мыс: зәре ұшу, қорқу, долылық, жан түршігу, қамығу, торығу т.б. Дені сау адамдарда болатын аффекттерді адамның жеке басының кемшілігі деп есептеу керек. Бұл адамның өзін еңгере алмауы, ерік тәрбиесінің кемістігі.

Ерік - жігері күшті адам мұндай ұшқалақтыққа, лепірмелікке бара бермейді. Ондай адам не істесе де ойланып істейді.

3. Құмарлық - адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын қошті, терең, тұрақты эмоция. Құмарлық өзінің қоғамдық мәнімен (сипатталады) бағаланады.

Ол екіге бөлінеді.

1. Ұнамды (ғылым мен өнерге еңбекке).

2. Ұнамсыз (дүние, бақ, ойын құмарлық).

Ұлы ақын Абай атамыз, адамға қажетті құмарлықтың психологиялық табиғатын жақсы көрсетсе, А.С.Пушкин "сараң сері" драмасында Альберттің образы арқылы құлқынын ақша тескен адамның құмарлығын былайша суреттейді.

**Бақылау сұрақтары:**

- 1.Эмоция мен сезімнің жалпы сипаттамасы қандай.
- 2.Сезім мен эмоцияның бір-бірінен нендей айырмашылықтары бар.
- 3.Адам эмоцияларының жануарлар эмоциясынан айырмашылықтары неде.
- 4.Күрделі эмоциялардың қандай түрлері бар.

### 37-лекция

**Тақырыбы:** Сезімнің түрлері . Күрделі эмоциялар.

**Жоспары:**

1. Жоғары сезімдердің түрлері.
2. Сезім саласындағы дара айырмашылықтар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді сезім туралы ұғыммен, сезім мен эмоцияның айырмашылықтарымен, күрделі эмоциялармен, жоғарғы сезімнің түрлерімен, сезім саласындағы дара айырмашылықтармен, балада сезімнің дамуымен таныстыру.

### Лекция мәтіні (қысқаша)

#### 1. Жоғары сезімнің түрлері мыналар :

1. Адамгершілік - моральдық
2. Эстетикалық
3. Интеллектуалдық (ақыл - ой)

Адам мінез - құлқынан жиі көрінетін сезімдердің бірі адамгершілік сезімдер. Адамгершілік немесе имандылық сезімдердің мазмұны да құрылымы да күрделі келеді. Бұлар:

1. Қоғамдық мәнді сезімдер.
2. Жеке көңіл күйге байланысты сезімдер болып бөлінеді.

Соның біріншісіне мына сезімдер жатады: достық, жолдастық, адалдық, ар - намыс, борыш, жауапкершілік, ұят т.б. жатады.

Ар - намысты қорғау - адамға өте жарасымды сипат, бұл көбінесе қайсар, өжет, табанды, көздеген мақсатына жетпей тынбайтын адамның ғана қолынан келеді. Ар - намысты қорғау дегеніміз - сонымен бірге айнала қоршаған адамдарды да сипай білу деген сөз. Ар ұятты қастерлеу намысқа тырысушылық екенін бірінен кездесе бермейтін қасиет. Мұның адам психологиясына әсер ететін соша кісі кейде "кірерге жер таппай, кісі беті не қарай алмай... ұйқыдан, тамақтан қалатыны да болады.

Ұлы ақын Абай атамыз ұяттың екі түрі бар дейді.

1. надандықтан туатын.
2. Жағымсыз іске, теріс қылыққа ялу
  1. Ұялмас нәрседен ялу, бұл надандық, ынжықтық, жігер - қайрат осалдығы, білім мен тәжірибенің саяздығы.
  2. Шын ұят ақыл парасаттың ісі "өлімнен ұят күшті" деп халқымыз тегін айтпаған.

Адамның ары мен ұяты ақылының күзетінде болса, жүрек, қайрат үшеуі бір жерден шығып отырса мұндай адам ұятты болады дейді Абай.

2. Эстетикалық сезімдер дегеніміз адамның шындықтағы қандай болмасын бір сұлулықты сезінуі.

Мыс: табиғаттағы әдемі көріністі тамшалау, көркемөнердегі, өмірдегі шынайы, әсем нәрселерден ләззат Алу. Сол сияқты архитектуралық, музыкалық, сахналық шығармалардың шебер орындалуынан ләззат алуға да байланысты туып отырады. Мыс: "Әсем әнмен тәтті күй" ...

3. Интеллектуалдық сезімдер - адамның ақыл - ой әрекетімен тану процестерімен тығыз байланысып жатады.

Мыс: таңсықтау білуге құмарлық, күдіктену, сенімділік, жаңашылдық, т. б. жатады. Сезімнің бұл түрі оқу процесінде, ғылыми, зерттеу жұмыстарында адамға зор ләззат беретін жаңалықтар ойлап табуда пайда болады. Мұғалімнің бастр міндетінің бірі - оқушылар санасында интеллектуалдық сезімді қалыптастыру болып табылады Ол үшін көп оқу керектігін оқусыз ешбір мақсатқа жете алмайтыныын түсіндіру қажет "Оқу инемен құдық қазғандай" ол оңайлықпен қолға түспейді. "Адамның көңілі шын мейірленсе ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі" - дейді, ұлы ақын Абай.

2. Сезім саласындағы дара айырмашылықтар. Адамның сезім саласындағы дара айырмашылықтары түрліше болып келеді. Отбасы тәрбиесіне, тұрмыс жағдайына,



денсаулығына, жүйке жүйесінің типтік ерекшеліктеріне, білім қорына, өзін-өзі тәрбиелеу дәрежесіне, жас ерекшелігіне т.б. қарай неше түрін кездестіруге болады. Өмірде көңілі көтеріңкі, жағдайлары шат – шадыман адамдар мен қатар, сәл нәрсеге уайымдағыш, қабағы қатулы, не өзін ұстай алмайтын, тиянақсыз болар-болмас нәрседен асып-сасып жұрттың үрейін алатын адамдар да кездеседі.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жоғары сезімдердің қандай түрлері бар.
2. Балаларда эмоция мен сезімдер қалайша дамып отырады.
3. Төменгі сынып оқушыларының моральдық, интеллектік, эстетикалық сезімдерінің даму жолдары қандай.
4. Эмоциялар мен сезімдерді қандай жолдармен тәрбиелеуге болады.

### 38-лекция

**Тақырыбы:** Ерік жөнінде түсінік.

**Жоспары:**

1. Ерік туралы жалпы түсінік.
2. Ерік туралы теориялар.
3. Еріктің физиологиялық негіздері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ерік туралы ұғыммен, ерік туралы теориялармен, еріктің физиологиялық негіздерімен, еріктік амалдарды талдау кезеңдерімен, ерік сапаларымен, ерікті тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні**

1. Адам өз қажеттілігіне байланысты алдына түрлі мақсаттар қояды. Сол мақсаттарды орындау үшін түрлі әдіс-амалдарды қарастырады. Бұл үшін қимыл-қозғалысқа түсіп отырады. Адамдардағы қимыл-қозғалыс есепсіз көп, оларды үлкен екі топқа бөледі:

1. Еріксіз қозғалыстар (көздің ашылып-жұмылуы, жөтелу, шашалу, түшкіру т.б.) яғни мақсат қойылмайтын қозғалыстар.
2. Ерікті, яғни мақсатты қозғалыстар. Мысалы, жерге түскен нәрсені көтеріп алу.

Ойланып істелетін, алға мақсат қоюды қажет ететін, түрлі кедергілерді жеңе білуден көрінетін қимыл қозғалыстарды психологияда **ерік амалдары** немесе **ерік** деп атайды. Сонымен, **ерік** дегеніміз - адамның өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере алуын айтамыз.

Адамның осындай психикалық әрекеті алдына қойған мақсатына байланысты түрлі ішкі және сыртқы кедергілерді жеңе білуінен байқалады. Мысалы: ұйқы басып төсектен тұрғымыз келмейді, бірақ сабаққа кешікпеу үшін тұру керек.

Ерік қоғамдық ерік процесінде пайда болып қалыптасқан. Тек еңбек ету арқылы ғана адам өзінің әр түрлі амалдарын, қимылдарын көрсетіп, түрлі қажеттіліктерін өтей алады.

2. Адамның еріктік қимылдары оның өмір сүріп отырған ортасының, яғни сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының әсер етуіне байланысты көрінеді. Біз көп адамдардан " не тілесем соны істеймін" деген сөзді көп естиміз

Кейбір философиямен психология ғылымының өкілдері осындайжеке пікірлерге жас кенедей жабысып: "адам не істеймін десе де ерікті өз қылығына өзі қожайын дейді. Ал еріктің айналасын коршап тұрған дүниеге, жағдайларға

Байланысты болатындығына жете мән бермейді. Сөйтіп ерік қимылдарын өзінен-өзі пайда болмайтын, керісінше, адамның өмір сүрген ортасына байланысты дамып отыратын, ми қызметіжемісінің бірі болып есептелінетінпсихикалық процесс деп түсінуіміз қажет. Ерік-жігер туралы теориялар мыналар: 1. интеллектуалдық немесе ассоциациялық теориялар. Мұны жақтаушы Германияда өткен ғасырда өмір сүрген Мейман. Мұның айтуынша ақыл-ой интеллектпен байланысып, соның нәтижесінде пайда болады, яғни ерік адамның мұқтаждығы мен қажеттілігі секілді рухани күшінен туындайды. Бұл пікір бойынша ерік өздігінен пайда болады. Ол өзінен-өзі еріксіз жүзеге асып отырады. Адам ерікті әрекет жасау үшін өзінің бұрынғы көрген білгенін елестетуі керек, сол елестеудің нәтижесінде адамның ерікті әрекеттері пайда болады. Мұндай көзқарас адамның ерік-жігерін белсенді түрде өзінің әрекеті ретіндеқарастырмайды, ассоциация заңдары бойынша пайда болатын әрекеттер деп түсінеді.

2.Неміс психологы В.Вундт оның көзқарасы бойынша ерік эмоциялық сезімдердің тек бір түрі ғана болып табылады. Ерік ең күшті сезімдердің, аффекттілердің ерекше варианты. Жағымды сезімдер ерікке негіз болып, оны тудырып отырады. Әрине ерікті эмоцияның бір түрі деп айтуға болмайды. Өйткені, ерік пайда болу үшін оған адамның түрлі жағымды сезімдері түрткі болмайды, керісінше, адамның мұқтаждықтары себеп болады.

3.Америка психологы Джемс ерік адамда пайда болған ойдың еріксіз қимылға айналуы дейді. **Мысалы:** адам жіпке бір тасты байлап, қолын созып жіпке (тигізген) тізген тасты жай айналдырам деп ой -ласа жібі қимылдап өздігінен айналғандай болады. Міне осындайды Джемс ерік әрекеті деп ойлайды. Бұл айтылған ойдың барлығыда ерікті әрекеттің пайда болу табиғатын, мазмұнын аша алмайды.

3. Еріктің физиологиялық негізін дәлелдегендер И.П. Павлов пен И.М.Сеченов болды. Еріктің физиологиялық механизмі мен қабығының рефлекстік табиғатына жатады. Ерік процесінде ерікті қозғалыстардың алатын орны ерекше.

**Ерікті қозғалыс** дегеніміз мақсатты қозғалыс, яғни күрделі шартты рефлекстер.

Еріксіз қозғалыстарда тумалық қасиет болса , ерікті қозғалыстар өмірде жере-бара қалыптасады. Адамның ерікті қозғалыстары *ми қабығында* бұрын пайда болған уақытша байланыстардың негізінде жасалынады.

Мұндай қозғалыстар үшін сөз ерекше тітіркендіргіш болып табылады, көптеген қозғалыстарды реттеп, басқарып, тежеп отыратын да осы сөздік сигналдар.

Адам сөз арқылы нұсқау алады не тоқтамға келеді, алдана қойған мақсатына сәйкес, қимыл- қозғалыстарын реттестіреді. Қозғалыс анализаторының жүйке клеткалары

мидың орталық сайының алдыңғы жағына орналасқан . Осы жерде пирамида формасындағы алып жүйке клеткалары бар. Бұлар жүйке талшықтары арқылы қаңқаның бұлшық еттерімен байланысып жатады. Қозғалыс анализаторын құрайтын жүйке талшықтарын пирамидалық жол деп атайды.

Пирамидалық жолдың қызметіне зақым келсе, адамның қимыл-қозғалысының берекесі кетеді, мұндай да оны паралич ауруын шалдықтыруы мүмкін.

Қозғалыстарды тезей алу , тек алда тұрған мақсатқа сәйкес қозғалыс жасау - I және II сигнал жүйелерінің өзара әрекеттестігінің нәтижесі.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Ерік дегеніміз не.
2. Еріктің физиологиялық негіздерін қалай түсінуге болады.
3. Еріктік амал қандай кезеңдерге бөлінеді.
4. Мақсат қою, тілек, қалау, түрткілер күресі, тоқтамға келу ұғымдарын жеке- жеке қалай түсіндіруге болады.
5. Адамның негізгі ерік сапалары қандай.
6. Балаларда ерік қалайша дамып жетіледі.
7. Балаларда қандай ерік кемістіктері байқалады. Оларды түзетуге бола ма.

### 39-лекция

**Тақырыбы:** Ерік сапалары

**Жоспары:**

- 1 Еріктік амалдарды талдау.
- 2 Ерік сапалары.
- 3 Ерікті тәрбиелеу жолдары.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді ерік туралы ұғыммен, ерік туралы теориялармен, еріктің физиологиялық негіздерімен, еріктік амалдарды талдау кезеңдерімен, ерік сапаларымен, ерікті тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Адамның еркі алдына мақсат қоюдан басталады. Мыс: орта мектепті бітірген оқушының алдындағы мақсаты арнаулы оқу орнына түсу. Оның алдына бұл мақсатты қоюына оның мәдени қажеті, білім алуға тырысуы себеп болады.

Адам осылай өзінің келешекте белгілі бағытта істейтін ісінің мәнін, жоспарын белгілейді. Мұны еріктік амалдың бастамасы-**тілек** немесе **ниет** деп атайды.

Тілек - келешекте істейтін ісіміздің ойға бекуі. Мыс: газетке мақала жазсам, домбыра тартып үйренсем т.б.

Осы тілекті жүзеге асыру үшін адам тиісті жоспар сызып, амал-айла, әдіс қарастырады.

"Жаксы ниет, жарым ырыс" деп халық тегін айтпаған. Қандай болмасын іс-әрекеттің жоспарын жасау - күрделі процесс. Ол адамның белгілі білімін, өмір тәжірибесін, ойының орамдылығын қажет етеді.

Мақсатқа жетудің жолдары белгіленіп, жоспар жасалғаннан кейін адамның тілегі оның нақтылы қалауына көшеді. *Қалау*- мақсаттың айқындығы, оған жеткізетін тиісті жоспардың жасалуы, ойдың бекемдігі.

Дегенмен, тілек те, қалау да өздігінен адамның ерік-жігерін толық көрсете алмайды. Өйткені бұлар кейде бір-біріне үйлесе алмай қайшы келіп отырады. Мыс: орта мектепті бітірген оқушы бірде педагогтың институтқа түсіп, мұғалім болып шыққысы келсе, бірде ауыл-шаруашылық маманы болғанды да қалайды. Бұл арада ол екі мамандықтың бірін қалауы керек, ол қайсысын қаларын білмей әуре-сарсаңға түседі. Міне, осындай да тілек пен қалаудың арасында үйлеспеушілік болады, мұны психологияда мативтер күресі дейді. Мұндай түрлі мативтердің ішінен ақылға қонымдысы- нақты жағдайға тура келетін біреуі жеңіп шығады, тек содан соң ғана адам тоқтамға келе алады.

Сөйтіп, мақсат қою, тілек, қалау, мативтер күресі, тоқтамға келу бәрі жиналып еріктік қимылдың "даярлық кезеңі" деп аталады.

Еріктік амалдың ең негізгі кезеңі қандай болмасын тоқтамды орындау стадиясы. Өзінің қандай болмасын тоқтамын іске асыратын, оны орындайтын кісіні ғана еркі нағыз жетілген адам деп айтуға болады.

## **2. Ерік сапалары.**

Адамның ерік сапаларының бірнеше түрі бар.

Ерік күші (тоқтамға келгіштік, кедергілерді жеңе алу, өзін-өзі меңгере алу, батылдық, шыдамдылық).

Адамгершілікке сыйымды ерік сапалары (жеке мүддені ұжым еркіне бағындыра алуға көрінетін ерік сапалары). Еріктің адамның дербестігінен байқалатын сапалары (инициатива, принциптілік, тәртіптілік, жинақылық т.б. бөлінеді).

### **1.Тоқтамға келгіштік.**

**Тоқтамға келгіштік** дегеніміз - адамның небір қиын-қыстау кезеңдерде қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілетінің болуы.

Тез тоқтамға келу үшін адам әрбір ісін ой таразысынан өткізіп, асығып-аптықпайды. Басқалардың ақыл-кеңесін тыңдау, ақылға салу, өзін тежей алу, қателерді көре білу, тәуекелге бел байлай алушылық - тоқтамға келгіш адамға тән қасиеттер.

### **2.Табандылық.**

Табанды адам алған бетінен қайтпай, көздеген мақсатына қайткен күнде де жетуді көздейді.

### **3. Ұстамдылық.**

**Ұстамдылық** дегеніміз - адамның оқыс қимыл-қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, босқа күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті.

### **4. Тәртіптілік пен жинақылық.**

Тәртіптілік дегеніміз - адамның өз қимыл-қозғалысын, ойы мен тілегін әр уақытта ұжымның ырқына бағындыра алу қабілеті.

### 5. Ерлік.

Ерлік дегеніміз - алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда ақтық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның ғана қолынан келетін қасиет.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Адамның негізгі ерік сапалары қандай.
2. Балаларда ерік қалайша дамып жетіледі.
3. Балаларда қандай ерік кемістіктері байқалады. Оларды түзетуге болама.

## 40-лекция

**Тақырыбы:** Темперамент . Темперамент туралы түсінік.

#### Жоспары:

1. Темперамент туралы түсінік.
2. Темперамент туралы (теориялар яғни) ілімнің дамуы
3. Жүйке жүйесінің типтері және темперамент.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді темперамент туралы ұғыммен, темперамент туралы ілімнің дамуымен, жүйке жүйесінің типтерімен, темпераментті зерттеу әдістерімен, темперамент типтерінің психологиялық сипаттамаларымен, тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

#### Лекция мәтіні:

1. Өте ерте кезден бастап адам өзін-өзі байқай, бақылай отыра, өзін басқа адамдармен салыстыра келе адамдардың арасында болатын айырмашылықтарды біліп, түсінгісі, зерттегісі, дәлелдегісі келген.

Бұл дәлелдеу жолы ертедегі грек оқымыстыларынан бастап әлі күнге дейін зерттеліп келеді.

Сыртқы бейнесі мен түр-тұлғасы жағынан адамдар біріне-бірі ұқсас болғанымен, мінез-құлқы, темперамент ерекшеліктері, қабілеті мен икемділігі жағынан олардың әрқайсысының өзіндік даралық қасиеттері болады. Табиғатта жеке дара ерекшеліктермен сипатталатын 3-түрлі нәрсе бар.

- 1) Бір түп ағаштағы 200000-ға жуық жапырақтың бедері жағынан бір-біріне ұқсамай, даралық өзгешелігімен көзге түсетіндігі.

Темпераменті, мінез-құлқы жағынан бірдей екі адам болмайды.

Дүние жүзіндегі 6 млрд. адамдардың әрқайсысының саусақ бедері біріне-бірі ұқсамайды.

Осы деректер табиғаттағы кемелденіп жетілген ақыл-ой иесі адамдардың өзіндік қасиеті мен ерекшелігін білдіреді.

Әрбір кісінің жеке басына тән дара өзгешеліктің бірі осы темперамент. Мұның шығу тегі-«красис» деген грек сөзін латынша-темпераментум дейді. Мұның мәні-заттардың мөлшер шамаластығы деген түсінікті береді.

2. Адамдардың арасындағы осындай айырмашылығының болуын денедегі сұйықтарға байланысты-деп алғаш дәлелденген грек дәрігері ғалымы Гиппократ болды. (б.ғ.д. 460-356) Олар: денені жышытыш тұратын қан. Салқындататын – шырын. Құрғататын – бауырдағы сары өт. дымқылдық беретін – қара өт.

Сөйтіп, Гиппократ және оның шәкірттері адамдағы темпераменттің әр түрлілігі организмдегі осы 4-түрлі сұйықтардың аз-көптігіне байланысты деп түсінген.

Мысал: организмде қанның пропорциясы басым болса – сангвиник, ал шырын басым болса – флегматик, қара өт басым болса – меланхолик, сары өт басым болса – холерик темпераменті деп атаған.

Сонымен темперамент дегеніміз – жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі.

Темперамент деп - - әр адамның сезім көрінісінің, ойлау өрісінің және қимыл әрекетінің өту, сыртқы көріну жолын айтамыз. Темперамент адамның жалпы

- 1) қозғалысынан да (біреулер шапшаң қозғалады, тез қимылдайды, біреулер жай қимылдап, асықпай істейді).
- 2) Психиканың күші мен тереңдігінен де (біреу өжет, алғыр болса, екінші біреу керісінше сылбыр жігерсіз болады).
- 3) Адамның көңіл-күйінің ерекшелігінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз т.б.).
- 4) Эмоция сезімдерінен де (біреу сабырлы, екінші біреу күйгелек т.б.) жақсы байқалып отырады.

Қазіргі кезде темпераменттің 4-түрі туралы психологияда ерте замандардан бері қалыптасқан тарихи мәліметтер белгілі бір жүйеге келтірілді. Гиппократтан соң Римнің атақты дәрігері ғалымы Гален темпераменттің санын 13-ке жеткізді.

Гален организмде жылылық неғұрлым басым болса, ол адамдардың темпераменті күшті болатынын денесі салқын болса, темпераменті баяулайтынын айтады. Ал медицинада ғылымдарының өкілдері темперамент жанындағы ілімді ықшамдап, оның бұрынғы 4-типін сол күйінде қалдырады.

Неміс философы И. Кант 1798 жыл жарық көрген «Антропология»деген еңбегінде темпераменттің үш түріне психологиялық сипаттама беріп, оларды психологиялық қасиеттер – деп анықтады.

XIX-ғ. Соңында неміс психологі В. Вундт темпераменттер адамның «жан дүниесі тебіреністерінің» күш қуаты мен жылдамдығының арақатынастарына тәуелді болады деп есептеді.

Неміс анатомы Гейне темпераменттердің түрліше болуы жүйке жүйесінің тонусына байланысты десе орыстың антрополог ғалымы Зеланд ми қабықшасындағы молекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты дейді. Ал көрнекті орыс педагогы П. Ф. Лесгафт темпераменттердің қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады.

Темперамент жайында, оның типтері мен түрлерін, адамның мінез – құлқы мен әр алуан қимыл әрекеттегі көріністерін тәлім-тәрбие істерімен үштастыра отырып іздестірген қазақ халқының көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов болды. Ол өзінің «Жан жүйесі» және «өнер таңдау» деген еңбегінде айтты.

Неміс психологы Э. Кречмер мен американ психологі Шелдонның пікірлері. Темперамент типтері ішкі секреция бездері қызметінің арақатынасына байланысты болады деп санады.

3. Темпераменттердің физиологиялық негізін ғылыми тұрғыдан делелдеген академик И. П. Павлов болды.

Жүйке жүйесінің типтері ми қабығындағы қозу мен тежелудің күші, тепе – теңдігі, қозғалғыштығы жиынтығынан құралады.

1. Жүйке процестерінің күшіне – ми қабығының жұмыс істеу қабілеттілігі немесе сыртқы ортаның тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі жатады.
2. Жүйке процестерінің тепе – теңдігі қозу мен тежелудің бір – біріне теңдігін көрсетеді.
3. Жүйке процестерінің қозғалғыштығы – деп қозу мен тежелудің бір-бірімен алмаса алу қабілетін айтады

**Бақылау сұрақтары:**

1. Темперамент дегеніміз не.
2. И. П. Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы ілімі темпераменттердің табиғатын қалай түсіндіреді.
3. Төменгі сынып оқушыларының темперамент ерекшеліктерінің негізгі белгілері қандай.
4. Темпераменттер қалай өзгереді және оларды қалай тәрбиелеуге болады.

#### 41-лекция

**Тақырыбы:** Темперамент типтерінің психологиялық сипаттамасы.

**Жоспары:**

1. Темперамент типтеріне психологиялық сипаттама беру.
2. Темпераментті зерттеу әдістері.
3. Темпераментті тәрбиелеу жолдары.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді темперамент туралы ұғыммен, темперамент туралы ілімнің дамуымен, жүйке жүйесінің типтерімен, темпераментті зерттеу әдістерімен, темперамент типтерінің психологиялық сипаттамаларымен, тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. И. П. Павлов осы айтылған негізгі типтерден басқа да аралас көшпелі типтердің кездесетіндігін айтты.

Темпераменттерді лабораториялық жағдайда зерттеу қиынға соғады, жай байқаулар арқылы да оның ерекшеліктерін танып - білу оңай емес. Дегенмен де адам темпераменті туралы мәліметтерді алуға болады. Мысал: адамның жүріс тұрысын жүйелі түрде сырттай бақылап, олардың психикалық әрекеттерінің жылдам не баяу екенін, дене қимылдарымен, бет әлпетінің қозғалыстарын жігерлі не жігерсіз екендігін, эмоциясы әлсіз не күшті, көңіл - күйінің тұрақты не тұрақсыз екенін байқауға болады.

2. Оқушы темпераментін зерттеу үшін мұғалім оның өмірбаянын зерттеу, әңгімелесіп, танысу арқылы олардың мінез - құлқын таниды. Эксперименттік әдіс арқылы да адам темпераментін зерттеуге болады.

Темперамент жүйке жүйесінің туа пайда болатын типтік қасиеті, ал мінездің адам бойында жүре пайда болатындығы психологиялық ерекшелік. Темперамент типтерін

жақсы, жаман деп ажырату дұрыс емес. Өйткені, әрбір темпераменттің жарамды, жарамсыз және ұнамды, ұнамсыз сипаттары болады.

3. Темперамент ерекшеліктерінің, ұнамды қасиеттерін баланың бойына сіңіру үшін оларды жастайынан тәрбиелеп, мінез құлықтарының жағымды жақтарын қалыптастырып отыру ата - аналардың, ұстаздармен тәрбиешілердің борышы және қоғам алдындағы жауапты міндеті. Тәлім - тәрбие істерінде бала бойындағы темперамент типтерінен хабардар болып, олардың даралық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмысын жүргізудің маңызы зор. Баланың типтік сипатын жақсы білу үшін флегматикті жұмыстың, сабақ үстінде басында қадағалаған жөн. Сангвиникті ісін бастаған кезінен бақылауға алу керек. Олай етпеген жағдайда ол ауытқып кетуі мүмкін. Меланхоликке мұндайда ұстаздың суық қабақпен бір қарағаны да жеткілікті. Холерикке байсалды үнмен қатаң ескерту жасау, қажет болғанда оны қайталау да керек.

Тәлім тәрбие ісінің басты мақсаты шәкірттердің темперамент типтерімен толық танысып, олардың ұнамды қасиеттері мен сапалы ерекшеліктерін дамытып отыру.

Темперамент типтерін тәрбиелеуде баланың ерік-жігерін, мінез бітімін, сезім-эмоцияларын дамыту мен ұштастыра жүргізген тиімді болмақ. Тәрбиешілер холериктерді ұстамсыздықтан аулақтатып, тыныш, ұзақ жұмыс істеуге үйретіп, сангвиниктерді жұмысты сабырмен асықпай істеуге, флегматиктерді өздеріне сенуге, батылдыққа тәрбиелеулері тиіс. Мұғалім үй тапсырмаларын сұрау жаңа сабақты пысықтау кездерінде де әр баламен жеке жұмыс жүргізіп отырмаса болмайды.

Мысалы: тілі мен жағына сүйенген холериктерді тыныштандырып, үндемей отырған флегматикті жауап беруге шақыру мұғалімнің асқан байсалдылығын талап етеді.

Ал меланхолик бала хәртiп бұзса ( мұндай жағдай өте сирек болады, әрi олар өздерi бiрiншi болып тиiспеидi.) оны жұрт алдында қызартып, ұялту дұрыс емес. Мұндай баламен оңаша сөйлескен дұрыс, тiптi бiр қараудың өзi жетiп жатыр. Холерик темпераментiндегi балаға қатаң ескерту жасап, қойылған талапты қалайда орындатқызу жағын ойластыру қажет. Сангвиниктердi қатты бақылау қажет, өйткенi олар жұмысқа жылдам, жұмылып кiрiскендерiмен жылдам суып қалатын балалар.

Әрбiр мұғалiм баяу болса да темпераменттердiң өзгерiп отыратындығын, ол адамның жасына, бiлiм мен тәжiрибесiне, тәлiм - тәрбиесiне, нақтылы әрекетiне байланысты түрлi өзгерулерге түсетiндiгiн ылғи да еске ұстап, осыған орай әрбiр оқушымен жеке жұмыс жүргiзiп отыру қажет.

Мысал: Оқушының жасына қарай сабақ үлгерiмiн, тәртiбiн, басқа балалармен қарым - қатынасын, қоғам жұмысына қалай араласатындығын үнемі қадағалау, олардың ата - аналармен байланысын жасау, қатынастырып отыру қажет. « Темпераментгi тiзгiндей бiлу үшiн адамның жақсы тәрбиеленуi керек » ( М. Жұмабаев.)

Меланхоликтер мен флегматиктердiң шамалы жетiстiктерi болса да атап өту керек. Егер ол екеуiне көңiл бөлмесе, өзi сылбыр, ұялшақ ақырын қимылдайтын бала жалқау, салақ балаға айналып, кетедi. Сол үшiн баланы жайбарақаттыққа салындырмай, үлкендердiң өзi үлгi көрсетiп, шамалы кемшiлiктерi болсада түзету жасап отыру қажет.

Ал холериктердiң қайрат – күшiн, шапшаңдығын, тиiмдi iске пайдалана бiлуге бағыттап, тыныш ұзақ уақыт жұмыс iстеуге үйрету керек. Сангвиниктердi асықпай жұмыс iстеп, бастаған iсiн тиянақты аяқтауға бағыттау керек.

Меланхоликтер үнемі көңiл аударғанды, мейрiмдiлiктi, жылы үнмен сөйлегендi ұнатады. Бұлар жүйке процесiнiң әлсiздiгiнен тез шаршайды. Олардың ұялшақтығын,



қорқақтығын ескеріп, белсенділікке, батылдыкка тәрбиелеп, мейірімділікпен сөйлеп, іс әрекетін қолдап, мадақтап отырғанды жақсы көреді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Темпераменттердің психологиялық сипаттамасы қандай.
2. Төменгі сынып оқушыларының темперамент ерекшеліктерінің негізгі белгілері қандай.
3. Темперамент адам психикасынан қандай орын алады.
4. Темпераменттер қалай өзгереді және оларды қалай тәрбиелеуге болады.

## 42-лекция

**Тақырыбы:** Мінез жөнінде түсінік. Мінез туралы теориялар.

**Жоспары:**

1. Мінез туралы жалпы түсінік.
2. Мінез туралы теориялар.
3. Ұлттық мінез.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді мінез туралы теориялармен, қазақ халқына тән ұлттық мінезбен, мінездің физиологиялық негіздерімен, мінездің құрылымымен, қасиеттерімен, типтік мінез бітістерімен, мінезді тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Әр адам сыртқы дүниенің сансыз тітіркендіргіштеріне өз әлінше түрліше жауап қайтарып отырады.

Бұл жауап реакциялары оның сыртқы дүниемен қалайша қатынас жасайтынын көрсету мен қатар, біртіндеп беки келе, сол адамның ұйреншікті әдегіне, мінезқұлқының мәнеріне айналады. Сөйтіп әр адамда әртүрлі мінез бітістерінің болуы, оның сыртқы орбамен түрліше қарым - қатынас жасауының нәтижесі болып табылады.

Адамның сыртқы ортамен байланысу үшін жасайтын осындай қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды.

Мінездің негізгі сапалары болады;

1. мінездің адамгершілік жағынан тәрбиелілігі;
2. бірқалыптылығы;
3. толықтылығы;
4. күші мен айқындығы;
5. салмақтылығы;

Мінездің сапасының негізгі компоненттері (бөліктері):

Ұжымшылдық, гуманизм, адамдарға қамқорлық, жолдастықты қадір тұту, жұртшылық пікірімен санаса білушілік, жауапкершілік пен адалдық т.б. Рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой- өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейді:

«Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез құлыққа байланысты» (Әл - Фараби). Мінез сапаларының бірі - оның бірқалыптылығы. Мұндай адам құйындай ұйытқып

тұрмайды, оның қастерлейтіні сөз бен істің бірлігі. Кімнің мінезі толық болса, соның мінезі бірқалыпты да келеді. Мінездің бұл екеуі егіз қозыдай, бірінен екіншісі ажырамайтын қасиеттері. Мінездің тұрақтылығы адамның саяси моральдық ұғымынан, түсініктерінен туындайды.

Бір қалыпты, тұрақты мінезі бар адам басқалардың жетегінде кетпейді, оның өзінің белгілі көзқарасы, принципі, өзіндік мінез -құлқы болады, ол қауіп - қатерден бой тасаламайды, керек жерінде батылдық көрсете біледі.

Инициатива мен белсенділік, достық пен жолдастық, адалдық пен шыншылдық осындай мінезді адамға тән қасиеттер. Ал мінездің күшіне мақсатқа жету жолында алда тұрған кедергілерді жеңе білуде көрінетін адам ұстамдылығының мөлшері жатады.

«Байда қайрат, айда көз, болмаған соң айтпа сөз» - деп ұлы ақын Абай тегіннен тегін айтпаған. Жақсы мінезге тән сапалардың біріне оның байсалдылығы жатады.

Әрбір адам басқа адамдардан өзінің даралық өзгешілігімен ерекшеленеді, адамдар мінез ерекшеліктеріне орай ажыратылады.

«Мінез» грек сөзі «характер» деген сөзінен шыққан. Ол «белгі, ерекшелік, өзгешелік, із қалдыру» - деген мағына береді.

Мінез деп - әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Адамның ісі мен қылығынан көрінетін оның айналасындағыларға қатынасын бейнелейтін кісінің бір сыдырғы тұрақты жәнәтұрлаулы жеке өзгешелігі мінез деп аталады.

Мінез туа біткен қасиет емес, ол біртіндеп өмір сатысында дамып, қалыптасып отырады. Мінез білістері адамның дүниеге көзқарасына, сенім мен мұратына, әлеуметтік жағдайына, сыртқы ортаның әсері мен адамның өзін өзі тәрбиелеумен көрінеді:

2. Мінез туралы ілім Грек елінен шыққан. Бұдан 2500 жыл бұрын Грек ғалымы, философ Теофраст Афини жұртының 30 - дан астам мінез бітістерінің нашар жақтарына талдау жасаған. XVII - ғасырда франсуз жазушысы Лабрюен нашар мінез бітістерінің 4500 - ден астамына сипаттама берген. XIX - ғ. Аяқ кезінен бастап мінез туралы психологиялық теориялар көріне бастады. Зерттеушілер адамдардық мінезін дене құрылысына сәйкес түсіндіруге тырысты. Осы кездері френология, графология деген ағымдар пайда болды.

Френология ағымын жақтаушы Ф.Галлет, адамның бас сүйегіне, формасына жүйке саласына қарап адамның мінез -құлқын, ақыл - ойының дәрежесін анықтауға болады дейді.

Графология ілімін жақтаушы Аристотель, Гефаст т.б. адамдардың жазуына қарай адамның мінезін ажыратуға болады дейді.

XIXғ. Француз ғалымы А.Бен мінезді тек психологиялық ерекшелік дара адамның ақыл - ойы мен сезімінің және ерік ерекшенің қасиеті деп санады. Т.Рибо мінезді сезім мен ерік ерекшелігі десе, ал орыс медигі әрі педагог П.Ф.Лесгафт ерік қасиеті деді. И.Кант мінезді темперамент пен салыстыра отырып, оны адамда жүре пайда болатын қасиет деді. Т. Рибо мінезді адамда туа пайда болады десе, ал Малапер, Фулье т.б. мінез туа пайда болуымен қатар жүре де пайда болатын ерекшеліктері бар дейді. Полан - мінездің

барлық сипаттары адамның тіршілік жағдайымен байланысты деген пікір айтады .Сонымен мінез жөніндегі көзқарас осы күнге дейін өзара талас - тартыс туғызып келеді.

3. Ұлттық мінез – адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтарды бір саналатын этностық , ұлттық , халықтық өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады .

Әрбір халық пен ұлттық этностық өзіндік мінез - құлықтары болады . Қазақ халқының түркі тектес өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік сипат-қасиеттері бар .

Ыбрай Алтынсарин еңбектерінде өз халқының мінез -құлқына тән қасиеттерді атап көрсеткен .

- Қазақ халқының қарапайымдылық пен кішіпейілдік .
- Ашық жарқын көңіл мен кеңпейілдік,
- өзге тәсілді адамдарға деген достық және сыйластық ,
- қонақжайлық т . б . қасиеттер ,
- өз Отанына , туған жеріне ,еліне деген сүйіспеншілік ,
- мал шаруашылығына икемділік ,
- балажандылығы,
- сөз өнерін ардақтауды ,шешендік қабілеті,
- еңбек сүйгіштігі мен шыдамдылығы ,

т . б. Жалпы ұлттық қасиеттері болып табылады .

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1.Мінез дегеніміз не.
- 2.Типтік мінез дегеніміз не.
- 3.Мінез бітістері қандай топтарға бөлінеді.
- 4.Қандай адамды толық мінезді дейміз.
- 5.Жағымсыз мінез неден болады. Оны қайтадан тәрбиелеуге бола ма.
- 6.Мінез қалайша дамып отырады.

### **43-лекция**

**Тақырыбы:** Типтік мінез бітістері.

#### **Жоспары:**

1. Мінездің физиологиялық негіздері.
2. Мінездің құрылымы мен қасиеттері.
3. Типтік мінез бітістері.
4. Мінезді тәрбиелеу жолдары.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді мінез туралы теориялармен, қазақ халқына тән ұлттық мінезбен, мінездің физиологиялық негіздерімен, мінездің құрылымымен, қасиеттерімен, типтік мінез бітістерімен, мінезді тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Мінездің физиологиялық негізін зерттеген , дәлелдеген И . П . Павлов болды. Ол жоғарғы жүйке қызметінің типтеріндегі ауыспалы құбылыс арқылы дәлелдейді.

Қандай сигнал жүйесінің басты екендігіне қарай адам мінезінің типтерінің 3 түрге бөледі. 1) Ойшыл тип - сөзбен байланысты 2 - ші сигнал жүйесі рефлекторлық қызметінің басымдылығы .

Көркем тип -- 1-ші сигналдың шартты рефлексінің басымдылығы. Орташа тип мұнда 2 сигнал жүйесі бірде- бір басымдың көрсете алмайды .

Адамның көпшілігі осы орташа типке жатады.

Адам мінездегі әрбір ерекшелік белгілі бір жағдайларға сәйкес көрініс береді.

Мұндай ерекшеліктердің өзіндік физиологиялық механизмі бар. Ол - динамикалық стереотип. Бұл жоғардағы жүйке қызметіндегі шартты рефлексдердің жасалу жүйесі.

Динамикалық стеротип - сырттан келген тітіркендіргіштерге белгілі бір жағдайға байланысты реакциялар беріп отырады.

2. Адам мінезінің құрылымы әртүрлі қасиеттер жиынтығынан тұрады. Кейбір мінез ерекшеліктері бір-біріне тәуелді, өзара байланысты болып келеді.

Мінездегі осындай әр түрлі қасиеттерден құрылған бір тұтас бірлікті мінез құрылымы дейді.

Мінездегі қасиеттер жүйесі-мынандай 4 түрлі жүйеге бөлініп қарасады.

1) Мінездің еңбекке байланысты қасиеттері.

Мысалы: еңбек сүйгіштік, адалдық, еңбекке жауапкершілікпен қарау, жалқаулық, жемқұрайдалық т.б.

2) Ұжымға, адамдарға қатысты қасиеттер: Қайырымдылық, сергектік, асқақтық, талап қоюшылық, менсінбеушілік.

3) Өзіне - өрінің қатынасы:

Өркөкіректік, тәкаппарлық, мақтаншақтық, өзімшілдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік т.б.

4) Заттарға қатынасы:

Ұқыптылық, салдыр-салақтық, ұқыпсыздық, т.б.

3. Типік мінез бірістері, оларға жапатындар:

Отан сүйгіштік, мақсаткерлік, борыш пен жауапкершілік, мейірімділік пен ізгілік адалдық пен шыншылдық, достық.

4. Мінезді зерттеу әдістері:

Мінезді лабораториялық жағдайда зерттеу қиын. Бітістерін оның көріністерін табиғи жағдайда танып білуге болады. Оқушылар мінезін зерттеу үшін әрбір мұғалім байқау әдісін пайдаланғаны дұрыс. Зертеуші оқушы мінез-құлқының сан алуан жақтарын сырттай бақылап, күнделікке жазып отыруы қажет.

**Бақылау сәрақтары:**

1. Мінез қалайша дамып отырады.

2. Ұлттық мінезге нелер жатады.

3. Мінездің физиологиялық негіздеріне не жатады.

4. Мінез құрылымы мен қасиеттеріне не жатады.

5. Мінезді тәрбиелеудің жолдары қалай.

#### 44-лекция

**Тақырыбы:** Қабілет жөнінде түсінік. Қабілет туралы теориялар.

**Жоспары:**

1. Қабілет туралы жалпы түсінік.
2. Қабілет туралы ілімнің пайда болуы.
3. Қабілеттің түрлері.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қабілет туралы ұғыммен, қабілет туралы ілімнің дамуымен, қабілеттің түрлерімен, нышан, дарындылық, талант, данышпандылық, бейімділік туралы ұғыммен, қабілет саласындағы дара айырмашылықтармен, қабілеттің қалыптасуымен таныстыру.

**Лекция мәтіні:**

1. Күнделікті сөзімізде "қабілет" деген атауды жиі қолданамыз. Мысалы: Мұғалім оқушысына мінездеме бере отырып, мына бала математикаға, мынау суретке, ал мынау музыкаға қабілетті деп жатады. Сол сияқты қоғамдық жұмыстарды атқару барысында да ұйымдастырушылық қабілетінің зор екендігі байқалады. Бұл мысалдардан әр адамның әрекеттің бір түріне икемділігін көрсететін дара ерекшеліктері.

Қандай болмасын әр нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды, ол біреуде күшті, екінші біреуде шамалы болып келуі мүмкін.

Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің /түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі, музыкалық саңылау т.б. қиыс келуін яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атайды.

Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің икемділік пен дағдының болуына байланысты болады. Мысалы: Оқушыда техникалық қабілеттің ойдағыдай дамуы үшін, техникалық конструкторлық құрылысын жақсы білуі оны тәжірибе жүзінде пайдалана алуы қажет. Баланың білімі тереңдеп, икемділігі артып, дағдысы көбейе түссе, оның қабілеті де ойдағыдай дамып отырады.

Оқу тәрбие процесінде қабілет білім, дағды, ептілік т.б. сияқты психологиялық ұғымдарды өз мәнінде түсіне алмау мұғалімдерді педагогикалық қателерге ұшыратуы мүмкін. Мысалы: 0-карточкасында /Суриков туралы/

2. Қабілет негізінен екіге бөлінеді.

1. Жалпы қабілет.
2. Арнаулы қабілет, болып.

Адамның ақыл - ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет жалпы қабілет деп аталады. Мысалы: Ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, зейінділік пен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық материалды тез есте қалдыра алу т.б. осы секілді ақыл-ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер жалпы қабілет болып табылады.

2. Іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті арнаулы қабілет деп атайды.

Бұған суретшінің, музыканттың актердің, спортшының, математик-ғалымның, ақын жазушының қабілеттерін жатқызуға болады.

Соңғы кездерде қабілеттің 3- түрлі де айтылып жүр, ол ұйымдастырғыштық, педагогтық, конструктивті-техникалық қабілет. ХІҮ-ХҮІ ғ-ң аралығы ғылымда "Қайта гүлдену дәуірі"-деп аталды. Сол кездерде Ф. Энгельстің берген сипаттамасында алысқа сапар

шекпеген ,4-5 тілде сөйлемеген, творчествоның бірнеше саласында жарқырап көзге түспеген бірде-бір ірі адам болған жоқ. Мысалы: Леонардо да Винчи ұлы художник болып қана қойған жоқ. Сонымен бірге ұлы математик, механик, инженер, физик болды.

Сол сияқты ХХғ. бас кезінде қазақ қоғамында да бар еді. Олар: А.Байтұрсынов ,М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Шоқаев т.б. болды.

Қабілет туралы ілімнің пайда болуы.

3. Психология ғылымында қабілет жайлы бірнеше пікірлер кездеседі. Соның бірі - қабілеттер тұқым қуалау арқылы дамып отырады дейтін ілім.

Мысалы: Гальтон таланттың тұқым қуалаушылық жолымен болатынын тарихқа белгілі көрнекті қайраткерлердің өмірбаяндарын зерттеу арқылы дәлелдегісі келген.

Америка психологы У.Эшби "мың рет сәтсіздікке ұшырап, мың бірінші рет жаңалық ашқан, адам қабілетті де, осыны шешпей тастап кеткен адам қабілетсіз"-дейді.

ХҮІІІ-ғ. Гельвещий "Қабілеттің түгелімен қоршаған ортамен тәрбиеден туындайтынына ерекше мән берген." ,

Қабілет жөнінде және бір ілім яғни пікір-ол Маркстік диалектикаға сүйеніп тұжырым жасайды. "Қабілеттердің дамуын да табиғи, биологиялық және әлеуметтік жүре пайда болатын қасиеттердің арақатынасының диалектикасына сүйенеді."

Шындығында, қандай қабілет болса да қолайлы әлеуметтік жағдайларда, іс-әрекет, еңбек үстінде қалыптасып отырады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1.Қабілет дегеніміз не.
- 2.Қабілет қандай түрлерге бөлінеді.
- 3.Қабілеттің дамуында тарихи-әлеуметтік жағдайлар қандай роль атқарады.
- 4.Нышан дегеніміз не. Оның қабілетке қандай қатысы бар.
- 5.Дарындылық, талант, данышпандылық ұғымдарының бір-бірінен айырмашылықтары неде.

### **45-лекция**

**Тақырыбы:** Қабілет және нышан. Бейімділік, талант, дарындылық туралы.

#### **Жоспары:**

1. Қабілет және нышан
2. Дарындылық, данышпандылық, бейімділік туралы түсінік.
3. Қабілет саласындағы дара айырмашылықтар.

**Лекция мақсаты:** Студенттерді қабілет туралы ұғыммен, қабілет туралы ілімнің дамуымен, қабілеттің түрлерімен, нышан, дарындылық, талант, данышпандылық, бейімділік туралы ұғыммен, қабілет саласындағы дара айырмашылықтармен, қабілеттің қалыптасуымен таныстыру.

#### **Лекция мәтіні:**

1. Адамның кейбір өзгешіліктері ана құрсағында жатқанда-ақ пайда болады. Мысалы: Баланың ата-анасына және туыстарына ұқсап тууы, Бұны анатомиялық нышан дейді. Жүйке жүйесінің кейбір анализаторлардың ерекшеліктері де туысынан пайда болады. Мұны физиологиялық нышан дейді.

Нышанның соңғы түрі қабілетінің дамуында белгілі орын алады. Мысалы: Баланың есту анализаторларының жетім дамуы музыкалық қабілетті байқатады, көру анализаторының өзгешілігі суретке қабілетін байқатады.

Нышан көп мәнді қасиет, яғни сол нышанға негізделіп, адам өмірінің жан-жақтылығына қарай түрлі қабілет қалыптасады. Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін-**дарындылық**, дейді. Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке қызметінің тума типіне байланысты болып келеді. Дарынның дамуына қолайлы жағдай туса, ол ерте көзге көрінеді. Мысалы: Осыдан 200 жыл бұрын

Германияда "Үстазы Кристиан фон Шенах жазып алған любектік 4 жасар дарынды бала Кристиан Гейнрих Хайнекеннің өмірі, іс-әрекеті, саясаты мен өлімі-деген кітап жарық көрді."

Мысал: Дарынды адамдардың қабілеті ерте ашылатынын зерттеу жұмыстары дәлелдеп жүр. Дарынды балалар мектептің оқу бағдарламасын ерте меңгереді. Кейде дарынды балалар мектептегі оқуға көңіл бөлмейтін кездері де болады.

Мысалы: Ч. Дарвин, В. Скотт, Д. Байрон бала күндерінде түк білмейтін кеше саналған. Олардың көпшілігі өз уақыттарын өлең жазып, сурет салып, көбелек ұстап, коллекция жинауға немесе химиялық тәжірибе жасауға жұмсаған.

Мысалы: Моцарт 4 соната жазып үлгерген 7 жасында, Дюрер 3 жасында өз портретін салған. Лист, Шопен мен Иегуди Менухин 11 жасында үлкен концерт қоюға қатысқан, Гете 9 жасында неміс, латын, грек тілдерінде өлең жазған. Небары 30-ақ жыл өмір сүрген Ш. Уәлиханов аз ғана ғұмырының ішінде ғылымға, оның көптеген саласына әдебиет, тіл этнография, география, шығыстану т.б./ баға жетпес үлес қосты. Ол музыка, сурет, публицистика мен жазушылық өнерде де биіктен көріне білді.

Шоқан жөнінде С. Мұқанов былай деп жазады.

Мысал: 6 жасар Таня Федина музыкаға дарынды болды.

Мысал: Әйгілі математик С. Мергелян 16 жасында университеттің бірден екінші курсына қабылданды. 20 жасында ғылым докторы атағын алды.

Мысал: 8. Академик Л. Ландаль мектепті 13 жасында үздік бітіріп, 14 жасында университеттің екінші курсына түседі.

2. Қабілеттің ең жоғарғы дәрежесін **талант** дейді. Талант - деп бір әрекетті творчестволық пен орындау мүмкіншілікті қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысып келуін айтады. Адамның таланты музыкада, әдебиетте, ғылымда, техникада т.б. әрекеттерді көрінеді. Таланттың дамуы еңбек ете білу мен еңбек сүйгіштікпен тығыз байланысты. А.М. Горкий талантты өсіретін нәрсе - істі сүю деп бекер айтпаған.

Мысалы: М. Әуезов "Абай жолының" кейінгі үш кітабын машинкаға жатқа айтып бастырған.

Бұл айтылған эпизодтан біз үлкен талант иелерінің шығармалары оп-оңай өзінен-өзі жазыла салатындай етіп көрсетуі мүмкін. Ал шындығында бұлар инемен құдық қазғандай еңбектенеді. Ақын жазушылар, ғалымдар өз еңбектерін бірнеше рет өңдеп қайта жазып, қажымай талмай еңбектенеді. В. Маяковский осылай еңбекті былайша көрсеткен.

Мысал: "Жыр маржан-ғой теңіздің түбіндегі, алу үшін қадалған миллион көз дәл осындай жыр жолына ілігеді, миллион сөздің ішінен жалғыз-ақ сөз".

Әрбір адам ізденіп еңбек етсе, оқып үйренсе өз талантын көрсете алады. Жалқау, еріншек, бейнеті көп жұмысты онша сүймейтін адамнан талант иесі шықпайды.

Тарихи әлеуметтік маңызы бар творчества беретін қабілеттің ең жоғарғы түрін **данышпандық** деп аталады. Данышпан адам өзі айналасқан іс-әрекет саласында бұрын сонды болып көрмеген жаңалықтар ашады.

Мысал: Жаратылыстану ғылым саласында. Н.Ньютон, Ч.Дарвин, И.П.Павлов, Г.Галилей, А.Эйнштейн, Н.Винер т.б. Әдебиет тарихында - В.Шекспир, В.Гете, А.С.Пушкин, Л.Н. Толстой. Музыкадан - В.Моцарт, Л.Ветховен, П.И. Чайковский т.б. Аристотель, Платон, Абу-Насыр Әль-Фараби, Ұлықбек сынды ғұламалар, Абылай хан, Бұхар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абай т.б. Өртүрлі ғылым саласынан көрінген энциклопедиялық білімді данышпандар болды.

**Бейімділік**

Бейімділік пен қабілет көп жағдайларда бірге болады. Өйткені адамның бір нәрсеге қабілеттілігі оның бейімділігіне орай қалыптасады. Бейімділік адамның белгілі бір әрекетімен айналасуға бетбұрысы оған көңілі аууы, оны келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Сонымен қатар бейімділік әрекеттің бір саласына (сурет, музыка т.б.) әуестенушілікті көрсетеді. Бейімділікті балада қандай да бір нышанның барлығын хабарлайтын белгі деуге де болады. Баланың бейімділіктерін жақсы қалыптастырып, дамытып отыру, оның жалпы дамуына ақыл-ой қабілетінің жақсы қалыптасуына жағдай жасайды. Сондықтай мұғалім дер тәрбиешілер балалардың бейімділігін уақытында дұрыс көре біліп соған сәйкес келетін қабілеттерді дамытып отыру керек. Бала айналасындағы нәрселерді танып білуде, өзі белсенділік көрсетпейінше оны дұрыс ұғына алмайды. Бала қабілетінің дамуы үшін де оның белсенділігі қажет. Іс-әрекетсіз, белсенді қимыл қозғалыссыз қабілеттің дамуы мүмкін емес.

3. Қабілет саласындағы дара айырмашылықтар.

"Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын" дегендей адамның қабілет саласындағы дара айырмашылықтары да әртүрлі болады. Мысалы: Біреу іске күшті жігермен кірісіп, екінші біреу керісінше баяу, сапасын төмендетіп орындайды. Қабілетті адамдардың бірі зеректігімен, екіншісі бақылампаздығымен, байқағыштығымен, үшіншілері материалдарды есте ұстағыштығымен ерекше көзге түседі. Бұл айтылғандар кейде бір адамның басында тоғысатын, кездесетін кездері болады. Мысалы: Мұғалімге ұйымдастырғыш қасиетпен қатар, байқағыштық, ақыл-ой белсенділіктері мен сөйлеу шеберлігі, зейін қойғыштық т.б. қасиеттерге тән. Жастық шақта түрлі себептермен көріне алмаған қабілеттің оның есейген кезінде көрінуі де мүмкін. Жастық шағында сөзге олақ адамдардың есейе келе ақын, жазушы болғандары: -Көрген нәрсесін есінде жақсы ұстай аламайтын адамдардың кейіннен талантты суретші болып шыққандары да бар.

Адам психикасының басты ерекшелігі бір қасиеттің орнын екінші бір қасиетпен толтыра, яғни адамның өзінде жетіспеген бірер қабілеттің орнына басқа қабілетпен алмастыра алатындығы.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Нышан дегеніміз не. Оның қабілетке қандай қатысы бар.
2. Дарындылық, талант, данышпандылық ұғымдарының бір-бірінен айырмашылықтары неде.
3. Бейімділік пен қабілеттің арасында қандай айырмашылықтар бар.
4. Адам қабілетінің табиғатын идеалистер қалай түсіндіреді.
5. Қабілет саласындағы дара айырмашылықтар қандай.

Мұны И.П.Павлов қалай түсіндіреді.



6.Қабілетті қалыптастырудың қандай жолдары бар.

### 10. ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Сабақтың тақырыбы мен жоспары	Кредит сағанды	Бақылау түрі	Әдебиеттер (әдебиет №, реті, тарауы, беті)
1	4	5		7
1	<b>Қазіргі заман психологиясының міндеттері</b> 1. Қазіргі заман психологиясының міндеттері 2. Психологияның ғылымдар жүйесіндегі орны. 3. Психологияны оқып- үйренудің маңызы.	1	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба.(Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002 Жалпы психология. С.Алдамұратов. Алматы-1992 ж
2	<b>Зерттеу әдістеріне қойылатын талаптар.</b> 1. Ғылыми психологиялық зерттеулерге қойылатын талаптар. 2. Қазіргі заман ғылыми психологияда қолданылатын әдістердің түрлері. 3. Зерттеу материалдарын өңдеу.	1	Сөз жұмбақ	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002
3	<b>Психологияның дербес ғылыми пән болып қалыптасуының тарихи даму жолдары.</b> 1. Психологияда қалыптасқан ғылыми бағыт -бағдарлар. 2. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы психология дағдарысы. 3. Батыстық психологияның бүгінгі даму бағыты.	1	Ауызша талдау	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002
4	<b>Қазақстанда психология ғылымының даму жолы.</b> 1. Кеңестік психологияның дамуы. 2. Қазақстанда психология ғылымының дамуы. 3. Ғылыми психологияның принциптері.	1	Тестілік сауалнама	С.Алдамұратов. Алматы-1992 ж Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002
5	<b>Негізгі жүйке процестері.</b> 1. Жоғарғы жүйке жүйесінің қызметі. 2. Жоғарғы жүйке қызметінің заңдылықтары. 3. Динамикалық стереотип.	1	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002
6	<b>Психиканың дамуын бейнелеу теориясы тұрғысынан түсінік.</b> 1. Психиканың даму сатылары. 2. Психика және жануарлар мен адамның бейнелеу ерекшеліктері.	1	Ауызша талдау	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
7	<b>Сананың негізгі қасиеттері.</b> 1. Сана және мзіндік сана. 2. Еңбек және саналы іс-ерекет. 3. Тіл және адам санасы.	1	Сөз жұмбақ	Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
8	<b>Жеке тұлға және оның психологиялық табиғаты.</b> 4. Тұлға туралы жалпы түсінік. 5. Тұлғаның жеке және дара ерекшеліктерін талдау. 6. Жеке тұлғаның белсенділігі.	1	Ауызша талдау	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002

9	<b>Жеке адамның қажеттілігі мен мұқтаждықтары.</b> 1. Қажеттілік және оның тәріздері. 2. Қызығулар және оның тәріздері. 3. Дәниеттаным, сенім, мұрат туралы тәсілдері.	1	Сөз жұмбақ	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
10	<b>Іс-әрекеттің тәріздері.</b> 1. Ойын іс-әрекеті. 2. Оқу іс-әрекеті. 3. Еңбек іс-әрекеті.	1	Тестілік сауалнама	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
11	<b>Тұлға аралық ортақтасу тәріздері.</b> 1. Императивтік немесе өміршілік ортақтасу. 2. Манипуляция (алдап-арбау) ортақтасуы. 3. Диалог ортақтасуы. 4. Диалог ортақтасуының ережелері.	1	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996. Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996
12	<b>Ортақтасу барысындағы ақпарат алысу деңгейлері.</b> 1. Ақпарат алмасудың сүздік және бейсүздік деңгейлері. 2. Ортақтасу барысында тиімді тыңдау техникасы туралы. 3. Тиімді тыңдаудың тәріздері.	1	Тестілік сауалнама	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
13	<b>Слеуметтік стереотип туралы тәсілдері.</b> 1. Алғашқы есер қалыптасуының типтік схемалары. 2. Слеуметтік стереотип туралы тәсілдері.	1	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
14	<b>Дау-дамайдың қарсылығы және дамуы.</b> 1. Дау дамайдың психологиялық қарсылығы. 2. Дау-дамай шешілуінің сипаттамасы. 3. Дау-дамайдың қызметтері. 4. Дау-дамайдың алдын- алу.	1	Ауызша талдау	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
15	<b>Тәсілдердің тәріздері.</b> 1. Тәсілдердің сапасы мен тәріздері. 2. Экстероцептор туралы тәсілдері. 3. Интероцептор туралы тәсілдері. 4. Проприоцептор туралы тәсілдері.	1	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
16	<b>Байқау және байқағыштық.</b> 1. Байқау және байқағыштық жүйесінде тәсілдері. 2. Байқау және оның оқыту процесінде дамуы. 3. Байқағыштық және оны педагогикалық қызмет процесінде тәрбиелеу.	1	Тестілік сауалнама	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
17	<b>Уақытты және кеңістікті қабылдау.</b> 1. Уақыт пен кеңістікті қабылдау жүйесіндегі тәсілдері. 2. Қабылдаудағы типтік айырмашылықтар. 3. Балаларда қабылдаудың дамуы мен қалыптасуы.		Ауызша талдау	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002

18	<b>Ес процестері.</b> 1. Есте сақтау және есте сақтаудың жолдары. 2. Қайта жаңғырту және оның тәсілдері. 3. Есте сақтау, тану және есте сақтау тәсілдері.	1	Тестілік сауалнама	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
19	<b>Елес және оның өзгешеліктері.</b> 1. Елестер және есте сақтау тәсілдері. 2. Жалпы және дара елестер. 3. Елестің тәсілдері.	1		Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
20	<b>Естің маңызы.</b> 1. Естің адам өміріндегі маңызы. 2. Ес саласындағы дара айырмашылықтар. 3. Естің дамуы.		Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996
21	<b>Ойлаудың тәсілдері мен формалары.</b> 1. Ойлаудың тәсілдері мен оларды топтастыру. 2. Ойлау формалары. 3. Ойлау саласындағы дара айырмашылықтар. 4. Ойлау мәдениеті.	1	Сөз жұмбақ	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
22	<b>Қиялдың жасалу жолдары.</b> 1. Қиял бейнелерін жасаудың едіс-тәсілдері. 2. Қиялдың дара айырмашылықтары. 3. Қиялды дамыту жолдары.	1	Тестілік сауалнама	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
23	<b>"Сүйлеу", "Тіл", "Қарым-қатынас".</b> 1. "Сүйлеу", "Тіл", "Қарым-қатынас" ұғымдары және олардың тәсілдері. 2. Актив және пассив сөздер. 3. Сөз бен ойдың бірлігі.	1	Ауызша талдау	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002. Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996
24	<b>Сүйлеу мәдениеті.</b> 1. Сүйлеудің оқыту процесінде дамуы. 2. Баланы сүйлеу мәдениетіне тәрбиелеу жолдары.		Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
25	<b>Зейіннің тәсілдері.</b> 1. Бірікпеген зейін. 2. Бірікпеген зейін. 3. Біріншілік зейін. 4. Жұмыс, топтық, даралық зейіндер.	1	Ауызша талдау	Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
26	<b>Қорделі эмоциялар.</b> 1. Қызыл, аффект, қызыл туралы. 2. Сезім саласындағы дара айырмашылықтар. 4. Сезімнің дамуы	1	Жазба бақылау жұмысы	Ортақтасу психологиясы (қарым-қатынас) А.Құдиярова Алматы-2002
27	<b>Еріктік амалдарды талдау.</b> 1. Мақсат қою, тілек пен ниет туралы. 2. Қалау және мотивтер қатынасы. 3. Топтамаға келу және оны орындау.	1	Сөз жұмбақ	Ортақтасу психологиясы (қарым-қатынас) А.Құдиярова Алматы-2002

28	<b>Жыке жйесінің типтері және темперамент.</b> 1. Темпераменттердің физиологиялық негіздері. 2. Темпераменттердің ±намды және ±намсыз жақтары. 3. Аралас темпераментке схемалық талдаулар. 4. Темпераментті зерттеу едістері 5. Темпераментті тербиелеу жолдары. 6. Темперамент және мінез-к±лық медениеті.	1	Ауызша талдау	Ортақтасу психологиясы Анна Құдиярова. Алматы – 2002 ж Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба.(Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері.Қ.Жарықбаев.Алматы-2002 Жалпыпсихология.С.Алдам±ратов.Алматы-1992.ж
29	<b>Мінез сапалары мен к±рылымы.</b> 1. Мінез сапалары туралы. 2. Мінез к±рылымы мен қасиеттері. 3. Ұлттық мінез. 4. Мінез және темперамент. 5. Еліктеу және оның адам мінезін қалыптастырудағы ролі. 6. Мінезді тербиелеу жолдары	1	Сөз жұмбақ	Ортақтасу психологиясы Анна Құдиярова. Алматы – 2002 ж Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба.(Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері.Қ.Жарықбаев.Алматы-2002 Жалпыпсихология.С.Алдам±ратов.Алматы-1992.ж
30	<b>Қабілет саласындағы дара айырмашылықтар.</b> 1. Қабілет саласындағы дара айырмашылықтар. 2. Қабілеттерді қалыптастыру. 3. Педагогтық қабілет және оның к±рылымы.	1	Жазба бақылау жұмысы	Ортақтасу психологиясы Анна Құдиярова. Алматы – 2002 ж Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба.(Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері.Қ.Жарықбаев.Алматы-2002 Жалпыпсихология.С.Алдам±ратов.Алматы-1992.ж
		27		

## 11. СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Сабақтың тақырыбы	Кредит, сағат саны	Бақылау т%орі	Әдебиеттер (әдебиет №, реті, тарауы, беті)
1	4	5		7
1.	Кіріспе. Жантану ғылымының оқыту пәні.	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба.(Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері.Қ.Жарықбаев.Алматы-2002 Жалпыпсихология.С.Алдам±ратов. Алматы-1992.ж
2.	Қазіргі заман психологиясының міндеттері.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері.Қ.Жарықбаев.Алматы-2002
3.	Жантану ғылымының салалары мен тармақтары.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері.Қ.Жарықбаев.Алматы-2002
4.	Зерттеу едістерінің т%орлерін сипаттау.	2	Коллоквиум	С.Алдам±ратов.Алматы-1992.ж Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жантану негіздері.Қ.Жарықбаев.Алматы-2002

5.	Зерттеу едістеріне қойылатын талаптар.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002
6.	Жантанудың даму тарихына қысқаша шолу.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
7.	Психологияның дербес ғылыми пен болып калыптасуының тарихи даму жолдары.	2	Коллоквиум	Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
8	Қазақстанда психология ғылымының даму жолы.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-2002
9	Жан мен тән.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
10	Негізгі жүйке процестері.	2	Коллоквиум	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
11	Психика дамуы.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996. Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996
12	Психиканың дамуын бейнелеу теориясы турғысынан тәсілік.	2	Коллоквиум	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
13	Адам санасының пайда болуымен алғы шарттары	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
14	Сананың негізгі қасиеттері.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
15	Жеке тұлға және оның психологиялық табиғаты.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
16	Жеке тұлғаның бағыт-бағдары және оның тәсілдері.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
17	Жеке тұлғаны зерттеудің мақсат міндеттері және оның қоғамдық мәні.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
18	Жеке адамның қажеттілігі мен мәтәждіктері.	2	Коллоквиум	Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы ”БІЛІМ”-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002

19	Іс-ерекет.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
20	Іс-ерекеттің түрлері.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996
21	Дағды туралы.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
22	Икемділік, едет туралы.	2	Коллоквиум	Жалпы психология .Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
23	Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002. Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996
24	Тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас түрлері.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
25	Өзара қарым-қатынастың коммуникативтік сипаттамасы, (адамдардың өзара қарым-қатынасы).	2	Жазба бақылау жұмысы	Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
26	Өзара қарым-қатынастың барысындағы өзара қарым-қатынастың сипаттамасы.	2	Тестілік сауалнама	Өзара қарым-қатынастың психологиясы (қарым-қатынас) А.Құдиярова Алматы-2002
27	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипаттамасы (Өзара қарым-қатынастың адамдардың өзара қарым-қатынасы мен өзіндік сипаты ретінде).	2	Коллоквиум	Өзара қарым-қатынастың психологиясы (қарым-қатынас) А.Құдиярова Алматы-2002
28	Өзара қарым-қатынастың стереотип туралы өзіндік сипаты.	2	Жазба бақылау жұмысы	Өзара қарым-қатынастың психологиясы Анна Құдиярова. Алматы –2002 ж
29	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипаттамасы.	2	Тестілік сауалнама	Өзара қарым-қатынастың психологиясы Анна Құдиярова. Алматы –2002 ж
30	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипаты және дамуы.	2	Коллоквиум	Өзара қарым-қатынастың психологиясы Анна Құдиярова. Алматы –2002 ж
31	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипаты.	2	Тестілік сауалнама	Өзара қарым-қатынастың психологиясы Анна Құдиярова. Алматы –2002 ж
32	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипаты туралы.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
33	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипаты.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
34	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипаты.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
35	Өзара қарым-қатынастың өзіндік сипатының негізгі ерекшеліктері.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002

36	Т%ойсіктердің т%орлері.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
37	Қабылдау.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
38	Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері.	2	Жазба бақылау жұмысы	Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996
39	Бақау және байқағыштық.	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996
40	Уақытты және кеңістікті қабылдау.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
41	Ес.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
42	Естің т%орлері.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
43	Ес процестері.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
44	Елес және оның өзгешеліктері.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
45	Ойлау-таным процесінің жоғарғы сатысы.	2	Тестілік сауалнама	Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
46	Ой тесілдері.	2	Тестілік сауалнама	Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
47	Ойлаудың т%орлері мен формалары.	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
48	Қиялдың тарихи даму жолдары.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002

49	Қиялдың тәріптері.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
50	Қиялдың жасалу жолдары.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
51	Сүйлеу.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
52	"Сүйлеу", "Тіл", "Қарым-қатынас".	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
53	Сүйлеудің тәріптері	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж
54	Сүйлеу мәдениеті.	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж
55	Зейін.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов.Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж
56	Зейіннің тәріптері.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология. Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж
57	Зейіннің негізгі қасиеттері.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж
58	Сезім мен эмоция.	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
59	Сезімнің тәріптері.	3	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
60	Қорделі эмоциялар.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 ж
61	Ерік.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
62	Еріктік амалдарды талдау.	2	Тестілік сауалнама	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002



63	Ерік сапалары.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
64	Темперамент	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
65	Жықпайке жықпайесінің типтері және темперамент.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
66	Темперамент типтерінің психологиялық сипаттамасы.	3	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 ж
67	Темпераментті зерттеу едістері.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
68	Мінез.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
69	Мінез сапалары мен қырылымы.	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
70	Типтік мінез бітістері.	3	Жазба бақылау жұмысы	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
71	Мінезді тербиелеу жолдары.	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев. Алматы-1996
72	Қабілет.	2	Коллоквиум	Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002 Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 ж
73	Қабілет және нышан.	2	Жазба бақылау жұмысы	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
74	Қабілет саласындағы дара айырмашылықтар.	2	Тестілік сауалнама	Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
75	Бейімділік, талант, дарындылық	2	Коллоквиум	Жалпы психология Алдамұратов Ә. Алматы "БІЛІМ"-1996 Жантану негіздері. Сәбет Бап-Баба. (Бабаев) Алматы –2002 ж Жантану негіздері. Қ.Жарықбаев Алматы-2002
		153		

## 12. ПАЙДАЛАНАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН WEB САЙТТАР ТІЗІМІ

Негізгі:

12. **Қ.Жарықбаев.** Жантану негіздері. Алматы-2002 ж.
13. **Ә.Алдамұратов.** Жалпы психология. Алматы-1992 ж.

Қосымша:

14. **Ә.Алдамұратов.** Қызықты психология. Алматы-1992 ж.
15. **Т.Тәжібаев.** Жалпы психология. Алматы-1993 ж.
16. **Ж.Аймауытов.** Психология. Алматы-1995 ж.
17. **В.В. Богословский редакциясымен.** Жалпы психология. Алматы-2002
18. **С.Елеусізова.** Қарым-қатынас психологиясы. Алматы-1995 ж.
19. **А.Құдиярова.** Ортақтасу психологиясы. Алматы-2002 ж.
20. **Қ.Жарықбаев,О.Озғанбаев.** Жантануға кіріспе. Алматы-2000 ж.
21. **Қ.Жарықбаев.** Қазақ психологиясының тарихы. Алматы-1996 ж.
11. **Қ.Жарықбаев, Ж.Аймауытұлының** психологиялық көзқарастары.
22. **М.Мұқанов.** Ақыл-ой өрісі. Алматы-1980 ж.
23. **В.Шабельников.** Психика функциялық жүйе. Алматы-1998 ж.
24. **Қ.Жарықбаев. А.Абдрахманов.**  
Психологиялық қазақша-орысша сөздік. Алматы-1976 ж
25. **Ұлттық психология. Нәби Елікбаев Алматы 1992ж.**

### 13 . ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

#### Тест сұрақтары

1. Эксперименттік психологияның лаборатория элементін алғаш рет Лейпциг қаласында В.Вундт қай жылы ашты?
  - A)1879
  - B)1889
  - C)1857
  - D)1828
  - E)1869
2. Гештальт деген:
  - A) Құрылым, тұтастық, жүйе
  - B) Әдет-ғұрып, салт-дәстүр
  - C) Қиял, арман, елес (сағым)
  - D) Әдіс, тәсіл, мақсат
  - E) Ойлау, білім, оқу
3. Адамның жаңаны іздеуге байланысты сезімдері:
  - A) Интеллектуалды сезім
  - B) Адамгершілік сезім
  - C) Қанағаттану сезімі
  - D) Эстетикалық сезім**
  - E) Эмоция итермелейтін, ақыл-ой Іс-әрекетшен
4. Адам белсенділігін төмендетіп, әлсірететін сезімдер
  - A) Жоғарғы
  - B) Астеникалық
  - C) Стресс
  - D) Фобия
  - E) Депрессия
5. Шашандығымен, құбылмалылығымен ерекшеленетін ширақ темперамент типі:
  - A) Сангвиник
  - B) Холерик
  - C) Меланхолик
  - D) Индивид**
  - E) Флегматик
6. Темпераменттің физиологиялық негізі:
  - A) Мінез
  - B) Эмоция
  - C) Жоғарғы жүйке жүйесі
  - D) Білім
  - E) Бейнелеу
7. Мінез:
  - A) Таным процесі

- В) Қимыл әрекет  
 С) Ой тәсілі  
 D) Психикалық күй  
 E) Психикалық қасиет
8. **Аз мағыналы, бірақ маңызды бөлшектерді байқап қалатын жеке тұлғаның қасиеті:**
- A) Апперцепция  
 B) Байқағыштық  
 C) Мінез  
 D) Иллюзия  
 E) Тұрақтылық
9. Қабілеттің дамуының алғы шарттары:
- A) Нышан  
 B) Тілек  
 C) Әрекет  
 D) Дарын  
 E) Дағды
10. Қабілеттердің жоғарғы және қайталанбас деңгейдегі дамуы:
- A) Талпынушылық  
 B) Бейімділік  
 C) Іскерлік  
 D) Нышан  
 E) Данышпандық
